

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

ӘОЖ 81'426.002

Колжазба құқығында

КУРМАМБАЕВА ЖУЛДЫЗ БАЛТАБЕКОВНА

Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдениеттаннымдық негізі

6D021300- Лингвистика

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
Филология ғылымдарының
докторы, профессор
К.Ә. Есенова,

Филология ғылымдарының
докторы, профессор
Dr Hans Schachl
(University of Education,
Linz, Austria)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
ТАРАУ I САН АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТИДЕ ЗЕРТТЕЛУІ.....	10
1.1 Тіл мен мәдениет арақатынасы: лингвомәденитансымдық талдаудың жүйесі	10
1.2 Сан атауларының зерттелуі және сандардың ғаламдық бейнесі	17
1.3 Сан атауларының мифологемдік бірлік ретіндегі тілдік көріністері...	23
1.4 Сан атауларының реалий болу қағидаттары.....	37
1.5 Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сан атауларының лингвомәдени бірлік ретінде талдануы.....	44
Бірінші бөлім бойынша қорытынды.....	53
ТАРАУ II. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САН АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ МАЗМҰНЫН ЗЕРТТЕУДІЦ АНТРОПОӨЗЕКТІК ҮРДСІ.....	55
2.1 Бір санының мәдени-семантикалық құрылымы.....	56
2.2 Екі ұғымына қатысты ұлттық дуниетансымның мәдени коды.....	63
2.3 Үш санының мәдени-философиялық мәні.....	77
2.4 Төрт санының семантикалық құрылымы.....	87
2.5 Бес санының ұлттық мәдениетті танытушы қызметі.....	91
2.6 Алты санының лексика-семантикалық мағыналарының сипаты....	96
2.7 Жеті санының концептілік құрылымы	100
2.8 Сегіз санының лексика-семантикалық құрылымы.....	111
2.9 Тоғыз санының концептілік құрылымы.....	113
Екінші бөлім бойынша қорытынды.....	119
ТАРАУ III. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОНДЫҚ, ЖҰЗДІК, МЫҢДЫҚ САН АТАУЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-СЕМАНТИКАЛЫҚ КОДЫ....	121
3.1 Ондықтардың қазақ мәдениетінле символдану үдерісі	121
3.2 Қырық санының лингвоаксиологиялық сипаты.....	127
3.3 Жұздіктердің қазақ тіліндегі мәдениеттаныымдық қызметі.....	136
3.4 Мыңдықтардың мәдени-семантикалық моделі.....	140
3.5 Паремиологиялық қорда тасаланған сан атауларының мәдени коды.....	149
Үшінші бөлім бойынша қорытынды	154
ҚОРЫТЫНДЫ.....	155
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	158
ҚОСЫМША А	164

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Тіл білімінің маңызды зерттеу нысанына айналған сан атаулары ұлттың, халықтың мәдени құндылығын тіл арқылы танытуға негіз болатын басты факторға айналды. Санның бойында сақталған көне мәдени құндылықтар, наным-сенімдер, ырым-тыйымдар, символдық мағыналар тілдегі паремиологиялық қор арқылы, заттық және рухани мәдени лексика арқылы, тілдік жүйеде сақталған концептуалдық аялық білім арқылы, лингвомәдени бірліктер тасасында жасырынған семалар арқылы айқындалып келеді. Тіл білімінің зерттеу нысанына айналған сан атаулары - жалпы генотипті ұғым. Ал сан мағынасын білдіретін метрикалық (өлшем) лексика, квантитативтік (сан-мөлшер) лексика, нумеративті лексика сан атауларының қатарына енеді. Сондай-ақ сандар мәдени құндылық ұғымы бола алады. Сандардың мәдени уәжін айқындау арқылы ұлттың салт-дәстүрін, жосын-жоралғысын, наным-сенімін тануға болады. Тіпті материалдық мәдениет атауларындағы сан ұғымдарын зерттеу негізінде ұлттың эстетикалық танымын, ұлт үшін құдіретті күш иесі болған рухани құндылықтарын аңғаруға болады. Сондықтан біздің жұмысымызда сандардың лексикалық мағынасы емес, ұғым ретінде қалыптасу уәжі, сандардың мәдени-семантикалық мағыналары айқындалады. Сан атаулары мөлшер-өлшем атауларының мағынасы тұрғысынан, нумератив атау ретіндегі қызметі тұрғысынан зерттелгенімен, мәдени атау ретінде, мәдени құндылық ретінде, ұғым бола алу әлеуеті тұрғысынан зерттелмеген еken. Осы мәселені мақсат ете отырып, қазақ тіл білімінде сан атауларының лингвомәдениеттанымдық негізін айқындауды алғаш рет қарастырып отырмыз. Жұмысымызда сан атауларының реттік, есептік мағыналары емес, стереотипті тұрде дағдыға айналған сандардың ұлттық құндылықтар жүйесіндегі көрінісі зерттеледі. Мәселен, *үш рет талақ айту, нәрестеге ат қоюда үш рет қайталау, үш рет ұшықтау, үш рет аластау*. Осындағы үш рет қайталаудың мәні неде? *Дүниенің төрт бұрыши, төрткүл дүние, шарайна* (парсы тілінде ч[ah]ар - төрт) деп қазақ халқы неге дөңгелек әлемді төрт бұрышқа бөледі еken? деген тағы да басқа сан атауларына қатысты осындай сұрақтардың уәжін анықтауға бағытталған жұмысымызда сан атауларының бойындағы ұлттық таным-түсінік, ұлттық аялық білімді анықтау көзделеді. Мақсатымызға орай жұмысымызда қазақ мәдениетіндегі сан атауларының концептілік мәні, мәдени-семантикалық құрылымы, лингвомәдени бірлік ретінде санада бір периферия аясында мағыналардың ұйысуын этномәдени атаулардың оның уәжімен тығыз байланысты еkenін айфактау жұмыстары жүргізілді. Қазақ мәдениетінде сан атауларының жаңа культі әлемдік стереотиптік уәжден гөрі ұлттық сипатына негізделетіні, ал көне культтік мәні киелілігімен, құдіретті магиялық күшімен ерекшеленетіні айқындалды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Мәдениаралық байланыста сан атаулары ұлттық колоритімен ерекшеленеді. Себебі, әр ұлтта әрбір сан әртүрлі символданады, әр алуан ұғымдық мағына білдіреді. Дегенмен, санның әмбебап

ұғымы тілдік мәдениетте ортақ көрініс тапқанмен, мағыналық фонында, коннотациялық мәнінде өзгешеліктер болады. Мәселен көне мифологияда төрт саны қеңістіктің символы, Жер символы деп танылған. Сондықтан қеңістікті төрт бөлікке бөлу (оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс), адамның төрт жағы (оны, солы, алды, арты) туралы танымы стереотипті түрде жалпыадамзаттық ұғымға айналды. Осыдан барып, қазақ мәдениетінде «төрт құбыла», «төрт құлак», «төрткүл дүние», «төртеуі төрт жақтан», «төрт құбылаң түгел» сияқты қолданыстардың уәжі туындады. Демек, қазақ мәдениетіндегі төрт санының символдық мәні қеңістіктің төрт бұрышы ретінде танылып, одан туындайтын «төрт жағым аман-есен түгел» – бәрі бүтін, яғни төрттік – бұл бүтін болу, түгел болу ұғымымен ұлттық сипатта сақталуы сан атауларының ұғымнан ұғым тудыру механизмін қалыптастыратын құрделі бірлік екенін байқатады. Ал семит тілінде төрт атауы арба ұғымымен символданады (арбаның төрт дөңгелегі). Черкас елінің өзі төрт тайпа ұғымынан құралған (чаркас - четыре племени). Сондықтан бұл ел үшін төрт саны – киелі, құдіретті сан. Ал корей елінде төрт саны аталмайды да, жазылмайды да. Себебі, төрт санын білдіретін жазудың айтылымы (транскрипциясы [sa:]) өлім ұғымын білдіреді екен. Сондықтан ырымға сенгіш корей халқы үшін төрт саны қорқынышты үрей тудыратындықтан төрт санынан аттап өтеді. Жеделсатыда, конакүй бөлмесінде, пәтерлерде, т.б төрт саны жазылмайды. Не себепті жалпыадамзатқа ортақ әмбебап ұғым (сан) әр ұлтта ұғымдық реңкіне қарай ерекшеленеді? Осы мәселені айқындау үшін сан атауларына лингвомәдениеттанымдық зерттеу жасап, қазақ мәдениетіндегі сан атауларының ұғым ретінде қызмет етуі зерделенді. Лингвомәдениеттанымдық зерттеулер нәтижелі болу үшін оның мақсаты мен зерттеу нысаны нақтылану қажет. Қазіргі қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттанымдық аспекті аясында лексикалық мағынаның талдануы дұрыс емес, ол құрылымдық лингвистика нысаны болуы керек. Ал лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің нысаны – лингвомәдени бірліктер, яғни мифологемдер, реалийлер болып саналады. Осы түрғыдан жұмысымызда олардың қызметі мен ерекшеліктері ажыратылып көрсетіледі.

Көне дәуірден келе жатқан түсінік бойынша, белгілі бір ұлттық мәдениеттің тұтынушысы ретіндегі кез келген адамның өмірі мен сол ұлттың мәдениеті сан атауларының астарындағы мәдени құндылыққа бағынады. Бұл жерде санның математикалық мәні емес, лингвомәдениеттанымдық мазмұны негізге алынады. Яғни сан атауларын лингвомәдени бірлік ретінде қарастыруға бет бұру қажет. Қазақ мәдениетінде ерекше киелі саналатын сандар паремиологиялық қорда, аныз – әңгімелерде, салт-дәстүрлер мен жосын-жоралғыларда, тіпті ырым-тыйымдарда кең көрініс тапқан. Киелі сандар мәдени бейне ретінде рухани құндылыққа ие болған. Мәселен, үш, жеті, тоғыз, он үш, қырық, алпыс сандары мистикалық, магиялық, сакральдық мазмұнда танылады. Аталмыш сандардың мәдени бейне ретінде ұғымдарын айқындау үшін, лингвомәдениеттанымдық талдау жүргізу қажет етіледі. Осы түрғыдан алғанда жұмысымызда алғаш рет сан атаулары лингвомәдени бірлік ретінде (мифологем

және реалийлер ретінде) қарастырылып, лингвомәдениеттанымдық талдау үлгілері ұсынылады. Демек, әлі де мәні ашылмаған тың мәдениетті жаңғыртуға негіз болатын нысан – сан. Санның астарында жасырын семалар көп. Оларды ашу үшін әрбір санның құпиясын актару қажет. Бұл – лингвомәдениеттанудың нысаны. Тіл білімінің осы бір өзекті мәселесінің кішкене бөлшегі біздің жұмысымызда сөз болады. Яғни сан атауларының мәдени құндылықтарды таныту мүмкіндігін, мағынаның ұғым ретінде санада сақталуы құдіреттілігін тіл арқылы зерттеу қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. Себебі лингвомәдениеттанымдық зерттеулер арқылы тілдің тасасында жатқан мәдени мағыналарды анықтауға, сөздің мағыналық аясын көнінен танытуға негіз болады. Осы тұрғыдан алғанда жұмыстың өзектілігі әлемдік тіл білімінің проблемаларымен сабактас. Диссертациялық жұмыста ұсынылған сан атауларының лексикалық мағынасынан тыс, коннотаттық, ұғымдық, стереотиптік, сакралдық, мифтік мағыналарын ашып таныстыру үлгілері қазақ сөзінің қорын көңейту, қазақтың этномәдени атауларын таныту сияқты өзекті мәселелерді шешумен сабактас деп ойлаймыз.

Зерттеудің нысаны. Қазақ тіліндегі сан атаулары мен ұғымдары

Зерттеу пәні. Сан атауларына қатысты лингвистикалық, философиялық, мәдениеттанымдық, этнографиялық деректер.

Жұмыстың мақсаты: Қазақ тіліндегі сан атауларының мәдени-семантикалық және концептілік мағыналарын, сан ұғымдарының мәдени құндылықтарды білдірудегі уәжін анықтай отырып, сандарды лингвомәдени бірлік ретінде зерттеу.

Жұмыстың міндеттері:

- лингвомәдени бірлікті айқындайтын басты қағидаттарды нақтылау;
- лингвомәдениеттану саласында сан ұғымдарын лингвомәдени бірліктер ретінде зерттелу қағидаттарын анықтау;
- сан атауларының дүниенің мифтік бейнесін жасаушы қызметін айқындау арқылы олардың мифологема, реалий ретінде танылу ерекшеліктерін зерттеу;
- қазақ тіліндегі барлық бірлік сандардың, ондықтардың, жүздіктердің, мындықтардың мәдени-семантикалық және концептілік құрылымын айқындау;
- сан атауларына қатысты мәдени ұғымдарды анықтау үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдерін салғастыра зерттеу отырып, сан ұғымдарының мәдени кодын ашу;

Зерттелу деңгейі: түркі текстес халықтардың сан атаулары туралы В.А. Гордлевский, Н. Поппе, И. Зенга, Ф. Розенберг, Г. Рамстед, В. Бартольдт, В. Радлов сияқты ғалымдар тарихи-салыстырмалы зерттеулер жасаса, қазақ тіл білімінде сан атаулары И. Қеңесбаевтың, Ә. Хасеновтің, Т. Жанұзақовтың, Е. Қойышыбаевтың, Ж. Байзақовтың, Н. Уәлиұлының, А. Елешеваның, Қ. Ғабитханұлының, К. Дүсіпбаеваның, Р.Джельдыбаеваның, Асқар Ләйланың, Қ.Жанатаевтың, Қ.Күркебаевтың, Л.Қабылдинаның, О.Қараджаның зерттеулерінде ішінара қарастырылады.

Зерттеу жұмысының жаңалығы.

- Қазақ тіліндегі сандар жүйесін тіл иесінің санасымен, мәдениетімен тығыз байланыстағы дүниенің тілдік және көркемдік (мәденитанымдық) бейнесі аясында қарастырылатын лингвомәдениеттанудың тілдік бірлік ретінде зерттелді. Қазақ мәдениетіндегі сан атаулары лексикалық бірліктер ғана емес, лингвомәдени бірліктер - реалий, мифологема ретінде де қызмет ете алады. Сандық бірліктердің (бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз), ондықтардың, жұздіктердің, мыңдықтардың мағыналары ұлттың мәдени ақпарат беруші ұғымдары ретінде талданды. Мысалы: *бір* - жалғыздық, *екі* – жұп, *кос*, *егіз*; *үш* – әлемнің жаратылсы (Көк, жер, жерасты), *әлемді жаратушы* (*от*, *аяу, су*); *төрт* – әлем кеңістігінің төрт бұрыши; *бес* – уақытылы көрсеткіш, *әсемдік*, *алты* – алуантүрлілік, *жеті* - құдіретті күш, *магия*, *сегіз* – көптік, *тоғыз* – сый-сияп, *айып-жаза*.

- Сандар жүйесінің ұлттық мәдениетке сәйкес лингвомәдени мәні семантикалық, концептуалдық, этнолингвистикалық, психолингвистикалық талдау арқылы ашылды. Қазақ мәдениетінде сан атаулары киелілігімен, құдіретті магиялық күшімен мәдени құндылық ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқаны нақты мысалдармен айғақталды, когнитивтік санада сақталған құндылықтар сан арқылы жалғасатыны нақты көрсетілді.

- Көркем және прецеденттік мәтіндердегі, фразеологизмдердегі, паремиологиялық жүйедегі сандық мағыналар айқындалып, олардың этномазмұндық мәні ашылды және жалпыәлемдік таным үлгісімен салыстырылды;

- Қазақ тіліндегі сан атаулары жүйесін (*бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он және ондық, жұздік, мыңдық*) антропоөзекті үрдіске негізделген лингвомәдени зерттеу барысында сандық ұғымдардың символикалық, лингвоаксиологиялық тұрғыдан жасалған мәдени-семантикалық моделі арқылы сандар әлеміндегі халықтық танымның мәдени коды ашылды.

Зерттеу жұмысының әдістері. Жұмыста семантикалық талдау әдісі, когнитивті-концептуалдық әдіс, ядро мен периферияға жіктеу әдісі, лингвомәдениеттанымдық әдіс, мәдени код ашу әдістері, индукция және дедукция әдісі, лингвоаксиологиялық әдістер қолданылды.

Жұмыстың ғылыми тұжырымдамалары:

- Лингвомәдени бірлікті айқындаудың негізгі қағидаттары мынадай: лингвомәдени бірліктердің бірі – мифологемалар көне мифологиялық ақпараттардан туындаған архисемалардан құралады, мифологемалар бірнеше мәдениетке ортақ, жалпыадамзаттық мифологема ретінде танылуы мүмкін, ал реалийлер наным-сенім, табыну мәдениетінен туындаған культтік танымда сақталған ақпараттарға сүйенеді және реалийлердің өзге мәдениетте эквиваленті болмайды.

- Құрылымдық лингвистика аясында сан ұғымдары мәдени атау ретінде танылып, лексикалық мағынасы сипатталса, лингвомәдениеттану саласында лингвомәдени бірліктер қағидасы бойынша, яғни мифологем немесе реалий

бірліктері ретінде анықталады. Мысалы, тоғыз жолдың торабы (лексикалық мағынасы - есептік мағына). Бір тоғызын беру (мәдени мағынасы - киіт беру).

- Сандар тілден де бұрын пайда болған категория болғандықтан дүниенің мифтік бейнесін жасауда маңызды рөлге ие болған. Халықтық дәстүрде сандар белгілі бір ұғымды символдауда, белгілі бір ақиқат дүниені танытушы эталоны болуда, мәдени мағынасын білдіруде белсенді қолданылады деп тұжырымдаймыз. Мәселен, қазақ мәдениетінде қойға санақ жүргізбейді, қорадағы қойды санау оған кесірін тигізуі мүмкін деп ырымдаған. Орыс мәдениетінде қаздай тізіліп ұшып бара жатқан құстарды санауға болмайды, оларды жолдан тайдыруы мүмкін деп болжаған. Сондай-ақ тоқылған текеметтің ұзындығын өлшеуге болмайды. Бұл ырымдар санақ пен санның киелілігі, құдіретті тылсым күші бар деп сенуден туындаған деп болжаймыз.

- Сан ұғымдары мәдени-семантикалық құрылым және концептілік құрылым құрай алады. Сондықтан сан ұғымдарына лингвомәдениеттанымдық талдау жасауға болады. Себебі сан - генотипті әмбебап ұғым. Мәдени-семантикалық құрылым - мағына ұқсастықтарының перифериясын құраса, концептілік құрылым - ұғым ұқсастықтарының перифериясын құрайтын жүйелі құрылым болып саналады. Сан атауларының семантикалық құрылымы шексіз кең. Концептілік құрылым – семантикалық құрылымнан ауқымы кең ұғым. Семантикалық құрылымда тек мағыналық ұқсастығы ортақ тіл бірліктері шоғырланса, концептілік құрылымда ассоциациясы, стереотипі, ұқсату бейнелері ортақ ой құрылымдары жинақталады. Концептілік құрылымның тілдік құрылымы семантикалық құрылымға ұласуы мүмкін. Сан ұғымдарының концептілік және семантикалық құрылымын ашып қарастырғанда мынадай тұжырымға келдік: сандардың архетиптік эзотерикалық мағыналары біртіндеп ұмытылып, әдет-ғұрыптар мен ырым-жоралғылар жүйесіне енеді де, этномифоқұрылымдық қасиеттерге ие болады.

- Мәдени код – белгілі бір ұлттың мәдениетіндегі халықтың дүниетанымымен жеткен бірегей, ерекше құндылығын тануға негіз болатын мазмұнды ақпарат. Мысалы, қырық ұғымының мәдени коды мынадай: қырық – екі әлем (сәбидің ана құрсағындағы кезі мен жарық дүниеге келу уақыты); қырық – екі дүниенің, фәни мен бақидың шегі, жанның тәннен толыққанды ажырауы (қырқын беру); қырық - өмірге бейімделу, қырқын сақтау (нәрестені қырқынан шығару), қырық жеті - дүниеге қыз келді (эвфемизм); қырық – молшылықтың символы (отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізу); қырық – қасиетті жас (кемелдену кезеңі, қазақ танымында бойынша рухани толысу, парасаттану кезеңі).

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу жұмысының нәтижелері, зерттеуден алынған тұжырымдар, зерттеу үлгілері қазақ лингвомәдениеттану саласын терең зерттеуде, лингвомәдениеттану пәннің құрылымын жаңартуда, лингвомәдени аспектідегі ғылыми тақырыптарды зерттеуде пайдалануға болады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеуде ұсынылған схемалы талдау үлгілері, зерттеуден алынған сан атауларының мәдени ақпараты, сандарға қатысты жинақталған материалды және рухани мәдениет атауларын жинақтап

сөздік құрастыруға болады. Жұмыстың ғылыми тұжырымдарын лингвомәдениеттану пәнінен дөріс беруде пайдалануға болады.

Зерттеу материалдары. Жұмыстың зерттеу материалдары 2560 бірлікті құрайды. Сан атауларынан құралған мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, перифраздар, жұмбақтар зерттеу материалдары ретінде пайдаланылды. Зерттеу материалдары ретінде сан атауларын зерттеуге бағытталған отандық және шетелдік еңбектер қолданылды: Дүсіпбаева Қ. С. Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері: Филология ғылымдарының канд. диссертациясы. - Алматы, 2001. -136б. Қараджа Октай. Түркі тілдеріндегі нумеративті сөз тіркестері. Филология ғылымдарының канд. диссертациясы. - Алматы, 2005. - 130б. Жаботинская С.А. Когнитивные и номинативные аспекты класса числительных. – М.: Институт языкоznания РАН, 1992(а). – 216 с.; Жолобов О.Ф. Древнеславянские числительные на индо-европейском фоне . – М.: МГУ им. М.В. Ломоносова, 2003. – С. 81–83.; Карапев А.Б. Английские идиомы с числительным «девять» и римские культурные традиции №4. – СПб: Алетейя, 2000. – С. 42–44.

Зерттеудің дереккөздері. Диссертациялық жұмысты жазу барысында қазақтың халық ауыз әдебиеті (мақал-мәтелдер, лиро-эпостық жырлар, тұрмыс-салт жырлары), фразеологиялық сөздік, қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі (этнографиялық сөздік), қазақтың ақын-жазушыларының туындылары (Абайдың таңдамалы шығармалары, М. Мақатаевтың шығармалары, И.Жансүгіров, т.б. шығармалары) зерттеуімізге негіз болды.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары 15 мақалада жарияланды. *Оның ішінде*

2 мақала Scopus базасындағы импакт-факторы жөндары журналдарда:

- Cognitive and lingua-cultural aspects of the concept of the numerals in Kazakhstan, Opcion, V.35. Issue 88, (2019):177-192 ISSN- 1012-1587;
- The media text as a powerful instrument of mass media, Opcion, V.34-Special Issue 15, (2018): 889-923 ISSN- 1012-1587.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған журналдарга 3 мақала жарияланды:

- Қазақ тіліндегі тоғыз ұғымының концептілік мәні. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». Халықаралық ғылыми көпшілік журнал № 4 (60) (Алматы, 2018ж);
- Жеті концептісінің құрылымдық жүйесі. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». Халықаралық ғылыми көпшілік журнал № 4 (61) (Алматы, 2018)
- Қырық сөзінің лингвоаксиологиялық мәні. «БҚМҰ Хабаршысы», ғылыми журнал № 2 (74) (Орал 2019)

Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 10 мақала жарияланды:

- Some peculiarities of children's cognitive skills. «I-Международная научно-практическая конференция: Science and practice: implementation to modern society/ Великобритания» - Манчестер, 6–8 декабря 2019 года;
- Children's cognitive development and the numerals. «I-Международная научно-практическая конференция: Scientific research in xxi century/ Канада - Оттава, 16–18 декабря 2019 года»;
- Уш ұғымының лингвофилософиялық мәні. «Актуальные научные исследования в современном мире». Выпуск 6(38) Часть 2, 2018. Украина, Переяслав-Хмельницкий;
- Some peculiarities of children's cognitive skills. «I-Международная научно-практическая конференция: Challenges in science of nowadays / США» - Вашингтон, 26–28 декабря 2019 года;
- Lingua-cultural approach to Kazakh numerals with national codes. «AD ALTA: Journal of Interdisciplinary Research», Hradec kralove, the Czech Republic;
- Some peculiarities of children's cognitive skills. International Scientific Symposium “The third modernization of Kazakhstan: Woman. Society. Education and Science”;
- “The lingua-cultural aspect of the concept “Parents” in English and Kazakh cultures. Хабаршы (Вестник) №2 (14), 2016 Серия «Полиязычное образование и иностранная филология»;
- “Historical and lingua-cultural aspect of the concept “Love” in English and Kazakh culture. Хабаршы (Вестник) №2 (14), 2016 Серия «Полиязычное образование и иностранная филология»;
- “Historical and lingua-cultural aspect of the concept “Home” in English and Kazakh culture. Хабаршы (Вестник) №2 (14), 2016 Серия «Полиязычное образование и иностранная филология»;
- “The lingua-cultural aspect of the concept “Number” in English and Kazakh cultures. Хабаршы (Вестник) №2 (14), 2016 Серия «Полиязычное образование и иностранная филология».

Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 САН АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТИДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

1.1 Тіл мен мәдениет арақатынасы: лингвомәдениеттанымдық талдаудың жүйесі

Тіл мен мәдениеттің тоғысуынан туындаған ақпараттарды тілдің бойынан тану арқылы зерттеу лингвомәдениеттану саласын қалыптастыруды. Себебі тіл де, мәдениет те – адам мен қоғамның маңызды белгілері. Адамның тілдік және мәдени белгісі (таңбасы) ұлттық болмысын құрайды. Мәселен, сан атаулары жалпыадамзатқа тән ұғымдар болғанымен, олар әрбір ұлттың санасында өзгеше танылады, бөлек мәдени ақпараттары болады. Корей халқы үшін *төрт, төрттіктің қосылысы сезіз* немесе төрт саны бар *төрт жұз, қырық төрт сандары* – сәтсіздікті білдіретін таным. Осындай мәдени таным сақтық (алдын ала сақтану, төрттікке жоламау) наным-сенімін тудырған. Демек, корей халқы үшін төрт саны мәдени таңба (белгі) ретінде ұлттық санада терең сақталғаны байқалады. Оның себебі, корей халқында көне мифологиялық түсінік бойынша әлемдік жаратылыс – үшеу: аспан, жер, жер асты, одан артық жаратылыс – бейтаныс тылсым күш. Демек, төртінші жаратылыс болмауы керек, ол жаратылыс стандартына келмейтін артық дүние ретінде санаға сіңген. Санада осылайша ассоциацияланған стереотип ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, құдіреттілік мәнін кеңейте түскен. Ал қазақ мәдениетінде төрттік *әлемнің төрт бұрыши, төрткүл дүние, төрт құбыла* ретінде символданады. Бұл ақпараттар көне мифологиялық танымнан бастау алады. Демек тіл мәдениетті танытушы құрал, ал мәдениетті тілдің бойындағы мәдени уәждерін анықтау арқылы тануымызға болады деген сөз. Тіл мен мәдениеттің осындай ажырамас қатынасын зерттеудің нәтижесінде лингвомәдениеттанымдық талдаудың қағидаттары да анықталып, лингвомәдениеттанымдық зерттеудің көпжылдық нәтижесінде қалыптасты.

Лингвомәдениеттану тіл ғылымының бір саласы ретінде XX ғасырдың 90 жылдары туындалды. «Лингвомәдениеттану» терминің өзі ресейлік фразеологиялық мектептің өкілдері В.Н.Телия, Ю.С.Степанов, А.Д.Арутюнова, В.Воробьев, В.Шакlein, В.Маслованың зерттеулерінде пайда болды. Бірақ тіл мен мәдениеттің өзара сабактастығы алғаш рет XIX ғасырда В.фон Гумбольдтің «О различии строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человеческого рода» еңбегінде анықталды. Гумбольдт осы еңбегі арқылы тіл ғылымында антропологиялық үрдісті қалыптастыруды. «Ұлттың тілдік санасы» деген ұғымды да алғаш болып енгізген В.Гумбольдт болатын. Ғалымның зерттеуінде: «Ұлттың тілдік санасы деп тілде көрініс тапқан халықтың дүниетанымы мен аялық білімі, түсінігін атау керек. Әрбір тіл ұлттың қоршауында, өз ішінде сипатталады, себебі ол қоршау сол ұлтқа ғана тиесілі. Өзге қоршауға түскенде тілдегі мәдениетті игеру үшін сол мәдениетті бойға сініре алу қажет» [1, 10-11 б.] делінеді. Расында да қазақ мәдениетінде *жетілігін беру* салты бар. Өзге ұлт үшін бұл ритуал түсініксіз болары айғақ. Себебі өзге ұлт жеті санының жалпыадамзаттық сандық мағынасын білгенімен, аудармасын тани алғанымен, «жетілігін беру» ритуалы туралы түсінік болмайды. Себебі бұл мәдени ақпарат олардың мәдениетінде жок болуы мүмкін, кездеспеуі де мүмкін.

В.Н. Телияның зерттеуінде: лингвомәдениеттанымдық талдау жүргізу үшін мағынаның макрокомпонентті моделі жасалуы керек. Мағына моделін жан-жақты кеңістікте қарастыруға болады, яғни мағына арқылы берілетін ақпараттарды пресуппозиция аясында, денотация, рационалды баға шенберінде, мәдени таңбаның уәжі негізінде, эмоционалды және эмотивті баға қалыптастыру қызметінде зерттеу тиімді» делінеді [2, 87 б.].

В.Воробьевтің пайымдауынша, мәдениет – материалды және рухани құндылықтардың жүйесі. Мәдениеттің басты белгісі – тұлғаның рухани құндылығын арттыруға негізделеді [3,31 б.].

Гумбольдтан кейін тіл мен мәдениеттің қоғам мен адам дамуындағы маңыздылығы жоғары екенін және тілде мәдени ақпараттардың ашылып насиҳатталу бағытының дұрыс екенін А.Потебня да мойындаған болатын. Ғалымның «Мысль и язык» еңбегінде: «Адам сөзсіз жабайыға айналады» делінген [4, 123б.].

Осы тұжырымдарды сарапай келгенде, тіл мен мәдениеттің тұластығы қоғамның дамуына, ұлт болып қалыптасуға, ұлттың ұлттұластырушылық әлеуетін арттыруға едәуір ықпал етеді. Демек, тіл – ұлттың мәдени құндылығының айқын көрінісі, ал ұлттың мәдениетін - оның жүріс-тұрыс, киім киісінен ғана емес, ең бірінші сөйлеген сөзінен байқау тиімдірек. Себебі, киімді біреу кигізе салуы мүмкін. Жүріс-тұрысты, әдептілік құлықтарын тез арада үйреніп алуы мүмкін. Ал тіл – ол адамның туа бітті қалыптасатын құндылығы болғандықтан, тіл – адам мәдениетінің маңызды көрсеткіші бола алады деген қорытынды жасаймыз.

Сепир-Уорф гипотезасы бойынша лингвомәдениеттану - әртүрлі тілдердің (халықтың) лингвомәдени кеңістігіне контрастивтік (салыстырмалы) талдау жасау. Сондықтан лингвомәдениеттандың негізгі нысаны деп тіл мен мәдениеттің сабактастығын бүтін жүйе деп қарастырып, одан туындаған интерпретацияны атайды [5].

Н.Арутюнованың пайымдауынша, лингвомәдениеттандың зерттеу нысаны - тілдік жүйеде көрініс тапқан қоғамның ұлттық болмысын танытатын формалар. Бұл формалар - «дүниенің тілдік бейнесі» деп аталауды [6, 73 б.].

В.В. Красных зерттеуінде лингвомәдениеттану - менталды-тілдік кешенниң ерекшелігін айқындайтын тілдік санадағы дүниенің ұлттық бейнесін, тілдегі мәдениеттің жарқын көрінісін зерттейтін ғылым деп танылады [7, 12 б.]. Ғалым лингвокогнитивтік тәсіл мен лингвомәдени талдау аражігін айқындайтын ұлттық-детерминделген белгілердің шегі ашылмағанын айта отырып, этнопсихология мен лингвомәдениеттану, этнолингвистика мен когнитивтік лингвистика ғылымдарының шегарасын нақтылау ұсынысын айтады.

Дегенмен, тіл мен мәдениеттің арақатынасы пәнаралық зерттеуді талап етеді. Сондықтан алғашқы уақытта антропоөзектік парадигмадан тарайтын жаңа тіл салаларының шегі ажырамай, бір-бірімен жалғасып жатты.

В.В. Васильева: «Лингвомәдениеттану – салыстырмалы зерттеуге негізделген филологиялық пән. Ол: «Тіл – бұл мәдениеттің жаңғыртуыш құралы» деп анықтама берген болатын [8,5 б.].

Ю.Степанова: «Лингвомәдениеттану – тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттейтін ғылым. Тіл мен мәдениет тоғысында екі ұлттың әртүрлі мәдени кодын айқындауға мүмкіндік беретін жаңа бағыт» деп бағалайды [9, 61 б.].

В.А.Маслованың зерттеуінде «Ақиқат дүниенің тілдік бейнесі әрбір тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктеріне, әрбір халықтың дүние бейнесінің ерекшеліктерін өз еркінше сарапай тануына, ақиқат дүние үзіктерін өз танымы бойынша бейнелеп атауына байланысты тілдік жүйеде сақталып әрі дамып отырады», - деп көрсетіледі [10, 54 б.].

В.Маслованың зерттеуінде Лингвомәдениеттану мынадай мәселелерді шешетін жеке ғылым саласы:

1. Лингвомәдениеттануда мәдениет тілдік концепт құраушы құрал ретінде қаралады.

2. Лингвомәдениеттануда мағынаның тілдік таңбасы мәдени таңба ретінде қалай анықталатыны қаралады.

3. Лингвомәдениеттануда тіл тұтынушының мәдени-тілдік құзыреттілігін айқындауға бола ма деген мәселе қаралады

4. Лингвомәдениеттануда мәдени ұғымның концептілік құрылымы қалыптаса да, мәдени дискурс құрыла ма деген мәселе қаралады [11, 46 б.].

Бұл мәселеге қатысты қазақ тіл білімі ғалымдарының зерттеулерінде лингвомәдениеттаннымың талдаулар әртүрлі деңгейде болды. Лингвомәдениеттану термині қалыптаспай тұрғанда-ақ этнолингвистикалық зерттеулер аясында тіл мен мәдениеттің сабактастығында тіл арқылы ұлтты тануға болатыны туралы тұжырымдар академик Ә.Қайдар еңбегінде көрініс тапты. «Қазақтар ана тілі әлемінде: Адам, қоғам, табиғат» атты этнолингвистикалық сөздігінде өзге мәдениетте эквиваленті жоқ, тек ұлтқа ғана тән мәдени атаулардың мағынасын айқындалап берді [12] әрі қазақ сөзінің семантикасын жаңғыртты. Ұмытылуға айналған көне ескіліктердің жаңғыруына себепші болды.

Біздіңше, лингвомәдениеттану саласының қажеттілігі мен маңыздылығы - ұлттық рухани және материалдық мәдени атаулардың көне уәжді мағыналарын өшіріп алмай сақтауында. Себебі көне ескіліктер мәселен, үшін беру ритуалы бүгінгі күні аталып өтпейтін болды, ұмытылуға айналды. Өлік жөнелту рәсімінің біріне енетін үшін беру салтының өзіндік мәні бар. Үш күннен кейін адамның жаны тәнінен шығып, мәңгілік мекеніне кететінін білдіретін бұл ритуалдың ұмытылуы оның қазіргі күнде жалғаспай қалуымен байланысты. Егер рухани мәдениеттің бірі ретінде халқымызға танылған бұл салттың ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз орындалып отыруы жалғасқан болса, тілдік жүйеде үшін беру тіркесі де оның мағынасы да көпшілікке таныс болар еді, кең қолданыста сақталар еді. Бүгінгі көзқараспен қарасақ, өлікті жөнелту рәсімінде қонағасын беру, алыстағы ағайын-туысты жинау, жаназалау рәсімдерінің өзі үш күнді құрайды. Сондықтан қайтыс болған кісінің тәнінен жаны кетуге бағышталған үш күндік осы рәсімдердің орындалуымен қабаттасқан деп танылады.

Қазақ лингвистикасында тіл мен мәдениет байланысын зерттеген ғалымдардың бірі – профессор Е.Жанпейісов. Ғалым этнолингвистикалық зерттеулер жүргізгенімен, заттық және рухани мәдениеттің қазақ ұлтына ғана тән екенін дәйектеу үшін бірнеше тілдермен салғастыра зерттейді. Лингвомәдениеттанудың ерекшелігі де осында. Лингвомәдени талдау жұмысында бір ұлттық мәдени атауларын нақтылау үшін бірнеше тілдегі эквиваленті бар/жоқ екені анықталады. Толық эквивалентті, жартылай эквивалентті және бейэквивалентті мәдени атаулар жігі ажыратылады. Е.Жанпейісов төрт түлік малдың жабдықтарын (әбзелдерін), күтіміне қатысты жосын-жоралғыларын, ауруына қатысты атауларын түркі тілдерімен салыстыру арқылы қазақтың төл мәдениетіне қатысты материалдық мәдениет атауларының мән-мағынасын айқындап берді [13].

Остандық лингвистикада лингвомәдениеттану ғылымын өз парадигмасында зерттеген ғалымдардың бірі - профессор Ж.Манкеева. Заттық мәдени атаудың мәдени-семантикалық мағынасын зерттеген ғалым Ж.Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп қарауға болмайды. Себебі мәдениеттің көрінісі - тіл. Барлық мәдениет түрлері тіл арқылы кумулятивтік қызметтің негізінде үрпақтан-үрпаққа жеткізіледі», - деп көрсетеді [14, 28 б.].

Қазіргі таңда қазақ лингвистикасында лингвомәдениеттану ғылымы пән ретінде қалыптаса бастағанымен, ұлттық мәдениетті тілде жарық көрген мәдени мағыналарындағы ерекшеліктерін танытуда, біраз зерттеулер қолға алынды. Тіл – ұлт-мәдениет үштағандылығы (триада) лингвомәдениеттану ғылымының зерттеу нысаны деп танылды. Қазақ лингвистикасындағы лингвомәдениеттану пәні өзге халықтардың тіршілігінен, өмірінен де мәдени ақпарат береді. Сондай-ақ лингвомәдениеттану саласы бір ұлттың территориялық шегаралас ұлтпен туыстығын немесе салт-дәстүр ұқсастығын салыстыруды да көздейді. Сол себепті лингвомәдениеттану өзінің зерттеу базасының кеңдігімен тіл білімінің басқа бағыттарынан ерекшеленеді.

Ю.Степанов мәдениет пен тілдің өзара тоғысуынан туындаған мәдени ақпараттар адамның когнитивтік санасын одан әрі кеңейте түсетінін, халықтың дүниетанымын ерекшелейтін, рухани және материалдық мәдени әлеуетін көрсететін көрсеткіш деп қабылдайды [15, 112 б.].

Тіл мен мәдениет – әрқашан бірін бірі толықтыратын ұғымдар. Осы түрғыдан философтар адамның ерекше белгісі оның тілдік қатынасы мен мәдениеті деген теорияны терең зерттеу келе, тіл мен мәдениеттің антропология ғылымындағы сабактастығын қарастырады. П.А.Флоренский [16], Л.Витгенштейн [17], Н.Бор, т.б. ғалымдар зерттеуінде тіл мен мәдениет адам болмысын танытуши, тұлғатанытуши қасиетін арнайы зерттеу қажеттілігін мойыннадады. Философтардың антропологиялық бағытта зерттеу нәтижелері лингвист ғалымдарға ерекше ықпал етті. Мәдениеттің архетипін, уәжін тіл білімінде зерттеуге толық мүмкіндік бар екенін лингвистика ғылымында мойыннатқан жаңағумбельдтықтар екені белгілі. Солардың бірі – Л.Вайсгербердің зерттеулерінде: «Тіл-қоғам-мәдениет» арақатынасы ақиқат

дүниені жасаушы әлем және ол жалпыадамзаттық ақиқат дүниені емес, ақиқат дүниенің ұлттық бейнесін жасауға бағытталады» деген теория бар [18, 14 б.].

Ғалым В.Постовалова да: «Лингвомәдениеттану ғылымының дамуы лингвофилософия, антрополингвистиканың негізгі қағидаттарына, зерттеу жүйесіне бағынады», – дейді [19, 89 б.].

Г.Колшанскийдің пайымдауынша «Тіл өзінің таңбалық материясында ақиқат дүниенің мәнін толық аша алмайды, тілдің мәдени таңбалық материясын ашудың жолдарын іздеу қажет. Себебі ақиқат дүниенің шынайы бейнесі адамның концептуалдық жүйесінде айқындалып танылады» [20, 14 б.]. Осы зерттеулер қазақ тілін зерттеген ғалымдардың тұжырымдарымен мазмұндас. Мәселен, академик Рәбіға Сыздық көне сөздердің табиғатын зерттеуде, сөздердің тұра мағынасынан тыс мазмұнын ашуға қатысты зерттеу әдістемесін көрсеткен болатын. «Сөздер сөйлейді» енбегінде ғалым: «Бүгінгі жүртшылыққа таныс емес, бірақ ана тіліміздің қазынасында сақталған сөздер мен сөз тіркесінің тарихи-тілдік мағыналарын ашып, «әр халықтың өзіндік тұрмыстық-мәдени сөз қорының кездесуі табиғи құбылыс», – деп көрсетеді [21, 28 б.].

Демек, антропоөзектік бағыттың аясында айқындалған жаңа тіл салалары арнайы атау алмай тұрып-ақ, бірқатар ғалымдардың зерттеу нысанына айналғаны байқалады. Лингвомәдениеттану деп аталған атауы қалыптаспай тұрып-ақ тілдегі мәдени семантиканың уәжін сақтау, тіл арқылы мәдени ұғымдарды айқындау талпынысы сөз мағыналарын зерттеу барысында әрқашан байқалып отырған. Тек құрылымдық лингвистикадан ажырап, арнайы тіл саласы мәртебесіне жеткенде лингвомәдениеттану ғылымының зерттеу нысаны, ұғымдары, метатілі қалыптасып, жеке пән ретінде ерекшеленді. Құрылымдық лингвистикада ауыспалы мағына, көп мағынаның бірі, бейнелі сөздердің бірі деп талдайтын болсақ, лингвомәдениеттануда лингвокультуре ма, мифологема, реалий, мәдени мағына, мәдени таңба деп ажырататын болдық. Осы тұрғыдан алғанда, Е.Верещагин мен В.Костомаровтың зерттеуіндегі: «Мәдениет пен тіл сөйлесу құралы ғана емес, тілдің кумулятивтік қасиетін жеткізуі, сақтаушы құрал» деген пікірі лингвомәдениеттанудың құрылымдық лингвистикадан айырмашылығын танытады [22, 61 б.].

Мысалы, қазақ мәдениетінде ер қанаты – ат деп бағаланады. Ат көліктің қызметін атқаруына байланысты жылқы малын ерекше құрметтеген. Ат әбзелдеріне ұқыптылықпен қараған.

Әйел ердің қапталы екі қарыс төрт елі

Еркек ердің қапталы екі қарыс екі елі, – делінетін халық мақалында әйелдердің атына салынатын ердің ерлер еріне қарағанда жалпақ болып келуі туралы айттылады. Оның басты себебі, бірінші генетикалық жетулудегі өзгерістің ескерілуі және әйел ердің әшекейленуі, зергерленуі ескерілген.

Қазақтың белгілі ғалымы Нұргелді Уәлидің зерттеуі лингвомәдени бірліктердің мәдени ақпараты санада код ретінде сақталатынын негіздейді: «Тілдік ақпараттар кодқа салынған лингвистикалық таңбалар жүйесі, лингвомәдени ақпараттар кодқа салынған таңбалар жүйесі, эстетикалық мәнділіктер мен этикалық мәнділіктер кодқа салынған таңбалар жүйесі ретінде

алып, мұндай күрделі семиотикалық жүйедегі кодты адресаттың қалай ашатынына талдау жасау зерттеудің лингвомәдени аспектідегі жаңалықтары болып табылады [23, б. 6]. Ғалым бұл жерде халықтың өзінің өткен дәуірлеріндегі нағым-сенімдерін, түйсік-түсінігін, ой-қиялдарын, тыныстіршілігін аз сөздің аясына сыйғызып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білгендей туралы айтады.

Әлемнің тілдік бейнесін құраушы архетиптер мен стереотиптер әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Мысалы, қазақ халқының тілдік санасындағы «қонақжайлышы», «қонақ» ұғымдары мәдени мазмұны терең құндылықтар ретінде сипатталады. Орыс халқының тілдік санасында дәстүрлі-символикалық ұғым ретінде бейнеледі. Ал ағылшын халқының тілдік санасында достық қарым-қатынасқа негізделеді.

Қарапайым мысал келтіретін болсақ, орыс халқы беременная дейтін болса, қазақтың ауызекі тілінде *екіқабат* делінеді. *Екіқабат* сөзі жүкті әйелді визуалды қабылдаудан туындаған ассоциациялық түсінік және жүрегі біреу үшін емес екеу үшін соғып түрғандығын сипаттау арқылы қалыптасқан стереотиптік түсініктің көрінісі. Қазақ мәдениетіндегі имплициттік сипатқа сай екіқабат деп айтудан гөрі, тұспалдалап *аяғы ауыр*, *құрсақ көтерді*, *иши білінді*, *бойына бала біткен*, *көжеге тойды* сияқты лингвомәдени бірліктермен таныту жөн болған. Соның ішінде *аяғы ауыр* тіркесі әдеби сөйленіс ретінде кең қолданысқа ие болды да *жұкті*, *жұктілік* сөздері терминдік қолданыста қабылданатын болды. Ал қалғандары бейнелі сөздер ретінде танылады. Екіқабат әйелдің босану уақыты келген шақты *айы-күні толып отыр* деп сипаттайды.

Қазіргі таңдағы лингвомәдениеттану ғылымы сөз мағыналарын жаңғыртып, ескіліктердің уәжін ашуға негіз болатыны туралы соңғы кездегі біраз зерттеулерде – Г.Смағұланың «Мағыналас фразеологиямдердің ұлттық мәдени аспектісі» еңбегінде [24], А.Алдашеваның «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени аспектілері» монографиясында [25], А. Құлсариеваның «Лингвомәдениеттану және аударма мәселесі: Тіл, мәтін, дискурс» атты мақаласында [26], З.Ахметжанованың «Очерки о национальной концептологии» еңбегінде [27], А.Әлметованың «Лингвомәдениеттану негіздері» оқулығында [28], А.Тымболова, Л.Ибраимовалардың «Лингвомәдениеттану негіздері» оқу құралы [29], А.Сейілханың «Лингвомәдениеттанудың ұғымдары жайлы» мақаласында [30] сөз болып, лингвомәдениеттану ғылымының пән ретінде қалыптаса бастағанын аңғартады.

Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны – лингвомәдени бірлік (лингвокультурена). Лингвомәдени бірлік – мәдени-семантикалық құрылымды сипаттайтын, тілдік жүйедегі емес, тілден тыс мәдени мазмұнын білдіретін ұғым. Тілдік жүйеде сөз мағыналары тілмен шектелсе, мәдени мағыналар лингвомәдени бірліктермен шектеледі. Дегенмен, лингвомәдени бірліктер мәдени-ұғымдық құрылымды кеңейтсе, тілдік бірліктер - мағыналық топтардың аясын кеңейтеді. Мәселен, *Түйенің етін жегенсің бе?* деп айы-күні асса да босанбай жүрген, тіпті он еki айға дейін толғағы келмей жүрген келіншектерге айтылады. Аталмыш тұрақты тіркестің тілдік мағынасы - аяғы ауыр әйелдің

кешігіп босануы. Бұл тіркестің лингвомәдени бірлік ретінде танылуы былайша беріледі: «Түйе етін жесе он екі ай бойы құрсақ көтереді деген түсінік бар. Егерде тоғыз айдан асып кетіп жатса, түйенің астынан өткізіп, жосынын жасайтын болған». Бұл дерек – лингвомәдени бірлік ретінде мәдени таңбаның мәнін ашып тұр.

Сонымен лингвомәдени бірліктің негізгі қағидаттарын былайша сараптап көрсетеміз:

1 Лингвомәдени бірлік тілдік жүйеде метафоралық мағына қызметін де атқарады, антропоөзектік парадигмада бұл ойбейне жасау құралы деп танылады. Мәселен, бүкіл өмірі – *екі дүние* (екі дүниеде де бақытты бол!) немесе бүкіл әлем – *он сегіз мың ғалам* (*алты мың – мақұлықат, алты мың – нәбабат, алты мың – жамағат*).

2 Лингвомәдени бірліктер мағына астарында тасаланған этномәдени ақпаратты білдіреді, сөздің мәдени кодын ашады. Мәселен, атқа мінгесу тіркесінің тілдік мағынасы - *атқа екі адамның отырыуы*. Оның өңгеру, алдына алу сияқты мағыналас мәндері бар. Осы тіркесті лингвомәдени бірлік ретінде қарастыратын болсақ, екі ұғымының маңызды рөл атқаратынын аңғарамыз. Ең алдымен қазақ мәдениетінде атқа екі адам мінгесу келенсіз жағдайды білдірген. Демек, атқа бір ғана ер салынғандықтан бір адамға лайықталған. *Атқа мінгесу* көш кезінде, жаугершілік кезінде амалсыздан орындалған. Атқа мінгесудің екі жолы бар. Бірінші – атқа мінетін екі адамның бірі ерге, екінші – аттың сауырына жайдақ мінеді. Бұл жағдай жаугершілік кезінде ат жетіспеуі жағдайында ғана орындалған. Ат үстіндегі адамның алдына отыру алдына алу деп аталады. Бұл жағдайда көбінесе баланы алдына алады. Артына көлденеңінен артып алу өңгеру деп аталған. Қылмыскерді осылай өңгеріп әкететін болған. Әдетте *атқа мінгесу* адамның беделіне, абыройына нұқсан келтірген. Осы ақпараттар «атқа мінгесу» тіркесінің этномәдени мағынасы болып саналады да, атқа мінгесу тіркесі лингвомәдени бірлік деп танылады.

3 Лингвомәдени бірлік наным-сенім культіне негізделеді. Мәселен, қазақ халқы төрт түлік егіз төлдесе қуанады: «*Қой егіз тапса, шөптің басы айыр шығады*», «*Қанша малы болса да бай қуанар егізге*», «*Құтты қонақ келсе қой егіз табады*» деген тұрақты қолданыстар күә. Ешкінің егіз табуы да жиі ұшырасады. Қонағы үзілмейтін қазақтың үйінде құтты қонақ келіп отырғанында ешкі егіз төлдесе, егіз лақтың сыңарын қонаққа сыйлайтын болған. Немесе ауыл балаларын жаяу жарыстырып озып келгеніне жаңа туған егіз лақтың сыңарын сый еткен. Егіз төлдеу қуаныштың нышаны деп қабылдаған стереотипті ешқандай күш бұза алмайды. Ал ешкі малы кейде үш лақ тапса, оны жамандықтың нышаны деп қабылдаған. Демек, егіз (екі төл) төлдеу стереотипіне қарама-қайшылық тудырады. Осындай наным – сенім егіз сөзінің лексикалық мағынасын білдіруде еш жерде айтылмаған, ал енді лингвомәдени бірлік ретінде қарастырылғанда айтылып отыратын болады.

4 Лингвомәдени бірлік діни-мифологиялық танымға негізделеді. Мәселен, қазақ мәдениетінде күн еңкейіп, көкжиекке ілініп, қызыл інір болған шақты *екінші мезгілі, екі кештің арасы* деп атайды. Ол – күн мен түннің екі

құбылыстың орын ауысу кезеңі. Дәстүрлі діни ұғым бойынша осы кезеңде – екінші кезеңінде көктен періштер жерге түсіп, өлілер санын санай бастайды еken. Егер адам осы сәтті ұйықтап қалса, өлілер қатарына саналады еken немесе жаман түс көріп, дауаланады еken. Яғни шалық ауруына шалдығады деп еki кештің арасында ұйықтамауга тырысқан. Бұл ырым күні бүгінге дейін сақталып келеді. Екі кештің арасында ұйықтама жаман ырым деп қызыл іңірде ұйықтамауга тыйым салады. Бұнымен қоса, екі кештің арасында үй жинамайды, үй сипырмайды. Үйдің берекесі кетеді деп ырымдайды.

5 Лингвомәдени бірліктер тәнірлік табыну күltтіне негізделеді. Мәселен, қазақ мәдениетінде Жерге табынудан туындаған «жер ұшық жасау» ырымы бар. Шошынған немесе мертіккен адамды жерге *үш рет айналдырып* жер ұшық жасаймыз. Бұл ырым әлі күнге дейін орындалады. Сондағы жерге ұшық жасаудың Жерге табынушылық стереотипі етene сіңгенін ырымды жасау барысында еске алмаймыз. Осылай жасалса, тез сауығып кетемін, шошынған жағдайда тіл – көзден, бәле-жаладан аман боламыз деген ішкі түйсіктегі ауыр ойдан арыламыз. Ал оның арғы уәжі Жердің киеллілігіне табыну екенін, «Жаратқан әлем үш бөліктен тұрады: аспан, жер, жер асты. Соның бірі – Жер – Жаратушының бірі» деген түсінікке табыну екенін лексикалық бірлік ретінде талдағанда айтыла бермейді, лингвомәдени бірлік ретінде қарастырылғанда айқындалады. *Үш рет ұшықтаудың* мәні де Жаратылыстың үш бөлікке бөлінуімен байланысты.

Қорыта келгенде, лингвомәденитанымдық зерттеулер ұлттық мәдени атаулардың мағынасын айқындауға, тіл мен мәдениеттің сабактастырын анықтауға, лингвомәдениеттану ғылымының зерттеу нысанын нақтылауға бағытталады. Лингвистикалық зерттеуде мәдени атаулардың лексикалық мағынасы сипатталса, лингвомәдениеттану саласында лингвомәдени бірліктер қағидасы бойынша анықталады.

1.2 Сан атауларының зерттелуі және сандардың ғаламдық бейнесі

Сандардың құпия қасиеттері жайында алғаш пікір айтқан ғалымдар Платон, Аристотель болды. Кейіннен неміс дәрігері, философ Генрих Корнелий Агриппа Неттесгеймский, Н.Л.Гильбрайт, австралиялық нумеролог Дэвида Филипс, А.Ф.Александров, т.б зерттеулерінде сан атауларының тек сандық қасиеті ғана емес, басқа да мағыналарды білдіретіні туралы еңбектерін жазған.

Сандар ұғымы өте ерте заманда туған. Бұл ұғым ғасырлар бойы кеңейтіліп әрі жалпылана тұсқен. Сандар адам баласының ертедегі өмірінде уақыт өлшемі жағынан ерекше қызмет атқарған. Мысалы, о баста бес құндік апта, бертін келе 7 құндік апта болған.

Пифагор оқуы бойынша: “Бәрі - сан” яғни дүниедегінің бәрі – саннан жаратылған және саннан тұрады. Ал сандар – тақтар мен жұптардың бірлестігі. Сандардың гармониялық үйлесімінен әуендей ән, әсем әлпеттемелер туындаиды. Пифагор адамдар арасындағы қарым-қатынастарды да сан тіліне аударып, математикалық ұлгілеме зерттеулер жүргізді. Осы мақсатпен ол: Так

сандарды – “ерек сандар”, жұп сандар – “ұрғашы сандар”, ал так пен жұп сандардың қосындысын “некелі сандар” деп атайды.

«Әлемнің әміршісі — сандар» деп тұжырымдаған Пифагор: «Әрбір нәрсенің артында белгілі бір сан тұрады деп ойлады. Сандар өздерімен бірге қайырымдылық пен зұлымдылық, бақыт пен бақытсыздық ала келеді деп сенді. Бізге тек бұл сандардың не әкелетінін білу керек деп ойлады». Пифагоршылар барлық сандардан 1 санын, бірлікті жоғары қойды. Себебі бүкіл әлем 1 санынан басталады. Бірлік – бүкіл әлемнің бастауы. Екілік өзімен бірге махабbat ала келеді, сонымен бірге тұрақсыздық әкеледі. Үштік қарапайым емес сан, себебі ол жоғарыдағы екі санның қосындысынан шықты. Ал, алты саны таңғажайып сан болып есептеледі. Себебі ол бұған дейінгі сандардың қосындысы мен көбейтіндісінен тұрады. Алтының 1, 2, 3 сандарына бөлінеді. Жеті саны киелі де, қасиетті де сан болып есептеледі.

Этнограф Г.Н.Потанин өзіне дейінгі зерттеулерге шолу жасай отырып *үш, жеті, тоғыз* сандарын киелі санаған. Оның ойынша *жеті* санының сырын аспандағы жеті планетаны дәріптеуден іздеу дұрыс емес, ол адамдардың аспан шырақтарын ұзақ уақыт бойы бақылау нәтижесінен деп түсіну керек дейді [31, 93 б].

Түркі текстес халықтардың сан атаулары туралы В.А. Гордлевский, Н. Поппе, И. Зенга, Ф. Розенберг, Г. Рамстед, В. Бартольдт, В. Радлов сияқты ғалымдар тарихи-салыстырмалы зерттеулер жасаса, қазақ тіл білімінде сан атаулары I. Кеңесбаевтың, Ә. Хасеновтің, Т. Жанұзақовтың, Е. Қойшыбаевтың, Ж. Байзақовтың, Н. Ұәлиұлының, А. Елешеваның, Қ. Ғабитханұлының, Қ. Дүсіпбаеваның зерттеулерінде түрлі қырынан қарастырылған. Атап айтқанда, жоғарыдағы ғалымдар сан есімі қатысқан фразеологизмдердің өзін әр қырынан зерттей отырып, сандардың өзіндік ерекшеліктерін ашуға тырысады. Қ.Дүсіпбаева қазақ тілінде кездесетін сандарды жұп және тақ ұғымдарға бөліп қарастырады [32, 5 б.]. Сан ұғымдарының мөлшерлік мәнде жұмсалуын арнайы қарастырған Р.Джельдыбаеваның еңбегінде сан атауларынан гөрі сан ұғымдарының этномәдени мазмұны айқындалған [33]. Сан ұғымдарының тәуліктік мәні Асқар Ләйланың «Қазақ тіліндегі тәулік кезеңдері атаулары» атты еңбегінде нақтыланған [34]. Адамның жас ерекшеліктеріндегі сан ұғымдарының ұлттық танымдағы мәдени мәні туралы Қ.Жанатаев зерттеулерінде айтылады [35]. Сан ұғымдарының халықтық өлшем атауларындағы мәдени мәні жайында Қ.Күркебаев терең қарастырған [36]. Оның артынша мөлшер атауларындағы сандардың көрінісін, мағыналық реңкін Л.Қабылдина зерттеген болатын [37]. Сан атауларының нумеративтік қызметін арнайы зерттеген О.Қараджа түркі тілдеріндегі мағыналық ұқсастықты саралады [38].

Сандардың қасиеті туралы I. Кеңесбаев: «Түркі халықтарында *жеті* саны - тілге терең тамырын жіберген киелі, қасиетті сан. Бұл сан тек түркі халықтарында ғана емес, маньчжур, монгол, араб, қытай және ұнды халықтарының мәліметтерінде де кездеседі. Мұндай ортақтық тарихи мәдени ауыс түйістен туындаған болуы керек», - деген болжам жасайды [39].

Қазақ тіл білімінің құрылымдық жүйесінде сан есімді арнайы зерттеген Ә.Хасенов: «Түркі тілдеріндегі негізгі сөздік қорға жататын сан атаулары өмір шындығынан, конкретті заттан алынған, яғни зат есімдерден шыққан. Әрине, бұл жалпы сандық ұғымдардың дамуы математика ғылымының дамуымен байланысты, адамзат қажеттігінен туды деген пікірге ешбір қайшы келмейді, қайта оны толықтыра, растай түседі. Екіншіден, белгілі бір құбылыстың өткен тарихын қазіргісімен салыстыра, оның қазіргі формаларын зерттей отырып ашуға, тануға болады дейтін марксистік қағиданы басшылыққа алсақ, қазіргі тілдік фактілер, мәселен сандық семантикалық есімдер мен сөз тіркестері, түркі тілдеріндегі негізгі сан атаулары зат есімдерден бөлініп шықты деген жорамалымызды жоққа шығармайды, қайта растайды», — деген пікір айтады [40, 20 б].

С.Жиреновтың зерттеуінде: «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сан атауларының метрикалық өлшемдермен, абстрактылық ұғымдармен жарыса қолданылуы, этникалық сан атаулары арқылы жасалған фразеологияздардің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетеді: «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі “екі” саны арқылы жасалған фразеологиялық тіркестерге екі жарты, бір бүтін болу // эки бакыр, бир тукур болу; екі аяғын бір етікке тығу // эки бутун бир кончуна сыйдыруу; екі дүниеде риза болу // эки дүйнөдө ыраазы; екі көзі төрт болу // эки козу торт болуу, т.б. жатқызуға болады. Қазақ-қырғыз тілдерінде “екі” саны тірек болған тұрақты тіркестер сандық-сапалық жағынан да екі тілде өте көптеп кездеседі» [41].

Сан компонентті мақал-мәтелдердің мағыналық сипатын зерттеген С.Қасымовың пайымдауынша, «салыстыру мақалдың айтар, берер мағынасын күшайтіп тұр. Арсызға алты күн мейрам – тұра мағынада арсыз адамның ештенені ойламай, дайынға ие болып, дәурен өмір сүруі, сондай жат қылықтан аулақ болуға тәрбиелеу мәнісінде берілген. Алты санының алынуы аптаның алты күніне байланысты. Періштенің де бес міні бар – мағынасы жалпы адамдардың ешқайсы мінсіз болмайды, яғни қандай керемет жақсы адам болса да, оның да бір қателескен, қалт кеткен кезеңдері, мінездері болады. Жалпы қазақта «періште» мифологиялық бейне, тұлға. Ол – адамдарды қорғаушы, қолдаушы, еш күнәсіз таза, пәк. Халқымызда осы тұрғыда бата, тілек айтқанда «періштенің құлағына шалынсын» деген ізгі ниет айту бар, сонымен бірге жас нәрестелерді періштер қорғайды, түсінде періштер ойнатып, бала содан күледі немесе жылайды деген нанымдар бар. Міне осылардың барлығы періштенің құдіреті мен қасиетін білдіріп, мақалда салыстырмалы түрде құдіреті күшті періштеде де мін болатынын мысалға келтіреді және бұл мақал көбіне адам қателесіп, ағаттық істеп сол ісіне өкініп, налыған кезде жұбаныш ретінде айтылады» [42].

Сан атауларының символдық мәнін, діни мағынасын, ғұрыптық мазмұнын зерттеген ғалымдар қатарына В.Н. Топоровты [43] жатқызуға болады. Сан атауларын салыстырмалы әдіспен зерттеген ғалымдардың енбегінде екі немесе үш тілдегі сан ұғымдарының ортақтығы болатынын байқауға болады. Қазіргі француз, итальян, испан, португал тілдеріндегі сан атауларының фразеологияздар күрамындағы мағынасы туралы Д.И. Скоробутов [44]

зерттеген болатын. М.В. Кириллин [45] көне орыс ақыздарындағы сандардың символикасы тақырыбын зерттеп, көпшілікке танылмаған орыс мәдениетіндегі рухани құндылықтарды жариялады. Башқұрт тіліндегі сан атауларының сакралды, магиялық, символикалық мағыналарын арнайы зерттеген Р.Т.Муратова сан атауларына қатысты түркілерге ортақ мәдениеттің басын ашты [46]. А.С.Шакиров типологиялық жағынан әртүрлі тілдердегі нумеративті фразеологиялық бірліктерге семантикалық талдау жасады [47]. О.Р. Досымбекова қазақ және қытай тілдеріндегі нумерологиялық мәдениеттің ұлттық ерекшеліктерін зерттеген болатын [48].

Фразеологиялық бірліктер құрамындағы сан атауларының этномәдени мағыналарын зерттеген еңбектердің қатарына А.Е.Суприннің еңбегін жатқызуға болады [49]. Орыс говорларында сан атауларының тұрақты тіркес құрамында кездесуін зерттеген ғалым Л.Г.Ботинаның еңбегі көне сандық ұғымдардың семантикалық астырт мәндерін тануға мүмкіндік берді [50]. И.Н. Куделин орыс және неміс тілдеріндегі сан атауларының фразеологиялық тіркестегі эквиваленттері ортақ екенін анықтады [51]. С.А.Соколов түрік және орыс тілдеріндегі сандық ұғымдарының ортақ семантикасын зерттеді [52]. Түркімен тіліндегі сан атауларының символдық мәнін зерттеген М.Абдрахмановың еңбегінде түркі тілдеріне ортақ сандық ұғымдар кездеседі [53].

Тіл мен мәдениет сабактастығын сан атаулары арқылы зерделеуге арналған зерттеулер 2000 жылдан бері қарай жарық көре бастады. Мәселен, Л.М. Пелипенко нумеративті фразеологиялық бірліктердің когнитивті – семантикалық және лингвомәдениеттанымдық ерекшеліктерін зерттеген болатын [54], М.Р. Хежева кабардин-черкас тіліндегі нумеративті фразеологизмдер мазмұнындағы адам бейнесін антрополингвистика аясында зерттеді [55]. Цуй Хун Ень қытай және орыс тілдеріндегі сан атауларының семантикасын лингвомәдени аспектіде қарастырды [56]. Е.Д. Девицкая кубаньдықтардың үйлену салтындағы сандардың наным-сенім ырымдары туралы көне мәдени кодтарын айқындаған болатын [57].

Әлемдік тіл білімінде сан атаулары нумератив сөздер, нумеративті тіркестер, сан есімдері, сандық-мөлшерлік ұғымдар, сандық мәндері фразеологизмдер, т.б. аясында зерттелініп келеді. Тіпті метрологиялық лексика шеңберінде өлшем атауларының семантикалық ерекшелігін айқындауда сандардың мағынасы қатар зерттеледі.

Адамзат танымында сандар дүниеге келген күннен бастап дүниеден өткенге дейін, тіпті өткеннен кейін де бірге болады. Демек, адам өмірінің әрбір қадамы сан атауларымен сабактас жүріп жатады. Сондықтан адамзаттың ақиқат дүниені тануының бірден бір тірегі – сандар. Сан атаулары дүниенің ғаламдық бейнесін тануға мүмкіндік береді. Себебі сандардың бойында көнеден келе жатқан мифтік, этностық, діни ақпараттар бар.

Көне дәуірде тілден бұрын сандардың мағыналық мәні болған. Демек, сандар дүниетаным құпиясы болып саналады. Сан атауы барлық тілде бар. Сондықтан санның бойында сақталған жалпыадамзаттық дүниетаным

құпиялары тілге де енеді. Бірақ әрбір тілде сан құпиялары әртүрлі сипатта көрінуі мүмкін. Дегенмен, мәдениет тарихында санның мағынасы мен сандар символының мәні көпшілікке мәлім.


Ғаламның тілдік бейнесі негізінен адамдар санаындағы әлемнің логикалық бейнесімен сәйкес келеді. Ал ғаламның кез келген ұлттық тілдік бейнесінің әмбебаптығы жалпыадамзаттық танымға негізделеді. Ғалам бейнесі дүниенің біртұтас ғаламдық образы, ол адамның бүкіл рухани белсенділігінің нәтижесі болып табылады, адамның ғаламмен жасайтын барлық байланыстары барысында пайда болады. Дүниенің тілдік бейнесінің әр этноста әр түрлі болуы, сол этностиң тәжірибесімен, білімімен байланысты, себебі тілдік таңбаның таңбалашы қызметі сыртқы дүниемен тікелей байланысында емес, адамның өмірінен көрген білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Әр ұлттың, әр халықтың өмірлік тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, дүниенің тілдік бейнесі де, сол қоғамда өмір сүрген адамдардың тәжірибесі де әртүрлі болмақ, сондықтан тілдік тұлға ретінде олардың когнитивтік санаындағы дүниенің тілдік бейнесінде айырма болады. Сөздің артында ақиқаттың, шындықтың үзігі тұрады, оның тілдік бейнесі әр халықта әртүрлі болмақ.

Кез келген ақиқат дүниені тану барысында алдымен сезім мүшелері арқылы (көру, есту, сипап сезу, дәм тату, т.б.) қабылданған ақпараттар санаға оралады. Бұл ғалам бейнесін жасаудың ең қарапайым тәсілі – ассоциацияны тудырады. Асоциациялық түсінік ұжымдық санада қайталана келіп, жадыда қатталады да ғалам бейнесін жасаудың екінші тәсілі – стереотипке ұласады. Ақиқат дүниені индивидуалды тану әсерінен қалыптасқан окказионалды қолданыстар ғалам бейнесін жасаудың үшінші тәсілі ойбейне жасауды қалыптастырады. Осылайша бір ақиқат дүние туралы санада жинақталған ақпараттар иерархиялы түрде тізбектеліп ғаламның концептуалдық бейнесін құрайды. Ғаламның концептуалды бейнесінің әрбір ұяшығына жиналған ақпараттар тіл арқылы жарық көруі мүмкін. Егер ақиқат дүние туралы концептуалды бейнелер тілдік жүйеде әртүрлі мағыналарда өрбитін болса, оның тілдік бейнесі қалыптасты деген сөз. Сонымен ғаламның концептуалды бейнесі санада болатын әрекет болса, ғаламның тілдік бейнесі тілдік жүйеде болатын құбылыс. Мәселен, сандардың, әсіресе бірліктердің барлығында ғаламның тілдік бейнесі бар.

Қазақ лингвистикасында ғаламның тілдік бейнесі әртүрлі айтылады: ақиқат дүниенің тілдік бейнесі (Н.Уәли), дүниенің тілдік суреті (А.Ислам), ғаламның тілдік бейнесі (Ж.Манкеева, Г.Смағұлова).

Н.Уәлидің зерттеуінде: ақиқат дүниенің тілдік бейнесі екі таңбаға ажыратылып түсіндіріледі. Ақиқат дүниенің екі таңбасы болады: бірі - тілдік таңба, екіншісі – мәдени таңба. Тілдік таңба - денотат мағыналарды білдірсе, мәдени таңба – коннотаттық мағынадан туындағын мәдени ақпараттарды білдіреді.

Ол 1– суретте көрсетілген.



Сурет 1. Ақиқат дүниенің тілдік және мәдени бейнесі

А.Исламның зерттеуінде: «Дүниенің тілдік суреті адамның танымдық іс-әрекеті, ұлттық мәдениеті негізінде түзіледі және белгілі бір ұлт қауымдастырының өкілдеріне ортақ. Демек, дүние суреті дегеніміз – концептуалды (логикалық) және тілдік ұлгілер формасымен берілетін санамен тікелей байланысты дүние туралы білімдер жиынтығы», - деп көрсетіледі [58, 7-13 б].

Әрбір тілдің өзіндік ғаламдық бейнесі болады. Оны тілді тұтынушы ұлттық танымына сәйкес ұйымдастырады. Ғаламның тілдік бейнесі арқылы ұлттық дүниетанымын айқынтайтын. Демек, әлемді қабылдаудың негізгі тетігі – ғалам бейнесін жасау болып табылады. Ғаламның концептуалды бейнесі әр тілде әртүрлі болуының себебі де әрбір ұлт ақиқат дүниені әртүрлі қабылдайды деген сөз. Мәселен, *жеті саны жалпыадамзаттық түсінік бойынша сәтті сан*. Орыс мәдениетінде *жеті рет өлишен бір рет кес*, «Жеті лақ» ертегісі, т.б. Ал қазақ мәдениетінде жетінің қасиеті мен киелілігі соншалық біртұтас концептілік құрылым қалыптастыруға болады.

Егер ақиқат дүниені қоршаған орта және адам деп қабылдайтын болсақ, ғалам бейнесі – қоршаған орта мен адам туралы жиналған ақпараттардың өндөлген үлгісі» деп түсіндіреді белгілі ғалым Р.Павиленис. [59, 43 б.].

Сонымен тіл білімінің маңызды зерттеу нысанына айналған сан атаулары ұлттың, халықтың мәдени құндылығын тіл арқылы танытуға негіз болатын басты

факторға айналды. Санның бойында сақталған көне мәдени құндылықтар, наным-сенімдер, ырым-тыйымдар, символдық мағына тілдегі паремиологиялық қор арқылы, заттық және рухани мәдени лексика мәні арқылы, тілдік жүйеде сақталған концептуалдық аялық білім арқылы, лингвомәдени бірліктер тасасында жасырынған семалар арқылы айқындалып келеді. Осы тұрғыдан алғанда сан атау ретінде емес, ұғым ретінде қарастырылады да, сан ұғымының мәдени-семантикалық мағыналары, концептілік құрылым жасау әлеуеті зерттеледі. Ал сан мағынасын білдіретін метрикалық (өлшем) лексика, квантитативтік (сан-мөлшер) лексика, нумеративті (сандардың символдық, магиялық сәйкестігі) лексика ретінде сан атауларының лексика-семантикалық мәнін айқындауға негіз болады. Сондықтан біздің жұмысымызда аталмыш сандық лексикалық бірліктердің лексика-семантикалық мағынасы да, ең бастысы мәдени және концептілік құрылымы көнінен қарастырылады. Демек, тіл білімінің зерттеу нысанына айналған сан атаулары – жалпы генотипті, концептуалды ұғым.

1.3 Сан атауларының мифологемдік бірлік ретінде зерттелуі

Мифологема – лингвомәдени бірлік. Мифологиялық ақиқат дүниелер арқылы ғалам бейнесін тану құралы. Мифологема - әлемдік халықтар мәдениетінде кең таралған, әмбебаптық, жаһандық мәнге ие болған миѳтік бейнелерді, миѳтік оқиғаларды айқындастын ұғымдық бірлік. Мифологема адам санасында тұрақталған танымның және әртүрлі ақпараттардан жинақталған ойдың бір бөлшегін білдіреді. Әдетте олар ақиқат дүние бейнесінде сезімдік ассоциациялар түрінде көрініс табады.

Адамдар сандардың киесі бар екеніне, яғни магиялық күші бар екеніне сонау көне заманда-ақ сенген. Адамзат баласы қаласа да, қаламаса да оның әрқайсысында белгілі бір санға деген ықыласы бар, сондай-ақ әйтеуір бір саннан қауіптенеді. Көне грек халқының танымында сандар жақсылық пен жамандықты, бақыт пен қайғыны алып келеді. Мәселен, 0 саны. Бұл - абсолютті шексіздік символы. Сондықтан нөл - әлі пайда болмаған әлемді білдіретін сан. Демек, нөл барлық заттар мен құбылыстардың бастамасы, яғни ол түс не өлім деп тұжырымдалған. Сондықтан нөлдің графикасы да сақина тәріздес немесе шенбер түрінде бейнеленеді. Абай өлеңінде

Единица – жақсысы,

Ерген елі бейне нөл.

Единица нөлсіз-ақ,

Өз басындық болар сол.

Единица кеткенде,

Не болады өңкей нөл? - деп жоқ, хаос болмысын танытады.

1 саны - алғашқының алғашқысы. Онсыз сандық тізбек басталмайды. Онсыз ешбір әлем басталмайды. 2 саны - жұмсақтық, өткір бұрышты тегістейтін тактикалық қасиеті бар. Екілік мейірімділік пен жауыздықтың, жылы мен суықтың, жарық пен қараңғының, байлық пен кедейліктің екі ортасында өмір сүреді.

3 саны тұтастық пен толық жетілудің символы саналған. Көне гректердің дүниетанымында үш ең бақытты сан деп танылған. Ал Көне Вавилонда үш құдай – Күн, Ай, Шолпанға табынған. Үш санының адамзат танымында бақыт сыйлаушы мағынада сақталуы оның « $2+1=3$ » формуласының мәніне тікелей байланысты. Сондай-ақ үштік үғымы «бұрынғы, қазіргі, болашақ» үшбұрышының ажырамас тұтастығын да символдайды.

Төрт саны көне гректердің дүниетанымында тұрақтылық пен беріктік символы деп саналған. Төрттік төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар квадрат түрінде ассоциаланады. Осы түсінік дүниенің төрт бұрышы (төрткүл дүние, төрт құбыла, төртеу түгел болса төбедегі келеді, т.б. деп), төрт жыл мезгілі, табиғаттың төрт дүлей күшін (От, Жер, Ая, Су) стереотиптейді. Славян халқы үшін төртбұрыш - Жер символы деп танылады. Ал жапон-қытай әлемінде 4 саны - қауіпті сан деп қабылданады.

5 саны. Пифагор бестікке ерекше мән берген. 5 санын – сандардың ішіндегі ең бақыттысы деп таныған. Ал көне дәүірде «бес» тәуекелдік символы болған, яғни бестіктің бойында жігерлілік, қайраттылық, тәуелсіздік қасиет бар деп қабылдаған. Жалпыадамзаттық түсінікте 5 саны бес саусақпен, жұлдыздың бес бұрышымен, мұсылмандардың бес уақыт намазымен, буддизмнің бес ғақлиясымен ассоциацияланады.

6 саны - шығармашыл сан. Славян халқы үшін алты – Күн символы деп танылады.

7 саны. Мысыр және Вавилон философиясында жеті - екі «өміршен» сандардың (3 пен 4) қосындысы деп түсіндірілген. Нақтырақ айтқанда, үш адам – әке, ана, бала өмірдің негізін құрайды, ал төрт – бұл дүниенің төрт құбыласы, яғни жайсыз желдің қайдан соғатынын, жаңбырдың қашан жауатынын, жерге қай уақытта нәр беретінін дүниенің төрт бұрышы ғана біледі. Демек, 7 саны – жаратылыс пен жойылудың бастамасы деп қабылданады. Сондықтан үштік пен төрттіктің қосындысынан құралған 7 саны жалпыадамзаттық түсінікте киелі сан деп танылады. Көне грек халқы жеті санының магиялық күші бар, себебі адам қоршаган әлемді бастың 7 саңылау тесігімен (екі көз, екі құлақ, екі танау, бір ауыз) қабылдайды деп есептеген. Ежелгі еврей халқы да 7 санын құрмет тұтқан. Себебі Құдай аптаның алты күнінде күн мен жерді, аспан мен теңізді жаратты, ал жетінші күнді құрмет тұтты деп сенген. Осындай наным-сенімнің ықпалымен 7 саны символдық мәнге ие болды. Айталақ, көне грек халқы жыл сайын ең үздік жеті актерды таңдаған. Көне рим халқы жеті данышпанды құрмет тұтқан. Христиан дінінде де жеті күнә мен жеті құпия туралы айттылады. Ал қазакта жетінің киелілігіне арнайы тоқталамыз. Үндістердің дәстүрінде бақыт әкеледі деп жеті піл мұсінің сыйлайды. Христиандықтардың оразасы 7 аптаға созылады. Библия кітабында жеті шырақ, жеті періште, жеті жыл молшылық пен жеті жылдық жұт туралы баяндалады. Жапондықтар мәдениетінде жеті мейірімді құдай бар, соған орай адам өмірінде 7 сәттілік кездеседі деп түсініледі.

8 саны. Көне мәдени ортада сегіз саны сенімділіктің көрінісі, кәміл сенуді жүзеге асырушы таңба деп қабылданған. Сегіз – қосарланған квадрат. Оны екіге де төртке де бөлсе, екі бөлігі де бір-біріне тең болады. Сегіздің осы қасиеті

сенімділік қасиетін символдауға негіз болған. Мәселен, Көне Вавилон мәдениетінде сегіз саны жұмақты білдірген. Себебі вавилондықтардың мифтік танымы бойынша әлем жеті қабаттан және бір патшалықтан құрылған. Патшалықта тек құдайлар өмір сүрген. Патшалыққа дейін жету үшін адам өмірінде жеті түрлі тозақтан өтуі қажет де саналған. Ал құдайлар өмір сүретін сегізінші қабатқа жеткенде жұмаққа енетін болған. Сондықтан сегіз саны – жұмақ деп түсінілген. Ал будда дінінде сегіз саны бақытты сан деп ұғынылады [60,151 б.]. Буддистердің ең қасиетті дүниесінің бірі – лотостың қауызы сегіз. Сегіз қауызды лотос сәттілік әкелетін, бақыт сыйлайтын, тәуелсіз өмірді, мәнгілік рақат өмірді білдіретін символ болып санада тұрақталған.

Ислам дінінде Раббының аршысын сегіз періште көтеріп тұрады. Періштeler нұрдан жаратылады. Алланың нұрына бөлену дегені де сегіз періштенің қолдауына ену деген түсініктер - мифтік таныммен келген ақиқат дүние үзіктері. «Сегіз – жұмақ» стереотипі қазақ дүниетанымында мынадай сегіздікті қалыптастыруды: Жәннаттың сегіз есігіне кіретіндер:

1 «Лә илана илла Аллаh Мұхаммадур Расуллаh» көлимасы жазылған есік – Пайғамбарлар, шейіт болғандар, жомарттар кіретін есік.

2 Намазды, дәреті толық орындағандар есігі.

3 Малдарынан зекет бергендердің есігі.

4 Алланың үкімін орындағандар есігі.

5 Нәпсісін тыйғандар кіретін есік.

6 Хаж амалын орындағандар кіретін есік.

7 Аллаh жолында соғысқа шыгушылар есігі.

8 Арам нәрселерге көздерін жұмып, жақсы істерді орындағандар есігі [61].

Славян халықтары үшін жетіден кейінгі сегіз саны – өлімнен кейінгі өмір деген ұғымды білдіреді. О дүниелік өмір – мәнгілік деген мифтік түсінік 8 санының шексіздік символикасын қалыптастыруға негіз болды.

Көне грек мифологиясында Вифлиемдік жұлдыз сегіз нұрымен бейнеленеді. Осы ассоциациялы түсінік рим құдайы Венераның сегіз қырлы жұлдыз ретінде бейнеленуі кейбір халықтың мифтік танымында терең сақталған. Мысалы скандинавия халқының дәстүрінде әлемді жаратушы және қорғаушы сегіз нұрлы Венера құдайы болып саналады. Сондай-ақ Иисус пайғамбардың дүниеге келуін осы сегіз нұрлы Вифлием жұлдызының алғаш рет аспанда жарқырауымен байланыстырады. Сондықтан христиан дінін қабылдаған халықтардың дүниетанымында сегіз саны туралы тағы бір мифтік ақиқат дүние қалыптасты. Яғни сегіз нұрлы Вифлием жұлдызы – Құдай-ана символына айналды. Себебі, «Иисустың анасы Мария түннің ортасында толғағы қысқанда, Вифлием жұлдызы нұрын шашып күш-қуат бергені туралы, содан бері сегіз қырлы жұлдыз жаратылыстың (Рождество) белгісі ретінде санада мәнгілік сақталды. Халықтың сезімінде сегіз қырлы жұлдыз аса құрметті, бағалы бейнеге айналды. Атальыш мифтік таным туралы ақпарат беретін стереотипті түсініктер мерекелік салт-дәстүрлерде кең көрініс тапты. Мысалы, жаңа жылда шырша басына сегіз қырлы жұлдыз ілу, жаңа шенге ие болғандар сегіз қырлы жұлдыз тағу, т.б. Тіпті қазіргі НАТО ұйымының эмблемасы – сегіз қырлы вифлием

жұлдызы болып таңдалғанының өзі мифтік танымның адам санасында терең сақталатыны әрі ол дүниенің ақиқат бейнелерінің ішіндегі қасиеттісі болып саналатынын байқатады.

Қазіргі батыс еуропа мәдениетінде сегіз санын шексіз бақыттың, сәттіліктің нышаны ретінде қабылдау стереотипі мифологиялық таныммен тығыз байланысты. Көне мифологияда сегіз саны жыланның өзімен – өзі сегіз секілді айналып, өз құйрығын өзі жұтқан бейнесі - қорқыныш, үрей, сәтсіздіктер жойылып, шексіз бақыт орнады деген мағынаны білдіреді [60, 152 б]. Сондықтан европалықтар туған күнінде сегіз саны бар адамдармен қарым-қатынаста болса, сенімді әріптес, бақытты жұп, шынайы ғашықтар болатынына сенеді. Сондай-ақ байлыққа ұмтылатындар, мансабында сәттілік болсын деп ырымдайтындар сегіз саны бейнеленген бойтұмар (амулет) тағады. Демек олардың аялық білімінде сегіз санына қатысты мифтік таным терең қалыптасқан деп тұжырымдауға болады.

Көне Үндістан мәдениетінде сегіз саны әйел мен еркектің арақатынасы деп түсінілген, сегіздің бір жағы әйел, екінші жағы еркек деп түсінілген. Көбею, жетілу, екі әлемнің үйлесімі деген ұғымдарды білдіреді.

9 санының сиқырлы күші бар деп қабылдау ежелгі дәуірден келе жатқан мәлімет. Сол дәуірдің ішінде тоғыз бірде мейірімділік белгісі, бірде қайғы-қасірет нышаны деп қабылданған. Ежелгі римдіктер тоғыз санын мейірімділік даңқын белгілейтін шартты таңба ретінде қолданған. Ал жапон-қытай әлемінде тоғыз - бақытсыз сан, яғни аурудың белгісі деп қабылданған.

10 саны. Көне мәдениетте он саны әрқашан бүтіндік пен тұтастықтың үйлесімділік пен бірліктің символы болған. « $1+2+3+4=10$ » формуласымен берілетін ондық философиялық асыл тас ретінде символданған. Бұндағы әрбір санның жақсы қасиеттері негізге алынып тұр.

11 саны. Көне дәуір мәдениетінде он бір саны жайсыз, қолайсыз белгілер қатарына енген. Қазіргі таңда он бір жыл сайын Күннің белсенділігі өзгеріп, адам денсаулығына иғі әсер ететіні аталмыш санның жақсы қасиеттерге де ие екенін мойыннатады. Бірақ осы дерекке қарап, он бір санын мистикалық күш иесі деп айтуға болмайды.

12 саны. Әлемдік мәдениетте бір жиынтық өлшемі (дюжина) болғанын білеміз. Соның негізінде бір жылдағы он екі ай, шоқжұлдызындағы он екі белгі, сағаттың он екіге бөлінуі, сағат он екі болғанда жаңа күннің басталуы қалыптасты. Демек, он екі бүтіннің толығуын, байлықты, бақытты білдіретін таңба ретінде қабылданған.

13 саны. Ежелгі мәдени ортада он үш саны қолайсыз, сәтсіз таңба деп танылды. Он үш сандық табиғатында тек өзіне ғана және бір санына ғана бөлінеді. Осының салдарынан болса керек, көне дәуірден бастап-ақ он үштің сәтсіздік әкелетін қасиеті адамзат санасында тұрақты таңбаланды. Содан бері он үш санын жактырмау ырымы, бақытсыздыққа душар боламын деп қашатын наным-сенім әлі күнге дейін жалғасып келеді. Мәселен, Англия, Франция, Польша, Ресей мемлекетінің мәдениетінде он үш саны сәтсіз таңба ретінде қабылданып, халықтың үрейін ұшырады. Он үштен аулақ жүргуге тырысады.

Байқауымызша қазақ танымындағы сан ұғымдары әлемдік мифологиямен сабактас, мазмұндас екені байқалады. Ал он үш санына келгенде жалпыадамзаттық түсінік пен қазақтың танымы қарама-қарсы сипат алған. Мәселен, еуропа мәдениетінде он үш белгісіз сиқыры бар сөтсіз сан деп танылатын стереотип терең сіңгені соншалық, еуропа халықтары он үш санынан қорқады және қашады. Мәселен, сол күні жолға шықпайды, үлкен іс бастамайды, 13-ші нөмірлі жетонды алмайды, 13-ші ойынға қатыспайды, 13-ші болудан қашқақтайды. Оның басты себебі көне мифологияда жатыр. Ежелгі вавилондықтар, римдіктер, қытайлықтар жылды он екі айға, тәулікті он екі сағатқа бөлгөн және бұл уақыт айналымы 12-ден аспай шектеліп отырғандықтан, халықтың түсінігінде 12-ден кейін сан жоқ деген түсінік қалыптасқан. Санақ жасау кезінде он екіден кейін белгісіз санның болатынын сезе бастағанда он үшінші жаңа танылатын сан қорқынышты үрей тудырған. Үрейдің күштілігі соншалық он үш санында қорқынышты тылсым қүш, магиялық қүш бар деп сенетін болған. Осы стереотиптік түсінік әсіресе еуропа елдерінде қатаң сақталып қалған. Мысалы, Италияда 13-ші нөмірлі лотерея жоқ, Францияда 13-ші нөмірлі пәтер жоқ, Женевада ұшаққа 13-ші орын жоқ. Ал қазақ дүниетанымында *он үште отау иесі* деп он үште ер жігіттің жетілетін, өмірге бейімделетін кезеңі деп қабылданған. Расымен он үш жаста ер бала физиология жағынан да, ой-өрісінің жетілуі жағынан да балалық кезеңнен өтіп, жігіттік деңгейде жетіле бастайды. Он үш санын тану мәдениеті бойынша қазақтың аялық білімі еуропалықтардан әлдеқайда жоғары екенін байқаймыз.

40 саны. Шығыс мәдениеті болсын, батыс мәдениетінде болсын, қырық саны бақытты сандар категориясына жатады. Әлемдік символдар жүйесінде қырық саны шығыс мәдениетіндегі қалыңмал беру дәстүрімен байланыстырылады. Сондай-ақ славян халықтарының діни салт-дәстүрлерінде қырық саны жақсылық, береке, молшылық мәнінде қолданылады.

60 саны. Вавилондық, парсылық, көне грек аңыздарында алпыс саны жоғары құдіреттілікке теңелген. Мәселен, вавилондықтар алпысты «Құдай» деп таныған.

Лингвомәдениеттану ғылыминың негізгі ұғымы ретінде мифологемалар адам танымындағы тұрақты бейнелер арқылы өзге ақиқат дүниені тануға мүмкіндік береді. Себебі, окказионалды қолданыста жұмсалған тілдік бірліктің мәдени-семантикалық кодын ашуда автордың айтпақ ойын түсіну үшін оның мифологиялық ойын, қолданған мифтік бейнелерін аталмыш қолданыспен сабактастығын іздеуге тұра келеді.

Мәселен қазақ мәдениетінде малға санақ жүргізбейді. Сондай-ақ малдың нақты санын айтпайды. Санақ малдың басын жұтады деп малшылар көзben түгендеп, жалпы санын шамамен болжап айтатын болған. Қорадағы қойды санау оған кесірін тигізуі мүмкін деп ырымдаған. Орыс мәдениетінде қаздай тізіліп ұшып бара жатқан құстарды санауга болмайды, оларды жолдан тайдыруы мүмкін деп болжаған. Сондай-ақ тоқылған текеметтің ұзындығын өлшеуге болмайды. Бұл ырымдар санақ пен санның киелілігі, құдіретті тылсым қүші бар деп сенуден туындаған деп болжаймыз.

Жалпыадамзаттық танымда саналмайтын дүниелер бидай, ұн, арпа, ағаш жапырақтары, түйе жүні, адамның шашы, тұз, құм, т.б. байлықты, әл-ауқатты символдайды. Сондай-ақ бұл дүниелер тылсым күшті жоюға қарсы қолданылады. Мысалы, орыс мәдениетінде тылсым күшті қашыру үшін мал қораға, үйге тұз шашқан. Ал қазақ мәдениетінде көз тиіп, сұқ қадалған адам өзінің иығынан тұз лактырып, ауру мен жамандықтан арылған.

Көне мифологияда *екі саны* жын-шайтандар саны деп танылған. Осы таным-түсінік орыс мәдениетінде мынадай ырымдарда айқын көрініс табады. Орыс халқы екі нәруызды жұмыртқа көрсе, екі бірдей жанып тұрған балауызшамды көрсе бақытсыздыққа жорыған. Сондай-ақ бір шелектен қатар су ішуге, екеуі бірдей еден сипыруға, сұлгінің екі жағымен қатар сұртінуге тыйым салынған. Қазақ мәдениетінде де екіліктің осындай мифологиялық танымы мынадай ырымдардан байқалады: *бесікті екеулеп тербетуге болмайды, қазанды екеулеп көтеруге болмайды*. Демек бұл тыйымдар жалпыадамзаттық түсініктегі екіліктің екі жағы бар: бірі – он, екіншісі – теріс деген мифтік түсініктен тараған және бұл деректер лингвомәдени категориялар бола алады деген тұжырым жасаймыз. Қазақ дүниетанымында діни мифологиялық түсініктен туындаған екіліктің тілдік көрінісін былайша танытуға болады: *екі дүниенің бақытын нағін етсін!* Екі дүние дегеніміз бұл дүние - өмір, о дүние – өлім.

Көне мифологияда үш саны - әлемнің жаратылысын реттеуші сан ретінде символданады. Мифология Ай культімен тығыз сабақтас. Көне грек мифологиясында әлемдік жаратылысты құрайтын қасиетті үш дүние бар. Олар – Ай, Күн, Жер. Адам санасында үштік ұғымы осылайша қалыптаса бастағанда адам жаратылысының үштігі пайда болды – әке, ана, бала. Зороастриялық діни таным бойынша адам болмысының үштігі – рух, жан, тән.

Қазақ мәдениетінде *үшін беру* (үш күндігі) жосыны кейбір өнірлерде ғана орындалса да көне мифтік түсініктің сарқыншағы сақталғанын байқауға болады. Жалпыадамзаттық мифологияда адам қайтыс болған адамның жаны үш күн бойы иесін тастамайды. Осы мифтік түсінік *үшін беру* ғұрпынан көрініс береді деп ойлаймыз.

Мифологемалар қатарына төрт саны да енеді. Әлемдік таным бойынша төрт саны тұрақтылық, беріктікті білдіреді. Дүниенің төрт бұрышы, жылдың төрт мезгілі, тәуліктің төрт кезеңі (таң, тұс, кеш, тұн) өзгермейтін мәңгілік құбылыстар. Сондай-ақ орыс мәдениетінде адам өмірінің төрт кезеңі бар деген стереотип те көне мифологиядан бастау алады екен. Адам өмірінің төрт кезеңі: балалық шақ, жастық шақ, егделік кезең, кәрілік кезең.

Көне батыс мәдениетінде дүние төрт бөліктен тұрады (жер, су, от, ая) деген таным да мифологиялық білімдер жүйесінен туындаиды.

Көне шумер мәдениетінде төрт жұлдызды Құдай дүниенің төрт бұрышын тіреп тұр деген мифтік түсінік қалыптасқан. Көне Египет мәдениетінде сфинкстің төрт бөлігін (басы, денесі, табаны, қанаты) көрсету арқылы төрттіктің символға айналғанын байқауға болады. Египетте төрт саны қасиетті деп танылған. Себебі адамды жерлеу рәсімінде төртбұрышты табытқа салу, төрт бағанмен тіреу дүниенің төрт бұрышымен байланыстырылады. Сондықтан төрт

саны өлім мәнін білдіретін таңбаға айналған. Көне Египет мәдениетінде әлем мен көкті тіреп тұратын төрт баған бар деген мифтік түсінік болған.

Көне орыс мәдениетінде төрттік саны үйдің төрт бұрышымен, кресттің төрт жағымен шектеледі.

Қытай мифологиясында төрт - жерді символдайтын сан. Қытайлықтардың танымында жер төртбұрышты, оның төрт бұрышы болады деп қабылданған. Сондай-ақ төрт - жұп сан, яғни қасиетті инь саны деп ұғынылған. Көне Қытай мәдениетінде императорлық ақорданың төрт жаққа қараған төрт қақпасы болған. Қытайлықтар үшін төрттіктің қасиетті болғаны соншалық аңызға айналған төрт өзен мемлекетті сумен қамтамасыз етеді, ал төрт тау мемлекетті қорғайды деп сенген. Қытайдың аты аңызға айналған төрт императорының әруағы әрқашан мемлекеттің қорғаушысы деп табынуы – халықтың ең жоғарғы кульптік ерекшелігі болып табылады. Төрттік санының қытайлар үшін сәттілік, бақыт әкелетін символдық мәні осы аталған мифтік танымға сенуден туындаған. Себебі бұдан әрі қытайлықтар қасиетті саналатын рухани және материалдық мәдениетті жіктегенде төрттікпен есептейтіні байқалады. Мысалы, тылсым күштерден сақтайтын бойтұмарлардың саны қытайлықтарда төртеу болады. Қытай мәдениетін танытатын символикалық бұйымдар да төртеу: кітап, сурет, гитара, шахмат тақтасы. Қытайлықтар үшін барлық жақсы қасиеттер адамгершіліктің төрт тармағын ұстанудан басталады: тұрақтылық (сатылмау), ұят, парыз, әдеп-ғұрыпты сақтау. Қытай императорларының бағында төрт жануар мекендейтін болған: феникс, мүйізтұмсық, тасбақа және айдаһар.

Қазіргі Қытай мәдениетіндегі нумерология жүйесінде қасиетті 4 саны көне еуропалықтардың танымымен, яғни төрт саны – өлімді символдайтын ұғымға ауысқан. Себебі, қазіргі қытайлықтар төрт санынан қорқады, сәтсіздік, апат, өлім алып келеді деп болжайды. Қазіргі қытайлықтардың дүниетанымында 1 саны – ар мен ұтыс, 2 саны – женілдік, 3 саны – өсу, 4 саны – өлім, 5 саны – жоқтық, 6 саны – байлық, 7 саны – белгісіздік, 8 саны – өркендеу, 9 саны – көп жасау. Сандық символға сенетін қытайлықтар мысалы, 28-ші нөмірлі үй кездессе ақша женіл жолмен келеді деп ұғынады, ал 58 нөмірлі кездессе, алға жылжу, өркендеу болмайды деп жорамалдайды.

Қазақ мәдениетіндегі төрттік санының символдық мәні жоғарыда айтылған әлемдік көне мифологиядан бастау алады. Мысалы, қазақ дүниетанымында төрт қажеттілік бар: от, су, ауа, жер. Төрт маусым бар: қыс, күз, жаз, көктем. Төрт періште бар: Жәбіреіл, Әзіреіл, Мекайіл, Исрафил. Қазақтың төрт мұраты бар: дау мұраты - біту, сауда мұраты - ұту, жол мұраты - жету, қыз мұраты - кету. Қазақ төрттіктің қатарына төрт кітапты қосады: Зәбүр, Тәурат, Інжіл, Құран. Қазақтың төрттігінің қатарына төрт түлік те енеді: түйе, жылқы, ірі қара, қой.

Қазақ тілінде төрт құбыла қолданысы дүниенің төрт бұрышын білдіруден туындаған. Дегенмен, қазақ дүниетанымында дүниенің төрт бұрышы деген ұғым бүтіндікті білдіреді. Себебі тілімізде төрт құбылаң тен болсын дейді. Айналандағыларың, жақындарың түгел болсын деген тілек болса керек.

Қазақ тіліндегі қасиетті – үш, жеті, тоғыз, қырық сандары қазақта тән кульптік түсініктер мен діни мифологияға тікелей қатысты. Мәселен, әлемдік

мифология бойынша үштік – тұтастық ұғымын білдіреді, екілік жұптық, бір нәрсенің бастамасы, көбеюдің бастамасы болса, одан кейінгі үштік көбеюдің нәтижесінен туындаған тұтастықты, толығуды білдіреді. Мәселен, Қазақ танымда «уш бала – бір бала, бүтін бала» деген түсінік бар. Демек, үш бала толық отбасы дегенді мензейді. Қазақ көбалалы отбасы болуымен ерекшеленетінін ескерсек, қазақ үшін екі бала әлі де толық емес, тұтас емес деген түсінік қалыптастырытын болған. Ал төрттік тұтастықтан кейін туындайтын бүтіндікті ұғымын білдіреді. Бүтіндік демек төрт жақтан толысқан шектелген ақиқат дүниені бейнелеуде қолданылады. *Төрт құбылаң түгел болсын* деген тілектің бойындағы төрт құбыла көне мифологиялық танымнан бастау алады.

Корыта келгенде, бірқатар сандардың концептуалдық құрылымындағы мифологиялық таным ұлттық мәдени болмысын, ұлттық тілдің лингвомәдени кеңістігін аша түседі. Әйтсе де сан атаулары жалпыадамзатқа ортақ болғандықтан, әрбір санның мифтік жаратылышы әр халықта өзгеше екені байқалады.

Лингвомәдениеттандың негізгі ұғымдарының бірі – мифологиялық бейнелер. Нактырақ айтқанда прецедентті бейнелер мен мифтік бейнелер. Прецедентті-мифтік бейнелер бастапқы кейіпкер бейнесін жойып тұрақты тіркестер құрамында абстракциялық ойды білдіретін болса мифологемалық бірлікке айналады. Қазақ тілінде мифтік бейнелер мәдени таңбаға айналып символданғанын талдамай-ақ аңғарып журміз. Мәселен, қазақ халқы символдайтын болсақ – көк бөрі, орыс халқы - аю, қытай халқы – айдаһар деп стереотиптеді.

«Қазақ мифологиясы» атты белгілі еңбектің авторы С. Қондыбай атап өткендей, қазақ менталитетінің мәнін мифологиялық қабаттармен жұмыс істемей, дұрыс түсіну мүмкін емес. Қазақтың мифтік шығармашылығы ежелгі түркі кезеңінің ғасырлар қойнауына терең бойлаған [62, 9 б.].

Мәдени-мифтік прецедентті бейнелердің арасында сан атауларымен сипатталатын түрлері жиі кездеседі. Демек, халықтың сан арқылы айтылмақ ойды кейіпкердің бейнесін жасауда астарлап жеткізу мүддесі болғанын байқаймыз. Мысалы, бір көзді дәу, жалғыз көзді жалмауыз – мәдени бейнелер. Олардың «бір» сан атауымен және «жалғыз» деген квантитативті ұғыммен берілуі көне грек мифологиясындағы танымның сарқыншағы деп қабылданады.

БІР КӨЗДІ ДӘУ – аныз, ертегілерде кездесетін мифтік кейіпкер. Халық танымында бұл кейіпкердің бір ғана көзі бар, тау-құзда адам баспайтын үңгірлерде паналайтын, халыққа едәуір қауіп төндіретін алып күш иесі. Кейбір түркі халықтарының мәдениетінде бір көзді дәу жерасты әлемін билеуші өкіл ретінде таныстырылады. Жалпы түркілер мәдениетіне аталмыш мифтік бейне грек өркениетінен (цикlop) келсе керек.

Бір көзді дәу – қиял-ғажайып ертегісінде қаской құбыжық болып суреттеледі де халық батырымен құресіп, жеңіліс табады. Бір көзді дәудің көзі жойылып елге тыныштық әкелу әсірелене суреттеледі. Демек, халық батырының болғанын, оның барлық тылсым күштерге төтеп бере алатынын армандаған қиялын, тіпті ақиқатта мықты батырлардың ел үшін жанын беретін

қаһармандығын салыстырмалы түрде сипаттау үшін ойдан жасалған мифтік бейне деп қабылдауға болады. Мысалы, «Шахнама» жырында парсы батыры Рұstem бір көзді дәуге қарсы күресіп, оны жеңіп, түркілер қаһарманы ретінде халық аузында қалады. Түркі ертегілерінде бір көзді дәу әйелдерді үрлап, иен далада күң ретінде ұстауы, жарын арашалауға ұмтылған батырдың ерлігі бір жағынан ер азаматтың маҳаббатқа беріктігін де айғактау үшін қарсы кейіпкер ретінде бір көзді дәу таңдалып алынған. Ежелгі ұнді-еуропа халықтарында бір көзді дәу Құдай бейнесі ретінде қабылданған. Байқауымызша, көне мифологиялық кейіпкер – бір көзді дәу халық қиялынан туғандықтан, әр мәдениетте әртүрлі кейіпте ұғынылған. Соңғы жылдардағы ертегілерде бір көзді дәу алып денелі, қажырлы күш қуат иесі бола тұрса да аңғал, сенгіш кейіпкер ретінде суреттеледі. Мәселен, Қаңбақ шал ертегісіндегі бір көзді дәу жалмауыз кемпірдің айтқанынан шыға алмайтын бейне ретінде сомдалады. Тырнағына да тұрмайтын Қаңбақ шалға алданған бір көзді дәудің ақымақтығы үшін зарланып жылағанын да көреміз. Демек, бұл ертегіде білекті бірді жығады, білімді (ақылды) мыңды жығады тұжырымын насихаттауға негізделгендейгін көреміз. Яғни халықтың айтпақ ойы – «күшпен емес, ақыл-оімен, біліммен де жеңуге болады» деген философия.

Сондай-ақ қазақ мәдениетінде «дәу – перім» деген ұғым бар. Дәу – рух иесі, адамның жебеушісі, жын-шайтаннан қорғаушы. Осы түсінік әсіресе бақсы сарындарында жиі кездеседі.

Айналайын дәулерім.

Айналайын беклерім....

Қазан басты қара дәу,

Жын-шайтанға жау пері...

Бәрекелді беклерім,

Тартышы бермен дәулерім! [63].

Қазақ дүниетанымында дәу құбыжық кейіпкер ретінде қалыптасса да мифтік бейне болғандықтан мәдени құндылықты пір ету ниеті аңғарылады.

Демек, қазақ халқы құбыжық жауыз кейіпкердің езін мифтік бейне ретінде қабылдап, мәдени мұраны дәріптеу мақсатында пір тұтқанын аңғарамыз. Тілдік жүйеде үлкен мағынасын білдіретін дәу сөзі бар. Дәу (үлкен) мағынасының уәжі мифтік кейіпкер Дәудің алып денелі, үлкен болмысының санада қалған ассоциациясынан қалыптасса керек. Сондай-ақ поэтикалық мағынада дәу - адам бойындағы зор күш, қайраттылықты білдіреді. Мәселен, *Көп көрген ақсақалым - Алатауы, Лебімен бұлтты тарпып алған Дәуім (К.Әзірбаев), Қиядан дүшпан сескенер, Көрсемін қойсаң дәүіңді (Базар жырау)*

Қазіргі қолданыста дәу - дәкей, атағы жоғары мықты адам мағынасында экспрессивтік стильде қолданылып жүр. Жеңгөң - бір дәудің қызы, шынын айтқанда даудын қызы (О.Әубекіров. Қөктайғақ).

Сондай-ақ қазақ мәдениетінде еңгезердей, жауырыны қақпақтай, екі иығына екі кісі мінгендей алып денелі адамды дәу қара деп сипаттайды. Бұл түсінік те бір көзді дәу мифтік бейненің санада сақталған стереотипті сарқыншағы.

Тілімізде көк долы қатыннан дәу peri қашады деген тұрақты тіркес бар. Яғни әйелдің бірбеткейлігін, көкбеттігін сипаттау үшін бейнеленген фразеологизм. Демек, ұлттық санада ешкімнен женілмес, алып күш иесі дәудің өзі долы қатыннан қорқады деп әсірелеп көрсеткені байқалады.

Қазақ мәдениетінде - ертегілерде бір көзді дәу – жалғыз көзді дәу деп беріледі. Ал Қорқыт ата кітабінда Төбекөз дәу деп аталады. «Жалғыз көзді дәу» ертегісінде дәу – дүлей күштің иесі. Ал «Ақжан батыр» ертегісінде араб ертегілеріне ұқсас қауіп төндіретін жауыз бейнесінде сомдалады. Фольклорист ғалым Едіге Тұрсыновтың зерттеуінде: «Қазақ ертегілеріндегі дәулер жалғыз көзді болса, парсыларда екі басты дәу жиі кездеседі. Яғни бұл мифологиялық кейіпкерлердің әр халықтың фольклорындағы ерекшелігін көрсетеді», – делінеді [64, 109 б.]

Тарихи зерттеулерге сүйенетін болсақ, дәу – мифтік бейнесі алдымен түркілерде пайда болған еken, себебі, ежелгі грек ғұламалары Аристей мен Геродоттың жазбаларында гректер жалғыз көзді дәу туралы мифтік аңызды алғаш рет сақтардан естіген еken. Сондықтан әлемдік мифологияда әртүрлі бейнеленіп жүрген (цикlop, екі басты дәу, жеті басты дәу) дәулердің түп негізі – Жалғыз көзді дәу. Цикlop – көне грек халқының қиялынан туындаған мифологиялық кейіпкер. Соғыс пен жаугершіліктен шаршаған халықтың қиялында жеңілмейтін алып күштің әлсіз тұсын біліп, оны мәңгілікке жоқ қылуды армандаудан осындағы мәдени бейнелер туындаиды. Аталмыш прецедентті бейне сан атауынан жасалған. Жалғыз көзді немесе бір көзді дәудің адам санасында осылайша ұқынсыз бейнеленуі откемдіктің, қанаушылықтың, зорлық пен зомбылықтың езгісінің айқын бейнесі деп тануға болады. Жалғыз көзді болуының себебі, алып күш иесі болғандықтан оның бір ғана әлсіз тұсы бар. Ол - оның жалғыз көзі. Бір көзді дәуге қатысты қай ертегінің оқысақ та, елден шыққан батыр дәудің жалғыз көзін ойып алу арқылы жеңіске жетеді. Орыс мәдениетінде «цикlop - мощный и злой великан с одном глазом во лбу» деп сипатталады [65, 21 б.].

Дүниенің жаратылуы туралы мәселе саналы адам баласын ертеден толғандырып келе жатқаны белгілі. Адамзаттың таным кеңістігіндегі ең басты меже дүниені тануға бағытталады. Қазақ халқының дүниенің жаратылуы туралы танымы (әлем моделі) мифологиялық, діни түсініктер арқылы, соған сәйкес діни тілдік бірліктермен өрнектелген.

Дүниенің тілдік бейнесі қазақ халқының ауыз әдебиетінде, жыраулар поэзиясында және басқаларында анғарылады. Мысалы, алғашқы қауымдағы мифтік ұғымдар туғызыған небір ғаламат мақұлықтар (бір көзді дәу, жалғыз көзді жалмауыз, т.б.) жер беті пайда болған заманда өмір сүрген түсінік халық ертегілерінде баяндалған.

Өктем, тәқаппар адамдар санасында *bir саны* – “мен” және жалғыздық мағынасын символдайды. Бүкіл әлемді ашса алақанымда, жұмса жұдырығымда ұстаймын дейтін меммендік мінезді сипаттау мақсатында жалғыз көзді дәу персонажы қалыптасты. Бұндағы «бір», «жалғыз» ұғымдарының тандалып алынуы адамзаттың ойлау зердесінен, жауыздық қасиетін тудыратын жаман

мінез жалғыздықты (оқшаулану, тәкаппарлану, менменсу) тани білуінен туындал отыр.

ЕКІ БАСТЫ САМҰРЫҚ ҚҰС. Қазақ фольклорында екі басты самұрық құс бейнесі болған. Бұл да бастапқыда зорлық көрсететін зұлым қүш иесі болған. Г.Байгусынованың зерттеуінде екі басты самұрық бейнесі екі жақтылық символды білдіреді: «Символ двойственности: двуглавая птица самурук, которая согласно преданиям, существовала в древности и стала символом насилия» [66, 4 б.]. Расымен де бастапқыда екі жақтылықты (жақсылық пен жамандық, бақыт пен қайғы), екіжүзділікті танытушы мифтік бейне ретінде халық қиялышан туындаған болар. Себебі, бірқатар ақын-жазушылардың тілінде екі басты самұрық екіжүзділікті суреттеуде сәтті қолданылады.

... Ей, шау тартқан екі басты самұрық,
Неге сонша шаңқылдайсың жағынып?
Өткен күнің енді қайта оралмас,
Бұл дүниеде басқаның да барын ұқ! (Темір Мыңжасұлы).

Біздің пайымдауымызша, екі басты самұрық мифологемасы – әлемдік мифологиядан қазақ мәдениетіне енген көне түсінік. Себебі, Шумер, Вавилон дәуірінен келе жатқан символдық мәні жоғары бұл мифтік бейненің қалыптасуы Жаратылышта екі жақтылық болатынын таныған тұстан басталған. Оған басты дәлел – сол кездегі ту, байрақтың, монета ақшалардың суретінде екі жаққа қараған бүркіттің бейнеленуі. Екі жаққа қараған құстың бейнесі, қарама-қайшылықты, бір-біріне ешқашан үйлеспейтін екіжактылықты философиялық тұрғыдан жете танып, оны символдық деңгейге көтерген тұста қалыптасқан мифтік аңыздардың ауыздан ауызға тарау арқылы жеткен нұсқалары болса керек.

Ал қазақ мәдениетінде Самұрық – екі әлем (о дүние мен бұл дүние) арасындағы дәнекер құс. Қазақтың мифтік бейнесіндегі Самұрық адамның қорғаушысы, жебеп-желеушісі. Қазақ мифологиясында Самұрық өлгенмен қайта тірілетін қасиетімен ерекшеленеді. Қазақ халқының түсінігінде Самұрық - бақыттың, бейбітшіліктің, тыныштықтың символы.

Ал қазақтың мифологиялық дүниетанымында ұсқынсыз жауыздарды «жеті басты жалмауыз» т.б. түрінде сипаттаған. Себебі мифтік санамен байланысты «жетілер тобына» ертегі, аңыздарда мифтенген айрықша «Уақыт пен Кеңістік» әлемінде өмір сүретін қиялдағы ғажайып тіршілік иелері жатады: жеті басты жалмауыз, жеті дәу, жеті басты айдаһар (жылан).

ЖЕТИ БАСТЫ ЖАЛМАУЫЗ. Мифтік сананың негізінде қалыптасып, халық ауыз әдебиетінде көне бейнелердің бірі ретінде ұрпақтан ұрпаққа жетіп келеді. Әлемдік мифологияда жеті басты жалмауыз адамның жауы, зұлымдықтың өкілі. Қазақ фольклорында көп жағдайда жеті басты айдаһар, кейде жеті түрлі сиқырлы тәсілі бар жалмауыз кемпір бейнесінде суреттеледі. Батырдың жеті басты мифтік бейнемен шайқасып, женіске жетуі, елге тыныштық, бейбітшілік әкелуі барлық елдің ертегілерінде бар. Жеті басты жалмауыз қазақ фольклорына өзге мәдениеттен енсе де, жеті санымен тіркестіріп айтпайды (жеті басты айдаһар ғана болмаса). Әдетте жалмауыз кемпір, мыстан

кемпір дейді. Қазақ халқы жеті санын киелі тұтқаннан болса керек. Ал жеті басты айдаһар ертегілерінде әрбір зұлым басты ауыртпалықпен, түрлі тәсілдерді қолдану арқылы жою уәжі (мотив) қазақ мәдениетіндегі жеті жұт, жеті апatty жоюға бейімдеу сарыны бар деп ойлаймыз. Санада жұттың ерекше санамаланып сақталуы халықтың өмірінде, қынышылығымен, ауыртпалығымен құресу тіршілігінде, яғни көз алдында, жүргегінің түбінде қалып қоюымен түсіндірледі. Сол сияқты жеті жоқ, жеті жетім де өмірдің жағымсыз (негативті) болмысын сипаттау үшін санамаланып сақталған. Осы уәжге сүйенген халық жағымсыз мифтік бейнені жетімен суреттейді. «Яғни жеті бас - халыққа төнген жеті апат. Жеті апattтан толық құтылған халыққа бейбіт өмір келеді» деген философиялық ой жатыр.

УШ БАСТЫ АЙДАҺАР - байырғы нағым-сенім бойынша алып мифтік бейне, адамға өлім әкелетін дүлей күш. В.Я. Пропп зертеуінде айдаһар отырықшы елдердің мәдениетінде қалыптасқан. Себебі айдаһар қақпасы қоршалған тыныш жатқан елге тұтқылдан төніп, жаппай жұтып алатын болған. Бұл түсінік, елге жау шабу сюжетін елестетеді. Қазақ мәдениетіне өзге мәдениеттен енген кірме мифтік бейне деп қабылдаймыз. Дегенмен, қазақ мифологиясында алып жыланның дүлей күш ретінде сомдалатын ертегілері бар. Мәселен, жылан «борандатып, дауылдатып» келеді, алдын ала адамдардың дайындаған малын, кісісін тірідей жұтады. Әсіресе, қыздарды жалмайды, тіпті патшаның қызын жұтам деп, жүрттың үрейін ұшырады. Онымен шайқасуға бел буған батыр-аңшыны айдаһар жұтқан кезде, ол қырық құлаш семсерін сертке ұстап ішіне кіріп, қақ жарады да, жүртты азат етеді, айдаһарды өлтіргенінің белгісі ретінде жонынан таспа тіліп алады [63, 15 б].

Ал Қытай, Мысыр, Үндістан мифологиясында үш басты айдаһар - аузынан от шашқан, қанаты бар, төрт сирағы бар, елге апат төндіретін, найзағай ойнататын бейне.

Кейбір қазақ ертегілері мен хикаяларында әйел кейде айдаһардың етіне жерік болады және ол тотемдік сенімнің қалдығы, ал айдаһардың адамды жұтуы, оны ауыл батырының құтқаруы, жігітті жігерлендіру, қайсарлыққа, төзімділікке, ұлтын қорғауға тәрбиелеу нышаны бар екені фольклортану ғылымиңда анықталып отыр.

Пифогорлықтарда *үш санының* негізінде жан-жақтылық пен бірліктің үйлесімділігі қалыптасқан. Осы мәліметті уәж ретінде ұстанатын болсақ, үш басты айдаһардың бейнесін ашуға толық негіз бола қоймайды. Бірақ үш басты айдаһар үш жақтан от шашып, алды-артына, жанына адам жолатпаған дүлей күш иесі ретінде бейнеленуі адам қиялышынан пайда болғанын еске түсіреді. Демек, үштіктің жан-жақтылықты бейнелейтін мәні айдаһардың үш басты болуының басты себебіне негіз (аргумент) бола алады. Олай болса айдаһардың үш басты болып бейнеленіп, санада ұзақ сақталуы халықтың жан-жақтан жайпаған, адам жеңгісіз зұлымды суреттеуде үштік ұғымды ұтымды қолдануына сан атауының мифологиясы негіз болғанын байқаймыз.

ТӨРТ МУХАРРАМ ПЕРИШТЕ – діни түсінік бойынша Алла Тағалаға ең жақын, дәрежесі жағынан бәрінен жоғары бас періштелер. Олар – Жәбіреiйіл

періште, Мекаіл періште, Әзірейіл періште, Исрафил періште. Бұл төрт періште Алла Тағаланың әмірін қалт жібермей, мұлтіксіз орындаиды. *Жәбірейіл періште* Алла Тағаланың аманатын, хабарын жеткізіп тұрады. Ол Алланың әмірімен Мұхаммед пайғамбарды қолдап-қорғап тұрган. *Мекайіл періште* Алланың әмірі бойынша әлемдегі тәртіпті бақылайды. Желдің соғуын, бұлттың көшуін, қар мен жаңбырдың жаууын, жер ырыздығына жауап береді. Күн күркіреп, жаңбыр жауғанда қазақ Алланың берер берекеті мол болсын деп, Алладан рахман жаңбыр тілейді. Осы тілектерді бақылаушы деп түсініледі. *Әзірейіл періште* Алла Тағаланың әмірімен адамның жанын аларда әртүрлі бейнеде келеді. Жаны таза, иманы берік, күнәсі кешірімді адамдардың жанын аларда қинамай, азаптамай, мейірімді жүзбен Алланың аманатын алуға келгенін айтады, екіжүзді, имансыз күнәшар адамдардың жанын қинап алады, аса қорқынышты, сұсты да, қаһарлы бейнеде көрінеді. *Әзірейілге «өз жанынды ал»* деген бұйрық келгенде, ол өз жанын өзі алады еken дейді. *Исрафил періште* ақырзаманның болғанын сұр (керней) үрлеп жариялайды. Алланың әмірімен ол сұрді бірінші үрлегенде қатты дауыл соғып, тау-тас қопарылып, апат болады. Тіпті құллі әлемнің тас-талқаны шығады. Қазақ тілінде *сұрапыл соқты* деген тіркес осындай апatty құндерді бейнелейді [61, 35 б].

Періштелер құлагына шалынсын деп бет сипау ғұрпында осы періштелер жайлы айтылса керек. Періштелердің төртеу болуы көктен түскен төрт кітаппен және төрт мұрсал пайғамбармен сабактас деп ойлаймыз. *Дүниенің төрт құбыласын* қорғаушы қызметтеріне қарай төрттіктің діни уәжіне де сүйенуге болады.

ЖЕТИ ПІЛ – әлемдік мәдени бейненің бірі. Жеті піл - символдық мағынаға ие болған мифологиялық образ. Піл - ақылдылықты, парасаттылықты, рухани құшті, саналылықты кейіптейді. Піл Үндістан, Қытай, Африка елдерінде патшалық биліктің эмблемасы ретінде қабылданады және жақсы басқарушының сапалық қасиеттерін символдайды, яғни зияткерлікті, шыдамдылықты, сенімділікті, өмірсүйгіштікті, мейірімділікті, өркениеттілікті, бақытты ассоциациялайды. Ал жеті санының таңдалып алынуы киелілігіне байланысты. Жалпыадамзаттық түсінік бойынша, жеті - бақыт әкелуші сан. Пілдің символдық мәні мен жетінің киелі қасиеті бірігіп, жеті піл – бақыт пен қуаныштың мистикалық бейнесі ретінде санаға сіңген. Осы символдық түсінік әлемдік мәдениетте кеңінен орын алды. Қазіргі таңда жеті пілді жәдігер ретінде сақтау немесе бақыт әкеледі деп ырымдаپ үйде сәнді бұйым ретінде жоғары қою көне мәдениеттің жаңғыруын байқатады.

ЖЕТИ ӘУЛИЕ – басына қауіп төніп, қысылған жанға көмекке келіп, жәрдем беретін, көзге түспейтін тылсым күш, рух. Қазақ мәдениетінде кейде оны жеті пір деп те атайды. «Алпамыс» жырында жеті әулие анық сипатталады. Байбөрі бай мен Жантілес бәйбішенің көз жасы қабыл болып, бәйбіше бір ұл, бір қызы туады. Құбыла жақтан ғайыптан пайда болған жеті пір ұлдың атын Алпамыс, қыздың атын Қарлығаш деп қойып, бастарына қын іс түсіп, шақырса қолдайтын, жәрдем беретін кәміл пір екенін айтады. Ғайыптан пайда болған жеті әулие діндар адам кейпінде көрінеді.

Жеті әулие қазақ санасында ертеден, исламға дейінгі дәуірден келе жатқан наным-сенімдердің бірі болғанға ұқсайды. Ал жәрдем тілеп, қысылған жанға жеті әулие Алланың қалауымен көмек берे алады деген түсінік байырғы наным-сенімді исламмен үйлестіруге байланысты пайда болуы мүмкін. Қазақтың дәстүрінде жеті нан, жеті шелпек тарату және оның санының жетеу болуы осы жеті әулиемен байланысты еken. Діни түсініктегі әулиелер тақуалықты қатаң ұстанумен рухани жағынан тазарған. Олар сөзімен де, ісімен де имандылық жолына қызмет еткен. Тұрмыста өзін әулие түрінде көрсетуге тырысып, қарапайым өмір салтымен жүреді. Бұларға ұқсаған жандарды ел ішінде «әулие адам» дейді. Софылық әдебиетте жалпы әулиелер (пірлер) саны үш жүз елу алты деп көрсетіледі. Олар бірнеше сатыларға бөлінеді. Ең жоғарғы сатыдағы әулие - Кұтыб. Келесі сатыдағы үшінші әулие – Нуқаб, одан кейінгі сатыдағы бесінші әулие - Аутад, одан кейінгі сатыда жетінші әулие – Абраг, бұдан кейін әулиелер 40 шілтен Абдал, ең төменгі сатыдағы үш жүз әулие Ахияр деп аталады [63, 40 б]. Ал, қазақ мәдениетінде жиі кездесетін Қыдыр (Қызыр) әулие бірде ең жоғарғы сатыдағы әулие, бірде пайғамбар бейнесінде сипатталады.

ҚЫРЫҚ ШІЛТЕН. Бұл мифтік санада қалыптасқан көзге көрінбейтін, қыын-қыстауда ауызға алса, батырды қолдап, қорғап жүретін пір, әрі әулие. Қырық шілтен азыздарда Ғайып ерен қырық шілтен деп те аталады. Әуелде Қырық шілтен көзден ғайып (көзге көрінбейтін) кілең ержүрек қырық ер деген ұғымда жұмсалып, батырлардың сыйынатын пірі болған. Парсы тілінде шіл “қырық” деген мағынаны білдіреді. Эпикалық жырларда батырлар ұрысқа кіrmес бұрын, жекпе-жекке шықпас бұрын Қырық шілтенді айтып:

Қыдыр ата жар болып,
Қырық шілтен қолдай көр.

Жолымды Құдай ондай көр, – деп пір тұтып сыйынатын болған. Халық түсінігінде Қырық шілтен о баста батырлардың пірі ретінде қолданыла келіп, кейіннен әулиелер қатарына қосылған.

Түркілер мәдениетінде үш жүз алпыс екі әулиенің ішінде Ғайып Ерен, қырық шілтен, жеті әулие ерекше деп танылады, себебі жеті әулие абрар деп аталады. Наурызкөжедегі жеті дәмнің арғы мәнінде жеті әулиені пір тұту жатыр деп сенеді.

Қазақ дүниетанымы бойынша ана құрсағынан аман-есен жарық дүниеге келген сәбиді Қырық Шілтен күн сайын біреуден келіп, қырық күн күзетеді еken деседі. Қырық күн өткенде шілде күзет аяқталды деп, шілдекүзет немесе шілдехана тойын өткізеді. Сол сияқты байырғы наым сенім бойынша қысылып-қиналған, басына тауқымет тұскен жан Ғайып ерен, қырық шілтенді шақырып, медет тілеген [63, 42 б.].

ҚЫРЫҚ ҚЫЗ – Қорқыт ата жырындағы қырық қыз бейнесі. Олар қырық санымен аталуы қазақта қырықтың киелі сан болуынан. Анызд былайша суреттеледі: *көл жағасында серуендең жүрген қырық қызға жау әскері тұтқылдан тап болады. Жау жерімізді таптамасын, бізді тірідей қолға түсіріп, намысымызды аяқ асты етпесін деп, қырық қыз бір ауыздан Тәнірge жалбарынып, жауды жібермейтін тас қамалдай болып, тауга айналайық,*

мыңғырган дүшпаниң қолы тасқа айналсын депті. Сол сәтте қырық қызы қырық шоқылы тау тізбегіне, ал жау әскері етекте жатқан тасқа айналыпты. Қаратаудың Қазығұрт өніріндегі Қырық қызы тау аты (ороним) содан қалыпты деседі. [63, 48 б].

Көрнекті ғалым, фолклортанушы С.Қасқабасов «Қазақ мифі және әлемдік мифология» атты зерттеуінде: Мифтің бүгінгі күні жеткен сұлбасынан діни сенімнің, таным-тәжірибелің, өнердің, философиялық, тіптен саяси көзқарастардың да алғашқы нышандарын дамытуға болады. Мифтік сана дәуірінде миф біртұтас бөлшектенбекен, синкретті қалпында, әмбебап сананың үлгісі ретінде көрініс тапқан деудің қисыны бар. Былайша айтқанда, Миф дегеніміз – дүние-тіршілікке қатысты қалыптастқан қоғамдық сананың бірден-бір әмбебап көрінісі. Осы тұста байырғы адамдардың қоғамдық санасы ретінде көрініс тапқан миф пен сол мифтің ғасырлар сілемін көктей өтіп келіп, бүгінгі адамдардың аузымен айтылуының арасында айырмашылық болатыны назар аударады. Бұл айырмашылық мифтің халық жадында құбылуынан немаесе шындалуынан туған айырмашылық емес. Мұны дүние тіршілікке қатысты адам санасының өзгеруінен туған айырмашылық десе болар. Себебі, байырғы адамдар үшін Миф – сананың, таным-түсініктің, өмір салттың үлгісі болса, бүгінгі адамдар үшін миф – өткен өмірдің жаңғырығы», – деген болатын [67].

Қорыта келгенде бір, екі, үш, төрт, жеті сан атауларының символдық мәні ғаламдық модель екенін айғақтайтын мәліметтер көне мифологиядан бастау алады. Сандар бастапқыда сандық ерекшелігіне қарай адамзаттың танымында терең сақталып, кейіннен сиқырлы сандар ретінде семантикалық жағынан дамыған. Сандар жеке қасиеттеріне қарай алдымен символдық мәнге ие болған. Кейін философиялық, логикалық, психологиялық таным аясында басқа да мағыналарға жұмсалған. Этномәдени, рухани ескіліктердің сан арқылы бейнеленуі осы мағыналардың мәнін ашады. Сан атауларына этимологиялық, лингвомәдениеттанымдық зерттеу жүргізу арқылы тілдік сананың тұп негіздерін айқындауға болады.

Қорыта айтқанда сан атауларымен берілген мифтік бейнелер, яғни жеке ұлтқа тән, жалпыадамзатқа тән мәдени бейнелер діни (тәңірлік, буддалық, христиандық) дүниетаным бойынша табиғат құпияларын пір тұту, жанжануарларды культке айналдыру жағдайында дүниеге келген, жаратылыстың бастауы туралы сыр шертетін мифтік кейіпкерлер. Зерттеуге алынған сан атаулы мифтік бейнелердің құрамындағы сандар мәні ұлттық және әлемдік символикамен сабактасады. Демек, лингвомәдениеттанудың негізін құрайтын сан атаулы мәдени бейнелер ұлттық, әлемдік мәдениетті жаңғыртушы кульптік құндылық болып саналады.

1.4 Сан атауларының реалий болу қағидаттары

Лингвомәдени бірліктің бірі – реалийлер. Реалийлер – өзге мәдениетте эквиваленті жоқ бір ұлтқа немесе этносқа ғана тән этномәдени ерекшелігі бар материалдық мәдениет атаулары. Әлемдік тіл білімінде реалийлер үш негізгі топқа жіктеледі:

1 Абсолютті реалийлер – тек бір ғана мәдениетке және бір ғана тілге тән сөздер. Өзге мәдениетте мүлде кездеспейтін бір этносқа ғана тән бүндай реалийлерді толық реалийлер деп атайды. Мәселен, асқан шебер кісіні қазақ мәдениетінде *бес аспап* деп атайды. *Бес аспап* – *бес қарудай* дайын деген ұғымнан туындаған екен. Қазақ дәстүрінде батырдың бес қаруы әрдайым сақадай сай тұруы міндеттелген. Осы түсініктің ассоциациясында өз ісіне сақадай сай мағынасын бес қаруына сақадай сай ердің қылықтарымен бейнелей суреттеуден туындаған. Көшілігіміз бес аспап дегенді бес саусағынан өнері тамған, яғни бес саусақтан, қолдан жасалатындықтан қолы икемді, шебер деген түсініктен туған деп шатасамыз. Негізгі уәжі бес қарудай тенеуінен туындаса керек. Сонымен бес аспап ешбір мәдениетте жоқ, тек қазақ дүниетанымынан туған абсолютті реалий. Мүмкін өзге мәдениетке қазір аударылып жатқан да болар.

2 Ишінара екі мәдениетте кездесетін реалийлер мағыналары жақын, уәжі ұқсас емес мәдени атаулар. Мәселен, *екі елі ауызға төрт елі қақпақ*. Қазақтың бұл тұрақты тіркесі - бейвербалды амалдың тілдік көрінісі. Ешкімге айтпаймын, өсек таратпаймын деген ым-ишарапы бір қолымен аузын жабу арқылы таңбалашу барлық мәдениетте бар. Немесе келеңсіз жағдаятты көргенде әсіресе әйелдер дағдылы түрде (автоматты түрде) қолымен аузын жабады. Осы инстинктте қалыптасқан ишарапың тілде таңбалануы қазақ мәдениетінде ғана кездеседі. Ал оның уәжі адамда болатын жалпыадамзаттық психологиялық күйдің нәтижесі екені ішінара реалий қалыптастыруға негіз болып тұр.

3 Жалпыадамзаттық мәдениетте болғанымен, бір мәдениетте коннотаттық мағынада тасаланатын реалийлер. *Алпыс екі айлалы қу түлкі*. Алуан түрлі құлығы бар, өте қу адамды сипаттауда қолданылатын тұрақты тіркес. Бұлайша сипаттау ешбір мәдениетте жоқ, бірақ қу түлкі жалпыадамзаттық түсінікте бар бейнелі тіркес. Ал алпыс екі айлалы коннотациясы тек қазақ мәдениетіне ғана тән. Жалпы құлық әйелдерге тән болғандықтан, алпыс екі тамырын иіткен әйел затының құлығын сипаттауда қазақ халқы алпыс екі айлалы қу деп әсірелеп бейнелеуді жөн көрген деп есептейміз.

Реалийлерді өзге тілге аудару - аударманың ең қыын, әрі құрделі жұмысы. Реалийлерді аудару үшін екі мәдениетті де жетік билетін адам керек. Аударылған реалийлерді тану өте оңай, себебі олардың тұрақты баламасы жоқ, әр аудармада әртүрлі түсіндіріліп беріледі. Реалийлерді сөзбе сөз аудару жағдайлары да кездеседі. Ондай кезде өзге мәдениетке реалийлер тұтас мазмұнымен көшеді. Мәселен, тілімізде *Аплотондай*, *сократ маңдай*, *Ахилес өкішесі* сияқты фразеологизмдер орыс тіліндегі мағынасымен дәлме-дәл енген.

Әрбір тілде өз мәдениетіне тән жеке ұлттық реалийлері болады. Олардың өзі бірнеше топтарға іріктеледі: ұлттық ойын атаулары, ұлттық киім-кешек атаулары, ұлттық ас-тағам атаулары, ұлттық қару-жаарақ атаулары, ұлттық жиһаз атаулары, ұлттық зергерлік бұйым атаулары, т.б.

Тіл – тілде реалийлер көп кездесетін болғандықтан оларды топтастыру бірқатар ғалымдардың зерттеу нысаны болды. А.Е.Суприн реалийлерді заттық белгілеріне қарай семантикалық топқа бөлуді ұсынады. Бұл жіктелім кезіндегі Реформатскийдің тілдегі атауларды заттық принципке сәйкес жіктеу

тұжырымына сәйкес келеді. Ал Е.Верещагин, В.Костомаровтың зерттеуінде реалий мазмұнындағы аялық білім ақпараттарына қарай іріктелу қажет. Бұл ұсыныс В.Виноградовтың тілдегі атауларды халықтық, мемлекеттік, тарихи, мәдени, ұлттық, фольклорлық деңгейде қарастыру арқылы топтастыру керек деген тұжырымына сәйкес келеді.

Реалийлердің пайда болуына екі тілдегі заттық мәдениет атауларын салғастыра зерттеу себеп болды. Мәдениетте ұқсастық болғанымен тілде тепе-тендіктің сәйкес келмеуі лингвомәдениеттану саласында жаңа ұғымның қалыптасуына негіз болды. Мәселен, ішекті аспаптар орыс мәдениетінде де, қазак мәдениетінде де бар. Сыртқы құрылышы ұқсас *балалайка мен домбыра* екі мәдениет атаулары. Бірақ олар мәдениетте ұқсас болғанымен бір деп атауға болмайды. Яғни балалайканы домбыра деп аударуға немесе домбыраны балалайка деп аударуға мүлде болмайды. Себебі олар екі мәдениетті танытушы музыкалық аспаптар. Ал әрбір мәдениетте коннотаттық мағынада сипатталған фразеологиялық тіркестері сөзбе сөз аударыла береді. Мәселен, *екі ішекті домбыра* – двухструнная домбра, *жеті ішекті балалайка* – семиструнная балалайка.

Сонымен бейәківалентті сөздердің өзіне тән қасиеті – өзге тілге аударылмайтындығы. Демек, аударылмайтын бейәківаленттер реалийлер болып саналады.

Реалияда айқындылық табатын ұғымдар ұлттық сипатқа ие болып эквивалентсіз лексикада қатталады. Осы түрғыда Е.Верещагин мен В.Костомаров мынадай тұжырым айтады: «Реалийлер басқа әдебиетте, басқа мәдениетте жоқ ұғымдарды білдіреді. Олар мәдениеттің жекелеген мәдени детальдарына жатады, себебі олар тек А мәдениетіне тән болып, Б мәдениетінде жарық көрмейді: Реалийлер басқа тілге аударылмайды, өз тіліндегі эквиваленттерден басқа шет тілінде барабарлық сөздер мен тіркестерге мүлде қатысы болмайды» [68, 91 б.].

Аударматанушы ғалым А.И. Федоровтың зерттеуінде: «Реалиялар белгілі бір халыққа немесе елге ғана тән әлеуметтік өмірдің, материалдық тұрмыстың атаулары мен ұғымдарын білдіру үшін қызмет етеді» [69, 293 б.] деп көрсетіледі.

Эквиваленті жоқ лексемамен өзгешеленетін реалийлер өзге мәдениеттің бейнелі сөздерінде кездесуі әбден мүмкін. Себебі бір мәдениеттің ерекше элементі өзге мәдениетті белгілі бір ұғымды білдіруге ассоциациялануы мүмкін. Мәселен, қазақ тілінде айырқалпақтылар (қырғыздар), алашапандылар (өзбектер) ассоциациялық түсінікте қолданысқа ие болғанмен, айыр қалпақ жасап кимейді және ала шапан жамылмайды. Бұл қырғыз және өзбек халқының реалийлері болып саналады. В.С.Виноградовтың зерттеуінде «ассоциативтік реалийлер арнайы сөздерде, эквивалентсіз лексикада көрініс таппай, жай сөздердің мағыналарының мәндік реңкінде тіркеледі. Олар материалдық сипатта сөздің мағыналық компонентінде, ал оның эмоционалды-экспрессивтік астарында ішкі мағына кейпінде жүзеге асырылады. Сондықтан салғастырылатын тілдерде ұғымдық компоненттердің көлемі бірдей болмайды» [70, 38 б.].

В.Г.Гак: « Сөздің лексикалық сәйкестілігіндегі тиісті семалардың мазмұн және түрпат межесінің әлеуеті бойынша салыстырғанда өзгешеленетінін, немесе салыстырылатын семалардың бір тілде болып, екіншісінде болмайтынымен айрықшаланатын тіл бірліктері - реалийлер қатарын құрайды», - дейді [71, 41 б.].

Ұлттық арнайы семалар сөздің лексикалық мәнінің құрылымына енеді. Егер сөз мағынасын тіл референтіне қатысы бар мағына ретінде қарайтын болсақ, онда реалийлер де сөз арқылы аталатын зат не құбылысқа еш қатыссыз, сигнификаттық мағынаға ие болар еді. Яғни референт арқылы қатынасатын еді. Демек, реалийлер денотаттық мағыналардан тыс, когнитивтік мәнге де ие екені аңғарылады.

Жалпы сөз мағынасында жиі көрініс табатын екі мағына компоненттері бар: олар - денотат және коннотат. Сөздің ұлттық ерекшелігі денотатта да, коннотатта да айқын байқалады. Мәселен, қырық – жалпы адамзаттық түсінік бойынша төрт ондық сан атауы. Ал қазақ мәдениетінде қырқынан шығару салты бар. Бұндағы қырқы – сан атауы емес, мәдениет атауы – денотат атау. Өзге мәдениетте жоқ ұлттық құндылық. Сондықтан қырқынан шығару реалий қатарына қосылады.

Денотативтік мән деңгейінде ұлттық ерекшелік ақықат құбылыстарын қабылдағанда айрықша қырларын өзгеше тандағанда, сөз мәніндегі семаларды өзгеше топтастырғанда байқалады.

В.Н.Телияның зерттеуінде сөз мәнінің коннотаттық бөлігінде объективтену құбылысы жүреді. Онда қоршаған орта алынбай, ұлт белгілеген заттың өзіндік бағасы, қатысы ғана алынады. Бағалау, ассоциациялық бейнелеу, эмотивтік, бағалауыштық мағыналар – стилистикалық компоненттер коннотацияның құрамдас элементтері болғандықтан, коннотативтік мәндері әртүрлі болады [72].

Әрбір тілде коннотациялық мағына жасау дәстүрі әртүрлі. Сондықтан тіл-тілде лексикалық мағыналардың коннотативтік компоненттері дәл келмеуі мүмкін. Дәл келмейтін коннотаттық мағыналар реалийлер деп танылады. Коннотация ұжымдық түсінікті де, субъективті түсінікті де бейнелейді. Субъективті жеке мағына тіл иелерінің ұжымдық жиынтық тәжірибесі ретінде құбылыстардың объективті-қоғамдық мағынасының жеке үйғарымының өзіндік призмасы болып табылады. Вербалды бірліктердің объективті-қоғамдық мағынасының өзіндік призмасы болып табылады. Вербалды бірліктердің де объективті-қоғамдық мағынасына субъективті жеке ойды білдіретін мағына-мән қосылады. Осы мағына мен мағынаның реңкі – мән қосыла келіп, сөздің (тілдік) мағынасын құрайды. Жеке тұлғаның субъективті көзқарасын айту нәтижесінде жағдайда жинақталған субъективті-жеке мағына сөздің негізгі мәнімен тығыз байланысты болады. Олар бір-біріне қажет және бірін-бірі толықтырып отырады. Мағына – лексикалық бірліктің объективті, тұрақты компоненті, ал мән – сөздің құбылмалы, сөйлегенде қалыптасатын компоненті. Э.Д. Сүлейменова мән мен мағынаның өзара байланысын атап көрсетеді, мән мен мығананы бір-бірінен бөлуге болмайды. Олар бір-бірінен

жіктелінбейді. Мағынасыз сөйлемдерде, сөз тіркестерде мән жүзеге асырылмайды» [73, 9 б].

Қорыта келгенде реалий – мәдениетті тіл арқылы таныту құралы. Тіл мен мәдениет тоғызының көрсеткіші. Реалийді «ұлт рухының даралану формасы» деп қарастыратын болсақ, адамзаттың тілге бөлінуін, халыққа ажыратылуын негіздейді. Демек, тіл мен адам рухының арасындағы байланыс берік болып келеді, бірақ екеуі бір-бірінен бөлек не бірінен кейін бірі дамымайды, бұл үдеріс екеуіне де бірдей жүреді. Сондықтан тіл мен адам рухы бірігіп, интелектуалды қабілет әрекетін қалыптастырады.

Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ол дәстүр болып жалғасқан, халықтың тұрмыс-тіршілігімен әбден қабысып кеткен салт-дәстүр мен нағым-сенімдерден ажырай алмайды. Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған мәдениетті өздігінше көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің тарихы мен мәдениет тарихы сабактас дамиды деуге болады.

А.Потебня тіл халық мәдениетімен біте байланысқан ұғым екенін айта келіп: «Тіл-халықтық рухтың жемісі, сондықтан тіл ұлттық әрекшелікті көрсетеді» деп анықтайды. Мәдениет – тілдің таңбалаш қасиеті арқылы танылатынын, оған дәлел халық ауыз әдебиеті үлгілері екендігін жан жақты сөз ете келе, «халық рухы алдымен тілде, содан кейін барып әдет-ғұрып, салт-дәстүрінде, ән өнерінде, фольклорында көрініс береді», – дейді.

А.А.Леонтьев зерттеуінде: «Әрбір халықтың әлемді тануы мен әлемді қабылдауы негізінде өз мағыналары, әлеуметтік стереотиптері, когнитивтік ойсурет жүйелері жатыр. Сондықтан да адам саналы этникалық жағынан шартты, бір халықтың әлемге көзқарасын жай ғана «қайта белгілер арқылы ауыстырумен» басқа халықтың мәдениет тіліне аударуға болмайды» [74, 55 б.].

Г.Д. Томахин америка мәдениетінде таралуына қатысты реалияларды мынадай топтарға бөледі: 1) жалпы адамзат білімі; 2) өңірлік мәліметтер; 3) белгілі бір этностық және тілдік қауымдастық (ұлыс) мүшелері ғана біletін мәліметтер; 4) жергілікті (сол жердің тұрғындары) немесе әлеуметтік тұйық топтар біletін мәліметтер; тілдік тұрғыда бұл аумақтық немесе әлеуметтік диалектілерге (мысалы, жергілікті географиялық объектілер атаулары мен соларға байланысты ассоциациялар) сәйкеседі; 5) отбасы, оқу және өндіріс тобы және басқа сол сияқты шағын ұжым мүшелері ғана біletін мәліметтер (мысалы, санаулы адамға ғана мәлім лақап ат, сол шағын ұжымның тарихына байланысты ассоциациялар, сыртқа шықпаған мәліметтер), [75, 84 б.].

Тіл ғылымында реалиялар өз құрылымында сондай-ақ тіл иесі халық өмір сүріп жатқан табиғи-географиялық ортасы, қоғамның саяси құрылымының ерекшеліктері, тұрмыс, мінез-құлық, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, халықтың сенімі, фольклорлық элементтерді өзінің құрамында бейнеленеді. Реалиялардың ерекшелігіне байланысты мәдени-тарихи және мәдени-тұрмыстық ассоциациялар негізгі көрсеткіш болады. Денотативтік реалиялар сол мәдениетке тән, алайда салғастырылушы мәдениетте сәйкестігі жоқ заттар мен құбылыстарды білдіреді (оларды таңбалайтын сөздер эквивалентсіз лексикаға

жатқызылады). Эквивалентсіз сөздердің басқа тілге тән мазмұн жүйесінде мағыналық сәйкестіктері болмайды.

Мәдениаралық байланыста сан атаулары ұлттық колоритімен ерекшеленеді. Себебі, әр ұлтта әрбір сан әртүрлі символданады. Әралуан ұғымдық мағына білдіреді. Дегенмен, санның әмбебап ұғымы тілдік мәдениетте ортақ көрініс тапқанмен, мағыналық фонында, коннотациялық мәнінде өзгешеліктер болады. Не себепті жалпыадамзатқа ортақ әмбебап ұғым (сан) әр ұлтта мағыналық реңкіне қарай ерекшеленеді? Осы мәселені айқындау үшін сан атауларына лингвомәдениеттанымдық зерттеу жасап, салыстырмалы түрде талдау қажет.

Лингвомәдени феномен ретінде сан жүйесі арқылы кодталған бейнелерді талдау барысында маңызды факторлар – ұлттық ұжым санасында стереотиптенген дәстүрлі ұстанымдар, жосын-жоралғылар, ырым-тыйымдар негізге алынуы тиіс. Тілде, санада таңбаланған дәстүрлі ұстанымдар – ұлттық өмірдің мәдени мұрасы болып саналады. Ал мәдени игілікті бейнелеген атаудың мәнінде ұлттық құндылық туралы ақпарат жатыр. Тілде басқаша кодталғанмен, оның астарында халықтың менталитеті мен өмірге деген шынайы көзқарасы жатыр.

Н.Ф. Алефиренконың зерттеуі бойынша, сан атаулары мәдени бейне ретінде тілден көрініс таба алады. Себебі бейне талай жылғы тарихи дәүірде мойындалған халықтық пайымдаулардың маркерленіп, ұғымның таңбаға айналу үдерісінен өтіп, лингвомәдени прецедентке айналуы нәтижесінде тұрақтылыққа ие болады. Бұл бейнелер аксиологиялық жүйеде лингвомәдениеттанымдық доминант- бірлік ретінде танылады. [76, 99 б]. Атамыш теориялық тұжырымға сүйене отырып, сан атауларын мәдени кодталған таңба ретінде немесе аксиологиялық мәні бар лингвомәдени бірлік ретінде қарастыруға болады. Себебі бұл тұжырым ұлттың мәдени құндылықтарын маркерлейтін бейнелерді мәдени концепт шеңберінде, яғни когнитивтік кеңістік аясында талдауға мүмкіндік береді.

Көне дәүірден келе жатқан түсінік бойынша, белгілі бір ұлттық мәдениеттің тұтынушысы ретіндегі кез келген адамның өмірі мен сол ұлттың мәдениеті сан атауларының астарындағы мәдени құндылыққа бағынады. Бұл жерде санның математикалық мәні емес, лингвомәдениеттанымдық мазмұны негізге алынады. Яғни сан атауларын лингвомәдени бірлік ретінде қарастыруға бет бұру қажет. Қазақ мәдениетінде ерекше киелі саналатын сандар паремиологиялық қорда, аңыз – әңгімелерде, салт-дәстүрлер мен жосын-жоралғыларда, тіпті ырым-тыйымдарда кең көрініс тапқан. Киелі сандар мәдени бейне ретінде рухани құндылыққа ие болған. Мәселен, үш, жеті, тоғыз, он үш, қырық, алпыс сандары мистикалық, магиялық, сакралдық мазмұнда танылады. Атамыш сандардың мәдени бейне ретінде ұғымдарын айқындау үшін, лингвомәдениеттанымдық талдау жүргізу қажет етіледі. Себебі тіл біліміндегі лингвомәдениеттану ғылыми да осындағы өмір талабы қажетінен туындаған.

Төменде қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен алынған реалийлердің орысша баламалары ұсынылды. [77]

Кесте 1 Қазақ тіліндегі сан атауларынан жасалған реалийлер

1	2
Бес биенің сабасындаі	Полная, дородная (женщина)
Бес бидайы күю	переживать, нервничать, волноваться
Екі елі айрылмау	быть всегда вместе
Екі етегін түріну	засучив рукава
Екі аяғын бір етікке тығу	показать где раки зимуют; показать кузькину мать
Екі аяқты адам тұғіл төрт аяқты мал да сурінеді	коњ о четырех ногах и тот спотыкается
Үш қайнаса сорпасы қосылмайды	абсолютно несовместимые люди
Бір кісідей	организованно, вместе
Бір асым ет	горсть мяса
Бір қағым үн	щепотка муки
Бір қайнатым шай	чай на одну заварку
Бір қайнауы кем	недоваренный
Бір ұрты май, бір ұрты қан	характеристика человека, в котором уживаются противоположные качества
Бір ит көріп үреді, бір ит еріп үреді	неустойчивый
Бір ауыз сөз айту	вымолвить
Бір жапырақ нан	ломтик хлеба
Бір атым насыбай	щепотка табака
Бір атаның баласы	родня
Бір ауыз сөзге келмеу	сразу соглашаться
Екі айғырды бір қазыққа байламас	XXXX
Екі әйел алғанның құлағы тынбас, есек мінгеннің екі аяғы тынбас	XXXX
үш тоғыста қар кетпес, бір тоғысқа қар жетпес	XXXX
Жаман мерген бір теке атқан жеріне үш барады	XXXX
Үш пайғамбар	Толе би, Казыбек би, Айтеке би
Ат баспаймын деген жерін үш басады	XXXX
Ананды Меккеге үш рет арқалап барсаң да, қарызынан құтылмайсың	XXXX

Қорыта келгенде, реалийлер лингвомәдени бірлік ретінде лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны болады. Реалийлер эквиваленті жоқ лексика арқылы тілдік көрініс табады. Реалийлер өзге тілге сөзбе-сөз аударылмайды, себебі өзге мәдениетте реалий ұғымдары болмайды. Себебі реалий бір ұлттың өзіндік ішкі әлемін танытатын мәдени ұғымның концептуалды көрінісі.

1.5 Қазақ және ағылшын тіліндегі сан атауларының лингвомәдени бірлік ретінде талдануы

Сан магиясы кез келген тілдің фразеологиялық тіркесінде көрініс табады. Себебі көне дәүірде-ақ халық санға үлкен мән берген. Себебі санның магиялық қасиеті бар, киесі бар деп түсінген. Осы түсінік ағылшын мәдениетінен де көрініс табады.

Ерте заманнан бастап сандар адам өмірінде маңызды рөл атқарып бүкіл әлемді түсінуге жол ашқан. Сандар тек қана «қанша» деген сұраққа жауап ретінде ғана емес, белгілі бір сапа символы ретінде қабылданған, өйткені бүкіл әлемді сандар құдіреті ұстап тұр деген шындық қағидасы бар.

Сандарды когнитивтік тұрғыдан қарағанда әр санның орны, мағынасының құдіреттілігі және адам мен табиғат бірлігінің әр жағдаятқа байланысты символдық түрленуі - ерекше құбылыс. Сонымен ағылшын халқының түсінігін тұрақты сөз тіркестері арқылы көрейік.

Look/ feel like a million dollars (миллион доллардай сезіну) – өзін өзі сенімді, өзін жақсы сезінуі. Орыс тілінде «чувствовать себя на все сто» баламасы бар. Ағылшын мәдениетінде жеке адамның көніл қүйі ақшамен бағалану (миллион доллар) сипатында танылса, орыс мәдениетінде пайыздық көрсеткішпен есептелген (жүз пайыз). Бұл ерекшелік те мәдениеттердің теңеспейтінін дәлелдейді.

Be on cloud nine (сөзбе сөз: тоғызыншы бұлтта болу) – бақыттан басы айналу. Сол сияқты «Cloud nine» ең үлкен, ең жоғарыдағы бұлт деген мағынаны білдіреді. Орыс мәдениетінде «быть на седьмом небе от счастья» деген эквивалентті баламасы бар. Демек, ағылшын дүниетанымында бақыт әкелуші символдық таңба - тоғыз болса, орыс дүниетанымында – жеті санымен сәйкестендіріледі.

At sixes and sevens (сөзбе сөз: алтыншы мен жетіншіде болу) – қобалжу, сасқалақтау, шашыраңқы болу, ұйымдаспау мағынасын білдіреді. Бұл фразеологизм адам мінезін танытуда, яғни белгілі бір істі бастауда қобалжыған, өзін сол ортаға бейімдей алмай тұрған бейнесін сипаттауда қолданылады.

«Six (алты)» саны Пифагор жүйесінде бақыт пен жолы болғыш болудың белгісі болса, ағылшын мәдениетінде «to be at sixes and sevens» деген тұрақты тіркес кейде «нашар, қаралмаған, күтімі жоқ» деген мағынада қолданылады. Демек, ағылшындар үшін алты позитивті сандар қатарына жатпайды.

In two minds (сөзбе сөз: екі пікірдің ортасы) – екі шешімнің бірін таңдау мағынасында қолданылады. Бұл фразеологизм өзіне өзі сенімсіз, сылбыр,

бос, нақты шешімге келе алмай, шатасып жүретін адамдардың мінезін сипаттауда жұмсалады. Аталмыш фразеологизмнің мәдени коды мынада: ағылшындар тез шешім шығара алмайтын, өзіне өзі сенімсіз адамдардың басын «екі бас, екі ми» деп атайды. Олардың қасында сол адам үшін шешім шығаратын өзге адам жүруі тиіс. Осы менталитет аталмыш фразеологизмнің кең таралуына және жиі қолданылуына негіз болған.

One's days are numbered (сөзбе сөз: бірінші күн нөмірленген) – әрбір күн есептелген мағынасында қолданылатын фразеологизм. Бұл тұрақты тіркес адамның белгілі бір күні алдын ала айқын белгіленген болуымен сипатталады. Мысалы, жұмыс барысында жұмыстан босататынын немесе қызметін өсіретінін, тіпті өлімі жақындаған күнін сезінде айтылады.

One way or another (сөзбе сөз: бір жол не басқа жол) – Не былай не олай деген мағынада жұмсалады. Бұл бейнелі сөз орамы бір істі қалай болғанда да (не олай не былай ретін келтіріп) орындау қажет деген түсінікті білдіру үшін қолданылады.

Like two pears in a pod (қабықтағы екі алмұрт секілді) – өте ұқсас деген мағынаны білдіреді. Қазақ тіліндегі баламасы – *егіз қозыдай*. Орыс тіліндегі эквиваленті – *не разлей вода; два спога – пара; как две кали воды, как две горошины в стручке*. Бастапқыда ағылшын мәдениетінде бұл тұрақты тіркес адамның сыртқы келбетінің ұқастығын бейнелеу мақсатында қолданылды. Ал қазіргі кезде ерлі-зайыптылардың жарасымдылығын, әйел мен еркектің рухани қатынасының үйлесімін білдіруде жұмсалады.

Four fingers and one thumb «Five (бес)» саны мынаны көрсетеді: - Жер, Су, Ая, От және Адам санасты. Сонымен қатар бес саусақ, ағылшын тілінде «*four fingers and one thumb*» (сөзбе сөз: төрт саусақ және басбармақ). Қазақ және орыс тілдерінде бес саусақтың паремиологиялық қызметі «бес саусақтың ерекшелігін қалай білсем, оны да солай танимын» деген мағынаны білдіреді. Мысалы, «*бес саусағымдай білемін*», «*знаю на пять пальцев*». Сондай-ақ қазақ дүниетанымындағы «*бес саусақ бірдей емес*» фразеологизмінің туындауына адам саусақтарының әртүрлі болуы туралы білім негізге алынған. Демек ағылшын мәдениенде дүниенің төрт құдіреті (Жер, Су, Ая, От) мен Адамның бес саусақпен теңестірілуі әлемдік құдіретті күшке мән беретінін, тіпті табынатынын байқатады.

Sixty – four dollar question (сөзбе сөз: алпыс төрт доллар мәселесі). Бұл – өте маңызды, шешімді сәтті білдіру үшін қолданылатын фразеологизм. Бұл тұрақты тіркестің шығу тарихы американдық ойыннан басталған. Еш еңбектенбей, қиналмай 64 мың долларды қалай алуға болады деген сұраққа ойыншы былай жауап берген: алдымен 1\$, сосын 2 \$, тағы сол сияқты.... жалғаса келіп, 64\$-ға ие болғанда еңбекпен тапқан ақшасын жоғалтады.

Keep a thing seven years and you will find a use for it. «Seven (жеті)» сан есімі ағылшын халқы өмірінде «keep a thing seven years and you will find a use for it» мақалымен таныстырылады. (сөзбе сөз: Затты жеті жыл сақтағаннан соң, оның неге қажет екендігін білесін). Жеті ағылшын мәдениетінде де киелі,

күдіретті деп танылады. Тіпті ағылшындар жеті санын карта ойынында «ұтыс» деп санайды. Жалпы 7 және 21 сандары карта ойынында «сәтті» деп есептелінеді.

Ағылшын халқының өмірінде лингвомәдени коды бар сөздер аса көп болмаса да, сан есімді тұрақты сөз тіркестері мен мәтелдері ұлттық тарихын, санасын және мәдениетін көрсететін құнды ақпараттарға бай. Ағылшын халқы мәдениетінде лингвомәдени коды бар 21 саны ерекше орын алады. Біріншіден, халық 21 жаста адам миы толық дамиды деп санайды. Екіншіден, ағылшын балалары 21 жастан бастап өз бетінше өмір сүріп күн көре алады, сондықтан да ата-анасы символды түрде үйдің кілтін баласына/қызына тапсырады. Сол күннен бастап ол бөлек тұрады. Бұл мәдениет, өмір сүру жолы тек қана ағылшын халқына тән.

Ал қазақ мәдениетінде 13 жас ұл балалар үшін балиғатқа толған жас деп саналады. *Он шілте отау иесі* деп ұл баланы жігіттік мінезге тәрбиелейді. Тіпті дәулетті отбасы жеке отау тігіп береді. Байқағанымыздай, қазақ халқы отбасын құруға, баланы отбасылық өмірге ерте бейімдейді.

Сондай-ақ қазақ мәдениетінде қыздың жетілуі тоғыз жас деп есептелген. Қызға тоғыз жастан бастап бой түзетіп, қазақ қызына тән тәрбиені сіңіріп, оның жүріс-тұрысына қатаң мән берген. Тоғыз жасқа толған қызға құда түсіп, сырға салып немесе айттырып қою рәсімдері жүргізілетін болған.

Діни ұғым бойынша, қыз бала 9 жастан, ұл бала 13 жастан асқан соң, яғни, кәмелет жасқа толғаннан кейін күнә жасаса ғана күнәшарға саналады. Осы көрсетілген жасқа дейін олар күнәсіз болады деп санаған. Себебі бұл жастағы пенделерді шайтан иектей алмаған, періштесі қорғап тұрады деп түсінген.

Ал, ағылшын тілді американықтар өмірінде лингвомәдени коды бар сан – 16. Он алты жаста американық ата-ана баласын/қызын өз бетінше ата-анасынан бөлек өмір сүре алады, өзін-өзі асырай алады, ер жетті деген мағынада түсінеді, сол себепті американық балалар 16 жаста үйден кетеді.

«Sweet sixteen» (сөзбе сөз: «тәтті 16»). Американық мәдениетте осы жаста баланың «ересек адам» деп саналғаны «бақыттылық» деп түсініледі де, 16 жасты асыға күтеді.

Келесі лингвомәдени коды бар, бүкіл ағылшын халқы мен американықтар өміріндегі қорқынышты сан – 13.

13 саны – **Friday the 13th** (13 Жұма). 13 санының тарихи түбірі Халлоуин (Halloween) мейрамымен байланысты. Осы сан – 13 мерекенің алдындағы жұмамен сәйкес келсе (Friday 13), онда ол мерекені «**dark holiday**» яғни «сәтсіз мереке» деп атаған. Америка Құрама Штаттарында бұл «Friday 13» күнді ең қорқынышты күн санап, психологтардың айтуынша 17 миллионнан астам американықтар қорқыныш (phobia) ауыруымен ауырады екен. [8,15 б] Сол қорқыныштан туындаған 13 санымен келетін 13-қабат, 13-бөлме/пәтер, 13-үй, 13-орын болмайды, себебі бұл сан сәтсіз, бақытсыз деген ұғым олардың сенімнанымдарында қалыптасқан.

Қазіргі ағылшын мәдениетінде сан атауының наным-сенімдік күші арта түскен. Санның адам өміріне қаншалықты маңызды екенін мына деректерден байқауға болады. Ал ол деректердің астарында адам өмірінің болмысы, өмірде

неге ұмтылатыны, кімге еліктейтіні, кімнің өмірдерегін ерекше құрметтейтіні айқындалады. Мысалы: Ал, *он сегіз жаста* балалар АҚШ-та заңды турде ересек адам саналады, қару-жарап, лотерея билеттерін сатып алуға, армияда борышын өтеуге, денесіне жазулар (tattoo) жазғызуға және де басқа нәрселерді жасауға құқылы. 25 жаста машина сатып алуға рұқсат етіледі. «*27 club*» атақты жастар музыканнтары Жини Хендрекс, Женис, Жоплин, Джим Моррис және Курт Кобейн осы жаста қайтыс болған. Бұл сәйкестік ағылшын мәдениетінде терең сақталған. 33 жас – Иисус Христостың қайтыс болған жасы деп ерекше аталса, қазақ мәдениетінде пайғамбар жас деп 63 жасты ерекше құрметтейді. Себебі Мұхаммед пайғамбар 63 жас өмір сүрген. Осы жасқа жеткен адам өзіне-өзі шүкіршілік айтады.

Халықтың мәдени, тарихи және тәрбиелік байлығы тек қана жеке сандардағана емес, тұрақты сөз тіркестерінде, мақал-мәтедерде сақталынады. Оларды тақырыптық топтарға бөліп қарастыруға болады.

Eighth wonder (сегізінші ғажайып). Әлемді таңғалдырған 7 нәрсе болса, осыдан 2000 жыл бұрын «әлемнің сегізінші таңғажайыбы» бар деп айтылған. Бұл «eighth wonder» тіркесі әлемдегі ең әсерлі, ең таңғажайып нәрсені көргенде айтылатын болған.

Dressed to the nines (сөзбе-сөз: тоғызға сай киінген). «Dressed to the nines» тұрақты тіркесіндегі nine (тоғыз) ең сәнді, әдемі деген мағынада қолданылып тұр.

Ағылшын мәдениетіндегі «бір» және «бірінші» сан атауларының символдық мәнін бытайша топтастырып көрсетуге болады: *Fifth wheel* (1) – мол адамның артық, қажеті болмауы. *First and foremost* (1) – ең маңызды. *First water* (1) – аса сапалы. *First-hand/firsthand/ at first hand* (1) – бірінші қолдан. *One foot in the grave* (2) – бір аяғы көрде. *One –horse town* (2) – іш пысатын жер. *On all fours* (4) – төрт аяқтан жұру.

Қазіргі ағылшын мәдениетінде бес, жеті, тоғыз, он сандары мынадай символдық мәнге ие болады: *Five o'clock shadow* (5) – қырынбаған ер адамның жүзі. *Have one over the eight* (8) – кішкене ішіп алған. *Nine-day wonder* (9) – қысқа уақыт қызығы. *Nine times out of ten* (9) – өте сирек. *Be on cloud nine* (9) – бақыттылыққа кенелу. *Dressed up to the nines* (9) – өте сәнді киіну. *A chance in a million* (10) – кішкентай ғана мүмкіндігі болу. *Never in a million years* (10) – ешуақытта түсінбеу. *At the eleventh hour* – түннің бір кеш уақытында болған уақыға туралы айту үшін қолданылады. *Have (or get) forty winks* – көз іліп алу.

Демек, жоғарыда талданған сандармен берілген тұрақты сөз тіркестері ағылшын тілінің байлығын көрсетіп, халықтың қазынасы ретінде қабылданады.

Когнитивтік және лингвомәдени түрғыдан сандар концептісін зерттеуде жеке сандар және тұрақты тіркестер арқылы халық тәжірибесі, өмір сүру жолы, сенім-нанымдары, әдет-ғұрыптары ұрпақтан ұрпаққа жете отырып, халықтың әлемдік тілдік бейнесі айқындалады. Ағылшын мәдениетінде тұрақты тіркестер құрамында символданған сандардың әртүрлі мағынада жүмсалуына қарай, символдық сандардың ұлт санасындағы танымын, оның астарындағы жасырын семаны айқындауға болады. Мысалы:

I've told you a hundred times – жүз рет айтамын. Орыс тілінде де «сто раз тебе говорил» сөзқолданысы бар. Қазіргі қазақ тілінде де «жүз рет айттым ғой» деп ренішін білдіріп жатады. Демек, бірнеше рет қайталап ескерткеннің өзінде орындалмаған істің жағдаятын осылайша сипаттау ағылшын мәдениетінен аудиоскан деп топшылауға болады. Оған басты себеп, қазақтың көне мәдениетінде жүз саны жиі қолданылмаған. Мұндай тұрмыстық деңгейде жұмсалатын тұрақты тіркестердің құрамында тек 1-10 сандары ғана белсенді жұмсалған. Сол сияқты орыс мәдениетінде де жүздіктер кездесе бермейді.

Not in a hundred years (жүз жылға емес) – ешқашан деген мағынаны білдіреді. Орыс мәдениетінде бұл ұғымды «не за что на свете» деп береді. Ал қазақ үшін «аспан айналып жерге түссе де» тіркесі мағыналас келеді.

It is a thousand pities (бұл - мың жалыну) – өте өкінішті деген мағынада қолданылады. Қазақ танымында аянышты сезімді санмен мөлшерлеу түсінігі жоқ, бірақ алғысты санмен сипаттау кездеседі. Мысалы, мың алғыс, мың болғыр! Мың да бір рақмет! Мың жаса! қолданыстары жиі кездеседі. Орыс тілінде ол «очень жаль, какая жалость» деген мағынаны білдіреді.

Қазақтың дәстүрлі танымында мың саны ерекшелену, көптің ішінен айрықшалап көрсету мағынасында және бірнеше күйге өзгеру түсіп мәнінде символданады. Мысалы, *мыңға жалғыз болмайтын* (батыр, ержүрек). *Жау жүрек мың бала* (мыңның ішіндегі ерекше батыр). *Мың да бір ем* (іздегендеге таптырмайтын, ең керектісі, ең қажеттісі), *мыңнан біреу* (көптен біреу, көптен жеке-дара, өте сирек). *Мыңнан шыққан, жүзден озған* (көптен озған жүйрік, шешен). *Мың асқанға бір тосқан* (менменсінген, көкірек көтерген кісі де тобасына келеді деген мағынада). *Мың турлі күйге салды* (құбылтты, құйқылжытты). *Мың құбылды* (сан алуан түрге түсті).

Chance in a million - мыңдан бір мүмкіндік. Бұл ұғымды қазақ танымында «ілуде бір» деп қолданады. Орыс тілінде «мизерный шанс» қолданысымен жеткізіледі. Бұл тұрақты тіркес бір орынға бірнеше кісі үміткер болғанда, қол жете бермейтін дүниені армандағанда, т.б жағдайларда айтылады.

Ағылшын мәдениетінде Англия Королевасы Елизавета II билік құрып тұрған дәуірде сан атаулы идиомалардың қолданысы жиі болғанын байқауға болады. Тұрақты қолданыстың нәтижесінде қазіргі ағылшын тілдік қорына да енді. Сол кездегі мәдениет бойынша сан атаулары қалай символданғанын мына мысалдардан көруге болады:

For one's own private (бір өзіме ғана аян) - құпия ретінде.

By the skin of one's teeth (тістің терісі) - әупірімдеп, әрен дегенде, әзер

To put one's foot down (табандап тұру) - тұрақтылық, табандылық

Ive and ten (онға да иемін) – «15 центті» дүкен

Be not worth sixpence (алты пенсыға да тұрмайды) – түкке тұрмайды деген мағынада. Қазақ мәдениетінде «*бір тынға да тұрмайды*», «*бес тынға да керек емес*» тұрақты тіркестерімен параллел келеді. Бірақ әр мәдениеттің өлшемі әр басқа екенін мына фразеологизмдерді салыстыру арқылы көріп отырмыз. Ал орыс тілінде «*гроша ломанного не стоит*» деп беріледі.

Rain before seven (жетіден бұрын жаңбыр) - Уәдеде түрмау, сөзінде түрмау, уақытында орындамау. Қазақ тілінде «сөзінің тұрағы жок» фразеологизмі осы мағынаны дәл береді. Ал орыс мәдениетінде «семь пятниц на неделе» дейді. Демек, ағылшын және орыс мәдениетінде 7 санының аталмыш ұғымды жеткізуде актив қолданылуы, аптаның 7 күнімен байланысты деп ойлаймыз. Ағылшын мәдениеті үшін 7 рет уәде беру мағынасы да болуы мүмкін. Орыс мәдениеті үшін аптаның 7 күнімен байланысты екенін мына тарихи дерек дәйектей алады: «Выражение, знакомое всем нам «Семь пятниц на неделе», появилось у славянских народов много столетий назад. Весь колорит данной поговорки заключается в слове «пятница», другими словами можно сказать — вся неделя — сплошные пятницы. Почему из всех дней недели была выбрана именно пятница? Дело в том, что пятница была выходным, вернее, свободным от работы днем, следовательно, базарным. Днем выполнения разных торговых соглашений. В пятницу приобретая товар, на честном слове обещали на последующий базарный день, отдать полагающуюся за него плату. Продавцы обещали доставить не имеющийся на данный момент, нужный клиенту товар. Но, как и во все базарные времена, так и тогда встречались различные недоразумения. Забывали и хитрили как продавцы, так и покупатели, обещали — не выполняли и прочее. О человеке, нарушающем эти договоры, часто говорили: «у него семь пятниц на неделе». То есть человек этот постоянно меняет свое решение, ему невозможно доверять. С тех пор эта фраза стала художественно-выразительной, обозначающей человеческое непостоянство. Вполне возможно, что метафорическое значение закрепилось из-за схожести слов: пятница и пятиться, а именно, идти на попятную, отступать от сказанных слов.» [78]

As thick as two short planks (екі қысқа тақтайды қосқандай жуан) – өте толық, ебедейсіз, әрі икемсіз, аңқау, аңғал, ақымақ адам туралы айтылады. Ағылшын тіліндегі осы фразеологизмге орыс тіліндегі «тупой как валенок» идиомасы сәйкестендіріледі. *As thick as two short planks* тұрақты тіркесі әсіресе белгілі танымал адамдардың ақымақтық әрекеттерін әшкерелеуде жиі қолданылады екен.

Қазіргі ағылшын мәдениетінде күнделікті тұрмыстық жағдаяттарда қолданылатын қарапайым тіркесті сөздер тұрақтылыққа ие болған. Мысалы,

Five-o'clock tea (бестің шайы) – екінші таңғы ас пен түскі ас арасындағы шай мәзірі. Қазақтың дүниетанымында «төрттің шайы», «бестің шайы» деген қолданыстар бар. Бірақ бұл шай ішу уақыты сағат төрт немесе беске тура келеді. Ол орыстың «полдник» ұғымына сәйкес келеді.

Give me five – бесті бер! Қазіргі әлемдік мәдениеттегі келісу, келісімді істегенге қуану, қуанышты сәтті бөлісу кезінде жасалатын бейвербалды, нақтырақ айтқанда жест қимылдарынан туындаған құбылыстың вербалды көрінісі. Яғни екі кісі алақандарын түйістіреді. Демек бұл – келістік, қуаныштымын деген мағынаны білдіреді. Орыс тілінде «Дай пять!» дейді. Әсіресе отбасында бала мен ата-ана арасында немесе жас жеткіншектер арасында жақсы қарым-қатынасты, татулықты білдіретін тілдік қолданысқа

жатады. Ағылшын мәдениетінде тұрақты тіркестер қатарына енгенін байқауға болады.

Devil on two sticks (екі таяқтағы шайтан) – Диаболо ойыншығы. Ол бұрынғы кезде цирк жонглерлері қолданатын бұйым болған. Екі таяқшаны екі қолға ұстап, таяқтар арасында байланған конус тәрізді бұйымды әрлі-берлі лақтырып өнер көрсеткен. Ойыншықтың шығу тарихы мынадай: «Идея игры, скорее всего, первоначально возникла в Китае (будучи придуманной там примерно в XII веке; сейчас её изначальный вариант именуется «китайским йо-йо»), где верхняя часть игрушки была сделана из двух полых цилиндров из металла или дерева и соединена со стержнем, часто большого размера; игрушка при вращении издавала громкий звук и использовалась разносчиками, чтобы привлечь клиентов. Из Китая она была завезена миссионерами в Европу, и вариант игры, известной как «дьявол на двух палках», возможно, был известен в Англии в конце XVIII столетия: улучшение игрушки приписывают лорду Маккартни. Но настоящего распространения игрушка достигла во Франции в 1812 году, где её верхнюю часть называли *«le diable»*. Сохранились старые рисунки, иллюстрирующие примеры популярности и повального увлечения ей во Франции в то время. Диаболо тех дней напоминало шаровидную деревянную гантель с узкой центральной частью, и звонкий звук, издаваемый ей при вращении, — *bruit du diable* — был её характерной особенностью. В течение XIX столетия в разное время были предприняты случайные попытки возродить популярность этой вертящейся на верёвке игрушки, но только в 1906 году случился второй пик её популярности, сравнимый с пиком 1812 года. Французский инженер Гюстав Филиппар, обнаружив некоторые старые образцы игрушки, экспериментировал в течение некоторого времени с новыми формами её верхней части в целях обеспечить ей новую популярность; он создал форму двойного конуса и добавил миниатюрную велосипедную резиновую шину вокруг оправ двух концов двойного конуса, а также несколько других улучшений; именно он назвал игрушку «диаболо». При этом данное слово не имеет отношения к слову «дьявол», а происходит от греческого διαβάλλω *diabállô*, что примерно переводится как «бросаю через» [79].

To sell one's soul to the devil (жалғыз жанын шайтанға сату). Орыс мәдениетінде сөзбе-сөз аудармасы (*продать душу дьяволу*) тұрақты тіркес ретінде қабылданған.

Number Two (екінші нөмірлі) – орынбасар деген мағынаны білдіреді. Қазіргі ағылшын мәдениетінде «вице» («орынбасар») мағынасын білдіретін белсенді фразеологизм деп танылады.

Page three girl (үш қызың парашасы) – фотомодель мағынасын білдіреді. Қазіргі ағылшын мәдениетінің дүниетанымы бойынша фотомодельдер мансабын ең алдымен журнал мұқабасына жариялану арқылы бастайды. Осы когнитивтік түсінік стереотиптеніп, фотомодель ұғымын жаңа фразеологиялық бірлікпен бейнелеуге негіз болып тұр.

Three R's – (үш роза) – сауаттылықтың алғашқы үштігі – оқу, жазу, есептеу деген мағынаны білдіреді. Қазақ және орыс мәдениетінде білім алудың алғашқы қадамдарын бейнелі сипаттау кездеспейді. Ағылшын мәдениетінде ең әдемі гүл – раушан гүлімен теңестірілген. Оқудың бейнеті мен зейнеті расында да раушан гүліне ұқсайды. Раушанның әдемілігі – білімдінің әрдайым алдыңғы қатарда жүруімен ассоциацияланса, раушанның тікенектері – оқудың инемен құдық қазғандай қын екенін, көп еңбектену керек екенін бейнелейді. Бұл тұста ағылшын дүниетанымының стереотиптік, ассоциациялық қабылдау қасиеті жоғары екеніне көз жеткіземіз.

Double-Oh-Seven (жеті рөлін сомдау) – қазіргі әлемдік мәдениет бойынша «агент 007» мағынасын білдіреді.

Noughts and crosses – крест пен нөл.

Zero hour (нөл уақыт) – шешуші уақыт, шешуші сәт деген мағынада қолданылады.

Zero – sum- game (нөл- ақша - ойын) – тенденциясы. Біреулер ұтады, біреулер ұтылады деген мағынаны білдіреді.

All in one breath (бір тыныспен) – бәрі бірге, бір сәтте, бір оймен деген мағынаны білдіреді.

Great one – үлкен әуесқой

Hot one – ерекше, өзінше маңғаз адам

New one on me (мендегі жаңа) – тосынсый, күтпеген жаңалық.

The first lady (*бірінші ханишайым*) – Америка президентінің жұбайы.

First families (*бірінші отбасы*) – 1) бірінші қоныстанушы, 2) ақсүйектер әулеті.

Жоғарыда келтірілген ағылшын фразеологизмдерінің арасында американизм дәстүрінен ауысқан бірліктер де кездеседі.

Cat o' nine tails (тоғыз құйрықты мысық) – қамшыны білдіреді. Оған орыс мәдениетіндегі «плеть из девяти ремней» баламасы дәл келеді. *Cat o' nine tails* тұрақты тіркесінің этимологиясы мына дерекке негізделеді: 1881 жылы ағылшын флот әскерінде жазаның түрі қамшымен сабау болып белгіленді. Осы ереже бойынша қамшы арқаға ұрылатын болды. Арқаға түскен қамшының ізі мысықтың тырнаған ізі секілді көрінді. Осы фреймдік білім ағылшын мәдениетінде *Cat o' nine tails* түрінде стереотиптенді. Негізінде қамшының өрімінің мысық құйрығына ұқсауы арқаға түскен жара таңбасынан көрініп тұрды. Халықтың көз алдында қалған осы бейне фразеологизмнің терең сақталуына себеп болған. Ал қазақ мәдениетінде төрт өрімді қамшы, алты өрімді қамшы, сегіз өрімді қамшы, он екі өрімді қамшы, тіпті жиырма төрт өрімді қамшы бар екені белгілі.

Ағылшын тілінде сан атаулары арифметикалық есеп арқылы да белгілі бір ұғымды білдіруге бағытталғанын көруге болады. Мысалы,

As clear as two and two make four (екінін екіге қосқанда төрт болады дегендегі анық) – айтпаса да түсінікті деген мағынада жүмсалады. Орыс тіліндегі аналогы – *как дважды два четыре*.

A bird in the hand is worth two in the bush (бұтадағы екі құстар артық) – өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол. Не сули журавля в небе, а дай синицу в руки.

A nine days' wonder (тоғыз күннің ғажайыбы) – ерекше таңғалу сәтін бейнелейтін фразеологизм. Орыс тіліне «кратковременная сенсация, предмет недолгих толков» деп аударылады. Аталмыш ағылшын фразеологизмі «A wonder lasts but nine days, and then the puppy's eyes are open» мақалынан туындаған. Мағынасы – таңғалу тоғыз күннен артыққа созылмайды, себебі күшіктің көзі ашық.

At the eleventh hour (он бірінші сағатта) соңғы сәтте – в последнюю минуту, в самый последний момент.

Baker's dozen (шайтан алғыр дюжина) – отыз. Бұл идиомаңың қалыптасуы мына оқиғаға байланысты туған. Ағылшынның қарапайым тоқаш пісіруші саудагері әрбір отызыншы тұтынушысына тоқашты тегін үлестірген. Ондағы мақсаты – нан салмағы кем болып қалған жағдайда жазадан күнәсі таза болу үшін, онысы садақа берумен тең болған.

Custom is a second nature (әдет - екінші натура). Адам бойына сіңген дағдысы оның бет-бейнесін ашады деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде ауру қалса да әдет қалмайды деген фразеологизм осы ұғымға дәлме-дәл келеді.

First think, then speak (біріншіден ойлан, сосын сейле). Қазақта «андамай сөйлеген ауырмай өледі» дейді. Ал орыс тілінде аталмыш фразеологизмнің эквиваленттері мынадай: Молвиш – не воротишь. Слово не воробей вылетит – не поймаешь.

Forty winks (қырық ым) – тұс көрү.

To have forty winks - көз іліп алу фразеологизмімен пара-пар келеді. Бұл жердегі *wink* көз ілу деген тұра мағынасында қолданылып тұр.

In two twos (екі жұп) – тез арада, дәл қазір мағынасында қолданылады. Мысалы, Everyone sprung to his feet, but the business was over in two twos – Барлығы өкпесін қолына алғып асықты, бәрібір бизнес аяқсыз қалды.

Like sixty (сүйікті алпыс) – өте қатты, алпыстағыдай мағынасында қолданылады. Мысалы, *What hurts you?" "My eyes. They are hurting like sixty"* – Сізді не мазалайды? Менің көздерім. Олар да қатты ауыртады, алпыстағыдай.

On all fours – төрт аяқтау (төрт аяқтап жүгіру). Орыс тілінде ползать на четвереньках.

One good turn deserves another (бір жақсы қызмет басқаға лайықты) - жақсылыққа жақсылық - долг платежом красен. Услуга за услугу.

Second thoughts are best (екінші ой әрқашан жақсы) - Келісіп пішken тон келте болмайды. - Семь раз отмерь, один раз отрежь.

To go fifty- fifty; fifty-fifty- американізм. Тенбе -тен бөлу, тен дәрежелі қатысу мағынасында қолданылады. 100 пайыз толық, бүтін деп қабылдаса, соның жартысы, тен бөлігі, тен дәреже мағынасын ассоциациялайды.

To play first fiddle (violin) (бірінші болып скрипка ойнау) танымал болу, әйгілі болу. Ағылшын мәдениетіндегі классикалық музыканың тандаулысы скрипкада ойналған. Ақсүйектікті танытатын негізгі шарттың бірі

скрипкада ойнау болған. Осы стереотипті көзқарас танымал болу, атағы шығу мағынасына ұласқан. Сонымен қатар бұл фразеологизм әлемдік музыканттардың танымдық түсінігінен туындаған болса керек. Себебі музыка мәдениетінде концерт бастағалы тұрған дирижер алдымен скрипкаға сәлем береді, яғни алдыңғы қатарда және оркестрдің негізгі фигурасы скрипка болған.

To put two and two together (екіні екіге байланыстыру) – айтқызбай түсіну, екі етпей ұғу мағынасында қолданылатын фразеологизм.

Корыта келгенде, ағылшын мәдениетінде сан атаулары белсенді қолданылғанмен, сандық мағынадан тыс бөлек ұғымдарды білдіру дәстүрі қалыптасқанын байқадық. Әсіресе бір саны атауымен берілетін фразеологизмдер бірге, ортақ, бірлесу, жалғыз, бір өзі мәнінде жұмсалады.

Сандардың сәтті, сәтсіз символдану үрдісінде пайда болған мағыналар көне фразеологизмдер бойынан айқын байқалады. Ағылшынның нумеративті фразеологизмдері салт-дәстүрге негізделмеген, тек тарихи оқиғалардың ізі ретінде сол кездегі жағдаятты сипаттау арқылы сакталған. Мұның өзі көне мәдени құндылықтарды тіл арқылы жеткізудің нағыз дәлелі бола алады.

Түйіндей келгенде, лингвомәдени феномен ретінде кодталған бейнелерді талдау барысында маңызды факторлар – ұлттық ұжым санасында стереотиптенген дәстүрлі ұстанымдар, жосын-жоралғылар, ырым-тыйымдар негізге алынуы тиіс. Тілде, санада таңбаланған дәстүрлі ұстанымдар – ұлттық өмірдің мәдени идеалы болып саналады. Ал мәдени игілікті бейнелеген атаудың мәнінде ұлттық құндылық туралы ақпараттар қатталған. Тілде басқаша кодталғанмен, оның астарында халықтың менталитеті мен өмірге деген шынайы көзқарасы жатыр.

Бірінші бөлім бойынша қорытынды

Бірінші тарауда сан атауларының лингвомәдени бірлік ретінде қарастырылып, лингвомәдени бірлік ретінде танылу қағидаттary анықталды. Лингвомәдениеттанымдық зерттеулерді сараптай отырып, лингвомәдени бірліктер анықталды, ұғымның лингвомәдениеттанымдық негізін қалыптастыратын мәдени-семантикалық және концептілік құрылымдар, оның талаптары айқындалды.

Сан атауларына қатысты зерттеулер өте көп. Соның ішінде құрылымдық лингвистикада сан есімдерді әр қырынан зерттеген жұмыстардан гөрі сан атауларының мағыналық мәні мен уәжін көрсеткен жұмыстарға сүйендік. Қазақ тілінде сан атауларын лингвомәдени аспектіде бұған дейін қарастырған еңбектер жоқтың қасы, сондықтан сандар мәдени таңба ретінде алынып, талдау жасалды.

Тілімізде жиі кездесетін сан атауларының астарындағы материалдық және мәдени ұғымдарды қазіргідей рухани жаңғыру тұсында лингвомәдениеттанымдық аспектіде қарастыру – антропоөзектік зерттеулердің өлшемдеріне сай келеді.

Отандық және шетелдік лингвомәдениеттанушылардың пікірлері сарапталды. Лингвомәдени бірліктерге енетін мифологемалар мен реалийлердің табиғаты зерттелді.

Жұмыста зерттеудің мақсатына сәйкес сан атаулары лексикалық бірлік ретінде емес, лингвомәдени бірлік ретінде қарастырылады. Құрылымдық лингвистикадан ажырап, арнайы тіл саласы мәртебесіне жеткенде лингвомәдениеттануғының зерттеу нысаны, ұғымдары, метатілі қалыптасып, жеке пән ретінде ерекшеленді. Құрылымдық лингвистикада ауыспалы мағына, көпмағынаның бірі, бейнелі сөздердің бірі деп талдайтын болсақ, лингвомәдениеттануда лингвокультуре мағына, мәдени мағына, мәдени таңба деп ажырататын болдық. Лингвомәдениеттандың зерттеу нысаны – лингвомәдени бірлік (лингвокультуре). Лингвомәдени бірлік – мәдени-семантикалық құрылымды сипаттайтын, тілдік жүйедегі емес, тілден тыс мәдени мазмұнын белдіретін ұғым. Тілдік жүйеде сөз мағыналары тілмен шектелсе, мәдени мағыналар лингвомәдени бірліктермен шектеледі.

Сандар тілден де бұрын пайда болған категория болғандықтан дүниенің мифтік бейнесін жасауда маңызды рөлге ие екендігі көрсетілді. Халықтық дәстүрде сандар белгілі бір ұғымды символдауда, белгілі бір ақиқат дүниені танытушы эталоны болуда, мәдени мағынасын белдіруде белсенді қолданылатындығы бағамдалды.

2. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САН АТАУЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Мәдени-семантикалық құрылым – ақиқат дүниенің (ұғымның) мәдени мағыналарының жиынтығы. Белгілі бір ұғымды мәдени-семантикалық құрылымы ұғым атауының лексикалық мәнімен мазмұндас болуы мүмкін немесе оның бейнелі мағынасына сәйкес болады. Мәселен, *бес биенің сабасында*, аяқ-қолы балғадай, бүйірі дөңгеленген, етек-жені кең, т.б. тұрақты тіркестер жинақтала келіп, толық, семіз ұғымының мәдени-семантикалық құрылымын құрайды. Семантикалық құрылым – мағынасы ортақ (интегралды) семантикалық белгілері бір ұқсас мәндерді білдіретін тіл бірліктерінің жиынтығы. Жоғарыдағы тіл бірліктері – фразеологизмдер, олар мағынасы ортақ, семантикалық белгілері бір (семіздікті сипаттау). Мәдени құрылымы деп аталуының себебі – өзге мәдениетте эквиваленті жоқ. Мәселен, бес биенің сабасындағы фразеологизмі қазақтың тұрмыстық мәдениетінің элементтеріне ұқсату, теңеу арқылы жасалған бейнелі образдан туындаған. Бұл тұрақты тіркестің семантикалық мазмұнын ашатын мәдени код біздің зерттеу нысанымыздағы бес саны емес, саба сөзінің мәнінде жатыр. Қазақ мәдениетінде сабадай сөзі ірілікті, жуандықты, ұлкендікті білдіреді. Сабасына тұсті деп ашуланып барып басылған адамды айтады. Бұның барлығы қымыз ашытуға немесе пісуге арналған теріден жасалған көлемді ыдыстың атауы – сабаның қасиетіне қарай аталған. Сабаның бірде ісініп, бірде басылатын сәттері мен торсиып тыңқылып тұратын бейнесіне қарай ұқсатудан туындаған фразеологизмдер болса керек.

Л.М.Васильев сөздің семантикалық топтары мен семантикалық өрістің аражігін ажырату үшін семантикалық құрылымның мынадай ерекшеліктерін атап өтеді:

1. Семантикалық өріс тіл тұтынушыға интуитивті түрде түсіндірмей-ақ ұғынықты болады;
2. Семантикалық өріс тілдің ұстірт құрылымында оқшауланған, арнайы ерекшеленетін тіл бірліктерімен көрінеді (фразеология, теңеу, метафора, т.б.).
3. Семантикалық өріс бірліктері белгілі бір семантикалық қатынасқа тікелей байланысты болады, яғни оқшауланып көрінсе де айтылмақ ойдың семантикалық қатынасына мағыналық жағынан лайықталып таңдалады.
4. Бір тілдік жүйедегі (мәтіндегі) әрбір семантикалық өріс, екінші бір семантикалық өріспен мағыналық байланыста болады. Сонда ғана тілдің мағыналық құрылымы қалыптасады [80, 11 б.].

Демек, семантикалық өріс тіл тұтынушы үшін адами тәжірибелерінің көрінісі ретінде санада қатталған бейнелер күйінде терең сақталғандықтан тілдің мағынасы айқын құрылымы ретінде тұтастай қабылдана береді. Өзге мәдениет өкілі үшін тұтас семантикалық өрісті бір тілдік бірлік ретінде қабылдауға үйрету үшін оның мағынасы мен бастапқы уәжін түсіндіру қажет. Сан атауларының семантикалық өрісі де шексіз кең.

Концептілік құрылым – семантикалық құрылымнан ауқымы кең ұғым. Семантикалық құрылымда тек мағыналық ұқсастығы ортақ тіл бірліктері

шоғырланса, концептілік құрылымға ассоциациясы, стереотипі, ұқсату бейнелері ортақ ой құрылымдары жинақталады. Концептілік құрылымның тілдік құрылымы семантикалық құрылымға ұласуы мүмкін.

Парадигматикалық құрылым болғандықтан олардың макро және микроөрістері болады. Өріс бір ғана ұғымның аясындағы ақпараттардың перифериясын құрайды. Сонымен семантикалық құрылым – мағына ұқсастықтарының перифериясын құраса, концептілік құрылым – ұғым ұқсастықтарының перифериясын құрайтын жүйелі құрылым болып саналады. Екеуі де лингвомәдени бірліктерді айқындауға сөздің лингвомәдени сипатын танытуға ықпал етеді.

2.1 Бір санының мәдени-семантикалық құрылымы

Сан атаулары барлық тілге тән лексикалық бірлік. Себебі сандардың қалыптасу тарихы көне дәуірден бастау алады. Мифологиялық деректерге сүйенсек, сан атауларының бастапқы мағынасы санау, сандық қызмет емес, құндылығы жоғары символ ретінде қабылданған еken. Саның өзі – абстракт ұғым. Бірақ көне мифологияда сан атаулары белгілі бір затты немесе құбылысты таңбалаған. Саның адам өміріндегі рөлінің маңыздылығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Ал осы сандардың қайdan, қалай шыққандығына және ол сандардың әрқайсысының өзінше бір мағынаны білдіретіндігіне күнделікті тіршілікте біз аса мән бере бермейміз. Ал біздің ата-бабамыз 1 санынан бастап әр саның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелерін саралай білген, орнына, маңызына сай қолданған.

Қазақ дүниетанымында сандардың ғаламдық бейнесі санға қатысты аялық білім кеңістігімен сипатталады. Мәселен, *бір санының әлемі* қазақ дүниетанымында:

- *Құдай* (бір Құдайға сыйынып...),
- *жалғыздық* (біреудің үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас),
- *дәлдік* (бір жебемен, қос нысана оққа ұшты; жеті рет өлшеп, бір рет кес);
- *алғашқы* (бірінші әйел - шекер, екінші әйел - бекер);
- *cana* (мыңың җүзін білгенше, бірдің атын біл);
- *аз мөлшер* (бір дәнің мың дән болсын);
- *өлишем бірлігі* (бірқайнатым, бір ұрттам, бір уыс, бір құлаш)
- *өзгермейтін қасиет* (бірсыдырғы, біртоға, бірқалыпты, бірмінезді)
- *түйін* (бәрін айтта бірін айт, мың асқанға бір тосқан)
- *тұластық* (бір кісідей, бір жеңнен қол, бір жағадан бас)

Бір санының әлемі бұнымен шектелмейді. Тіліміздегі бірдің қолданыс аясы әр алуан болған сайын, оның ғаламдық бейнесі де кеңейе түседі. Байқағанымыздай, жалғыздық бейнесіндегі бір атауынан *bireu* сөзі, *тұластық* моделінен *birlіk* сөздері арқылы концептуалдық өрісін кеңейте түсті.

БІР. Қазақ тіліндегі бір – халықтық өлшем бірлігіндегі шамалап, долбарлап алынатын өлшем. Ол көпке мәлім қарапайым түсініктерге негізделген орташа шамада алынады. Мұндай шамаларды білдіретін ұғым атаулары сандық және белгісіздік мәні бар бір сөзіне өлшем негізі етіп алынған адам мүшесінің

атауының қоса айтылуымен жасалады. Мысалы, *бір құлаш*, *бір уыс*, *бір шөкім*, *бір шымшым* т.б.

Бір асым – көбінесе етке байланысты қолданылатын өлшем – қосымшаларымен асылатын жамбас, асықты жілік сияқты мушелер. Яғни бір асым метрикалық лексема тек ет асу функциясына ғана тән. Басқа асылатын тағамдарға қолданылмайды. Демек, «бір асым жілік», «бір асым ет» қолданысының метанимияланған түрі деп қабылдаймыз.

Бір қайнатым – бір қайнатуға жараплық сұйық заттың мөлшерін білдіретін өлшем. Шамамен 2-3 литр мөлшерінде. Әдетте «бір қайнатым су», «бір қайнатым сұт» деп қолданылады.

Бір құлаш – жазып тұрғандағы екі қол арасының ұзындығындағы өлшем. Құлашпен ертеде арқан-жіптердің ұзындығын, шынырау құдықтардың терендігін т.б. ұзындық, биіктік, терендік мөлшерін белгілеген. Соматикалық өлшемдердің қатарына енетін бұл метрикалық лексема өзге мәдениетте жоқ. Оның эквиваленті де жоқ. Сондықтан «бір құлаш» сандық тіркес қазактың когнитивтік әлемінде пайда болған ұлттық мәдени құндылық деп саналады. Бұғінгі күні «бір құлаш» өлшемі бір метрге теңесетіндікten ауызекі сөйлеу тілінде белсенді қолданылып жүр.

Бір уыс – қолдың саусақтарын біріктіріп тұрғанда алақан ішіне сыйрлықтай мөлшерді білдіретін халықтық өлшем. Екі алақан қосылса, қос уыс деп аталады. Мысалы, бір уыс тұз және т.б. Аталмыш соматикалық өлшемнің орыс және ағылшын тілдеріндегі мағыналас қолданысы кездеседі. Мысалы, орыс тілінде «лучше одна горсть покоя, чем две горсти тяжелого труда и погони за ветром» мақалы бар. Ал ағылшын тілінде метрикалық лексема ретінде «*One handful grain yields*» мақалы қолданылады.

Бір шөкім – бас бармақ, сұқ саусақ, оргаңғы саусақ үшеуімен шөкіп, қысып ұстаған ұнтақтың мөлшеріне қатысты өлшем. Көбінесе шайға байланысты қолданылатын өлшемнің атауы (мысалы, бір шөкім шай). Бұл өлшемнен жоғарылау мөлшердің аталмайтын себебі (мысалы, бір уыс шай) көшпелі ортада шайдың көп таптыра бермейтін және қымбаттылығына байланысты болса керек. Ал қазіргі таңда *бір шөкім тұз* деп айтылады және осы өлшемнің тұра баламасы орыс және ағылшын тілдерінде де сақталған.

Орыс тілінде «*щепотка соли*» дейді. Байқағанымыздай бір саны тіркестейді. Себебі орыс тілінде «шөкім» ұғымы саналмайды. Қазақ тілінде де екі шөкім, үш шөкім деген түсінік жоқ. Дегенмен оның бір атауымен тіркесуі азғантай, кішкене мөлшерде деген мағынаны үстемелеу үшін жұмсалады. Ағылшын тілінде де бір шөкім тұздың эквиваленті - «*take everything with a pinch of salt*» идиомалық қолданысына пара-пар келеді.

Бір шымшым – бас бармақ және сұқ саусақпен шымшып алған ұнтақтың мөлшеріне қатысты пайдаланылатын өлшемнің атауы. Көбінесе қазақы ортада ерекше қастерленген тұзға байланысты қолданылады. «Шымшым» соматикалық атауы шөкіммен мағыналас. Сондықтан оның аудармалары ретінде *щепотка және pinch* болып қолданыла береді.

Бір жапырақ – Азғантай, зәрудей, бір жұлым мағынасында қолданылатын өлшем атауы. Көне дәуірде ет, нан, (*бір жапырақ нан, бір жапырақ ет*) яғни жұлып жеуге жарайтын тағамдарға қатысты жұмсалған. Әсіресе ашаршылық заманында белсенді сөздер қатарына енді. Ал қазіргі таңда «*бір жапырақ қағаз*», «*бір жапырақ матта*» мағынасында қолданылып келеді. Осы мәндегі баламалары өзге тілде де кездеседі. Мәселен орыс тілінде «*клочок бумаги*» – бір жапырақ қағаз, «*клочок земли*» – алақандай жер, аядай жер мағынасында жұмсалады. Ал ағышын тілінде аталмыш өлшем атаулары «*piece of paper*», «*plot of land*» мағынасында көрініс табады.

Бір жұтым – Бір ұрттап жұтарлық мағынасында қолданылатын өлшем атауы. Қазіргі таңда *бір жұтым* шөлдегендегі, суға зәру болғанда әсірелеп айту мақсатында жұмсалатын экспрессивті мәнділігі жоғары тұрақты тіркеске айналды. Орыс тілінде бір жұтымның тұра эквиваленті бар: *Один глоток*. Тіпті аталмыш өлшем атауымен тіркескен мақал да кездеседі. Мысалы, *одним глотком не много навоюешь. Один глоток воды стоит семи шагов пути.* Ағылшын тілінде бір жұтымның (*one drink*) аудармасы белсенді қолданылады. Соған орай «*Eat at pleasure, drink with measure*» мақал-мәтелі де жиі жұмсалатын сөзқолданыс деп табылады.

Бір құдайға сыйыну – Аллаға шүкіршілік ету. Құдайды жалғыз деп тану – жалпыадамзаттық ұғым. Сондыктан қазақ тіліндегі «*бір құдайға сыйыну*» фразеологизмінің де эквиваленттері бар. Мысалы, орыс тілінде «*богу молиться*» делінеді. Тіпті мақал-мәтелдерінде де жиі қолданылады. *Богу молиться – не вовсе разориться. Научи дурака Богу молиться — он себе лоб расшибёт. Богу молись, крепись да за соху держись! Богу молись, и добра ума держись.* Байқағанымыздай, «*бір*» сан атауы қолданылмайды. Қазақ тілінде *бір Аллаға сыйыну, бір Құдай өзің жарылқа, жалғыздық Құдайға жарасқан* деп жалғыздық мәнін сан атауымен нақтылап көрсетеміз. Ағылшын тілінде де «*бір*» саны қолданылмайды. Бірақ когнитивтік санада құдайдың жалғыз екені мойындалады. Мысалы, *to pray to God. Мақал-мәтелдерінде «Needless to pray to God, not Coy has mercy»* деп көрініс табады.

Бір аттам/бір адым – всего один шаг – *only one step*. От великого до смешного один шаг — *From the sublime to the ridiculous is but one step . Has only one hole.*

Бір кісідей – как один человек – *an one person. All the people, but every one person alone.*

Бір үзім – один ломтик – *one slice*

Екінің бірі – одно из двух – *one or the other*

Бір тоїда екі жар жоқ – сразу два больших дела не сделаешь – *at once you won't make two big cases.*

Ендігі кезекте бір тілден екінші тілге тұра аударылмайтын, яғни сөзбе сөз эквиваленті жоқ сандық тіркестерді салыстырып көрелік.

Біркиер киім – парадный костюм – *full dress*

Жеті рет өлишен, бір рет кес – While there is life, there is a hope.

Бірдің кесірі – мыңга, мыңның кесірі – түменге → один может принести вред тысяче, тысяча — десяти тысячам

Бір елі ауызға екі елі қақпақ – держи язык за зубами – keep the mouth shut

Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс – человека увидел раз, он уже известный, увидел два – уже знакомый

Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді – ложка дегтя портит бочку меда – the spoon of tar spoils a honey barrel

Бір ауыздан – единогласно - unanimously

Бірді бірге согу – сеять раздор между людьми – to sow contention between people

Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару – быть сплоченным – to be solid

Бір қайнауы ішінде – сырватый – dampish.

Байқағанымыздай, қазақ тіліндегі сандық өлшем тіркестері қазақтың төл мәдениетіне ғана тән мәдени лексемалар. Аталмыш лингвомәдени бірліктері, яғни қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері қазақ дүниетанымы арқылы жасалған мәдени құндылық. Мәселен, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару» деген бейнелі тіркестің астарындағы қазақ танымының ойсуреті өзге мәдениетте мұлде жоқ.

Бір санының әлемінен туындастын мәдени-семантикалық құрылымы тарауы тіліміздегі бір атауының ұғым ретінде қолданылуына негізделеді. Қазақ тілінде бір сөзі сан ретінде халықтық өлшем атауы ретінде кеңінен қолданылып, мәдени-семантикалық құрылымның бір перифериясын құрайды.

«Бір - өлшем» өрісі.

Қашықтықтың өлшемі: бір адым, бір аттам, бір қадам, бір шақырым, бір көш жер;

Сұйықтық өлшемі: бір аяқ, бір арық, бір бөшке, бір кесе, бір бөтелке, бір жұтым, бір қайнатым, бір мес, бір сауым сұт, бір самаурын шай, бір тамшы, бір тоған су;

Көлем өлшемі: бір аймақ, бір арба, бір қазан, бір сотық, бір телім;

Ұсақ заттар өлшемі: бір атым, бір шөкім, бір шымшым, бір алақан, бір уыс, бір жапырақ, бір қалта, бір қағым ұн, бір қуырым, бір ұра бидай;

Ұзындық өлшемі: бір елі, бір иірім, бір қарыс, бір тұтам;

Салмақ өлшемі: бір батпан, бір келі, бір кесек, бір құшақ шөп, бір қап;

«Бір – тұтас қауым» өрісі: бір ауыл, бір тайпа ел, бір қауым жұрт, бір қол (әскер), бір лек (әскер),

«Бір – уақыт өлшемі»: бір жеті, бір күндік, бір сауын уақыт

«Бір – бүтіннің бөлшегі»: бір үзім нан, бір асым ет, бір шайнам сағыз, бір шақпақ қант, бір ішер ас, бір сындырым нан, бір тілім нан

«Бір – бөлшектердің бүтіні»: бір қора мал, бір үйір жылқы, біт табын сиыр, бір қырман бидай, бір отар қой, бір түйдек ой, бір шоқ гүл,

«Бір – бір-ақ рет, біреу ғана»: Адам бір бармаймын деген жеріне үш барады; Бір анадан бала да туады, бәле де туады; Батыр - бір оқтық, мал – бір жұттық;

«Бір – бірлік»: Ағайын - бір өліде, бір тіріде; Ауылы бірдің ауызы – бір;

«Бір – көптің ішінде ерекше»: Арпа ішінде бір бидай; Бір аштықтықтың бір тоқтығы болады; Бір де болса бірегей. Бір жақсы қыз екі жаман ұлға татиды, Бір жақсы сөз бітірер мың көнілдің жарасын.

«Бір – көпке қарама-қарсылық»: Батырдың бір ісі теріс, қорқақтың екі ісі теріс; Балаға пышақ бермесең бір жылайды, пышақ берсең екі жылайды; Бір аяқ қымыздың екі аяқ желігі бар. Бір әйелдің айласы – қырық есекке жүк. Бір елі ауызга екі елі қақпақ бола алмау. Бір көрген - біліс, екі көрген - таныс. Бір күн қарын ашқаннан қырық күн ақыл сұрама.

Қазақ тіліндегі лингвомәдени бірліктердің бір санымен аталуына оның семантикалық мағынасы негіз болады. Тілімізде біркиер, бір қабатын беру, бір қырыққан түйе, біратар мылтық сияқты заттық мәдени атаулар бар. Олардың мәнін талдайтын болсақ, бір атауы бірінші, бір реттік, бір топ ұғымынан туындағаны аңғарылады. Мысалы:

Bіркиер - той-томалақта, құдалыққа барғанда, ойын-тойда киуге арналған сәнді киім атауы.

Бір қабатын беру - қыз ұзатылғаннан кейін, бір жыл өткен соң апарылатын қыз жасауының бір бөлшегі, яғни төсек орын апарудың тағы бір атауы. Сонда бір қабат құрамында көрпе төсек, сырмақ, жастық, текемет кіреді. Бір қабатын беру қызы нәрестелі болған кезде, төсегін жаңартып беру мақсатында беріледі.

Бір қырыққан түйе – тоғыз жасар түйенің атауы.

Біратар - мылтықтың оқтарын сақтауға арналған сауыт. Біратар мүйізден жасалып, ортасына ағаштан шақша жасалады.

Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық. Тұн мен күннің, яғни тымырсық пен тіршіліктің ауысу кезіндегі осы сәтте жын-перілер сияқты зиянкес, қаскөй күштер мен өмір-тіршілік тайталасқа түседі дейді халық наным-сенімі. Сондықтан, осы мезгілдерде дәстүрлі орта қалыптастырған түсінік бойынша адамдардың үйқыда емес оянған болуын, яғни «*таңмен таласа тұру*»-ды дәріптейді. Ерте тұруды елең-алаңнан тұру деп атайды. Таңмен таласа басталатын әйел тірлігі ерте тұрса ғана біtedі. Осы тәрбиелік мәні бар өнегені тұспалдан жеткізуіндің бір көрінісі.

Қонақ бір қонса құт, екі қонса жұт. Қазақтың паремия жүйесінде қонакты Құт-Қыдыр, Құдайдың жібергені деп әспеттеп мәртебесін көтеретін мақалдар жиі кездеседі. Сондай-ақ, «қонақ бір қонса құт, екі қонса жұт»; «жатып алған қонақ жараспас»; «қонағым сен ет деме, мен кет демейін»; «қонақ қонса ет пісер, ет піспесе, бет пісер»; «қызыл ет пісер, қызарған бет қалар» т.б. тәрізді мақал-мәтелдер «қонаққа кінәмшіл болмау, байқау керегін ескертіп», жөн, жоба сілтеп отырады. «*Қонақ, қонақ, өз үйінді ойлай отыр!*» деген мәтелдің мәнін түсінген қонақ этикеттік норма бойынша үй иесіне ара-тұра ризашылығын білдіріп, бата-тілек айтып, ілтипатын танытып отырады, тым «шірене» бермейді. Жасы үлкен, сыйлы қонақ сол үйдің иесі жас болса, оған ет асатады. Тамақ ішіліп болған соң, қонақ ыдыста қалған етті үй кісісіне (әйеліне), егер бар болса, келініне береді. Асты алған келін оң қолын басындағы жаулығына тигізіп, сәлем жасайды.

Сол сияқты «*бір құмалақ бір қарын майды шірітеді*» деген сөз орамы

қалыптасқан. Әдетте бұл мақал тұрмыста елдің, халықтың, рудың т.б. атына кір келтірген адамға да қатысты қолданылады. Ал оның мәдени коды май қарындау ісіне қатысты туындаған. Қарынға май жинағанда майдың таза болуына, ішінде ауа қалмай тығыз салынуына үлкен мән беріледі. Егер қарындағы майға басқа зат араласып кететін болса май бүлініп, көгеріп кетеді. Қарын майға толғаннан кейін, сыртынан тағы да тұздап, аузын байлап, салқын жерге қояды. Ұзақ уақыт сақталатын болғаннан кейін оның аузы ашылмайды. Қарынға салынған майға құмалақтай бір зат түсіп кетсе, дәмі бұзылады. Тұрмыс тіршіліктегі май қарындаумен жете таныс адамдар жалғыз адамның ұжымға, ауылға іріткі салу әрекетін бейнелі жеткізу үшін қолданған. Бейнелі сез айтылмақ ойдың мазмұнына дәл келгендікten, халық тілінде ұзақ сақталып келеді. Сонымен қазақ мәдениетіндегі бір санының мәдени құрылымы төмендегі суретте сипатталған.



Сурет 2. Бір санының мәдени құрылымы

Қазақ мәдениетінде бір саны қөптің қарама-қарсы мәнінде жұмсалуы өзге мәдениетте де салыстырудың тиімді тәсілі ретінде кездеседі. Сондықтан бір ұғымының бұл семантикалық құрылымы жалпыадамзаттық таным негізінде эквиваленті ортақ, семантикасы ортақ қолданыстарды тудырады. Мысалы:

Мың жолдас жақсы, мың жолдастан бір дос жақсы / Хорошо иметь тысячу друзей, а еще лучше – иметь одного верного друга. / It is good to have one thousand friends, and it is even better to have one loyal friend.

Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас / Лучше блуждать вместе с народом, чем находить дорогу одному / It is better to roam together with the people, than to find the road by yourself.

Bір адым ілгері екі адым кейін // шаг вперед два шага назад

Сондай-ақ өзге мәдениетте жоқ лингвомәдени бірліктерді сөзбе-сөз аудару және мағынасын аудару арқылы өзге тілге кірігу жағдайлары да бір атауына қатысты кездесіп отырады:

бір атым насыбай // одна понюшка табака
 бір кісідей жұмылу // дружно, как один человек
 біратар мылтық // одностольное оружье
 бір аяғы жерде, бір аяғы көрде // между жизнью и смертью
 бір баланың зары үшін // я страдаю оттого, что у меня нет детей
 бір ауыздан мақұлдау // единодушное одобрение
 бір ауыз өлең // небольшое стихотворение; короткая песня
 бір ауыз сөзге келмей келісті // сразу соглашаться

Осы аталған қазақ танымындағы мәдени көрсеткіштердің ішінде «бірдің» – адам қызметінде жұмсалып тұргандары көп. Пифагор іліміндегі бір - Монада, яғни еркектік құш, ердің бастаушы қасиеті ретінде символданған мағынасы қазақ тілінде де (*бір кісідей бар екен, бір өзі он кісіге татырлық*) көрініс тапқан. Ағылшын тілінде *once is no rule, one is no number* — один не в счет фразеологиялық бірлігі қазақ тіліндегі тұрақты тіркеспен мағыналас келеді. Сондай-ақ орыс тіліндегі *одному Богу известно, жить одним домом, один другому не указ* фразеологизмдері *бір Аллаға аян, бір тұндік астында түтін түтетті, екі туын, бір қалғаным емес деген тұрақты тіркестердің баламасы іспетті*. Аталмыш фразеологизмдердің құрамындағы «бір» ұғымы адамның бейнесін сипаттайды.

Қазақ тілінде адамды ерекшелеп айтарда «өз алдына *бір төбе*» дейді. Ал орыс тілінде один волк гоняет овец полк; один умен десять безумных водит деген балама қолданыстары бар. Ағылшын тілінде *one, but a lion* (*бір арыстан*), *one man is worth a hundred and a hundred is not worth one* (*біреуі жүзге татиды*); *the one and only* — бірегей, дара деген мағыналас эквиваленттері бар. Демек, көне әлемдік мәдениеттен қалыптасқан «бір» ұғымының тұлға, дара адам мағынасы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ортақ қызмет атқарып келеді.

«Бір» сандық атаудың бірдей, біріге, бірлік, бірлесе деген мағыналары бар. Осы мағына аясында қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі нумеративті фразеологизмдер мазмұндас келеді екен. Мысалы, бір кісідей болу, бір бас болу, бірауызы болу, бір шыбықпен айдау орыс тілінде *в один голос; мерить на один аришин; на один покрой; один в одного; один к одному; подгонять всех под один колер; одним миром мазаны; все одно; на одно лицо; в одну дуду дудеть; на одну колодку; стричь под одну гребенку; ставить на одну доску; один за всех и все за одного* деген тұрақты тіркестермен келеді. Ағылшын тілінде *one for all and all for one* — один за всех, все за одного, *be at one (with smb.)* — одного мнения, быть заодно с кем-то; схожести: *one to one is odds* — один одного стоит; *it takes one to know one; one more won't hurt* -рука руку знает деп беріледі. Байқағанымыздай, үш тілде де «бір» сан атауы қатысып, ортақ мағынадан ауытқымаған. Бұдан шығатын қорытынды, «бір» сандық атауының әлемдік дүниетанымға тән ұғымы жалпыадамзаттық таным-түсініктен туындаған. Бір санының абстракциялық мағыналары жалпыхалықтық қабылдауда бір мағынаға ие болады екен.

Енді ағылшын тілінің ұлттық мәдениетіндегі, өзге тілде тұра эквиваленті жоқ сандық тіркестерді келтірейік. «Бір» сан атауымен тіркескен фразеологиялық бірліктер:

To go from one extreme to the other – шектен шығу
To have all one's eggs in one basket - (тура аударма: барлық жұмыртқаны бір себетке салу) тәуекелге бару,
First refusal - (бірінші бастарту) – бірінші болып тандау
One side of the coin — медальдің бір жағы
Go back to square one (бірінші квадратқа оралу) – өткенге қайта оралу
Confession is the first step to repentance – қателігін бірінші болып мойындау.
One's too few, three's too many - үшеудің бірі артық;
Fortune to one is mother, to another is stepmother - бірі жыласа, бірі күледі
One sews, another tears - бірі тігеді, бірі сөгеді.
One body is no body, om mani, no mani — один в поле не воин;
One swallow does not make a summer — одна ласточка весны не делает;
It is hard for one to withstand many — одному против многих замышлять нельзя.

Қорыта келгенде, «бір» жалпыадамзаттық ұғым бойынша, сан мағынасында есептік, реттік мәнде қолданылу жиілігінен гөрі, тұтастыру, бүтіндікті білдіруде, қарама-қайшылықты айқындауда, басқалардан ерекшелегінде, көптің бірін танытуда, халықтық өлшем атауларын білдіруде белсенді қолданылады.

2.2 Екі ұғымына қатысты ұлттық дүниетанымның мәдени коды

Қазақ тіліндегі екі санының қолданыс жиілігінің жоғары болуының негізгі екі себебі бар: біріншіден, екі саны жалпыадамзаттық мәдениетте сан атауымен қатар жұп ұғымын танытушы таңба. Екіншіден, қарама-қарсылықты білдіруде екі тараң, екі жақ ұғымы мәнінде қолданылады. Мәселен, «*Исатайдың барында Екі тарлан бөрі едім*» дейтін Махамбеттің өлеңінде достық жұп, серігім, сүйенішім, тірегім еді, Исатай барда екі тарлан бөрі едік деген мазмұнды білдіруде сәтті қолданылған екі ұғымы жұптық мәнге жақын келеді. Ал «*Батыр деген бір барада им, екі қатынның бірі табатын. Би деген бір ақ шарагат, бүтін елдің біреуі ғана табатын*» халық мақалында екі қатынның бірі - екінің бірі, кез келгені деген мағынада алынуы семантикалық жүйеде қатталған фразеологизмнің контаминациялық үлгісі. Демек, екі ұғымы бір, жалғыз мәнділігін айқындаپ айшықтау үшін контраст қолданылатынын дәйектейді. Екілік ұғымы кейбір заттық мәдениеттің мазмұнында тасаланады. Атау беруде екі сөзін қосу міндеттесе де екі бүйімнан жасалатыны туралы санада түсінік қалыптасады. Мәселен, *бұғау салу* (қылмыскер адамның екі білегіне, аяғына кигізілетін арасы шынжырмен қосылған құрал) ұғымын танытуда: екі бұғау салып алып кетті, Екі қолына екі бұғау салды деген қолданыстар жиі кездеседі. Санадағы екі қол, екі аяқтың бейнесі, заттың екі дүниеден құралғанын дағдылы түрде тілде жеткізу ассоциациялық сигналдың әсерінен деп түсініледі. Сондай-ақ ақиқат дүниенің болмысын сипаттау арқылы дүниені түспалдалап танытуда заттың екі мүшесі белсенді қолданысқа түседі. Мәселен, *екі аяғы балгадай, екі балтыры жалтырап, қос шолпысы сыңғырлан*, *екі бұттың арасы, екі беті алмадай, қос анары бұлтыып*, т.б. Осының қатарында «*Екі қанат, бір құйрық табылар, ажалы жетсе бәрі өледей*» деп күсбегілер бүркітінен айрылғанда көніл

айтатын болған. Қазақ мәдениетінде көңіл айтуда тұспалдаудың қуаты да, маңызы да ерекше. Бүркіт орнына бүркіт табылар деу қыранын жоқтап отырған құсбегінің көңіліне ауыр тиері сөзсіз. Сондықтан *екі қанат*, *бір құйрық* деп тұспалдайды.

Тұспалдаудың маңыздылығы адамды екі аяқты деуінен айқын байқалады. Адамның ісіне қатты өкпелі болғандар *екі аяқты мал екенсің* деп ренішін білдіреді. Қазақ дүниетанымында екі аяқты – адам, төрт аяқты – мал екені түсіндірмеседе айқын стереотиптеген. Сондықтан екі аяқты тек негативті ұғымдарды білдіруде ғана емес, бейнелі тұспалдау, әсірелеу мақсатында да айтылады: *екі аяқтыда бажса тату, төрт аяқтыда бота тату*.

Екі ұғымының екілену, екі мәрте, қайталану сияқты семантикалық реңктері қазақтың кейбір ырымдарында кездеседі. Мәселен, ойнап жүрген бала екі тымақты үсті үстіне кисе, кейін өсе келе, екі мәрте үйленеді деп ырымдаған.

Екілік ұғымынан тарайтын сөздердің киім-кешек атауларында да кездесуі, екі самай, екі жак, екі құлаққа қатысты таңдалатыны түсіндірмей-ақ ұғынылады. Мәселен, *екі сайлы қалпақ, айырқалпақ, қос өңірлі, қос жасалы, қосбүйірлі сырткімдер*.

Қазақтың заттық мәдениетінде екі дүниеден құралып жасалған бұйымдар көп-ақ. Бірақ екеуіне ат қойып, екеу екенін ерекшелеп танытатын мәдени атаулар кемде-кем болса да кездеседі. Мәселен, қазақтың ұлттық бұйымдарының бірі - диірмен. Диірмен екі жалпақ тастың бірінің үстін бірі қойылуы арқылы жасалады. Олардың біріктіретін ортасындағы тесігі. Қазақ халқы осы екі тастың астынғысын – *ұргашы тас*, үстіңгісін – *еркек тас* деп атаған екен. Олай аталуының себебі диірменнің жұмыс істеу қагидасы отбасындағы еркек пен әйелдің қызметтеріне ұқсас берілсе керек. Себебі диірменнің үстіңгі тасы барлық ауыр қызметті атқарады екен. Тастан арасына түскен түйір бидайды салмақпен басып үгітетін үстіңгі - еркек тас, ал астынғы тас үгітіндіні жинап, қорға, тесікке салады. Үйге әкелген дүниені ұқсатып отыру – әйелдің ісі. Қазақ санасындағы осындай стереотипті түсінік, диірмен тастанда атауда айқындалып отыр.

Қазақ-ағылшын тілдерінде «екі» санымен жасалған нумеративті фразеологизмдердің мазмұн межесі мен түрпат межесі ортақ болатын жағдайлары кездесіп отырады. Мысалы,

Екі оттың ортасында қалды - Between two fires — между двух огней;

Екі туып бір қалмақ жоқ, екі ойлы болу – there are no two ways about it – нет двух путей.

Екі үшты болды - in two minds - быть между двух мыслей

Екі қоянды бір оқпен ату - to kill two birds with one stone - убить двух птиц одним камнем (решить одновременно две проблемы)

Бір бастан екі бас артық - wo heads are better than one.

Бас екеу болмай, мал екеу болмайды - two in distress make sorrow less - букв. вдвоем горе пережить легче

Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды - two dogs over one bone seldom agree (букв. двум собакам одной кости не доделить) – два медведя в одной берлоге не живут.

Қазақ тілінде эквиваленті жоқ ағылшын фразеологизмдері орыс мәдениетімен жақын келетінін мына мысалдар дәлелдей алады:

When two Sundays come in one week (букв. когда будет два воскресенья на неделе) — никогда, после дождичка в четверг, когда рак свистнет;

A rose between two thorns (букв. роза между двух шипов) — (красивая) женщина, сидящая между двух мужчин;

Clear as that two and two make four — ясно как дважды два четыре;

To make two ends meet — сводить концы с концами;

Two blacks do not make a white (букв. черное не сделать белым) – злом зла не поправишь;

Two wrongs do not make a right (букв. из неправильного не сделаешь правильного) – из зла добро не рождается; – на миру и смерть красна.

«Екі» саны да көптеген этностарға әртүрлі символдық мағыналарымен кең тараған таңба. Пифагорлықтар екіні Дауду деп атаған. Бұл – екі айырмашылықты танытатын сан деп қабылданған. Екі санының құрамындағы бір – ажыратушы таңба болса, екіншісі – теңестіруші таңба, яғни әділдікті қалаушы. Екінің екі айырмашылықты танытатын қасиетін мына ұғымдардан байқауға болады: құннің екі жағы: күн мен түн, қасиеттің екі жағы: жақсы-жаман, дәулеттің екі жағы: байлық-кедейлік, көніл-күйдің екі жағы: қуаныш пен мұн, сезімнің екі жағы: махаббат пен жек көрушілік. Бұл – екілік символының көрінісі. Аталмыш символдық мағына әлемдік мәдениетке тән құбылыс. Сондықтан барлық ұлттың мәдениетінде олар ортақ мағынада қолданылады.

Дегенмен, әрбір ұлттың тілдік бейнесінде екілік ұғымдары үнемі бірдей бола бермейді. Мәселен, мұсылман елдерінде «екі дүние» қолданысы бар. Бұл дүние мен о дүние. Ал Батыс мәдениетінде мұндай түсінік мұлде жоқ. Сондықтан қазақ тіліндегі «екі дүние» тұрақты тіркесі сөзбе сөз аударылғанымен өзге ұлт үшін түсініксіз, жаңа ұғым болады. Сол сияқты ағылшын тілінің төл тілдік жүйесінде қалыптасқан *two kings in one kingdom cannot right at once* (екі шайтан бір ми батпақта өмір сүреді) деген фразеологизм қазақ мәдениеті үшін таңсық дүние. Себебі қазақтың даласына батпақ - жат құбылыс. Ал ағылшындардың климаттық ортасы ылғалды, батпақты болғандықтан өз мәдени ортасына, ұлттық танымына сәйкес құрылғаны байқалады.

Кейде тұрақты тіркестердің мағыналары бірнеше ұлттың өмірлік болмысымен сәйкес келіп жатса, бірінен-біріне ауысады. Мысалы, ағылшынның «*there are two sides to every question*» (әрбір сұрақтың екі жағы бар) фразеологизмі таяқтың екі үші бар деген қазақтың бейнелі сөзімен мағыналас келеді. Сол сияқты *two dogs over one bone seldom agree* (екі ит бір сүйекке келіспейді) фразеологизмі екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды тұрақты тіркесімен мағыналас эквивалент болады.

You cannot have two forenoons in the same day (бір күнде екі таң болмайды)
– Екі тумақ жоқ болса, екі өлмек те жоқ.

Every couple is not a pair (әрбір жұп жұп емес)

It takes two birds to make a nest (ұя жасау үшін екі құс керек) – бас екеу болмай, мал екеу болмайды. Ал орыс тілінде без пары не живут и гагары. Осы

тұста үш мәдениетті салыстырғанда қазақ пен ағылшын мәдениетінде ортақтық бар. Ағылшындар отбасын құруши ретінде құсты негізге алса, қазақтар малды тірек еткен.

Two in distress make sorrow less (қауіп төнгенде екеу қайғыны азайтады) - бір бас жақсы, екі бас одан да жақсы.

Never choose between two things, take them both (екі заттың ортасын таңдамаңыз, екі затты да алыңыз).

Two of a trade seldom agree (саудадағы екеу келісе қоймайды) - екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өледі.

No man can do two things at once (ешбір адам екі жұмысты қатар істей алмайды) - Екі қайықтың басын ұстаған суға кетеді.

No man can serve two masters (бір адам екі басшыға бірдей қызмет ете алмайды) -

He gives twice who gives quickly (кім екеу берсе, сол жылдам)

Two attorneys can live in a town when one cannot (екі адвокат бір қалада тұра алады, егер екіншісі әлсіз болса)

If two ride on a horse, one must sit behind (егер екеуін атта келе жатса, онда артына жайғасу керек)

Not even Hercules could contend against two (Геркулестің өзі екеуге төтеп бере алмаған)

Two to one is odds (әрбір екі жақ - келіспеушілік)

Two heads are better than one - бір жақсы, екі бас одан да жақсы

It takes two to tango (екеуі бір тангоға)

Two dry sticks will kindle a green one (екі құрғақ отын қекке от салады)

Академик Ә.Қайдардың этнолингвистикалық сөздігінде: «Екі саны есептік, реттік мағынаны ғана емес, өлшемдік мағынаны білдіреді және әр алуан сапалық мағыналарды да анғартады» деп сипаттама берілген [81, 622 б.]. Ғалым қазақ тілінде екі санының барынша кең қолданылуына қарай оларды мағыналық топқа жіктеудің өзі қиындық келтіретінін мойындаған. Расында да екіліктің тілімізде әртүрлі мағынада қолданылуы оның мәдени-семантикалық мағыналарды қалыптастыруды сәтті жұмсалатының, екі санының мифологиялық болмысындағы уәждерінің қазақ дүниетанымында кеңінен орын алғандығын байқаймыз. Екі санының тілдік жүйедегі қолданысына мәдени-семантикалық талдау жүргізе келе, былайша топтастыруды жөн көрдік:

I Екі санының жұптық мағынада қолданылуы

a) Визуалды таным аясында қалыптасқан жұп атаулардың қолданысын, екі санымен берілуін екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі - екі жұптан тұратын соматикалық атаулар - *екі иық, екі көз, екі аяқ, екі қол, екі құлақ, екі езу, екі бет* деге мүшелерінің қымыл-әрекеті арқылы жасалған тұрақты тіркестен айқын көрінеді: *екі иығына екі кісі мінгендей* (енгезердей, тұлғалы).

Қазақ дүниетанымында сүйегі ірі адамның иығы кең, жауырыны қақпақтай болуы көз алдында терең сақталған. Сол сияқты *екі иығы салбырады* (басылып қалды, сүмірейді), *екі иығын жұлдып жеді* (қатты долданып, ашууланды), *екі иығынан демін алып отыр* (болып жетісіп отыр, семірді, мактанды), *екі иығына*

екі укі, басына бір укі тағып (асыра мақтады) фразеологизмдері адам мінезінің өзгеруіне қарай иықтың қымыл-қозғалысын байқаған қазақ халқының бағалауыштық ұғымынан туындаған. Көру арқылы қабылдаған әрекеттердің абстракциялық ойды бейнелеуде шебер қолдану қазақ халқының бір ерекшелігі болып саналады. Мәселен, *екі ұрты салдырады, екі құлағынан басқа адап қарасы жоқ* (арықтаған, жүдеген адамға қатысты), *екі көзі шарасынан шықты, екі көзі төрт болды, екі езуі екі құлағына жетті, екі қолы алдына сыймады, екі қолын танауына тықты, екі қолын төбесіне қойып, алдыңа ас қойдым, екі қолыңды бос қойдым* (өз еркіне берді), *екі бетінен қаны тамды* (сұлуланды), *екі беті ду етті* (ұялды), *екі көзі аларды* (долданды), *екі көз азап тартты* (қиналды, жанына батты), *екі өкпесін қолына алды* (аяғы аяғына тимеді), *екі білегін сыйбанды* (кірісті), , *екі қолга бір кетпен; Екі ұртында шала бар, Есекке мінгеннің екі аяғы тынбайды; Кәрі тайгақ келеді, екі көзден нұр кетсе сияқты тұрақты тіркестердің мән-мағынасын түсіндірмей-ақ тануға болады.*

Екіншісі – екі жұптан тұратын аң, құстардың дене мүшелері, заттық бұйымдардың жұп құрылымы немесе жұптасуы арқылы жасалған бейнелі қолданыстар: *екі қанат бір құйрық* (құсты білдіретін фразеологизм), *екі ішекті, бір тиекті* (домбыра), *бір таяқтың екі басы* (эр нәрсенің екі жағы бар), *екі етегін турди* (кірісті), *биенің екі ііні болды* (бір сағат өтті), *екі кеменің құйрығын ұстады, екі кештің арасы, Екі қанжыға тон сақтайды, тон жсан сақтайды; Екі тізгін жоқ болса, ат басын адам бұра алмас; Екі тартпа жоқ болса, ат үстінде ер тұрмас.*

Қазақ дүниетанымында қалыптасқан жұптасудың визуалды көрінісі арқылы тілінде сол қалпында сипатталып, адамның мінезін, дене болмысын, эмоциясын, аффектілік күйдегі әсерін танытатын ұғымдарды узуалдауда, сондай-ақ заттық материалдық мәдениетті танытуда, уақытты сипаттауда мәдени-семантикалық код ретінде сақталуда екі атауының лингвомәдениеттанымдық қызметтің айқын көруге болады.

а) Метафизикалық таным аясында қалыптасқан жұп атауларының екі санымен сипатталуы. Екі дүние (о дүние мен бұ дүние). *Екі дүниенің рақатын көр! Екі дүниенің сауабын берсін! Екі дүниеде де бақытты бол! Екі дүниеде жамандық көрме!*

2 Екі санының бірлік, тұтастық мәнінде қолданылуы. Екеудің бірігуі, екі әлемнің тұтасуы, екі заттың қосылуы, екі жартының бір бүтін болуы сияқты стереотиптік таным-түсініктердің аясында екі саны жұптасудан бөлек, бірігу, бір бүтін болу ұғымында танылады. Мысалы, *бас екеу болмай, мал екеу болмайды; Екі бас, екі басқа жөргем де ас; Екі кісі ығысса, бір кіслік орын бар; Екі тау қосылмайды, екі ел қосылады; Екі жарты - бір бүтін; Екі шалдың ортасында бір бала дана болар!*

3 Екі санының ұрыс-керіс, жауласу, шайқасу, басы піспеу, жүлдізы қарсы болу, шекісіп қалу мағынасында қолданылуы. Мысалы, *екі баланың ортасында бір шал бала болар; Екі қарға таласса, бір құзғынға жем болар; Екі қатын алғанның құлағы тынбайды; Екі қатынның баласы екі рұлы елдей; Екі кісі ұрысса - ағат, екі кісі сыйласса - санат; Екі қошқардың басы бір қазанға*

сыймайды; Екі қоянды құган біреуін де ұстай алмас; Екі нар сүйкенсе, арасында шыбын өлер; Екі сұңқар таласса, бір қарғаға жем болар; Екі түйгын жабылса, қаздың соры; Екі тышқан бір байдың жүрттына таласыпты.

4 Екі саны адамның мінез-құлқын білдіруде қолданылады: *Екіжузди;* *Есебін тапқан екі асар;* *Елгезек екі айтқызбас,* *Ердің екі сөйлегені - өлгені,* *Қойга екі құлағынан басқаның бәрі жау;* *Екі қойың бір сом;* *Сараң екі төлейді;* *Соқырдың тілегені - екі көзі;* *Үйде - екеуі, түзде - төртеу,* үндемес ауызда бәле бар; *Екі қатынның басы қосылса, үшінші әйелдің соры.* *Тілеушінің бір беті қара,* бермеушінің екі беті қара; *Екі бетінен оты шыгу;* *Екі танауы делип..;* *Екі аяғын бір етікке тығатын.* *Екі үйдің қонағы емексіп жүріп аш қалар.*

5 Екі саны тұрақсыздық, сенімсіздікті, әсіресе ойдың бір шешімге келе алмай құбылмалы болуын білдіруде сәтті қолданылады: *екі ұдай болу, екі ойлы, екі үшты, екі оқтылық.*

Бұл талдаулар тілдік жүйеде екі атауының айқын көрініс тапқандағы лексика-семантикалық мағыналары. Ал енді тілде көрініс таппаса да өзге тілдік бірліктің астарында екі сағат уақытты білдіретін лексемалардың да бар екені аңғарылды. Мысалы, бие сауым – 2 сағат, ет пісірім – 2 сағат уақытты білдіреді.

Әлемдік мәдениет бойынша екі ұғымы жаратылыстың бастамасы (*Аспан-жер, от-su, Адам ата - Xaya ana*), қарама-қарсылықтың негізі (*ақ - қара, жақсы - жаман, жоғары - төмен*), жұптық құрам (*ерлі-зайыпты, әйел-еркек*) ретінде танылып келеді. Қазақ мәдениетіндегі екі ұғымы бұл әлемдік мәдени танымның аясынан шығып, семантикалық құрылымын қеңейткенін зерттеу барысында айқын байқадық. Қазақ мәдениетінде екі ұғымын мынадай модельдерге салу арқылы түсіндіруге болады:

«Екі – қос» моделі. Қос сөзінің лексикалық мағынасы – екеу, жұп екені белгілі. Бірақ екі ұғымының ішіндегі жақ, тарап семаларына ұқсамайтын мағыналық реңкі бар лексикалық және ұғымдық бірлік. Қос сөзі екі зат не құбылыстың қатар (параллель) болуы мағынасына қатысты айтылады. Ал жақ, тарап сөздері де екі ұғымының құрылымына енгенімен, екі зат не құбылыстың қатар емес, керісінше бір-біріне қарама-қарсы болу мағынасын айқындау үшін қолданылады. Демек, екінің тілдік жүйеде жай ғана сөз емес, бірнеше мағыналық реңкті бойына жинаған ұғым деп қабылдауымыз қажет.

Қос сөзінің орнына екі деп қолданыла беретін синонимдік қатарға енген мағыналас ұғымдар. Бірақ екінің ұғымдық мәні қос атауынан әлдеқайда кең. Мәселен, *қос аққу* немесе екі аққу (екі маңғаз), *қос ғашық* (екі ғашық). *Қос табандап тұру* (тапжылмай тіресіп қасарысу). Қос сөзінің екі ұғымын білдірудің негізінде жасалған қос сыңарымен біріккен атау сөздер (термин сөздер) жиі кездеседі. Мәселен, *қосаяқ* (жануар), *қосбас* (өсімдік), *қосжапырақты*, *қосжарнақты* (өсімдік), *қосжелбезектілер*, *қосжақтаулы* (балық), *қосмекенділер* (жануар), *қосөркешті түйе* (түлік), *қосүйлі қалақай*, *қосүйлі мысықтабан* (өсімдік). Байқағанымыздай, қос сөзі қатар келген зат не құбылыстың санада стереотипті сақталуының негізінде заттың болмысын танытуға және атау сөз тудыруға үйіткі болып отыр.

Қос сыңарымен тіркесу арқылы термин сөзге айналған атаулардың да мән-мағынасында екі ұғымы бар. Мәселен, *қос нүкте*, *қос сөз* (лингвистикалық термин), *қос өкімет* (тариhi термин), *қос тармақты өлең* (әдебиет термині).

Қазақ мәдениетіндегі қос сөзімен біріге, тіркесе байланысып, бір мәдени атау ретінде ұлттың ұжымдық санасында екі сыңардан жасалған бұйым, дүние екені терең сақталғанын көрсетеді. «*Eki - қос*» семантикалық моделімен жасалған лингвомәдени бірліктерді жинақтай келе мынадай түрлерге жіктеді:

1 Заттық лингвомәдени бірліктер (лингвокультуралар):

Қосішек – домбыра. Домбыраны қос ішекті, бір тиекті деп тұспалдаудың өзіндік тарихы бар. Домбыраның қалай пайда болғанын зерттеген А.Жұбанов қазақ мифологиясындағы ағыз әңгімемен байланыстырады: Ертеректе Қамбархан деген аңшы сойылған аңың ішегін ағаш басына лақтыра салыпты. Шұбатылған ішек бір бұтақтан екінші бұтаққа ілініп салбырайды да керіліп қалады. Қамбархан сол жерден өтіп бара жатса құлағына жағымды әуен естіледі, құйқылжыған үн естіледі. Жан-жағына қараса, бұтаққа керіліп қалған ішектер жел соқса ызындалап ән шығарады екен. Осыдан барып домбыра қос ішекті музыкалық аспап ретінде құрастырыла бастаған.

Қосжаяуырын – шенбері екі бунақ ілген садақ атауы. Қосжаяуырын садақтың сыртқы жағына сіңір тартылады, ад ішкі беті мүйізben қанталады. Қосжаяуырын садағы сарыжа садағының көнерген атауы. Әдетте қосжаяуырынды аңшылыққа емес, ірі шайқастарда, жау шапқанда қолданылған.

Қосжүзік – екі саусаққа қатар сұғылып киілетін екі сақиналы жүзік. Жүзіктің бетінде тұтас үлкен көзі болады. Екі саусаққа киілетіндіктен қосжүзік аталған. Қазақтың бойжеткен қыздары той-томалақта тағатын болған. Ұзатылатын қыз қосжүзікті міндettі түрде тағатын болған. Қыздардың сәнді әрі бағалы әшекей бұйымдарының бірі саналған.

Қосбілезік – білезіктің түрі. Үстіңгі бетіне екі қатар етіп жіңішке күміс жүргізілген жалпақ бауырлы тұтас білезік. Қосбілезік – әйел затының бұйымы. Әсіресе тұрмысқа шығып, бала тапқан әйелдер күмістен, алтыннан жасалған қосбілез таққан. Халық түсінігінде қосбілезікті сәндік үшін ғана емес, буындардағы аурулардың алдын алу, қол тазалығын сақтау мақсатында да таққан. Ал екі жыланның басы бар, екі металлдың иірілуінен жасалған зергерленген білезіктер тіл-көзден сақтау, жын-перілерді жолатпау, тұс көргенде, шошынғанда тылсым күштен арылу мақсатында тағынған.

Қосбауырдақ – қосжүзік пен қосбілезікті жалғайтын бауырдақты әшекей бұйым. Құндылығы жоғары болғандықтан құдағи жүзік деп те атайды. Қос бауырдақты эстетикалық сипатта ғана емес, бағалы бұйым ретінде сыйлыққа жүретін құны болған. Сондай-ақ мұсылманшылықты білдіретін, діні мұсылман екенін айғақтайтын бұйым ретінде танылған.

Қосбалдақ – екі саусаққа бірдей тағылатын жүзік түрі, қосжүзіктен айырмашылығы: балдақ сақинаның беті төртбұрышты болып келеді және оның үстіне қос дөңгелекті өрнектер салынады. Қос дөңгелекті өрнектер күннің бейнесін білдіреді. Төрт бұрыш төрткүл дүниенің, яғни дүниенің төрт тарабын білдіреді. Төрт құбыламыз тең, күніміз ашық болсын деген ниеттен туындаған.

Ұ.М. Әбдіғаппаровың зерттеуінде: «Қос дөңгелек - мейірімділік пен әділеттіліктің белгісі. Әдетте қос дөңгелекті жүзікті қолбасшылар тағынған. Мұндай жүзіктер мөр ретінде жүрген», - делінеді [82,27 б.].

Қосетек көйлек – етегі екі қатар болып тігілетін қазақтың ұлттық киімі. Қазақ мәдениетінде оны кейде бүрмелі көйлек деп те атайды. Өзге ұлтта кездеспейтін қазақты танытатын эталондық құндылық деп айтсақ та болады. Қосетек көйлек ең алдымен матадан күн сәулесі өтпес үшін, яғни әйелдің денесі күнге шағылысып матадан көрінбес үшін екі қабатталады. Екіншіден, екі етек көлтеленіп, киімнің ажарын келтіреді. Үшіншіден, екі етектің бірі үстінде, бірі астында тұрады да, олар әртүрлі желбіршектермен бүрмеленіп, сәнделеді. Тілімізде *қос етегін түрінді, екі етегін түрді* сияқты тұрақты тіркестері білек сыбана кірісті, шын ықыласымен баstadtы деген мағынада қолданылып санада қатталып қалды. Расымен де әйелдер тіршілікке қызу кіріскенде, әсіресе тек әйелдер атқаратын қызметте, мәселен, киіз басуда, текемет тоқуда, жұн жуу, жұн сабау кезінде қос етектерін беліне түріп алатыны ақиқат болған.

Қосалқа – екі қатар күміс алқадан жасалған мойынға тағылатын өніржиек атауы, зергерлік бұйым. Шынжырмен тізбектеліп, түрлі ою-өрнектермен сәнделеді. Сәндік бұйым болғандықтан қебінесе қыздар тағады. Қамбар батыр жырында: «Қыздар тағар қосалқа, ішке жағар ақ малта» деген жолдар кездеседі [Батырлар жыры]. Қазақ мәдениетінде қосалқаны қостақта алқа деп те атайды. Мұндағы ең басты ерекшелік - екі алқасы бірдей етіп жасалады.

Қос қасқа – қайыс өрудің ерекше тәсілі. Қос қасқа етіп өру үшін алдымен екі таспа біркелкі етіп тілінеді, екі таспа дәл ортасына айқастырылып қойылады. Әр таспаның ұшы 1,2,3,4 деп нөмірленеді де алдымен жұп сандар ұшы, содан соң тақ сандар ұшы айқастырылу арқылы өріледі.

Қос табақ – құдалық құту дәстүрінде кәде алу үшін тартылатын табақ. Құдаларға бас табақ тартылып, барлық рәсімдер орындалып болғаннан кейін, құдаларға қосымша қос табақ тартылады. Оған әдеттегідей қәделі сүйектер салынбайды, жылы-жұмсақ еттер мен асықты жілік жеткілікті деп саналған. Қос табақтан дәм татқан құдалар ақшалай немесе заттай кәде салады. Қос табақ тартқа әйелдер кәдені өзара бөлісіп алады. Қос деп аталуының себебі, екінші рет құдаларға тартылатын табақтың санына сәйкес алынған.

Қос – екі керегені бір-біріне сүйеу арқылы жасалатын жылдам тігіп, тез жиып алатын, жаздықұнгі жеңіл баспана. Қос әдетте, жаугершілік кезінде туған. Кейін аңға шыққанда, егіншілер пішен ору науқанында пайдаланатын ыңғайлы панаға айналған. Қазақ халқы қос деумен қатар, жабасалма, жаппа, жолым үй, жорық үй, итарқа деген атау берген. Қыстығұні жылқышылар, қойышылар да қос пайдаланған. Қыста алдымен от жағатын орын, төбесінен түтін шығатын ашылып жабылатын тұндігін орнату межесі белгіленгеннен кейін қос тігілген. Қосқа кез келген бейтаныс адам кіріп жылынып немесе тамақтанып алатын болған. Бірақ қостағы дүниелерге тимейтін болған. Бұл - жазылмаған дала заңы деп түсініледі.

Қосқол балға – басы шойыннан құйылған, сабы қайың ағаштан жасалған темір үстаның құралы. Қосқол балға ауырлығымен ерекшеленеді. Оны қос

қолдап пайдаланады. Қызған темірді қосқол балғамен ұрып қалыпқа тез келтіреді.

Қосқұдық – бір-біріне қатар қазылған екі құдық. Құдықтардың арасы алыс болмайды. Қосқұдық алма-кезек су тарту үшін қолданылған.

Қостабан – мал ауруының атауы. Қой қораның астын жиі тазаламаудан, қи басып, жатар жері дымқылданып, ластануынан пайда болады. Қойдың аша тұяғының арасы шалынған қидан бітеліп, жараға айналуы. Тұяқтың арасына ауа бармай, тұяғы ісіп, аяғы баздана кетеді. Қой аяғын сілтіп басудан байқалады. Ақырында ақсақ қой малға ілесе алмай қорада қалады [83]. *Aқсақ қой түстен кейін маңырайды* деген халық мақалының уәжі осы сюжетке байланысты болса керек.

Қосжұлдыз – егіз жұлдыздың атауы. Үркер жұлдыздың жанында көрінетін екі жұлдыз. Үркер тумас бұрын екі сағат ішінде пайда болатын қос жұлдызды қазақ есепшілері Үркердің босағасы деп атаған. Ал Аймен тоғысып, одан кейін Үркермен тоғысқан қос жұлдызды Үркердің оғы деп атаған [84].

Қоссырнай – екі кернейлі (ауызды) үрмелі аспап. Қоссырнайдың жай сырнайдан ерекшелігі - мойны ұзыншалау болады. Ертеректе пайдаланылған қоссырнай аспабы қара қурайдан жасалған. Екі ауыз қоюының себебі, сыйбызғы үнін қүшешту үшін жасалған екен.

Қоссаз – шертер мен домбыраны біріктіріп жасаған бес ішекті шертпелі аспап.

Қосұзбелі шолпы – күміс теңгелерден қос қатарлап, күміс сымдармен үзбелестіріп жасалған әшекей бұйым атауы. Қосұзбелі шолпы тұрмысқа шықпаған бойжеткендер тағатын болған. Жай шолпыдан ерекшелігі ұзындығында әрі күміс теңгелерінің молдығында. Қосұзбелі шолпыны сыңғыратпай тағып жүрудің өзі үлкен әдептілікті білдірген. Қосұзбелі шолпы қыздың мойнын тік ұстауға (күміс теңгелер салмағы) басын түк ұстауға, бойын тіктеуге ықпал жасаған.

Қос сөзімен танылған лингвомәдени атаулар тек заттық мәдениетті ғана танытып қойған жоқ, сондай-ақ қазақ халқының дүниені тану, дүниетанымын жеткізу, яғни эстетикалық танымын жеткізуде кеңінен қолданылған Мәселен, қос бұрым (қазақ қызынң сұлулығы), қос балтыр (қыз сұлулығы), қос бармақ (бармағы егіз біткен алты саусақты кісіні жанамалап таныстыру), қос белгі кісі (аты бар ісі жоқ күр селтиіп жүрген адамға қатысты айтылады), қос өркешті қызыл нар (нар түйенің ең тәуірі), қос етегі кең (кеңпейіл, ақкөңіл, жомарт адамға қатысты айтылады), қос жанар (екі көз, екі қарашық), қос қазы (жылқының екі қабырғасынан жасалған үлкен бір қазы), қос қайыңдай (егіз лебізді, тел өскен), қос қанат (құстың екі қанаты немесе поэтикалық мағынада ұлы мен қызы, тірегі), қос қыртыс өркеш (будан түйелер өркешінің үстіне екінші қабат өркеш түскендей болып көрінетін қомақты да ірі өркеш), қос қырсықты мінез (ішінде бүкпесі бар, құлық-сұмдығына құрық бойламайтын адам туралы), қос тепең (қосарлап жеккен атты тепектете айдау), қос шырақ (екі көздің жанары).

Қорыта келгенде, «екі-қос» моделінде жасалған тілдік қолданыстың жиілігі жоғары, себебі қос ұғымына қатысты дүниелер ұлттық санада қатталып, күнделікті тіршілікке қажетті зат атауларын білдіруші мәдени таңба ретінде жадыға сіңген. Қазақ дүниетанымында қос ұғымы қатарласқан екі дүниенің паралель түсін бейнелейді.

«Екі - жұп» моделі. Жұп сөзі де екі ақиқат дүниенің қатарласуын, бірігуін білдіретін кең ұғым. Жұп атауының қос ұғымынан айырмашылығы мынада: қос бірдей дүниенің қатар болуын білдірсе, жұп бір-біріне ұқсамайтын мүлде бөлек екі дүниенің қатар жүруін білдіреді. Мәселен, қазақ мәдениетінде жұп ұғымы әйел мен ерге, бөрі мен қанышыққа қатысты, ерлі-зайыптыларға, екіге бөлінетін сандардың бірігуіне қатысты, екіден топтасуға қатысты айтылады. Қазақ тілінде жұп ұғымын бейнелейтін тіл бірліктеріне талдау жасау нәтижесінде «Жұп моделін» құрайтын ұғымдар жинақталды:

Жұбы берік – ынтымағы берік, бірлігі күшті, тату-тәтті деген мағынаны білдіретін тұрақты сөз тіркесі.

Жұбы жазылмаған – бір-бірінен ажырамаған айырылmas деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркес. Жұбы жазылмаған фразеологиямі әдетте жан достарды сипаттауда, береке, бірлігі бұзылмаған ерлі-зайыптыларды танытуда қолданылады.

Жұбын жазбады – сыңарынан ажырамаған, үнемі бірге жүрген деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркес. Аққулар жұбын жазбайды, бөрі қанышығымен жұптасып тіршілік етеді.

Қазақ халқының когнитивтік санасында жұп ұғымымен танылатын философиялық жұптардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

«Жақсы - жаман» жұбы – адами құндылықтардың ең жоғарғы және ең төменгі деңгейін танытуға бағытталған функционалды жұптасқан категориялар. Жақсы-жаман ұғымдарының жұп категория екенін тілдік жүйедегі тұрақты тіркестер дәлелдей алады: *жақсы-жаманды ажыратты, Жақсысын асырды, жаманын жасырды; Жақсы-жаманы аралас, Бір жақсы, бір жаман, Жаман-жақсы болса да; Жаман айтпай жақсы жоқ;*

«Адал - арам» жұбы – жалпыадамзаттық дүниетанымда бір-біріне қарама-қарсы тұратын метафизикалық ұғымдар болғанымен, олар бірінсіз-бірі айғақталмайтын жұп категориялар. *Есектік күши - адал, сүті - арам.*

«Ерлі-зайыпты» жұбы – некелескен әйел мен еркектің жұптасуы, отбасын құрып, бір шаңырақтың астында бірге өмір сүруі, үрпақ жалғастыруы. Қазақ дүниетанымында ерлі-зайыптылар жұбының жазылмай, берік болуына балалы болу бақыты себеп болған. Ерлі-зайыптыларды қазақ мәдениетінде *отағасы және отанасы немесе ошақана* деп те атайды. Ереккеке - *ері* деп, ал әйелге - *зайыбы, жұбайы* деп атау қазақ мәдениетінің этикеттік нормасын білдіреді. Тіпті жұбайына айтылатын «*қабыргаммен кеңесейін*», «*қабыргаңмен кеңес*» тіркестерінің аргы уәжінде мифтік түсінік бар. Діни-мифологиялық түсінік бойынша әйел ер адамның қабыргасынан жаралады. Кейін бұл түсінік отбасының ұйытқысы болған, ерінің кеңесшісі, көмекшісі болған әйелге қатысты жаңа семантикалық мәнге ие болғанын байқаймыз. Қазақ мәдениетіндегі

отбасылық жұптың беріктігі «Зайыбыңмен дос бол, үйіне береке кіреді, Жақсымен дос бол, қадіріңді біледі» деген халық мақалынан анғарылады.

Жұбай, жұбайы сөзінің сөзжасамдық құрылымына келсек те жұп сөзіне негізделеді. Ендеше жас жұп, жас жұбайлар сияқты сөз қолданысының өзі ерлі-зайыпты ұғымының жұп категориясына жататынын айғақтайды. Жаңа отау құрған жас жұбайларға «екі босағаң тәң болсын!» деп бата береді. Бұл тілектің мәдени кодын ашатын болсақ, қазақ мәдениетінде оң босаға - еркекке, сол босаға - әйелге тиесілі, екі босағаның беріктігі тендей болуы, бір шаңырақтың астында бірін-бірі сүйеп, қолдап, көмекші болуын мензеуден туындаған. Оған негіз болатын деректерден, яғни қазақ тұрмысындағы киіз үйдің оң жағы ердің бұйымдары, ал сол жағында әйелдің қазан-ошағы, ыдыс-аяғы орналасуынан байқауға болады.

Этнотілдік ұжымда бедеу әйелдің бедеулігі бақытсыздық деп саналған. Сол үшін бедеуліктен арылу мақсатында түрлі ем-домға жүгінген. Жалпы бедеулік қазактар арасында сирек кездескен. Дегенмен бедеуліктен арылуға ұмтылмаған әйелдің отбасын: «Қоспасыз қос бедеу - бір төсектегі екі еркек» деп баға берген. Осындағы ауыр сөзді естімес үшін әйел жас сәбиге еміренсе бала көтерер деген сеніммен бала асырап алуға тырысқан. Тіпті бедеу әйелдер жаңа туылған нәресте кіндігінен екі тілім кесіп алып, қуырып, қуырдаққа араластырып жеген. Ондағысы - нәресте мен оның кіндігі егіздердің сыңары болған жанының бір бөлшегі болады деген сенімнен туындаған ырым. Екі тілім кесіп алыу - бір емес, екі бірдей бала бұйыртысын деген ниеті.

«Егіздер» жұбы. Егіз ұғымы бір анадан бір мезгілде туған сәбілерге қатысты айтылған. Кейін халық санасында жұп ретінде стереотиптеп екі сыңарлы дүниелерді егіз деп атау қалыптасқан. Егіздер дүниеге келгенде олардың дінене бітіміне қарап ұлken-кішісін ажыратып жатады. Халықтың дәстүрлі танымында бірінші дүниеге келгені екіншісіне қарағанда ірілеу, әрі ширақ болады. Егіздер біркіндікті егіз және екі кіндікті егіз болып бөлінеді. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде біркіндік егіздің біреуі ауырса, екіншісі де ауырады, біреуі шетінесе, сыңарының да шетінеуі ықтимал деп түсінген. Себебі біркіндікті егіз сыңарынсыз өмір сүре алмайды деген түсінік қалыптасқан. Ал екіншікінде егіздердің өзгешелігі болады, тіпті жынысы да екі түрлі болуы мүмкін (бірі - ұл, екіншісі – қызы). Егіздердің ұқсастығына қарай тілімізде ұқсас ұғымдарды егіз қозыдай, егіздің сыңарында, бір ененің егіз туған төліндей деген теңеулермен мензейді. Сол сияқты жалғыз емес деген ұғымды танытуда егіз мағынасы жұмсалады: *Аруақ егіз, Құдай тақ*. Жан достарды сипаттауда, айнымас серік, жан дүниесі бір, тағдыры бір достарды бейнелі турде егіз бұтақ деп атау қалыптасқан. Сондай-ақ көрші отырған екі елдің татулығын, берекелі бірлігіне қарап, егіз ел деп атаған. Егіз ұғымы қарғыс мәнді қолданыстарда да кездеседі. Халықтың назы, реніші болғанда егіз екі болмагыр! деп қарғайтын болған. Егіз ұғымы термин атаулары ретінде де семантикалық құрылымын кеңейткенін байқаймыз. Эдебиеттану саласында егіз ұйқас термині бар. Қатар тұрған екі жол ұйқасып келетін өлең өлшемі. Егіздің екі сыңардан, бір-бірінен ажырамас жұптан құралуы заттық мәдениетті атауда да көрініс

табады. Қазақ мәдениетінде «егізі» деп аталатын өрнек түрі бар. Бұл - белгілі бір заттың бүйімның немесе бейненің суретін екіден, жұбымен қайталағының өрнек. Қазақ дүниетанымындағы сыңар, жалғыз дүние жоқ, жаратылыстың барлығы екі жақты немесе жұбымен болады дегенді білдірудің нышаны деп қабылданады. Өмір-өлім, әйел-еркек, жақсы-жаман сияқты жұптың ұғымдарды егіз болмысында тану наным-сенімінен туындаған деп қабылдаймыз. Егізі өрнегі жас отау құрган жұбаларға арналып тігілетін көрпе төсекке, жиһаз бүйімдарына, аяққап, қоржын, т.б. дүниелеріне салынатын болған. Жұптарың жазылмасын, сыңарыңнан, жан серігінен айырылма деген наным-сеніммен егізі өрнегімен оюланған. *Қой егіз туса бір түп жұсан артық шығады* деген наным-сенімнің қазақ халқы үшін стимулдық жігерлігі де жоғары екені байқалады.

«Екі – аша» моделі. Бір дүниеден екі айырылып шыққан екі тармақ ұғымын білдіретін екі ұғымын танытатын концептілік өрістің бірі. Аша ұғымын білдіретін семантикалық өрістің қатарына *бұт, аяқ, айыр, жақ, екіге жару* сөздері енеді.

Аша сөзінің арнайы екі ұғымын білдіретін модель ретінде алынуының басты себебі, тілдік қолданыс жиілігі мен семантикалық реңкінің көптігі. Мәселен, мама ағашты ашаға байлау дейді. Кейде шанышқыны - аша (жергілікті тіл ерекшелігі), үй ашасы (шатырдағы бел ағаштар), адабақанды аша деп атау, Ашасы Қарғалының керуен өткен (жолдың екі айырылуы); Тоқабай, Дұзбай ашаларындағы жайылымда болатын (екі сай мағынасында қолданылуы). Сондықтан аша ұғымының екіге айырылу семантикасынан өрбіген тілдік бірліктерді талдауды ұсынамыз:

Аша ағаш – құсбегінің қолы талмас үшін құс қанатын сүйеп тұратын бүркіт балдақ. Екіге айырылған ағаштан жасалады. Қазақ мәдениетінде ағаш ағашты аша ауыз деп те атайды.

Сөзі аша шықты – тұрақты тіркес. Сөздері үйлеспей, сәйкес келмей, екеуі екі түрлі сөйледі деген мағынаны білдіреді. Қазіргі қолданыста сирек кездеседі, бірақ классикалық қазақ әдебиетінде жиі қолданылған.

Аша – мал байлайтын айыр тармақты мама ағаш. Ұзын ағаштың екі үшін аша болып, тірек ағаштарға бекітіледі. Адалбақан да дәл осылай құрылады және оның қызметі ілу немесе байлау үшін қолданылады. Сондықтан адабақанды да аша деп айту қазақ мәдениетінде жиі кездеседі. Бірақ шаңырақтың құрылышында ашабақан да бар.

Ашабақан – жоғарғы жағы екі айырылған ұзын сырый. Ол киіз үйдің түндігін ашып-жабу үшін арнайы жасалған. Ашабақанның көшпелі ортадағы қолданысы ауқымды: жауынды құндері көлденен сырыйты тіреу етіп салады; он жақ босағана қадап мал әбзелдерін іліп қояды.

Ашақай – мал тілінің арт жағындағы шықшытқа ұласар тұстағы аша сүйек. Ертеректе бұл сүйекті балаға ойыншық ретінде берген. Ашақайдың екі ашасының бірін - әкесі екінші ашасын - анасы деп түсіндіріп, «кімнің баласының?» деп сұрайтын болған. Бала ашаның біреуін ұстаса, соны жақсы көреді деп ойнаған.

Ашамай – нар түйеге жүк арту мақсатында салынатын ер әбзелінің бір түрі. *Мықтап тарт ашамайдың қолтырмашын, Жас бала жол үстінде болдырмасын*, - деген өлең «ашамайға мінгізу», «ашамай тойынан» дерек береді. Ашамай түйенің әбзелі болғанымен ер баланың ер жеткенін танытуға ниеттелген қазақтың арнайы салты бар. Ашамайға мінгізу - он үшке жеткен ер баланың жыныстық жетілуін паш ететін ғұрыптардың бірі.

Ашатұяқ – тұяқтары ашалы төрт туліктің жалпы атауы. Оған қой, сиыр, ешкі жатады. Жылқы тұллігін айтұяқты деп атайды.

Ашамүйізділер – жұптұяқтылар отрядына жататын күйісқайыратындар тармағының бір тұқымдасы.

Байқағанымыздай аша сөзінің аясында бірнеше лингвомәдени атаулардың шоғырлануы халықтың дуниені тану және оның репрезентациялау үрдісінде ассоциациялық түсініктің еркін көрінісін аңғарамыз.

«Екі – жақ, тарап» моделі. Екі жақтың қарама-қарсылығын, екі тараптың коммуникациясын объективтендіретін семантикалық өрістің бірі - жақ, тарап моделі. Қазақ мәдениетінде екі тарап моделі екі жақ болып бөлініп ойнайтын ұлттық ойындардың мазмұнынан көрінеді. Мысалы: *дойбы* – бір-біріне қарама-қарсы екі тараптың бірін-бірі жеңуге бағытталатын ойын түрі. *Күрес* – екі адамның белдесіп, бірін-бірі жығуы. *Бұқа тартыс* – екі жақ болып күш сынасатын ойын түрі. Сол сияқты өзге дуниелерде де мазмұны екі жақтылықты сипаттайтын ұғымдар кездеседі. Мысалы, *Бейуақ* – күн мен түн таласқан шақ, апақ-сапақ екі кештің арасы. *Ара би* - дауласушы екі баққа басу айтып, шешім шығарушы. Бұнымен қоса ол екі жақтылық бала асырап алу жосындарының жөнжоралғыларында да айқын көрініс табады. Қазақ мәдениетінде бала асырап алуға бекінген ата-ана мен бала беруші ананың арасындағы келісімшартты айғақтайтын жөн-жоралғысы болады. Ол көпшілікті күэ етіп, ер бала асыраса, оған асық жілік ұстаратады, ал қызы бала асыраса, оған тоқпан жілік ұстаратады. Осы жоралғы орындалғаннан бастап күәгерлердің алдында бала енді асырап алушының баласы ретінде танылады. Жілік ұстату жоралғысы – екі жатың да бала алу, бала беру ісіне ризашылығын білдіретін айғақты нышан ретінде ұғынылады. Егер бала беруші кейін туған баласын алғысы келген жағдайда алқа билеріне жілік ұстату жоралғысы болғаны дәлелді айғақ болады да, бала берушінің әрекеті заңсыз деп танылады. *Ат қүйрығын кесісу* – дауласқан екі жақтың арақатынасы біржолата үзілді деген мағынада қолданылады. Ат қүйрығын кесіскең екі жақтың кектігі бара бара *ата жауға ұласуы* мүмкін. Ата жау болғандар жауласып, тыныштықты, береке-бірлікті бұзады деп, ондай жағдайға жеткізбес үшін алқа билер татуластыру рәсімдерін жасаған. Ертеректе билер дауласқан екі адамды татуластырған кезде оларға *ала жіп ұстаратын* болған. Даулы іс біткеннен кейін орындалатын татуластыру жоралғысы атқарылған. Араздасқан екі кісі ала арқаның екі жағынан ұстап керіп тартады, екі жаққа да ортақ сыйлы беделді адам арқан ортасынан қызып жібереді. Бұл жоралғы – екі адамның жауласпауға, араздаспауға берген уәдесімен тең. Қайтадан даулассақ тәнір жазамызды берсін, осы ала жіптей қызып қалайық

деген сөзді білдіреді. Қазақ әдебиетіндегі жыр жолдары аталмыш жоралғының болғанын дәйектей түседі:

Алып келіп қойылды алтын табақ,
Табаққа тұзға қоса сүт тамызды
Екеуі оң қолымен жатты жалап
Екі жақ сол табақтан тегіс тапты
Біреуіне алаймай бері қарап
Бұл мұрасым дәстүрлі тараған соң,
Отырысты көпшілік қайта тарап
Алып келді ортаға ала жіпті,
Екі жақ оны ұстап тізе бүкті
Он қайта қастаспаудың белгісі екен
Бұл ырым қуандырды көрген жұртты [85].

Екі жақты бітістіру рәсіміндегі ала жіп, ала арқан ұғымында екі түрлі түстен (ақ және қара, т.б) алалықтың символы арнағы таңдалып алынған деп ойлаймыз. Себебі адамдарды алалау (екі жікке бөлу), ойдың алалығы (жақсылықпен қатар жамандықты да ойлап тұру) сияқты ұғымның абстракциялануынан да негізгі мазмұны түсініледі. Тілімізде осы мазмұнның жалғастығы ала жібін аттамау, ала жібі кесілмеген тұрақты тіркестерден айқын байқалады.

Екі жақтылық стихиясы ақ пен қараның қарама-қайшылығынан өрбиді. Мәселен қазақ дүниетанымында ақ тек позитивті түсінікте ұғынылады: *ақ* - тазалық (аққа орану, ақ арулап көму), *ақ* – молышылық (аққа қарық болдық, ағарған ішіп тойындық); *ақ* - әділдік (ақты - ақ деп бағала); *ақ* - сәттілік, бақыт (өмірдің ағы, ақ жол, жолың ақ болсын!), *ақ* – адалдық (мәңгілік ақ болып өттім, саған ақпын! ақталу, ақтығынан айрылмады). Ал қара кей мағынада негативті түсінікте танылады: қара - ұятсыз (қара бет); қара - арамдық (қара ниет); қара - абыройсыздық (жүзіңе қара салдырдың); қара - терістік, қисық (істің ақ пен қарасы), қара - сәтсіздік (өмірдің ағы мен қарасы), қара - өлім (қара жамылу); қара - тауқымет, қайғы (басына қара бұлт төнү). Ақ пен қараның екі жақты мәні қазақ мәдениетіндегі кейбір ырымдарда айқындалады. Мәселен, қазақ халқы көктемде күн алғаш күркірегендеге «мал сүтті болсын» деген ниетпен шөмішпен ақ айран алып шығып, үйдің жабығына жағады, босағаға төгеді, киіз үйді айналдыра аластап, «сүт көп, көмір аз» деп айтып шығады. Сүт көп дегені - көктем келді дегені, көмір аз дегені - қыс кетті дегені екен. Сүт көп, көмір аз тіркесіндегі сүт пен көмір ақ пен қара стихиясының бейнелі көрінісі. Ағарған - тоқшылық символы болғандықтан, ақпен аластау - көк мол болсын, мал төлдеп, ағарған молайсын деген ниетті білдіреді.

Екі санының ғаламдық бейнесін былайша семантикалық өріске талдан көрдік:

- *ecen* (екі қойың бір сом)
- *реттілік* (екінші байлық - он саулық)
- *жұп* (бас екеу болмай мал екеу болмайды; екі жар);
- *қанағатсыздық* (екі кеменің басын ұстаган суга кетеді)

- *өмір/өлім* (екі дүние)
- *өлшем, шама, мөлшер* (екі елі, екі көз, екі иық, екі аяқ)
- *қарсы келмеу* (айтқанын екі етпей)
- *қарама-қарсы жақ* (бір таяқтың екі басы)
- *бұтіннің жартысы* (екі жарты бір бүтін)
- *жакындық* (бір көрген біліс, екі көрген таныс)
- *жүкті* (екі қабат)

Қорыта келгенде, екі ұғымы – есептік немесе реттік қатарды ғана білдіретін сандық мәнде емес, қосақталу, сыңарлану, ажырамау, жұптасу, екілену, жақтасу, араздасу, теңесу, қарама-қайшылық, бірігу, бірлік, тұтасу ұғымдарын сипаттайтын семантикалық өрісі кең концептілік категория деп танылады.

2.3 Үш санының мәдени-философиялық мәні

Қазақ халқының киелі қазынасы - рухани құндылықтар. Халқымыздың санғасырлар бойы өлшемі мен ұстанымы болып келген киелі сандардың астарындағы философиялық ой-толғамдар арнайы зерттеуді қажет етеді. Тілдік қорда сақталған сандарға қатысты тұжырымдар халықтың танымы мен логикалық көзқарасын айқын таныта алады. Ұлттық философиялық танымын тіл арқылы айқындау сандар ұғымындағы пәлсапалық ойды зерттеу нәтижесінде дәл көрініс табады. Себебі тіл – дүниені адамзаттың тіршілігі өтіп жатқан әлем ретінде жасайды. Ал адамзаттың тіршілігі ақиқат дүние әлемі екені (мәдени әлем, рухани әлем, діни әлем, т.б.) белгілі. Тіл сол ақиқат дүниені жасаушы емес, ол тек әлем бейнесі туралы түсініктерді жеткізуші ғана. Дегенмен, біз тілдің көмегінсіз болмысты толықтай тани алмаймыз. Осындай тіл мен ойлаудың бірінсіз-бірі болмайтын құбылыстар арасындағы әрекеттерді зерттеу лингвофилософия ғылымының мақсатына айналып отыр.

Адамзат баласының саналы іс-әрекетінің жемісі — ой әлемі болғандықтан, ой дүниесі әлемнің жалғыз бейнесі ретінде қабылданады, сондықтан ойлау тек тілдік жаратылысқа ғана тән құбылыс. Тілдің философиялық мәні рухани дүниенің күші ретінде көрінеді.

Қазақ үшін *үш саны* - лингвофилософиялық бірлік. Қазақ дүниетанымында жақсылықтың да жамандықтың да ақырғы шегі – *үшеу*. Мысалы, *үш артық* – адалдық, еңбексүйгіштік, өнерпаздық; *үш жамандық* - нақақ қан төгу, кісі малын нақақ алу, ата-бабадан қалған ескі жүртты бұзу. Жанқұтты шешенниң айтуынша, *үш ақиқат* (қымбат - шындық, арзан - өтірік, дауасыз - кәрілік). *Үш қуаныш* (алғыс алу, өзінді көптің іздеуі, ісінің өшпеуі). *Үш биік* (билік, дәүлет, даналық). *Үш асыл* (көз, тіл, көңіл). *Үш ынтық* (еркін өмір, құрметке бөлену, пайдалы еңбек ету). Абайдың айтуынша, *үш тұл* (қайратсыз ашу тұл, тұрлаусыз ғашық тұл, шәкіртсіз ғалым тұл). Төле бидің даналығы бойынша *үш кедейлік* (кежірлік, еріншектік, үйқы). *Үш бақытсыздық* (жаман ат, жаман қатын, жаман көрші). *Үш көз* (су анасы - бұлак, жол анасы - аяқ, сөз анасы - құлак). *Үш қуат* (ақыл қуат, жүрек қуат, тіл қуат). *Үш гайып* (ажал ғайып, қонақ ғайып, несібе ғайып). *Үш арсыз* (үйқы, күлкі, тамак). *Үш даусыз* (мінез, кәрілік, ажал). Жиренше шешенниң

айтуы бойынша, *үш қадірлі* (ырыс, бақ, дәulet). *Үш қазірсіз* (жігіттік, денсаулық, жақсы жар (әйел)). *Үш тәтті* (жан тәтті, мал тәтті, немере тәтті). *Үш тоқтам* (ақыл-арқан, ой-өріс, адам-қазық). *Үш жұрт* (ағайын жұрт, нағашы жұрт, қайынжұрт). *Үш байлық* (бірінші байлық - денсаулық, екінші байлық - ақ жаулық, үшінші байлық - он саулық). *Үш алыс* (жер мен көк, кәрі мен жас, жақсы мен жаман). *Үш ортақ* (ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ). *Үш қат* (жоғары қат-аспан, ортаңғы қат - жер үсті, төменгі қат - жер асты). *Үш кемдік* (надандық, еріншектік, зұлымдық). *Үш қасиет* (өліде - аруақ, малда - кие, аста - кепиет). *Үш тағылым* (мейірімнен – сауап, жақсылықтан – шарапат, жамандықтан – кесапат).

Үш санымен шектелетін аталмыш ұғымдарды сарапқа сала отырсақ, қазақ жерінде өскен ата-бабаларымыз дүниені логикалық көзқарас арқылы түсінгені байқалады. Қазақтың осы данышпандық ойлары философиялық түрғыдан дәлелденгеніне көз жеткіземіз. Оразалы Балабековтың зерттеуінде үш санына қатысты халықтық философияның әлемдік философиямен дәл келетіні айқын дәйектелген. «Табиғаттың, қоғамның және адамдардың бір-біріне көзқарасы әлемнің және Жаратушының бірлігін зерттеуден туған. Мысалы, үш алыс: жер мен көк, кәрі мен жас, жақсы мен жаман. Олардың бір-біріне байланыс заңдылығы бар екенін байқаған. Осы концепциядан ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ деген тұжырымға кім қарсы болады? Көне заманнан келе жатқан қазақтың философиялық трактаттарының барлығы дерлік қазіргі заманның өзінде пайдалы қолданыс тауып жүр... Бізді көп ойландыратын санға байланысты мақалдар: Төртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді. Басқа халық бұны түсінбеуі мүмкін. Қазақ көп сойлемейді. Токетерін бір-ақ айтады. Аталмыш мақалдағы төртеу: денсаулық, ырыс-дәulet, сый-сияпат, мал-жан. Алтау: бала-шаға, туған-туысқан, көрші-қолан, құда-жегжат, нағашы-жиен, жора-жолдас. Қандай философия десеңізші!»[86, 4-5 б.]

Қазақтың киелі сандарының ішінде үш саны басқа сандармен салыстырғанда жақсы мен жаманның өлшеуіші ретінде тағылым беруші таңба ретінде, тәрбиенің кілті ретінде дидактикалық сарыны басым сипатқа ие. Мәселен, жеті заң, құқық өлшемі ретінде, астрономиялық құбылыстардың өлшеуіші ретінде, табиғат құбылыстары мен тұрмыс-тіршіліктің негізгі параметрлері ретінде кодталса, тоғыз байлық пен дәuletтің, сыйластық пен құрметтің атрибуты ретінде санада терең сақталған. Ал үш санымен өлшенетін ұғымдар өнегелі өсиеттің өлшемі ретінде халықтық философиялық даналық шешімі ретінде қабылданады. Қазақтың данагөй шешендерінің тілінде үштік ұғымдар халықтың кемшілігі мен қатесін түзеу мақсатында айтылған ғибрат қолданыстар. Мысалы, *үш зая*: *Ақымаққа айтқан сөз зая, Қараңғыга телмірген көз зая, Болмашиға қайрылған өмір зая*. *Үшке тоқтау қыл*: *Өмірге тоқтау қыл, өлімге тоқтау қыл, көңілге тоқтау қыл*. *Үш мақтанишақ*: *Қатынын мақтаган, атын мақтаган, асын мақтаган*. *Үш жүйрік*: *Көңіл жүйрік, тіл жүйрік, қол жүйрік*. *Үш жаман*: *Тастарманда қатын жаман, көшерменде жұрт жаман, жұтаганда қыс жаман*. *Үш жау*: *Шайпау болса қатын жау, қыдырмаши болса қызың жау, тілазар болса ұлың жау*. *Үш жетім*: *Ер алмаган қыз жетім, қаз қонбаган көл жетім, шалғыны жоқ жер жетім*.

Бұл үштік ұғымдар шынайы өмір сүру барысында, қазақтың тұрмыс-тіршілігінде болған ақиқат дүниенің нәтижесінен туындаған ой-толғам шешімдері іспетті.

Қазақ дүниетанымында үштік - бірліктің, тұтастықтың нышаны ретінде танылады. Мысалы, қазақ танымында отбасы үштік бірліктен құралған: әке, шеше, бала. Осы үшеудің толық болуы нағыз отбасы саналған.

Әр отбасында баланың көп болуы сол рудың күшті болуы, рудың күшті болуы елдің күшті болуы деп санаған. Сондықтан да қазақ қоғамында дәріптелетін асқақ мұраттардың бірі – қауымдағы әрбір отбасының «өсіп-өнуі, көбеюі-көктеуі», яғни, өздерінің артына неғұрлым көп ұрпақ ерту қажеттігі болып саналған. «Үштік - бірлік, тұтастық» концептісінің келесі бір тармағы мына мақалдан көрініс табады: «*Bір бала – жоқ бала, екі бала – жарты бала, уш бала – бір бала*». *Уш бала-бір бала* паремиясы қазаққа ғана тән құндылық. Уш баланы бір бала ретінде қабылдаудың астарында «артында ұрпағың қалсын, елің өсіп-өнсін десен үш баладан көп болуы керек» деген ұлттық болмысқа тән өсиет жатыр. Бата беріп, тілек тілегенде міндетті түрде өсіп-өнуді, көбеюді тілеп отырған. Бұл сол заманың талабы еді.

Отбасының ұйытқысы болған *ошақтың уш бұты* тіліміздегі тілек-бата, теңеу, мақал-мәтел құрамында да көрініс табады. Мысалы, ұзатылып бара жатқан қызына ата-анасы «*Күдай ошағыңың уш бұтына берсін!*» - дейді. Мұндағы ошақтың үш бұты – қүйеу, қыз және ертеңгі көретін балалары.

Ошақ – қазақ үшін қастерлі дүние. Уш бұты бар ошақтың айналасына қоршалана жайғасқан ағайын-туыстың бейнесі, тіпті бүкіл ру мен ауылдың басын біріктіретін атрибут – үш бұтты ошақта піскен тағам екенін көз алдымызға елестету арқылы ошақты бірігу, тұтасу ассоциациясы ретінде қабылдауға болады. *Ошақтың уш бұтындағы* деп келетін теңеу – дәстүрлі мәдениетте ошақтың береке-бірліктің де нышаны екендігін айқындай түседі. Тілдік қолданыста ошаққа табынуға байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер көбіне белгілі жосындарға, ғұрыптарға негізделген болып келеді. Мысалы, *ошақтың уш бұтынан сұраймын, үй ішінің, бала-шагамның амандығын тілеімін*. *Ошақтың уш бұтына берсін, үй ішінің тілеуіне, несібесіне бұйырсын* деген тілектер отбасының бірлігін сақтауға негізделеді.

Ұзатылған қызға жасауын жасағанда қазан мен ошағын қосып берген. Ал, кейде ошақтың үш бұтына деп оның орнына бүркіт берген. Мұның мәні бүркіт «қырық қырсықтың бетін қайтарады» деген ырыммен байланысты болса керек.

Сондай-ақ, «әйелдер ошақтың үш бұтынан асырып отын үймейді». Олай болғанда қүйеуінің көңілі басқа әйелге ауып кетеді деп түсінген. Үй ішінің амандығын тілеуде «*ошақтың уш бұты аман болсын!*» делінген. Яғни, ошақтың үш бұтының бірі болмаса ошақтың өз-өзін ұстап тұра алмайтындығын отбасының амандығымен теңестіре қарастырған. Ал, біреуге кіріптар болмай, іздегені өз үйінен табылсын дегенді «*ошақтың уш бұтына берсін!*» делінген. Үй ішінен айналышқтап шыға алмаған, үй тіршілігін ғана білетін адамға қаратылып «*ошақтың уш бұтынан шықпады*» деп айттылған.

Жігіт адам үшін өзінің үш жұрты ошақтың үш бұты, яғни үш тағаны іспеттес болған. Ал, осы үш жұртты тендей ұстаған жігіт мына өмірде еш таршылық көрмеген. Бұған себеп жігіт адамның басына қыындық түссе бірі болмаса бірі қол ұшын беріп демеу болған.

Үлкендер бір-бірімен шүйіркелескенде «*Ошақтың үші бұтындаі емеспіз бе?*» деп жақын тартады. Бұл жерде де үштікті қазақ халқы бірігудің негізі ретінде қабылдағанын анғартады. Сондай-ақ қазақ тілінде «*үші жүздің баласы*», «*Үйірімен үші тоғызы*» қолданыстары тұтастық, ауызбірлік, бірлік-береке мәнін сипаттайды.

Қазақ дүниетанымында үш – ақыл-ойдың өлшеуіші ретінде қабылданғанын «*ер кезегі үшке дейін*» мәтелі дәлелдей түседі. Қазақ ер жігітті тәрбиелеуге ерекше мән берген. Ер жігіт - отбасын асыраушы, елдің қорғаны деп танылған. Ойланбай жасалатын қылықтарға жол берілмеген. Әрбір істі алдымен терең ойланып барып жасау қажеттілігіне қатаң тыйым қою мақсатында айтылған аталмыш мәтелдің пәлсапалық мәні зор. Мәтелдің астарында үшінші сынақтан сүрінген ерге ел болып сынмен қарау өсietі жатыр.

«*Үшті*» құрметтеу ислам дінінде де бар. Мәселен, қасиетті «*Ықылас*» сүресін, кез келген аятты оқығанда үш рет қайталанып отырады. Сондай-ақ мұсылман елдерінің ауыз бекіткен «*Ережеп*», «*Шағбан*», «*Рамазан*» айларын басқа айлардан бөліп алып, айрықша «*Үш айлар*» деп атаған. Аталмыш үш қасиетті ай қатар келеді. Ережеп – Алланың айы, шағбан – Пайғамбардың айы, рамазан – жалпы мұсылмандардың айы ретінде қабылданады.

Мұсылман агиологиясы бойынша дүниеде үш ғайып бар. Олар: нәсіп ғайып, неке ғайып, дидар ғайып. Әрбір адамға, отбасына тиесілі сыбаға, үлес, ризық-ырыс, сонымен бірге Алланың пендесіне бұйыртқан ризығы, Құдайдың әмірімен болатын адамның маңдайға жазған тағдыр-талайы, жазмыш тілімізде несіп, несібе, нәсіп деп аталады.

«*Үштік*» сонау көне тәнірлік түсінікте де киелілігімен танылған. Мәселен, қазақтың үйлену салтында келін ғана емес, қүйеу бала да отқа май құйған. Отқа май қую рәсімі басталмас бұрын, қыз әкесінің үйін аттап кірген қүйеу бала алдымен *үші рет тәжім* етіп, содан кейін қолына ұстатқан ожаудан шоққа май құятын болған. Демек, қыздың үйінде отқа тәжім ету отқа табынудың сарқыншағы болса керек әрі қыздың үйі де өз үйімдей қабылданды деген тілекті білдіреді.

Үш санының киелі мәні қазақ халқының көптеген салт-дәстүрлері мен ырым-жоралары, ұғымдары мен байламдарында анғарылады. Мәселен, дарынды адамдарға “*киесі жүқсын*” деген мақсат-пен балалардың аузына *үші рет түкіртетін* ырымдары осыдан тараған. Мысалы, қыргыздарда “*Манас*” жырын айтуға құмар болған қойшы баланың аузына Манас *үші рет түкіріп* бергеннен кейін қойшы төкпе жыршы, манасшы болып кетеді. Ендеше, үш саны киелі, бойына тіршілікке жан беруші құдыретті сыйдырған. Ана құрсағындағы нәрестенің үшінші айда алғаш рет қимылдайтыны осы сиқырлы құдіретінде.

Нәрестенің дүниеге келген құрметіне арналатын салт дәстүрдің бірі – шілдехананың *да үш күн, үш түн бойы* күзетуінің де себебі бекер емес. Яғни

жаңа босанған ана мен жас нәрестені назардан тыс қалдырмай, сыртқы кері әсерден қорғау сенімінен туындаған ырым. Сол сияқты әйел затына және жаңа босанған анаға алуан түрлі зиянкестер өте жақын үйрек болады деген мифтік танымның іздері қазақы ортадағы ғұрыптарда берік орын алуымен байланысты. Ондайда «алас, алас» немесе «алас, алас, ауру-сырқаудан алас, тіл мен көзден алас» деген сияқты магиялық мәнді сөздерді *үш мәрте қайталауга* тиіс. Сондағана оттың қасиеті мен сөз киесі екеуі қосыла отырып, пәленің бетін қайтарады деп сенген.

Қазақта дүниеге келген сәбидің мұсылмандық дәстүр бойынша молда немесе үлкен адамдардың бірі азан шақырып, құлағына *үш рет сыйырлап*, азан шақырып, қазанның құлағын қағып ат қояды. Бұнда да үш рет қайталау көрініс табады. Демек, үш мәрте қайталау шамандық, мұсылмандық діннен келе жатқан стереотипті құбылыс. Үш мәрте қайталау түркі халықтарының санасына сіңген дағдылы әрекет деп түсініледі. Айтальық, айнала соққан құйынды көргенде «*тфә!*», «*тфә!*» деген сөздерді айтып, жерге *үш рет түкіреді*. «Таздың үйіне бар, таздың үйіне бар» деп құйынның бағытын басқа жаққа бұрып жіберуге тырысады.

Баланы бесікке саларда да арша тұтінімен *үш қайтара айналдырып*, аластап тазартып алғаннан кейін ғана іске кірісетін.

Үш рет қайталау дәстүрі қазақы ырымдардың көпшілігінде кездеседі. Әсіресе сыйыну, табыну, бас ию, сәлем салу, аластау, т.б. әрекеттің үш рет қайталауы, айтылатын дұға, ем сөздердің үш рет айтылуы тәнірлік дәстүрден келе жатқан дағды. Оның философиялық мәні - наным-сенім. Мәселен, сәбидің өздігінен еңбектей бастаған сәтінде қадамына сәттілік тілеу мақсатында еңбектеп тұрған баланың бауырынан бас-сирақ салынған табақты *үш рет өткізіп* бауыраяқ жосынын атқару - ақықат өмірде баланың тез жүріп кетуіне ешқандай көмек бермейді. Бұл жерде бауырын көтеріп, еңбектенуге талпынған сәбидің әрекетіне қуану, тез жүріп кетеді деп ниетіне сену логикасы басымдыққа ие.

Үш рет қайталаудың стереотипті қабылдануы мына дәстүрден де байқалады. Қазақтар ата-бабасының моласын үнсіз *үш рет айналып* өтуі қажет. Бұл - түсіндіруге жатпайтын аксиома. Сондай-ақ қабір басына келгендер жерлеу рәсімін атқарып болған соң көрден қырық қадам ұзағанда молда құбылаға қарап тұрып, осы адамдардан марқұм жөнінде «Жақсы адам ба еді?» – *деп үш рет сұрайды*. Әдетте, өлген адамның артынан жаман сөз айтуға болмайды деген дәстүр бойынша, жаназаға жиналғандар «жақсы адам еді» деп жауап береді. Ақыретке ораған мәйітті *үш жерінен*, яғни – бас, бел, аяқ тұсынан – жіппен байлайды және ол көрге орналастырылған соң шешіліп, сол орнында қалдырылады. Мәйіт осылай ақыреттеледі. Ақтамберді термесінде айтылатын «*Үш жерінен бұғызып* көрге бір түссең сол жаман» деуі осыны мензеп тұр.

Қазақы таным бойынша, торға түсіп немесе үйге бекіліп қалған құстар ұстаған соң, басынан үш мәрте айналдырып, босатып жібереді. Бұл басқа келген пәлекет болса, ол сол құспен бірге үшіп кетсін деген ниетті білдіреді.

Қазақтың дүниетанымында егер кішкене бала үйге кіріп келе жатып, босағада сүрініп кетсе немесе құлап қалса, «олжа келді, олжасын көтере алмай

келе жатыр», «құт келді, құт келетін болды» деп баланы көтеріп төрге апарып *уи рет аунатып* алады. Ол үйге келген олжа құт отбасына берік орнасын, береке бірлік болсын, ырыс пен байлық келсін деген тілектерге саяды. Қазақта баланы жеті жасқа жеткенше періште санайтыны белгілі. Бала періште болғандықтан олжа оның арқасына немесе мойнына мініп алғанда, бала оны көтере алмай сүрінеді, құлайды деп түсінген. Аталмыш ұғымның астарында үйге келген құт пен береке, байлық пен ырыс баламен бірге кіреді, баланы төрге аунатқанда сол отбасыға құт қонады, береке орнығып, молшылық болады деген ниеттің жатқандығы белгілі.

Сонымен қатар, қазақтың дәстүрлі болмысында жаман тұс көрген адам жерге *уи рет түкіріп*, «түс-тұлқінің боғы» деп *уи рет қайталап*, оны он табанымен *уи рет басатын* болған.

Шарифат заңы бойынша қүйеуі «талак» деп *уи рет айтса*, неке бұзылып ажырасуға болады деп есептелген. Егер талақ деп екі рет айтылып келесі некеге дейінгі құтетін мерзімі (ол идда деп аталағы әлбетте төрт ай он күн) өтсе, онда қайтадан некесін қиған. Демек, ұш рет қайталаудың маңызды шарттылық қызметі болғанын аңғарамыз.

Тәнірge табынушылық ресімдерінің бәрі *уи рет қайталанып* орындалған. Мәселен, ертеде қазақтар жаңа туған Айға тізерлеп отырып, *уи рет еңкейіп* мінәжат етеді. Жаздығуні болса, сол тізе бүккен жерінің шөбін жүліп, отқа тастайтын болған. Аң олжасын қолына ұстаған аңшы «Істің басы ілгері, сайтанның басы кері, *үйірімен уи тогыз*», – деп жерге *уи рет ұрады*. Ескі салт бойынша ер жігітке тиген оқты денеден шығару үшін жаралының үстінен әйелдерін *уи мәрте* аттаратын. Бұл ырым бойынша зинақорлық жасамаған, қүйеуінің көзіне шөп салмаған әйел оқ тиген жаралы адамның үстінен аттап өтсе, ауру жазылады, егер аттаған әйел зинақор болса, ауру табан астында өледі деп түсінген.

Қазақы наным-сенім бойынша, тұнде су алуға баруға болмайды (бара қалған жағдайда: Су иесі Сүлеймен, су алуға рұқсат бер, – деп рұқсат сұрап суға *уи рет кесек лақтыру* керек. Бұл жағдайда да ұш рет орындалу дағдысы көнеден қалған стереотиптік түсініктің сарқыншагы деп түсініледі).

Қазақтың дәстүрлі салты бойынша, яғни жиенқұрық жоралғысы бойынша, нағашысынан жиені *уи ретке дейін* көңілі түскен нәрсесін (жүйрік ат, қыран бүркіт, қаршыға, алғыр тазы, берен мылтық т.б.) қалап алуға құқылы болған. Ал нағашысы жиеніне қалаған затын беруге міндettелген.

Демек, ұш рет қайталаудың пәлсапалық мәні – наным-сенімге бағынған көне тәнірлік түсініктің стереотипті дағдыға айналуынан қалыптасқан деп түсінеміз. Бұғынгі күнге дейін бұл стереотиптік түсінік тілдік қолданыста жаңаша мазмұнда көрініс тауып келеді. Мысалы, «*үшке дейін санаймын*», «*аптаның үшінші күні сәтті күн*», «*уи ұйықтасам түсіме кірмейді*», «*уи қайнаса сорпасы қосылmas*», т.б.

Қазақтың халықтық философиясында ұш - жаратылыстың бастамасы.

Көптеген әлем халықтарының дүниетанымында, салт-дәстүрі мен наным-жoramалдарында ұш саны басты орынға ие және киелі сан болып саналады. Әлем

халықтарының көбіндегі мифологиялық моделі үш деңгейде көрсетіледі, сондықтан да “үш” саны қасиетті, себебі, үш дүниеден тұратын әлем киелі болып саналған. “Адамның жаны, рухы, ақыл-ой санасы Жоғарғы қабаттан беріледі. Адамның тәні ортаңғы қабаттан беріледі, адамның ақыреті (мәйіті) төменгі қабаттан “О дүниеден” беріледі. Үш саны өмірге нәр әкелуші санын да бейнелейді. Оған адам анатомиясы тұрғысынан зер салсақ, адамның тұла бойының өзі үш әлемді құрайды. Жоғарғы әлем - бас, ортаңғы әлем - мойыннан белге дейін, төменгі әлем - белден төмен қарай.

Мифтік аңыздарда *үш өлишемді әлем құрылымы* (жер беті, көк, жер асты) Бәйтерек бейнесінде сипатталады. Халық танымындағы әлем құрылымы бәйтерек түрінде көрініс тапқаны тәрізді әр шаңырақ, отбасы тамырын тереңге жайған, мәуелі бәйтерекке теңеледі. Яғни, бәйтеректің *үш бөлігі* – тамыры, діңі, жапырақтары, бұтақтары адам ұрпағының жалғастығын көрсетеді: ата – әке – бала – өткен ұрпақ – осы ұрпақ – келер ұрпақ. Осыған байланысты «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ» дейді. Яғни, бәйтерек – өмірдің, өмір сүрудің символы. Дүниенің үш деңгейлік моделінің ұғымы Күлтегінге қойылған ескерткіште сақталған: «*Үсте көк тәңірі, асты (төменде) жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған*».

Үш санының киелі мағынасы уақыт өте келе ұмытылып, басқа этномәдени қасиеттерге ие бола бастаған. Дегенмен, сандарға қатысты дәстүрлер мен ырымдардың, байламдардың негізінде сол сандардың бастапқы кездегі киелі мағынасы жатыр.

Қондыбай Серікболдың пікірінше, “үш” сөзі әуел баста сан атауы болмаған, тек тіл дамуының келесі кезеңінде ғана нақты сандық көрсеткішке айналған, кіндік нұктенің, яғни, негіздің атауы болған [87]. Мысалы, Қазақы дәстүрде үш қақы бар: 1) қазақтың қазакта қақысы бар, яғни, қонақта жүрген қазақ үй иесінен бөлінбеген еншісін талап ете алады; 2) мұсылмандың мұсылманды қақысы бар, яғни, мұсылман мұсылманды көргендеге сәлем беріп, сәлем алуға міндетті; 3) көршінің көршіде қақысы бар, яғни, көрші көршіден жәрдем күтіп, жәрдем талап ете алады. Осы үш қақыға Ә.Бөкейханов төртінші етіп, қазақтың төреде қақысы бар деп қосады. Бұл - қара сүйек қазақ төрені төрге шығарып, тәбесіне көтергендіктен төреден әділ билікті, қара халықтың қамын жеуді талап ете алады дегенді мензейді.

Б. Қанарабаева үш санын былайша түсіндіреді: “Ата-бабаларымыздың “Күннің құдайы жердің құдайын өзіне әйел етіп алған, адам мен жер бетіндегі тіршілік содан жаратылған, Жер-Ана жер бетіндегі табиғат жаратылыстарының бәрінің анасы” – деген ұғым аналық қауымдық құрылыштың бастамасы. Күн – әке, Жер – ана, адам – олардың балалары. Мұның өзі үш санын бейнелейді, үш санындағы киелі құдірет осыдан басталады”[88]

Алла тағала жер бетіндегі тіршілік атаулыны, 18 мың ғаламды үш үлкен түрге бөліп, кезең-кезеңімен жаратқан. Мұндағы ғалам деген сөздің мағынасы әлем, дүниедегі тіршілік тұрлердің жиынтығы дегенге келеді. Яғни 18 мың ғаламның 6 мыңы – нәбәтат: өсімдіктер әлемі, 6 мыңы – мақлұқат, жанурлар әлемі, ал 6 мыңы – адамзат дүниесі, ұлттар мен ұлыстар. Осылайша үшке

топтастырылуының негізінде де үштіктің жаратылыс бастамасы екенін дәйектейтін түсінік жатыр.

Үш - сәттілік серігі деп пайымдалған. Құмалақ ашудағы ұяшыққа түскен үш саны нумерология үрдісімен сабактас. Мәселен, құмалақ ашуда жақсылыққа баланатын 3 саны немесе үштің үш мәрте қайталануы адамға тигізер шарапаты, әкелер жақсылығы мол деп болжанады. Сондай-ақ «*Ер жігіттің үш жолдасы бар: жүйрік ат, құмай тазы, қыран бұркіт*» деген сөз орамдары аталмыш қасиеттерінің дәстүрлі қазақы ортада ерекше қастерленгендігін және жігіттің әрбір ісіне сәттілік әкелетін серіктері екенін көрсетеді.

Ә.Диваевтың сөзімен айтқанда, «қазақтың тіршілігінде малы жеткілікті болса ғана, оның тұрмысы мәнді, бақытты болады». Сол сияқты «*Әуелгі байлық денсаулық, екінші байлық ақ жаулық, ақырғы байлық бес саулық*» деп малды адамның тіршілігіне қажетті үш асыл мұраттың қатарына қосқан [89].

Қазақы ортада дос-жар мағынасы ізгі ниетті тілекtes, жанашыр жақын адамың – досың екенін дәйектейтін философиялық қағиданың мәні «досынды үш күн сынама, үш жыл сына» деген мақалдан көрініс табады. Өйткені, қазақ шынайы дос басқа күн туғанда танылады деген пәлсапалық ойды «үш жыл сына» деген астарлы мәнде түспалдап жеткізеді.

Сондай-ақ баланы ел қатарлы бағып-қағып, сұндеттеу; оқыту, өнер-білім беріп, үлгі-тағылым көрсету; есейгенде үйлендіріп, басына отау тігіп беру – ата-ананың парызы. Осы үш парызды орындаған соң, ата-ана ұрпағы алдындағы барлық қарызынан құтылады да, сол күннен бастап ата-ананы бағып-қағу міндеттін перзенттері арқалайды. «*Анаңды Меккеге үш рет арқалап барсаң да, қарызынан құтылмайсың*» деген мақал баланың ата-ана алдындағы жауапкершілігін мензеп қана қоймай, әке-шешені сыйлап, құрметтеуге үндейді. Балалары ата-анасымен бірге, мейлі бөлек тұрсын, үнемі ата-аналарының халжайларын сұрап, амандығын біліп тұруы, ренжітпей бағып-қағуы шарт деген пәлсапалық қағиданы бейнелі жеткізуді түспалдайды.

Қазақы дүниетаным бойынша үш – паремиологиялық қорда ескерту символы ретінде таңбаланған. Мысалы, «*Ер көрмеймін деген жерін, үш көреді. Ат баспаймын деген жерін үш басады*», «*Жаман мерген бір теке атқан жеріне үш барады*» деген мақалдың мәні ер жігіттің орынсыз мақтануы бейнетке әкелетінін, сынаққа түсетінін түспалдайтын мазмұнға негізделеді.

Үш – қазаққа тән туыстық өлшеуіш қағидасы. Қазақ тілінде үш өлшеммен берілетін тұрақты қолданыстар бар. Мысалы, «*ер азаматтың үш жұрты*» деген сөзқолданыстың мәні мынада: үш жұрты деп отырғаны – өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Ер азаматтың әке жағынан туысатын жұрты – өз жұрты, шешесінің төркіні – нағашы жұрты, әйелінің төркіні қайын жұрты болып саналады.

Қазақ философиясында үштік құрылым символикасы «үш жуз», «үш би», «үш пайғамбар», «үш күндік пәни» сөзқолданыстарында тұрақтылыққа ие болды. «Үш» санына қатысты тұрақты тіркестердің пайда болуына дүниенің бір нүктеде кездесетін үш бағандық тірек пен дүниедегі құбылыстың тұрақтылығын білдіру негіз болған. «Үш» санына қатысты мақал-мәтелдер арқауына сан қылыш

ұштік одақтар мен өзара тығыз байланыстағы ұштік құрылымдардың символдық мәні негіз болады. [89, 17 б.].

Қазақ тілінде *ұш тоғыста қар кетпес, бір тоғысқа қар жетпес* деген түсінік бар. Осындағы ұш тоғыз дегеніміз не? Ұш тоғыстың айы - қазақтың байырғы құнқайыруындағы Қамбар тоғысы есебі бойынша қыстың орта айының атауы. Қамбар жұлдызы көк жүзінде Аймен бес мәрте тоғысады. Ұштің айының сонына ала қарлы борандар тұрып, аяз күшіне түседі. Ұш тоғыстан кейін бір тоғыс келеді. Демек, ұш тоғыс ай қыстың басы мен ортасына келеді. Осы кездегі қатты аязды боранды, қардың көп жауылатын кезін *ұш тоғыста қар кетпес* деп бейнелеген халықтың тілінде мәңгі сақталған.

Уши, жетілігі, қырқы, жылы – өлік жөнелту рәсімінде орындалатын ғұрыптар. О дүниелік болған кісінің өзгеру құбылыстарына қарай аталған әрбір құнді атап өту міндетті саналған. Осының ішінде қайтыс болған кісінің *ушін беру* – ұш күннен кейін құран оқытып, ағайын-туысын жинап, мал шалып, арнағы атап өтуі аруақты сыйлау, құрметтеу деп түсініледі. Мұны ғылымда былайша түсіндіреді: адам өлгеннен кейін денеден бөлініп шыққан шыбын жан тәнді қимай, ұш күнге дейін оны айналып жүреді екен. Және өлі денедегі биологиялық процестер әлі үздіксіз жүріп жататындықтан, осы кезде адамның сақал-мұрты, шашы, тырнақтары өседі. Молда өлген адамның денесін жуып, жаназа дұғасын оқығаннан кейін барып ғана жан тәнмен толық байланысын үзіп, тәннің сезімталдығы толығымен доғарылады екен [90, 27 б.].

Қазақ танымында ұш саны ұштік моделімен ерекшеленеді. Ең үздік ұштіктің ұлгілері көп. Мысалы, ұш бәйтерек, ұш пайғамбар, ұш арсыз, ұш гайып, ұш жетім. Демек, ұш санының семантикалық өрісі әлдеқайда кең екенін байқатады:

- есептік (жыланды ұш кессе де кесірткелік қауқары бар)
- реттік (ұшінші топ мүгедегі)
- ұш байлық (ой, тән, жан)
- ұш бәйтерек (Сәкен, Илияс, Бейімбет)
- ұш арсыз (ұйқы, құлқі, тамақ)
- ұш ғайып (қонақ ғайып, несібе ғайып, ажал ғайып)
- ұш жетім (басшысы жоқ ел жетім, тыңдаусыз сөз жетім, жоқтаушысы жоқ қыз жетім)
- ұш ғалам (аспан, жер, жер асты)
- ұш жүз (Ұлы жүз, Кіші жүз, Орта жүз)
- ұш жоқ (таста тамыр жоқ, құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ)
- жалған өмір (ұш құндік пәні)
- ілік-жатысы жоқ (ұш қайнаса сорпасы қосылмау)
- топқа бөліну (ұш мүйіз болды)
- титтей, мардымсыз (ұш мысқалдық)

Қорыта келгенде, ұш саны қазақ тілінде ұштік ұғым мағынасына ие болған. Ұштік – бір тұтастықтың жиынтығы. Ұштік – ұш рет қайталау әрекетінің дағдылы көрінісі. Ұштік - туыстық өлшеуіш қағидасы. Ұштік - ескертү символы. Ұштік - жаратылыстың бастамасы. Ұштік – сәттілік серігі. Осындай мазмұнда

халық санасында сақталған үш ұғымының тілдегі көрінісі сандық мағынасынан бұрын қалыптасқанын байқатады.

Қазақ тіліндегі «*ер кезегі үшке дейін*» қолданыс орыс тілінде «*до двух раз прощают, а в третий раз бьют*» мағынасымен сәйкес келеді. Бұндағы ортақ мәдениет жалпыадамзаттық мінезben түсіндіріледі. Шыдамның шегі үшке дейін екенін аңғартады.

Үштікке қатысты ұлттық мәдениеттің үйлеспейтін тұстары да кездеседі. Мысалы орыс мәдениетінде «*Бог троицу любит*» деген фразеологизм бар. Оның қазақ тіліндегі баламасы жоқ. Себебі аталмыш түсінік қазақ мәдениетіне тән емес. Ал қазақ тілінде «*үш күндік пәни*» тұрақты тіркесі бар. Қысқа, өтпелі өмір деген мағынаны білдіретін фразеологизм өзге мәдениеттерде мұлде басқаша сипатта жеткізіледі.

Ағылшын тілінде де мағыналық эквиваленті болғанымен басқаша тұрпатта құрылған фразеологиялық бірліктер бар. Ең бастысы үштік мағынасы ортақ екенін аңғаруға болады. Мысалы:

Three strikes and you're out the first faults are theirs that commit them, the second theirs that permit them (үш шерудің ішінде болған қателікті сіз қайталамайсыз).

All good things come in threes (Құдайға үшеу жағады)

Number three is always fortunate (үшінші нөмір әрқашан сәтті)

All things thrive at thrice (барлық бүйім үшінші мәртеден кейін құлпырады)

Third time's lucky (Үшінші мәрте сәтті болады)

One's too few, three's too many (бір - жетерлік, ал үшеу - тым көп)

Two is company, three is a crowd (екі компания, үш топыр) - екеудің арасында үшінші артық

When three know it, all know it (үшеуге белгілі нәрсе бәріне белгілі деген сөз)

The best fish smell when they are three days old (жақсы балық үш күннен кейін сасиды) – Үш күннен кейін тозаққа да үйренесің.

Сонымен, үш санының қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі көрінісі мынадай қорытынды жасауға негіз болады: үштік санының үш мәдениетке ортақ әмбебаптық мағынасы – толығу, шыдамның шегі, екеудің арасында артық, жақсылық пен жамандықтың, ақыл мен арсыздықтың ең негізгі көрсеткіші, әлем жаратылысының бастамасы, адам жаратылысының негізгі бөлігі.

Демек, қазақ тілінің лингвофилософиялық қеңістігінде сан атаулары ерекше орын алады. Сандар мен олардың атауларында киелі мән бар, олар магиялық мағына мен күшке, әзотерикалық символикаға ие. Солардың киелі жүйесінде (әсіресе, бірден онға дейін) құдайлыштың заңдар орнығып қалған, себебі Құдай идеялары санмен көрсетіліп, сөзбен беріледі. Сандардың архетиптік әзотерикалық мағыналары тарихи кезеңдер өте келе біртіндеп ұмытылып, әдет-ғұрыптар мен ырым-жоралар жүйесіне енді де, этномифоқұрылымдық қасиеттерге ие болды.

2.4 Төрт санының семантикалық өрісі

Ғаламның тілдік бейнесі әр тілде әртүрлі болатыны белгілі. Себебі индивид сол тілдің семантикалық базасында тілді менгереді. Осы кезде тілдегі мәдени құндылықтар сөздердің мәні арқылы ұлттық мінез бен ұлттық менталитетті қалыптастырады. Осы орайда тілші ғалым Г.Смағұлова былай дейді: «Тіл бір адамның меншігі емес десек те, сол тілде сөйлейтін жеке адам өз ұлттының бүкіл бітім болмысы, өмірлік тәжірибесін, дәстүрлерін менгеру, сініру арқылы ол да өз тарапынан ұжымдық мәдениетке үлесін қосады. Осындай ерекшеліктер арқылы тұлға ретінде ұлт өкілі болса сақталады» [24,105 б.].

Ғаламның тілдік бейнесі де тілдің даму барысымен, мәдени рухани және сананың дамуымен байланысты миѳтік ойлаудан поэтикалық ойлау дәрежесіне дейін өзгеріп, дамып отырады. Тілдік семантиканың құралдары арқылы тілдік санада сақталған дүниенің бейнесі уақыт пен кеңістіктегі мезгілге сай белгілі бір дәрежеде реликтілік, архаикалық деңгейде сақталуы мүмкін. Мәселен, төрт санымен берілген бірліктердің әрқайсысы төрт санының тұра мағынасын білдіре бермейді.

Мәдени код – белгілі бір ұлттың мәдениетіндегі халықтың дүниетанымымен жеткен бірегей, ерекше құндылығын тануға негіз болатын мазмұнды ақпарат. Кодталған ақпарат тілдік жүйеде тұра мағынасында берілмеуі мүмкін. Мысалы, *төртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді*. Бұндағы мақалдың мазмұны - береке-бірлік болса, қуаныш та, той-думан да болады, бірлік болмаса береке де болмайды. Аталмыш мақалдың мәдени коды төртеу мен алтаудың астарында жатыр. Мақал болғандықтан айтылмақ ой шұбарланбай, қысқартылып жеткізілген. Содан бері бұл мақалдағы төртеу кім, алтау кім екені белгісіз болды. Мақалдың шығу тегі мен қолданыс аясын зерттеу арқылы коды ашылды. Сонымен, төртеу: денсаулық, ырыс-дәulet, сый-сияпат, мал-жан. Алтау: бала-шаға, туған-туысқан, көрші-қолаң, құда-жегжат, нағашы-жиен, жора-жолдас. Дегенмен, этнографиялық энциклопедияда аталмыш мақалдағы төртеу мен алтауға былайша түсініктеме береді: «Ауыздағы «тым жақын жердегі», ал төбедегі «қол жете бермейтін, алыстағы» деген ойды меңзейді. Ал төртеудің түгелдігі алыстағыға, қияндағыға қол жеткізудің санамаланған шарты деуге болады. Ел ішіндегі көріқұлақ қариялар төртеуді былайша түгендейді: 1. абырай мен атағы алысқа кеткен, 2. малбасы мен жан басы бірдей өсіп-өрбіген, 3. дені сау, дерті жоқ, 4. алысты жақыннататын, алыстан алыс-берісі бар дейтіндей жандар. Олардың абырай-атағы, бақ-дәuletі, дабыр-дұбыры (бала-шағасы), денсаулығы қашан да түгел. Сөйтсе дағы «төрт құбыласы түгел» дейді. Бірақ ондай адам ілуде біреу ғана. Себебі жақсыны біржерден қысады дегендей кейбір жандардың малы өссе, баласы жоқ, мал мен басы болса, абырай-атағы жоқ немесе денсаулығында кемістік болады. Ал алтау ала болса, дегендегі ала сөзі «ынтымағы, ауызбірлігі жоқ» дегенді білдіреді. Қазақы дәстүрде ынтымақ, ауызбірлік, сыйластық: 1. үй-іші, 2. ағайын-туыс, 3. көрші-көлем, 4. дос-жаран, 5. құда-жекжат, 6. ел-жұртқа тән моральдық-этикалық ұғымдар жүйесі болып

саналады. Осы айтылған алтау ауызбірлік, ынтымақ, сыйластықтан айрылса, берекесі кетіп, қолдағысынан қағылады деген ойды мензейді» [91].

Тілімізде төртке қатысты сөз қолданыстар өте көп: *Аспаннан түскен төрт кітап; Асықтың төрт тұғыры; екі көзі төрт болу; төрдегі төрттеу, есіктегі екеу (жұмбақ); төрт гайып; төрт асық; Төрт аяғы тайпалған жорға; Төрт аяғын тең басу; төрт аяғынан тік тұргызыу; төрт аяқтыда бота тату; төрт баулы түндік; төрт берен; төрт бұрыш; төрт дегенім - төсек (жұмбақ); төртқара (ру аты); төрт қорлық; төрткөздену; төрт көзі түгел; төрт күнә; төрт құлақ (ойын); төртқұлақ (шөп); төрт қылыш; төрт маусым; төрт мұлік; төрт мүше; төрт мұрат; төрт нәрсеге тоқтау жоқ – үйқыға, күлкіге, кәрілікке, тамақça.; төрт періште; төрт пір; төрт сары; төрт таған (өлең); төрт тағандап тұру; төрт тілсіз жау; төрт тірек; төрт тоқсан; төрт түлігі сай; төрт түлік мал; төрт түліктің төресі - түйе; төрт тұлға; төрт халифа; төрт шарияр; төрткүл дүние төрт үйқысын төрт бөлу; үйдің төрт бұрыши түгел.*

Еуропа мәдениетіндегі төрт санын қарастырғанда, олардың жалпыадамзаттық танымында көне мифологиялық түсінік бойынша жаратылысты жаратушы үштікten (аспан, жер, жер асты) тыс пайда болған тылсым, бейтаныс хаос сан ретінде қабылданған стереотип әлі күнге дейін сақталғаны байқалады. Ал қазақ мәдениеті үшін тілдегі барлық төрттіктің архетип мағынасы – дүниенің төрт тарабы, төрт құбыласына негізделеді еken. Қазақ мәдениетінде төрт санымен әсіресе діни ұғымдар танылады. Төртке қатысты мәдени ақпараттар негізінен жағымды семада ашылады. Себебі, халық танымында төртке қатысты жағымсыз түсінік қалыптаспаған. Әлемді төрт бұрышынан тіреу, төрт мезгілдің ауысуы, төрт бағытқа (тұстік, терістік, батыс, шығыс) бөлу қазақ дүниетанымында қоршau, шегаралау, төрт жақтан қорғану, төрт тарапқа тарау ұғымын беруде белсенді қолданылған. Жаратқан әлемнің төрт бұрышын төрт тірек деп қабылдаған қазақ танымында бұдан да басқа төрттік ұғымдары кездеседі. Олардың барлығы лингвомәдени бірлік құрай алады. Сондықтан төрттіктердің мәдени-семантикалық өрісін былайша танытуға болады:

Төрттік – мәдени құндылықтар:

Төрт тұлік - қазақтың қазынасы болған төрт малдың ортақ атауы: түйе, жылқы, сиыр, қой (ешкі). Қазақ мәдениетінде төрт тұлік - ішер тамағы, киер киімі, мінетін көлігі болғандықтан, аса қадірлеп, төрт тұлігін көбейтуге тырысқан. Төрт тұлігі көп болса, байлық та, молшылық та, токшылық та болған. Төрт тұлік айырбас құны ретінде де қызмет еткен. Сондықтан халық аузында мынадай өлең бүгінгі күнге дейін мәнін жоймай келеді:

Түйе – байлық, салтанат,
Жылқы – сәндік, мақтан,
Сиыр – қанағат, ақтық,
Қой – қазына, мырзалық.

Осыған орай тілімізде төрт тұлігі түгел, төрт тұлігі сай фразеологизмдері туындаған. Яғни ауқатты, баршылықта өмір сүреді деген ұғымды білдіреді.

Төрт пір. Төрт тұліктің пірі. Ойсыл қара, Зенгі баба, Қамбар ата, Шекшек ата.

Төрт қылыш – Жебірейіл періште Жәннattan алған келген қасиетті қылыштар: Хамкам, Сәмсам, Зұлқажа, Зұлпықар. Жыраулар тілі арқылы жеткен мәдени құндылықтың мәні – ұрыста жеңіс әкелетін қарулардың мықтысы болуында. Қашаған ақынның жырында:

Бұрынғы өткен заманда,
Болған екен көп ұрыс,
Көп ұрыстың кезінде
Жәбірейіл Жаннattan
Алған келген төрт қылыш.

Төрт бақыт – Қазақ тіліндегі тұрақты тіркес. Бірінші бақыт – денсаулық, екінші бақыт – дабыр-дұбыр (бала), үшінші бақыт – бақ-дәulet, төртінші бақыт – атақ-абырой.

Төрт саян – Қазақ тіліндегі тұрақты тіркес. Көшілік пайдаланатын иғі істердің ең абзалы: бірінші – ағаш егу, екінші – көпір салу, үшінші – құдық қазу, төртінші – шөлдеген адамға сусын беру.

Төрт тұрман – Ат-әбзелдерінің толық жиынтығы. Тарихи зерттеулерде төрт тұрманға атты жүгендер өрттеп мінуге қажет құралдар – бір – ертоқым, екінші - айыл тартпа, үшінші - үзенгі құйысқан өмілдірік, төртінші - жүген, тізгін шылбырымен жатқызылады. Кейбір деректерде бірінші – ертұрман (ертоқым, құйысқан, өмілдірік, үзенгі, қамшы, т.б.). Екінші – Ер азамат мүккемалы (кәсе, дәндәку, оқшантай, кемер белдік не қудері белбеу). Үшінші – жау-жарағы (сауыт, дулыға, қалқан, т.б. қару-қаттаулары). Төртінші - бес қару (қылыш, найза, садақ, берен мылтық, айбалта, қанжар (кездік)) жатқызылды.

Осыдан туындастын «*Төрт тұрманы түгел*» тұрақты тіркесінің мәні мынадай: ер азамат міндетін ат-әбзелдерінің де жауға қарсы жасанар қару-жарағының да сақадай сай түгел болуы. Бұл – елін қорғауға дайын тұрар ер азаматты бағалаудың ең басты сыны. Мысалы, сағынам ауызға алсан Исатайды, Жігіт еді төрт тұрманы түгел сайлы (Шернияз ақын).

Төрт сары – Қазақ аңшыларының сөзінде қалыптасқан жүртқа таныс ұғым. Өзінің алғырылығымен ел аузында аңыз болып таралған сары түсті қыран тобын: 1. Дересі тауының сарысы (бүркіті). 2 Сары шолақ атанған қырандар. 3. Екі сары немесе қандыбалақ атанған бүркітті. 4. Құрым сары не өрін сары атанған қыранды паш етуші төрттік топ атаву.

Төрт берен – Аңшылар лексиконында сауытты берен, сабакты берен, байпақты берен, сыздықты берен деп аталатын бүркіттің жасына, бітім-болмысына байланысты төрт түрі. Бұл арада төрттік саны мықты да мығым берік деген ұғымға барып саяды [81, 62 б.].

Төртқұлақ – Бір немесе бірнеше қабірді қоршап салынған төртбұрышты ескерткіш құрылысы. Төртқұлақ тұрғызу үшін ертеде қам кесекті пайдаланған. Төртқұлақтың жабыны болмайды. Кейде есіксіз тұтас тұрғызылады. Қабірдің төртқұлақ атануының себебі төрт тарапқа қарап тұрған құлақтар, жерленген адамның аруағын қорғаушылар деп түсіндірледі.

Төрттік – әлемнің қоршауы:

Дүниенің төрт бұрышы, Төрткүл дүние, Төрт жағы құбыла, Әлемнің төрт негізі, Дүниенің төрт бұрышы, Төрт жолдың торабы, Төрт құбыласы тең//түгел, Төрт шеткейлік.

Төрт божсан – Дүниенің төрт бұрышы шартарап мағынасында қолданылады. Мысалы, кезін қыли жасырмаймын ақсақпын, Кел дегенмен, сондай тату жақсы-ақпын. Татулықтың белгісіндей тамаша Төрт божанды. Билейтін ұл таппақпын! деп Қазыбектің анасы айтқан екен [81, 627 б.].

Төрт құбыласы түгел – Барлық жағдайы сай, оны мен солы түгел, берекелі ел жайында, кейде түстігін жерүйік етіп паланап, терістігін арқаланып жайлау еткен күншығысың күміс шындарға тіреп, күнбатысың көк теңізді қанжылаған елміз деп те атайды [81, 627 б.].

Төрттік - діни құндылықтар:

Аспаннан түскен төрт кітап – діни тағылым насхатта аспаннан келген, яғни Алла Тағаланың төрт пайғамбарға жіберген төрт діни кітabyна, Мұсаға келген – Таурат, Дәуітке келген кітап – Забұр, Ғайсаға келген кітап – Іnjіl, Мұхаммедке келген кітап - Құран жатады.

Дүние төртке тоқтайды. Ескіден қалған сөз. Оның мәні – Алла Тағалада төрт мұхаррам періште болған. Пайғамбарда төрт шаһаржар (шарияр) болған; Ислам дінінде төрт мәзғаб болған. Дүниеде төрт - шығыс-батыс-түстік-терістік – тарапқа бөлінген. Бұрынғы патшалар мен хандар төрт уәзір ұстаған. Мұсылманға Құранда төрт әйел алуға рұқсат берілген. Осының бәрі әртүрлі нәрсенің төрттікке тоқталып, төрттікпен шешілетінін дәлелдейді.

Төрттік – төрт қауіп:

Төрт ғайып – Дидар – ғайып, дәм – ғайып, неке – ғайып, ажал – ғайып. Адамдардың бір-бірімен дидарласуы, сөйлесуі ғайыптан күтпеген жерден болуы мүмкін. Сондай-ақ дәм бұйырып бір дастарқан басында отыру да ғайыптан болатын жағдай. Некелесу де бұйрыққа, тағдырға байланысты болады. Ажалдың келуі де көбіне көп аяқ астынан ғайыптан болады.

Төрт тілсіз жау – Қазақ мәдениетінде табиғаттың тылсым күшінен болатын тосын апаптардың түрлері. Бірақ солардың ішінде тек төртеу ғана, яғни табиғи құбылыстардың күтпеген жерден пайда болатын, алдын ала айтып ескертіп келмейтін қауіпті де қатерлі күш тосын жағдай екендігіне байланысты болса керек. Мұндағы төрттіктің мәні – табиғатындағы тектестігінде.

Төрттік – төрт тұлға.

Төрт қара – Қара кемпірден туған төрт ұлы Кіші жүзде осылай аталаған кеткен.

Төрт төңірек – Наймандар шежіресінде аталағын елдердің кезінде іштей төрт аймақта бөлінуі: 1. тобықты елі, 2. Ергенекті елі. 3. Байжігіт елі. 4. Ақ найман.

Төрт тірек – Қазақ мәдениетінде қалыптасқан ұғымда қанжығалы Бөгенбай, қаракерей Қабанбай, Абылай хан және Шақшақұлы Жәнібек қалмақ-жоңғар шапқыншылығында үш жүздің басын қосып қарсы тұрған қыын-қыстау заманында халқына тірек болып, ерен ерлік көрсеткен Орта жүздің төрт арысы -

төрт тірек аталып кеткен. Мұндағы төрттің сандық мағынасына қосымша символдық мықты, берік, орнықты мағынасы да жоқ емес.

Теменде төрт санының мәдени-семантикалық құрылымы көрсетілген.



Сурет 3. Төрт санының мәдени-семантикалық құрылымы

Қорыта келгенде, қазақ мәдениетінде төрт саны көне мифологиялық таным бойынша әлемнің төрт бұрышы мен діни түсінік бойынша төрткүл дүние ұғымдарының терең стереотиптенуінің негізінде төртке қатысты сөзқолданыстар қатары кеңейген.

2.5 Бес санының ұлттық мәдениетті танытушы қызметі

Бес саны - жалпыадамзаттық таным бойынша бақытты сан. Жұлдыздың бес бұрышы жарқыраған ассоциация адам санасында жарқын көңіл күй, бақытты сәттерді сипаттайты. Оқушы білімін бағалайтын бестік көрсеткіш те осы мағынамен сарындас. Қазақ мәдениетінде бес саны әдетте сандық мағынасында қолданылады. Дегенмен, мәдени семантикалық мәні бар ұлттық мәдениетті танытатын қызметін байқауға болады. Сандық мәндегі бес атауымен тіркесе келіп, кейін біріккен сөз ретінде бір атаудың мағынасын білдіретін лингвомәдени бірліктер заттық мәдени ұғымдар ретінде кеңінен таныла бастады. Сондықтан бес санына қатысты тілімізде материалдық мәдениет атаулары жиі кездеседі. Олардың бес атауымен қойылу уәжін анықтау үшін лингвомәдениеттаннымдық талдау қажет, номинативті атауға ие болу себептері анықталуы қажет. Ол үшін сөздің өзге атауға негіз болуына себепші уәжділік теориясына назар аударуымыз қажет.

Сөзжасамдағы уәждеме үдерісін зерттеген ғалым Б.Қасым былайша анықтама береді: «Уәждеме – аталымның жасалуындағы алдын-ала жасалатын міндепті баспалдақ. Сөзжасамдық уәждеме – құрастыруши сыңарлардың арасындағы қатынастар мынадай белгілерге ие: екі сыңар да курделі сөз жасауға қатысады; бір сыңардағы мағына толығымен екінші сыңардағы мағынамен мағыналық үйлесім жасап кірігеді, кіреді. Жүйесіз кез келген сөз тіркесе бермейді, тілдің барлық қабаттары белгілі бір тәртіпке, заідыштыққа бағынады. Атау жасаудағы алғашқы белгілердің таңдалуы, тілдік бірліктермен бекілуі аталымның негізін құйтын әрекеттер. Уәждеме - ұғым мен зат арасындағы байланыс арқылы саралауды талап етеді» [92, 250 б.].

Бес сөзімен жасалған мәдени атаулардың барлығы біріккен сөз. Біріккен сөз болғандықтан курделі атаулардың уәжі анықталуы тиіс. Уәж анықтауда біз ғалым Б.Қасымның мына зерттеулеріне сүйенеміз. Автор курделі атауларды қарастыра келіп, оларды уәжділік дәрежесіне қарай үш түрге бөледі: 1) тұра уәжділік (лексикалық морфемдердің айқын, тұра мағыналары); 2) жартылай уәжділік (уәждеуші сыңарлардың біреуінің мағынасы күнгірттеніп, көмескіленіп, ауыс мағынаға көшуі); көмескі уәжділік (айқын мағынаның орнына жасырын мағынаның пайда болуынан ауыс мағынаға көшуі) [92, 85 б.]. Төмендегі кестеде бес санына қатысты материалдық мәдениет атаулары көрсетілген.

Кесте 2. Бес санына қатысты материалдық мәдениет атаулары

1	2	3	4	5
Ою-өрнек атауы	Әшекей бұйым атауы	Қару-жарақ атауы	Киім-кешек атауы	Ұлттық ойын
бескүл	бесбілезік	бесатар мылтық	бестақа етік	бестас
бестаспа жұмыр өрім	бесқасты жүзік			
бестас өрнегі	бесқұлак			

Қазақтың зергерлік өнерінде жиі кездесетін бес, алты атауларынан жасалған әшекей бұйым атауларының этимологиясын, мағыналық уәжін жіті зерттеген ғалымдардың бірі – профессор Рұстем Шойбековтың «Қазақ зергерлік өнерінің сөздігін» пайдаландық.

Бескүл - қазақ мәдениетінде құрақ көрпе, тұсқиіз, кілем тоқуда салынатын оюдың түрі. Бескүл атануының уәжі - бес бұрышты графикалық өрнек. Керегекөзге ұқсатудан, аспандағы жұлдызға ұқсатудан қалыптасқан. Бес элементтің бір ұшы ортада түйісіп, қалғаны бескүлденіп өрнектеледі. Бескүл оюы ортағасырлық ескерткіштердің қабыргаларынан да кездеседі. Демек, бес гүлдің жайқалғанын бейнелеу мақсаты да болса керек. Бұл ою бүгінгі күнге дейін сәндік қолөнерде бескүл атауымен сақталып отыр [91, 15 б.].

Бестаспа жұмыр өрім – қамшы немесе арқан өрімдерінің бір түрі. Бес таспадан тығыздалып жұмыр өріледі. Кейде бұл өрімді бестемше деп те атайды. Өрімге қайыс таспа немесе кез-келген мықты жіпті қолданады. Өрімді өру үшін бес шалынып өрілетін жіптерді нөмірлеп алған дұрыс. Әрқайсысы бірінің үстіне бірі қабатталып әрі бірінің арасына бірі енгізіліп, шалынып өріледі.

Бесбілезік – сақиналар мен білезіктің арасы біріктірілген әшекейлі білезіктің атауы. Бесбілезікке әдетте үш сақина біріктіріледі. Білезік пен сақина аралары шынжырмен байланысады. Бұндай білезіктер жалпақ болады. Бесбілезік аталуының уәжі - бес саусақпен байланысқан деген мәнді білдіреді. Бесбілезікті киерде алдымен сақиналары киіледі.

Бесқасты жұзік – бетіне бес жерден көз орнатылған жұзік атауы. Бесқасты жұзік қазақ мәдениетінде құдалыққа сый-сияпат ретінде тарту етіледі бағалы жұзік қатарында жүреді. Құдағи жұзік, қосбауырдақ жұзіктердің ішіндегі бағалысы. Бесқасты жұзіктің ерекшелігі – алақаны үлкен, төрт саусақтың үстін жауып тұратындағы көлемде болады. Оның астында екі-үш саусаққа киіледін қосбауырдақ орналасады [91, 20 б.].

Бесқұлақ – төрт күміс теңгені ортасындағы күміс шытырамен дәнекерлер бес құлақты гүл тәрізді етіп жасалатын әшекей бұйым. Әдетте сырға жасауда, түйме, тана жасауда, қамзолдың қапсырмасын жасауда жиі қолданылады. Зергерлік бұйымдарды күміс теңгеден жасау береке, байлық, молшылық болсын деген ниеттен туған символдық түсінік.

Бесатар – оқ сауытына бес оқ салынып атылатын мылтық атауы. Әдетте бесатар мылтықты бесауызды мылтық деп түсінеді. Бұл қару XIX ғасыр аяғында Еуропа мәдениетінен келген қару түрі. Ұлт-азаттық соғыс кезінде қазақ даласында қолданыста болды. Сонда қазақ халұзының берген атауы. Бес оқты бір салып, бес рет атуға болатын ерекшелігін қарай қойылған. Бұған дейін біратар мылтық болған. Ол бір оқтап бір атылады.

Бестақа етік – аласа тақасы бар әйелдер етігі. Өкшесі тасұлтаннын салынады. мық шегемен бекітіледі. Бестақа аталуының уәжі - өкшеге салынатын тақасы бес рет қатталып салынды. осылайша өкшесі біктеу болды деген етікші жұмысына қатысты қойылған болса керек. Басқа етіктерден айырмашылығы, етіктің өкшесі мен табаны бөлек тігіледі және бір-біріне тілік арқылы біріктіріледі.

Бестас – ойын атауы. Дөңгелек, сырты тегіс бес тасты төбegen лақтырып, осы аралықта жерге шашылған қалған тасты сыптырып уысқа жинап, төбeden түскен тасты да жерг тигізбей қағып алып ойнайтын ойын түрі. Бестас балалардың отырып ойнайтын ойыны болғанымен, шапшаңдыққа, қырағылыққа баулиды. Кейде бес жылтыр тастың орнына бес асықты да пайдаланған.

Кесте 3 Бес санына қатысты рухани мәдениет атаулары

1	2	3	4	5
Табиғи амал	Діни құндылық	Адами құндылық	Салт-дәстүр	Ұлттық бейне

3-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Бесқонақ	Мұсылманның бес парызы	Бес асыл	Бес жақсы	Бес биенің сабасындей
	Бес борыш	Бес өсиет		Айдағаны бес ешкі
		Бесаспап		Балаңды беске дейін патшадай сыйла
		Бес дүшпан		Бес күндік өмір
		Бес қатер		Бес саусақ бірдей емес

Бесқонақ – амалдың бір түрі. Мамыр айының басында 5-7 күнге созылатын күн райының бұзылуы. Жер көктеп, күн жылынып, мал төлдеп, көктемнен жаздығунге ауысар шағында күннің суытып, қарлы боран соғып, жаңбырлы, желді болатын табиғат өзгерісі. Бұл амал жыл сайын уақытын өзгерпестен болып келе жатыр. Халық бірден таниды. Бұл табиғи ерекшелік Үркердің батуына байланысты. Күн жылынып, жаймашуақ басталған шақта күннің бұлайша бұзылуын қонақ деп атауының уәжі мынадай аңызға негізделеді еken. Ертеректе бір ауылға бес мейман бір үйге құдайы қонақ болыпты, күннің жылылығына байланысты жеңіл киінген бес қонақ таңертен тұрып жолға шығайын десе, тұнімен қар борап, күн суытып, аяу рапы салқындаған еken. Содан күннің жылынғанын күтіп бес күн сол үйде қонақтапты. Қазақта «бесқонақ өтпей жаз болмайды» деген түсінік осыдан қалған еken. Кейін қонақ – күн, тәулікті білдіретін уәжді қолданыс еkenі айқындалды.

Бес парыз – таң намаз, бесін намаз, екінді намаз, ашам намаз, жашиық намаздың жалпы атауы. Мұсылманның бес парызы саналған бұл атаудың уәжі бір тәулікте бес рет оқылатын намаздың санына қатысты болып тұр.

Бес борыш – Аллаға, пайғамбарға табыну борышы, адамның адамгершілік борышы, адамның мемлекет алдындағы борышы, адамның үй-іші жақындарына борышы, қоғамдық ортадағы борышы.

Бес асыл – Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының өсиеті. Бес асыл – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Бұл асыл іс адамның бойында болса, жақсы адам еkenін білдіреді деген өсиеті.

Бес өсиет – топасқа сенбе, жауға иілме, әрқашан сақ жүр, үйге қонба, жарлыдан сый алма. Бұл өсиеттер адамды жаманшылықтан сақтау үшін, қорғану үшін айттылады. қазақ мәдениетінде осындей рухани құндылықтардың болуы еkenін бала тәрбиесінде, атаниң немере тәрбиесінде көрініс тапқан.

Бес дүшпан – Абай Құнанбайұлының бес нәрседен сақ бол деп қалдырған өсиеті. Қазақ баласын, күллі жүртшылықты тәрбиелеудегі символдық мәнге, ұранға айналған рухани құндылық деп қабылдауға болады. Бес дүшпан – өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, мал шашпақ.

Бес қатер – от қатер, жау қатер, борыш қатер, ауру өатер, сөз қатер.

Бесжсақсы – бәйгеге тігілетін немесе айыпқа берілетін «тоғыздың» ішіндегі ең көрнектісі, әрі қымбаты. Тоғыздың бесжсақсы деп әдетте түйе бастаған тоғыздың, жылқы бастаған тоғыздың, жамбы бастаған тоғыздың алғашқы бестігі алынатын болған.

Паремиологиялық қорда бес сөзімен келетін мақал-мәтелдерде бес жасты, бес реттілік, бес рет санау мағыналарында жұмсалады. Мысалы:

Балаңды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан бастап құлдай жұмса, он алтыдан бастап достай сырлас – деп ұл-қыздарын бала күнінен-ақ шама-шарқына қарай шаруашылыққа қолғабыс тигізуге жұмсан, еңбекке ерте үйреткен. Қазақ бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Бұл мақал әкем мен бала арасындағы тәрбиеге байланысты айтылады. Әдетте әке баласын көздің қабағымен тәрбиелеген. Жекіріп, көп ақыл айтып, жетесіне жеткізіп қайталай бергеннен гөрі, баласына істі бір көрсетіп, сыртынан бақылайтын болған. Аталмыш мақал білім беру жүйесі қазаққа келмей тұрғанда айтылған мұра. Ал ондағы тәрбиелеу кезеңдері мектепке бару, мектепті бітіру, азамат болу жасына сәйкес келіп тұр. Демек, бес жастан кейін қазақ баласын өз бетінше тіршілікке араласуға бейімдеген. Қолбала кезең, қарaborбай шақ – 6-16 жас аралығы екені осы мақалдан аңғарылады. Расында да ертеректе 6-7 жасар бала бәйгеде шауып, қой бағып, мал соңында әкесімен бірге жүргенін көркем шығармалардан білеміз.

Құдайдың қатығымен берген бес-алты жаманы бар гой. Табу қолданыс. Қазақ мәдениетінде отбасындағы бала саны мен жынысы нақты жария етіп айтылмаған. Осы ырымның аясында туған тұспалды сөзқолданыс. Нақтырақ айтсақ, қатығымен туған – ұлы, қызы аралас туған отбасы. Кейбір отбасында кілең ұл ғана болса, қайсыбірінде бірыңғай қыз болады. Мұндайда отағасы «Құдайдан ұл тілеген сайын әйелің қыз туда береді, қыз тілеген сайын ұл туда береді деген осы, қатығымен туғанға не жетсін» деп отырады. Сөйтіп, ұл өсіріп, қонысын кеңейту, қыз өсіріп өрісін ұзарту қазақтың ежелден келе жатқан қазақшылық салтына айналған. Ұл-қоныс, қыз-өріс деген сөз орамы осы жайтты аңғартады. «Балаң нешеу, ұл-қызың бар ма?» деген сұрау қазақы ортада оғаш көріп, тіксініп қалса да, «Құдайдың қатығымен берген бес-алты жаманы бар гой» деп, бала санын тұра айтпай, жалтарады. Бұл үрдіс ұл-қызды бөгде адамның тіл-көзінен сақтағаны болса керек.

Мәдени код – мәдениеттің осы берілген типін түсінудің кілті: бұл халыққа ата-бабадан қалған қайталанбас мәдени өзгешеліктер, бұл мәдениетке тиесілікті анықтауға мүмкіндік беретін қандай да формада жасырынған ақпарат.

Сондықтан өзге тілді сол тілдің тұтынушысында жетік білмесен, яғни төл тілінің астарындағы мәдени кодын тани алмасаңыз, айтылмақ ойды терең түсіну де мүмкін емес. Бес санымен ұсынылған мәдени атаулардың бірде біреуі өзге мәдениетке аударылмайтын эквиваленті жоқ лингвомәдени бірліктер. Сондықтан әрбір санның мәдени қызметін айқындау арқылы оның лакуналық қызметін байқауға болады.

2.6 Алты санының лексика-семантикалық мағыналары

Еуропалық дүниетаным бойынша алты саны сәттілік саны. Себебі ол екі үштіктің қосындысы әрі жұп сан. Күншығыс елінде алты саны өлімді таңбалайтын сан деп танылады. Жалпыадамзаттық дүниетаным бойынша екі түрлі мағынада танылатын алты ұғымының астарында сәтті бес санының жалғасы ретінде сәттілік болса, бестік - сәттіліктен кейін алма-кезек сәтсіздіктің болатынын таңбалайтын сан ретінде ассоциациялы қабылданғанын ангарамыз. Қазақ мәдениетінде осы аталған мифтік ұғымдардың ешқайсысы байқалмайды. Қазақ тілінде мәдени атаулардың құрамында алты саны кездескенмен есептік, реттік мағынамен шектелгенін байқаймыз. Дегенмен, тілімізде алты саны діни ұғымдарда жиі ұшырасады. Төмендегі кестеде алты санының ұлттық мәдениетті танытудағы қызметі көрсетілген.

Кесте 4 Алты санының ұлттық мәдениетті танытудағы қызметі

1	2	3	4	5
Материалдық мәдениет атауы	Рухани мәдениет атауы	Мақал-мәтелдердегі мәдени уәжі	Тұрақты тіркестердегі мәдени уәжі	Өлшем атауы ретіндегі мәдени уәжі
Алтыатар (мылтық)	Алты алаш (түркітілдес елдер туыстығы)	Ағайын алтау болса, адам тимейді (татулық)	Алты айшылық жол (алыс жол)	Алты құлаш ақ наиза
Алтыбақан (оійин)	Алты арыс ел (туыстас түркі халқы)	Айла - алтау, ақыл - жетеу (айладан ақыл мықтырақ)	Алты аласы, бес берегі жоқ (туыстығы жоқ)	Алты құлаш ала айғыр
Алты батпан айбалта (кару)	Алты жаста ақтату (жылқы күтіміне байланысты рәсім)	Аласыға алтау аз, бересіге бесеу - көп (қанағатшылыққа тәрбиелеу)	Алты ауыз ала бұзық (өсекші, іріткі салушы)	Алты құлаш ала арқан
Алты дегенім - асық (ұлттық құндылықты ерекшелену)	Алты игілік (денсаулық, қазына, дос, әйел (жар), білім, бала	Алтыға алып беске сатпас болар (алдамау)	Алты қырдың астында	Азуы алты қарыс

4 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Алты қанат ақ боз үй	Алты сары Ақнайман (ру атауы)	Алты күн аш болсаң да атаңның әдетін тастама (дәстүрді сақтауға тәрбиелеу)		
Алты қарыс ақ семсер	Алты шекті (ру атауы)	Алты қатын асқа барса, әрқайсысы өз мұңын айтар (әйелдердің сөзшендігін сипаттау)		
Алты қырлы сұнгі	Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қарт алдынан шығар (алыстан келген қонақты сыйлау ерекшелігі)	Алты малта ас болмас, Өзіннен туған жат болмас (өзіндікі өзегіннен теппейді мағынасымен сабактас)		
	Ауылдың алты ауызы (қазақы әндер)	Алтын басым аман болса алты күнде тірілем		
		Алып алтау жеп жетеу болмас (қанша тырыссаң да өзгермес мағынасында)		
		Аңқау астындағы атын алты күн іздейді (үқыпсыздықты сипаттау мағынасында)		

4-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
		Атадан алтау едік, өле-өле жетеу болдық (ұрпақ жалғастығын сипаттау мағынасында)		

Төмендегі кестеде алты санының діни лексикадағы қолданысы көрсетілген.

Кесте 5 Алты санының діни лексикадағы қолданысы

1	2	3	4	5
Алты иман	Алланың алты сипаты	Қабір сұрағы алтау	Намаздың алты шарты	Намаз тағандары алтау
Алланың барлығына кәміл сеніп иман келтіру	Бар болу	Раббың кім?	Ниет ету	Тәкбір айту
Алланың пайғамбарларына сеніп иман келтіру	Барлығының жаратушы басы болу	Дінің қандай?	Ниеті және тәні таза болу	Түрекеліп тұру
Алланың перштегеріне сеніп иман келтіру	Барлығының ақыры болу	Пайғамбарың кім?	Нәжістен таза болу	Қирағаттап оку
Алла тұсірген кітаптарына сеніп иман келтіру	Жалғыз, жалқы болуы	Құбылаң қайда?	Әуратты тазарту	Бел бұту
Ахирет күніне сеніп иман келтіру	Ешнәрсеше ұқсамау	Кімнің ұрпағысын?	Құбылаға бетін қарату	Сәжде ету
Жаннат пен тозаққа сеніп иман келтіру	Басқаларға еши мұқтажын салмау	Кімнің ұмметісін?	Уақытты өткізіп алмау	Аяқтап бата жасау

Алты саны кездесетін лексикалық бірліктер - мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, номинативті атаулар. Олардың бірқатарына талдау жасап көрелік:

Алты парыз – Қазақ қауымында қалыптасқан адамдар қарым-қатынасына байланысты міндеп ретінде емес, адам ретінде оның әдептілігі тұрғысынан орындалуға тиісті алты парызға мына іс-әрекеттерді жатқызады:

1. Адамдардың әдейілеп барып сәлем беруі
2. Құрметтеп шақырган жерге баруы
3. Біреу ақыл-кеңес сұрай қалса, оған ақыл қосу
4. Біреу білгісі келіп сұрай қалса оған жауап беруі
5. Ауырып қалған адамның көңілін сұрауы
6. Қайтыс болған адамды жерлеу рәсіміне қатысу.

Алты алаш – Алашқа жататын түркітілдес алты халықтың ертеден қалыптасқан топтама атауы. Бұл алтаудың нақтылы құрамы әр бұлақта әртүрлі аталаады. Бір бұлақта бұл атауға: қазақ, қарақалпак, өзбек, түрікмен, қырғыз, жайылған.

Алты қырдың асты – Ауылдың сырт жағындағы қырқа жоталардың арғы жағынан бұл шамамен екі-үш шақырым жер. Мысалы, тезекші әйелдер алты қырдың астынан тезегін арқалап, әрең талтандаған келе жатады.

Алты сары – Қазақ шежіресі бойынша үйсін сары бәйбішесінің барымтада қайтыс болған алты ұлының жанама атауы.

Алты шекті – Кіші жүз шежіресінде қалыптасқан шекті руының алты атасы мағынасындағы топтама атау. Айман- Шолпан жырындағы Устімнен алты шектінің жүргізбесен, Көтібар менің атым құрсын деген сөз содан қалған.

Алты қырлы сұңғі – темір сауытты да тесіп өтетін ұзын сапты найза. Жебелері үшкір, алты қырлы болып жасалады. Үскі сияқты осындай өткір найзалар ауыр болғандықтан жауынгер оны екі қолымен ұстайды. Б.Жақып зерттеуінде алты қырлы сұңғімен ауыр қарулы әскерлер жарақтандырылған. Сарматтардың сұңғілері бес метрге жететін болған. Оны ортасына байланған қайыс арқылы иыққа іліп соғысқан [93]

Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы адам барып сәлем береді мақалынан қазақтың үлкенді-кішілі сыйластық ережесіне қатысты рухани құндылық байқалады. Әдетте қазақ салты бойынша кіші үлкенге сәлем береді. Бұл қатып қалған үлттық-мәдени қағида. Осыған қарамастан аталмыш мақалдың орын алуы тағы бір рухани құндылықтың тасаланғанын байқатады. Мысалы, ұзак уақыт көріспеген жандар немесе ұзак сапардан келген адамның амандығымен қоса, жөншілігін сұрап, егжей-тегжейлі сұрасады. Алыстан келген адамға «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы адам барып сәлем береді» деген ереже бар. Дегенмен, жасы мен жолы үлкен адамдарға сапардан келген адам өзі әдейілеп барып, сәлем беруі тиіс. Мұндай ізеттіліктің бірі сол әuletтің ертеден келе жатқан қара шаңырағына соғу міндеп. Бұл қазақы ортадағы тәлім-тәрбиенің терендігін астарлайды.

Алты Алаштың ағасымыз, Қазақбайдың баласымыз. Алаш сөзінің көне мағынасы туыс, бауыр, ағайын мәнін білдіреді. Баяғы заманда түркі халықтары

бөлінбеген кезеңде қалыптасқан ұғым деп қабылданады. Тарихи деректерге сүйенсек, Оғыз қағанға бағынған дәуірде Алты алаш ұғымы оғыздың алты ұлына ерген алты ел деп түсініледі. Осы тұрғыдан алсақ та, алты алаш - түріктікің жалпы атауы. Ал ортағасырлық жазба деректерде Алаш атауы қазақ халқының синонимі ретінде таныстырылған. Мәселен, Қ.Жалаири еңбегінде қазақтың орнына Алаш сөзі қолданылады. Қамбар батыр жырында да «Тамашаға жиылсын, Алты Алаш баласы» деп жырланса, Бұқар жыраудың тілінде «Он сан Алаш баласын, жұмсал бір тұрсың қолыңмен» деп айтылады. Махамбеттің тілінде «Алты сан Алаш ат бөліп, тізгінің берсе қолыма» деп жырланады. “Атамыз — Алаш, керегеміз — ағаш” деген қазақ халқы ұлттық тәуелсіздік жолындағы құресінде ежелгі Алаш ұғымына қайта оралып, оны бостандық пен бірліктің ұраны етіп алды.

Алты қатын жортакай – дәстүрлі неке салтында күйеу жолдас тарарапынан берілетін кәде түрінің атауы. Қыз жеңгелерінің күйеу жігіттің қасына еріп келген күйеужолдастан «жортакайын», яғни кәдесін талап етеді. Күйеу жолдас жортакайын бермесе, алты қатын (шынында онан да көп) жабылып тартып алуға тырысады. Жетісүдің кейбір жерлерінде құдандалық салтында ойналатын ойын түрі де алты қатын жортакай деп аталады. Осы текстес басқа да ойындардың негізгі мәні кәде алу үшін жасалады. Сондықтан тиісті кәдесін беріп құтылады. Мысалы, келген құдаларын құтуші әйелдер кіші құдаларды әжуалап, бетіне айран, ұн жағу кәдесін жасайды. Мұндайда кіші құдалар әйелдерге сыйлықтарын береді. Кәде сыйын бермей бұлтарса, құда жағының біреуін еңбектетіп қойып, алты әйел аттай мінген ишарасын жасайды.

Ауылдың алты ауызы – кішігірім той-томалақ пен бас қосуда дастарқан басында көніл көтеру үшін ауыл адамдарының қонақ құрметіне арнап өнер көрсету рәсімі – ән-жыр айтуы, күй тартуы, би билеуі және т.б. Келген қонақтан «қонақкәде» сұрамас бұрын ауыл адамдарының «ауылдың алты ауызын» айтуы, қазақы ортадағы жазылмаған қағида болып табылады. Ауылдың алты ауызы әдетте сол өңірге кең таралған қара өлең, жыр, ән-күйлерінен құралады және өз жандарынан шығарылып та айтылады. Ауылдың алты ауызы жастарды өнерлі болуға, олардың қабілетін ұштауға ерекше әсер еткен. Сонымен бірге *ауылдың алты ауызы* ауыл мәдениетінің өзіндік сыны іспеттес болды.

Қорыта келгенде, алты саны материалдық мәдениеттің реттілігін, санын білдіру мағынасында жұмсалады. Сондай-ақ аллитерациялық дыбыс үндесімділігін сақтау мақсатында паремиологиялық қорда және жыраулар тілінде қолданылған. Мысалы, алтау ала болса (а - а - а), т.б.

2.7 Жеті санының концептілік мәні

Концепт – адамзат танымын жарықта шығаратын құрделі құрылым. Оның белсенді қызметінің маңызы адамның ойлау үдерісінде айқын көрініс табады. Белгілі бір ұғымға байланысты жиналған ақпараттар концептілік жүйе арқылы топтасады, концептілік өріс құрайды. Яғни белгілі бір ұғымның сан алуан мәнін, мағынасын, ақпаратын, болмысын, қызметі мен ерекшелігін когнитивтік лингвистика зандылығына сәйкес концептілік өріс ұяларына бекітеді. Демек,

адам ұғым туралы жан-жақты жинақталған ақпаратын концептілік жүйеде сұрыптайды. Демек, концептінің мазмұны өрістік сипатқа ие. Концептілік өрістің өзегі (ядросы) және перифериялық құрылымы болады. Өрістің бойына ұғым туралы ақпараттардың имплицитті және эксплицитті мазмұны толықтай енеді. Сондай-ақ адам санасында абстракциялық деңгейде анықталатын зат пен құбылыстың объективті және субъективті сипаттамалары да өріс құрамына алынады.

Н.Н.Болдыревтің зерттеуі бойынша, концептінің аялық білім бірлігі ретінде қолданған жағдайда ғана абстрактілі ұғымдардың заттық белгілері негізге алынады, концепт өзегі ұғым туралы заттық-бейнелі сипаттамалардың шоғырынан құралады, себебі бұл ақиқат дүниелер адамның әлемді тану сезімдерінен туындаған, заттың қарабайыр бейнесін сипаттаудан қалыптасқан. Ал абстрактілі белгілер ойлау әрекетінен туындағының, теориялық, ғылыми таным нәтижесінде тұжырымды бейне жасаумен ерекшеленеді [94, 29–30 б.]. Демек, концептілік өріс - ұғым туралы ақпарат жиналған сайын, концепт құрылымы да, концепт қабаттары да, оның вербалды көрінісі, яғни тілдік жүйесі де кеңейіп отыратын динамикалық құбылыс.

Ал И.А.Стернин концептілік құрылым ретінде тек негізгі қабатты ғана таниды. Негізгі қабатты ұғым туралы сезімдік бейнелер құрайды. Бұл бейнелер концептінің мәнін ашу үшін ойлау операцияларын іске қосатын әмбебап заттық код деп танылады [95].

Сонымен концептінің дамуын сипаттайтын когнитивтік қабаттар ұғым туралы ақпараттардың әрқайсысын концептуалды белгі ретінде қабылдап ойлау жүйесінің иерархиялық деңгейіне қарай өрістерге жіктейді. Негізгі және қосымша қабаттардан тұратын когнитивтік құрылымның мақсаты ұғым туралы адам санасындағы аялық білімді белгілі бір құрылымға сала отырып жинақтау, нәтижесінде ұғымды концепт ретінде таныту.

Негізгі когнитивтік қабат концепт өрісін құрайды. Концепт өрісі аялық білім қорындағы сезімдік-бейнелі ақпараттардан тұрады. Негізгі қабаттың өзі, яғни концепт өрісі бірнеше қабаттардан құралуы мүмкін. Кейде концепт құрамында қосымша когнитивтік қабат болмауы да мүмкін. Концептінің құрайтын негізгі және қосымша когнитивтік қабаттардың шеңбері кең болуы, адамның немесе ұлттың танымында сол ұғым туралы мәлімет жан-жақты әрі мол болғанын байқатады.

Мысалы, жеті саны - жалпыадамзаттық таным бойынша жағымды, киелі, магиялық қасиеті бар ұғым деп саналады. Әлемдік мәдениет бойынша жеті - магиялық сан, ғаламшарлар символы деп танылады. Орыс халқында жеті саны бақытты сәттер ұғымын білдіруде белсенді қолданылады. Мысалы, *быть на седьмом небе* (төбесі көкке жеткендей болу), *семеро по лавкам сидят* (көпбалалы отбасы).

Ал қазақ танымында жеті - киелі ұғым. Жеті ұғымына концептілік талдау жасайтын болсақ, ең алдымен концептілік өрістің өзегіне сандық мағынасынан кейін, магиялық мағыналары алынады.

ЖЕТИ – магиялық күш. Қазақтың дәстүрлі болмысында ұшықтау, аластау, бақсы-балгерге емдеген шаралары Жер мен Көктің, Ай мен Күннің, киелі мал мен аңдардың құдіретіне табынудан, тәңірлік наным-сенімнен туындаған. Мәселен, Ертеде бала көтермеген әйелдің ауруын біржолата тазалау үшін қара қойға көшіріп емдеген. Ауруды көшіруге қажетті заттардың қатарында пішінін келтіріп қолдан жасалған жеті қуыршақ (екеуі ұл, бесеуі қыз баланың пішінінде болуы тиіс) болған. Емші әйелді өртіп, қолына қойды жетектеп, дайындалған жеті қуыршақты бір уысына ұстап, ауылдың сыртына шығып, ұлken жолдың бойына әйелді отырғызды. Емші әйелдің үстінен қара қойды үш рет өткізіп «дертінді саттың ба?», – деп үш рет сұрайды. Әйел «саттым», – деп үш қайтара жауап береді. Содан соң жеті қуыршақты өртеп, әйелді аластай бастайды. Бұндағы жеті қуыршақ - балалы болуға талпынатын наным-сенімнің атрибуты. Неге жеті қуыршақ? Әдетте, бақсы-балгерлер, емшілер ем-домының нәтижесін жеті құннен кейін көреді, жеті рет түкіреді, жеті рет аунатады, т.б. Сондықтан бақсылар үшін жеті магиялық күші бар ұғым деп танылады.

Бақсы бедеу әйелді емдеу үшін әйелдің белін арқанмен жеті рет буып тұрып айтқан екен: О, Шолағым қайдасың? Арқан ұшын шеше гөр. Белде жатқан көп дерттің, Түйіншегін шеше гөр. Баба Тұкті Шашты Әзіз, Күнәсі болса кеше гөр... деп, емдеу «сеансы» аяқталғанда белдегі арқанды шешіп ап, өртеп жібереді екен. Сол сияқты жеті шырақ жаққызып, ауруды емдеу тәсілдері емшілер үшін жеті саны - тылсым күш екенін дәлелдей түседі.

Адыраспанмен аластау кезінде айтылатын мына өлең жолдарында емнің алғашында жеті рет жасалатыны дәйектеледі:

Ассалаумәләйкум, адыраспан,
Бізді сізге жіберді Омар, Оспан.
Кеселге жеті түрлі ем болсын деп,
Әкім Лұқпан пірлері ақыл қосқан.

Сол сияқты отбасының бірнеше нәрестесі тоқтамаған жағдайда жаңа туған нәрестені жеті үйдің шаңырағынан немесе ұзақ жасын нәрестеге берсін деген ырыммен егде тартқан жеті адамның бұтының арасынан өткізетін болған. Өмірі ұзақ болсын деп жеті кемпірдің екі аяғының арасынан өткізіп алады да Жетікемпір, Жетікөт сияқты ат қояды.

Ертеректе бақсылар жеті шырақ жаққызып, ауру баланы үйді айналдырған, басына қырық қасық суық су құйып, аузына ыстық су ұрттап бетіне бүркіп «емдеген».

Көз тиіп не суық тиіп, астан ұшынып ауырған баланы кесеге су құйып, оның ішіне жеті тал қара бұрыш салып ұшықтаған. Анасы баланы сыртқа шығарып ұстап тұрады немесе өзі отыра алатын бала болса өзін отырғызды да, баланы айнала жүріп, бұрыш салынған суды ұрттап балаға бүркү арқылы ұшықтайды. Ұшықтап болған соң баланың үстінен жеті киім жауып жатқызады.

Жеті құрт лақтыру – дауылды тоқтатуға байланысты жасалатын ғұрыптық үрдіс. Қатты желді тоқтату үшін жеті құрт лақтырумен бірге сөз магиясы қоса қолданылады:

Жел түбіне жеті құрт,
Жетеуі де бүтін құрт.
Пәлекетінді ала кет,

Бір жеті құдайы... Осындай магиялық сарынды жолдарды айтқаннан кейін жеті құртты ағаштың түбіне лақтырады.

Жеті концептісінің магиялық құрылымында танылған ұлттық таным (*жеті шырақ, жеті ем, жеті рет ұшықтау, жеті құрт*) Жеті қат Көк пен жеті қабат Жерге табыну наным-сенімінен туындаған деп ойлаймыз. Яғни жаман энергетикадан сақтану үшін жеті түрлі тылсым күшті, рухты шақыру арқылы аман қалу жолдарының көрінісі деп қабылдауға болады.

ЖЕТИ – ТІЛ-КӨЗДЕН САҚТАУШЫ. Қазақ салтында тіл-көзден сақтау ырымдары көп-ак. Оған басты себеп, қазақ - адамның ықыласы мен назы (энергетикасы) тұсу дегенді танитын, түсінетін, сезетін халық. Адамның энергетикасы көз арқылы, тіл арқылы келетінін бірінші болып таныған да қазақ. Тіл-көзден сақтап, айықтырудың амал-тәсілдерін жетік менгерген де қазақ. Мәселен, қазақ сәбилі болған үйге (келінге, балаға) тіл-көз тимеу үшін босаға жеті түрлі шүберек байлайды немесе жүрек, ожау пішінінде тігілген инешаншарға жеті инені шаншып босаға іліп қояды.

Қазақтар *жеті ұсақ* тасты тұмарша етіп матаға тігіп, қамзолдың ішкі жағына көзге түспестей етіп жапсыра тігіп қоятын болған. Оны көбінесе адамға (әсіресе жас балаға) көздің сұғынан, тілдің уынан сақтайды деп тақсан. Осындай тұмарлар адам бойына қуат беріп, көңіліне сенім тудырады деп есептеген.

Ұл баланы қырқынан шығараарда ерекше болсын деп, тіл-көзден сақтасын деп айдар қойған. Айдарды бала *жеті* жасқа немесе он үш жасқа келгенше тіл-көздің сұғынан сақтайды деп алғызыбаған.

Үлкендердің айтуынша, көз кез келген адамға тие бермей, қаны тұшы адамдарға көз тигіш келеді еken. Балаға көзі тиген күмәнді адам белгісіз болуы да мүмкін. Мұндайда дереу иттің итаяғына *жеті* жапырақ наң салып, оны итке жегізеді. Ит наңды жеп жатқанда «өзіңнен басқаға ем бола гөр», деп тілейді.

Қазақ салтында жана туған баланы ауыздандырарда *жеті жүрттың* тілін білсін деп сауықанның тілімен, күйші болсын деп домбыраның құлағымен, қойшы болсын деп қойдың құйрығымен, жауырыншы болсын деп жауырынмен ауыздандырады.

Жеті санына қатысты бұл деректер (жеті шүберек, жеті тас, жеті наң) оның киеллігіне табынудан туындаған. Яғни жеті концептісінің қазақ танымындағы тотемдік құрылымдары тіл-көзден сақтаушы детальды жеті санымен өлшеп алуындағы мәдени кодқа тікелей байланысты екенін байқаймыз [96].

Концепт өзегінен тыс концепт құрылымында ұғымның мазмұнын аштын интерпретациялық бөлік болады. Оnda жеке концептілік құрылым түзіледі. Яғни аталмыш ұғымның мәнін ашу кезінде туындаған ұғымдардың концептілік құрылымы. Аталмыш ұғымның бойындағы көшпілікке таныс емес, жаңғыртылмаған тың таным ақпараттарын өзге концептімен тұтастықта қарастыру арқылы анықталады. Осы жағдайлар интерпретациялық бөліктеге анықталады.

Ю.С.Степановтың пайымдауынша, концепт құрылымы ұғым туралы ақпараттың барлығын бойына жинайды, сондай-ақ концепт мәнін ашатын барлық мәдени деректер енеді. Ұғымның бойындағы мәдени мазмұн арқылы тарихты да, ұлтты да, адамның өмірдік қатынасын да білуге болады [97].

С.В.Иванова концепт құрылымын үшке бөліп қарастырады: ұлттық ерекшелікті танытатын лингвистикалық, мәдениеттанымдық, психологиялық құрылымдар. Лингвистикалық құрылым концептінің тілдік таңбасына сәйкес мағынасын анықтайды. Ал мәдениеттанымдық және психологиялық құрылым когнитивтік білімдерді құрайды [98]. Сондықтан концепт құрамындағы ақпараттық бірліктер, яғни әлем бейнесінің «кванттары», нақтырақ айтқанда менталды бірліктер когнитивтік білімдердің көрсеткіші болып саналады. мәдениеттанымдық менталды бірліктер концепт құрамындағы мәдени кодтарды ашуға бағытталады, ал психологиялық менталды бірліктер сенсаорлы-перцептивті, эмоционалды кодтарды ашуға негізделеді.

Концепт қалыптастырудың басты шарты - құндылық сипаттамасы. Ақиқат дүниенің құндылығын таныту – концептінің менталды бірліктерден артықшылығы деп танылады.

Бірақ кез келген әрекет концепт құрылымына ене бермейді. Н.Д.Арутюнованың пайымдауынша, концепт құрылымына енетін ақиқат дүние бейнелері адамның тәжірибесінен өтіп, бағалануы тиіс [99]. Концепт болып қалыптасуының мәні де осында жатыр. Алдымен адам өз тәжірибесінен өткізеді, сосын бағалайды, нәтижесінде сол ақиқат дүние туралы түсінік, нақты белгілері мен қасиеттері туралы таным қалыптасады. Осы таным-түсініктер концепт құрылымына ене алады.

Жеті – ұлттық таным бойынша этномәдени мәнділіктерге ие сандардың бірі. Жеті саны тілдік жүйеміздегі әртүрлі мазмұндағы тұрақты сөз орамдары мен паремиологизмдердің жасалуына негіз болған. Себебі жеті этнотілдік ұжымның мифтік, діни, тұрмыстық, біліми, эстетикалық ой-санасымен, танымымен байланысты әр алуан мәнділікке ие болған.

ЖЕТИ – МИФ. Жеті басты жалмауыз, жеті дәу, жеті басты айдаһар (жылан), жеті қат (қабат) жерасты, жеті қабат темір - үй қазақ танымындағы мифтік сюжеттер. Қазакы түсінік бойынша жеті түрлі жұтты, қызып-қатерді аталмыш мифтік бейнелермен таныту қөзделген. Себебі аңыз әңгімелер мен ертегілерде жеті басты жалмауызды, жеті басты айдаһарды жеңу оңай болмаған. Жеті қабат жер астынан шығу бірнеше сынақтан өтуге негізделген. Жеті қыындықты жеңу арқылы бақытқа кенелу сияқты халық қиялының астарында қазақтың киындықты бастан өткерген өмірі, зұлмат жылдары жатыр.

Жеті әулие - жеті pіr – Қазақ танымында жетісін беру, жеті шырақ жағу тәрізді сөз орамдары қайтыс болған адамның жаны жеті. қүнге дейін өзінің «тіршілік еткен» мекеніне келіп тұрады деген түсінікке орай қалыптасқан. Сондай-ақ сәби дүниеге келген соң жеті қүнге дейін ат қойылмау ырымы бар. Себебі, байырғы кездегі ел ішінде ат жасыру ырымына сәйкес қалыптасқан түсінік, яғни көзге көрінбейтін зиянды күш иелері сәбидің атын білмеуге тиіс, егер атын біліп қойса, оған зиянды әсерін тигізеді. Сәбиді бесікке бөлегенде

қазақ әйелдерінің бесікке жеті түрлі зат қоюы жеті әулие, жеті пір жебеп жүреді деген түсінікке байланысты екені аңғарылады. Бәкі немесе кішкене кездік, кебенек, қамшы, үкінің қауырсыны мен тұяғы, ортасы тесік, шеттері жеті «емшек» қатырма нан, атасының иісі сіңген шапаны тәрізді жеті зат бесіктегі баланы сыртқы зиянкестен сақтау сенімімен байланысты. Осы қатардағы жеті өмшек қатырма нан нәрестенің қорғаушысы жеті пір, жеті әулиеге бағышталған деген түсінікті аңғартады.

Қазақ танымында жеті әулие, жеті пір - басына іс түсіп қысылған жанға көмекке келіп, жәрдем беретін, үнемі көзге түсе бермейтін тылсым күш, рух [100].

Жеті бұзырық/бұзірік – қындыққа тап болып, жәрдем сұраған жандарды желеп-жебеп жүретін рух, жеті әулие. Парсы тілінде бозорг ұлken деген мағына берсе, Хорезмдіктер әулиенің кесенесін күмбез немесе бузрук деп атаған көрінеді. Ежелгі наным-сенімде жеті бұзірік – жеті әулие деген ұғымды білдіреді. Сондай-ақ Оңтүстік Қазақстанның Созақ ауданында түйе пірін Бұзірік ата деген, кейде әулиенің атын тұра атамай, Ұлken ата деп айтқан. Осылан қарағанда, Ұлken атаны жеті бұзіріктің немесе жеті әулиенің

бірі деуге болады. Бақсылар өз сарынын Алла тағала, әулие- әнбиелерге, жеті бұзірікке, қырық шілтендерге жалбарынудан бастап отырған. Қара бақсының сарынында мынадай жолдар бар:

Жеті бұзірік, қырық шілтен,
Ерлерден медет сұрайын.
Көрде жатқан әкемнің,
Қу басымен ұрайын [101]

Жеті нан, жеті шелпек – садақа түрінде таратылып берілетін ғұрыптық тағам. Қазақ әйелдері үй-ішінде келенсіз жағдай болғанда санын жетеу етіп, жеті күлше нан әзірлеп, табаға жабады. Кей жерлерде шелпек жайып, майға пісіріп, көрші қөлемге, жол-жөнекей кетіп бара жатқан адамдарға таратқан. Я болмаса, өзі, не үй ішінен біреуі аруақтарды түсінде көргенде «дәметіп жүр ме екен» деп, қайтыс болған тұғандарының қайтқан күнінде қоңырса иіс шығарып, «аруақтарға тие берсен» деп, жеті шелпек таратады. Байырғы кездегі наным-сенім бойынша жеті нанның санын сегіз етіп пісірген, ондағысы жеті әулие / жеті пірге бағышталған жеті нанның біреуін шайтан «қағып» кетеді деген қауіппен артық пісіріп отырған [энц].

Ел ішінде *жеті шелпек жеті пәледен* құтқарады деген наным бар. Шелпектің жетеу болуы жеті әулиеге де қатысы бар. Жеті шелпек таратқан үйді жеті әулиесі қолдан жүреді деген түсініктен туындаған деп ойлаймыз.

Жеті концептісінің құрылымындағы мифтік түсінікке қатысты ақпараттардан байқайтынымыз: наным-сенімі жоғары қазақтың түсінігінде жамандық, ауру, қауіп, қатер келсе өмірдің сынағы, маңдайға жазылғаны деп қабылдал, өздігінше, ырымдал күресуі, яғни жеті пірдің қорғанышына арқа сүйеуден туындаитын жеті шелпек тарату айтып келмейтін жеті пәленің болатыны, оны жеті әулие қорғап жүретіні сияқты тылсым дүниелерге іштей сену бүгінгі күнге дейін сакталған.

ЖЕТІ – қанағат шегі. Қазақ танымы бойынша ғаламның, қазынаның, ғашықтың, жұттың, күннің, амалдың жеті санымен өлшенуі санның киелігімен байланысты. Жетінің киелілігін қастерлеген қазақ халқы жақсылықтың да, жамандықтың да шегін жетімен өлшеуге дағыланған. Тіпті наурыз көжеге салынатын тағамның да жетеу болуы, жігітке қажетті ең маңызды қажеттіліктері, қазынасы да жетеумен өлшенуі бекер емес. Ұлттық санадағы санның қастерленуі тілдік жүйедегі деректерден айқын байқалады.

Жеті қат көк, жеті шәріп – Діни түсінік бойынша тілімізде сакталған жеті қат көкке Ай, Ғутрад (Меркурий), Зуhra (Шолпан), Қызыл жұлдыз немесе Миррах (Марс), Мұштари (Юпитер), Зухал (Сатурн), Күн жатады. Ал жеті шәріп (Кәлем шәріп, Мұшқат шәріп, Һидан шәріп, Байтулла шәріп, Шам шәріп, Күдіс шәріп, Бұхар шәріп) жатады. Жеті белгілі бір түсінікке қатысты мөлшердің «ең жеткілікті шегі» дегенді аңғартса керек. Мысалы, жеті қат көк дегенді жеті жоғарғы әлемнің «тірелген» шегі, яғни ең «жеткілікті мөлшер» деген қисынға саяды.

Жеті ғалам / жеті дүние – күллі әлемнің, дүниенің жаратылысы туралы түсінікті білдіретін тұрақты сөз орамы. Жеті ғалам (дүние) қазіргі тілімізде «дүние жүзі», «бүкіл әлем» дегенді білдіреді. Мұндағы жетіде сандық мән жоқ. Байырғы кезде бұл термин халықтың әлем туралы өте ерте кездегі мифологиялық түсінігін бейнелеген. Бұл түсінік бойынша жеті саны негізгі жеті бағытты білдірген. Олар – дүниенің төрт бұрышы: күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік; аспан – жоғарғы ғалам; жер – орта ғалам; жер асты – төменгі ғалам. «Жер бетінде тұратын адамдар белбеуін беліне ораса, жер астында тұратындар аяғына, ал көктегілер мойнына орайды екен» дейтін аңыз немесе «Ер Төстік» ертегісінде Төстіктің жер асты патшалығына сапар шегуі тәрізді ғажайып сюжеттер халықтың байырғы дәуіріндегі жеті ғалам туралы мифологиялық танымына байланысты туған деуге болады [8, 819].

Жеті амал – жылдың белгілі бір мерзімінде үнемі қайталанып отыратын күн райындағы құбылыстардың санмен топтастырылған атауы. Қазақ халқының күнтізбесімен байланысты дәстүрлі білімдер жүйесіндегі күн райындағы өзгерістер – күннің тоқырауы, қарашаның қайтуы, Үркердің батуы, мұздың қатуы, киіктің матауы, айдың тоғамы, тоқсанның кіруі сияқты табиғат құбылыстарымен байланыста қаралады. Ертеде халық есепшілері табиғаттың сан алуан құбылыстарын жіті көзben бақылай отырып, күн райы туралы ұзак мерзімді болжаулар айта білген. «*Жеті амал жасаман өткен жоқ, қыс, сірә, жайлы болар*» деп пайымаған. Жеті амал атауын байырғы кезде, көбінесе есепшілер (халық астрономдары) қолданған. Ы.Алтынсариннің келтірген дерегіне қарағанда, есепшілер жұттың болатынын алдын-ала біліп, елді сақтандырған. Ондай болжамдардың шаруа адамына тигізер көмегі аз болмаған. Қыстың қатты, не жұмсақ болатындығын, көктем мен жаздың қалай өтетіндігін, жауын-шашын мөлшерін шаруа адамы есепшілерден сұрап-біліп отырған. *Күннің тоқырауы* – күннің қысқаруының аяқталуы (қысқы тоқырауда күннің ашық, бұлтты болуына қарап, айдың сұық не жылы болатынын болжайды), күн үзаруының аяқталуы (жазғы тоқырау кезінде күннің ашық, жауынды болуына

қарап күздің қалай болатынын болжайды). *Қарашаның қайтуы* – қараша қаздың төмен не жоғары ұшуына, не ерте, не кеш қайтуына қарап, қыстың сипатын анықтайды. *Үркөрдің батуы* – Үркөрдің түсүі. Үркөр батқанды күн ашық болса, Үркөр жерге батты, жаңбырлы болса Үркөр суға батты дейді. Есепшілердің айтуынша: «Үркөр төмен туса, қыс жайлыш болады, Үркөр жоғары туса, қыс қатты болады». Мұздың қатуы немесе мұздың қаймақшуы, қарашаның қары (қараша-қауыстың қары) деп аталады. Ұлбике қыз бен Күдері қожаның айтысында:

Ақ тайлаққа жүк арттым қатар-қатар,

Шудасы шөгіп жатса, шаңға батар.

Қауыста қарашамен қаймақшиды,

Жеті тоқсан айында дария қатар, – деп жеті амалдың бірін өлең жолдарына қосады. Мұндағы жеті тоқсан (тоқсан қазіргіше бір ай) – жедді (жеді) тоқсан. Бұл сөз дыбыстық жағынан қайта жаңғыртылып, халықтық этимология бойынша желтоқсан түрінде айтылып жүр. *Киіктің матауы* – киіктің үйірге түсүі немесе теке бұрқылдақ деп те аталады, осы кезді белгілеген есепші құралайдың салқыны қай кезде өтетінін дәл анықтап береді. *Тоқсанның кіруі* – немесе үш тоқсанның түсүі, басқаша айтқанда қыстың түсүіне байланысты қарап қыстың жалпы беталысын байқайды. *Айдың тогамы* – Үркөр мен Айдың тоғысы, тұстас келуімен жазғы құндердегі күн райының қалай өтетінін болжайды [102].

Жеті күн – ислам діні ілімінде Алланың күллі ғаламды, ондағы жандыжансыз барша дүниені жаратқан уақыты. Алла тағала жексенбі күні Көкті; дүйсенбі күні Айды, Күнді, жұлдыздарды; сейсенбі күні құс, жәндік, жанжануар, періштерді; сәрсенбі күні су, жел, бұлт, өсімдік атаулыны және несібелерді; бейсенбі күні жұмақ, тамұқ, мейірім мен оқап періштерерін; жұма күні Адамды жаратты; сенбі күні еш нәрсені жаратқан жоқ. Алла тағаланың жаратқан күндерінің бәрі сәтті дей отырып, қазақтар Алланың Адам сәпиңді жаратқан жұма күнін жеті күннің ішіндегі абзалы дейді. Сонымен қатар адам жаратылmas бұрын сәрсенбі күні оның несібесін жаратқан деген түсінікпен байланысты, сәрсенбіні сәтті күндердің қатарына жатқызылады. Ал Адамата ұрпағының тарихында бірінші рет адам өлтіру сейсенбі күні болғандықтан, сейсенбі сәтсіз күн деп есептеледі, яғни Қабыл Ікlima қызды аламын деп, өзінің бауыры Абылды өлтіргендіктен, қазақтар бұл күнді ойға алған маңызды істі бастамауды, алыс жол, ұзак сапарға шықпауды мақұл көреді. Мәшіһүр Жүсіп жинаған деректерде жеті күннің ішінде шаш алдыруға, тырнақ алуға болмайтын тыйым күндер бар да, тыйымы жоқ, мұбәрак болатын күндер бар: сенбі, жексенбі, сейсенбі шаш алдырмайды. Себебі бұл аталған күндері шаш алдырса, басынан пәле кетпейді; ал дүйсенбі, шаһар сенбі (таң ертеңгі сенбі), бейсенбі, жұма күндері шаш алдырса, ризық, оразасы кең болады. Сенбі, жексенбі, сейсенбі, шаһар сәрсенбі (таң ертеңгі сәрсенбі) күндері тырнақ алса, мұбәрак болады. Сенбі күні кешкісін құлақ шыңылдаса, періштер назар салады; жексенбі күні шыңылдаса, пайда көреді; дүйсенбі күні шыңылдаса дәulet, үлкен шаттық болады. Ежелгі Бабыл (Вавилон) жұлдызышылары көк жүзіндегі Жеті шырақты – Ай, Шолпан, Меркурий, Марс, Юпитер, Сатурн, Күн – аптадағы жеті

күнге байланысты қарап, әр күннің тағдыры осы жеті құдайдың билігінде деп түсінген [103].

Жеті қазына – қазақтардың байырғы тұрмыс-тіршілігінде ерекше қастерлейтін жеті түрлі заттың атауы. Әдетте, категориялық мәнде қолданылады. Ел аузындағы сөзде жеті қазына ұғымы әртүрлі нұсқада айтылып жүр. Бұл жерде жігіттің жеті қазынасы немесе ер қазынасы мен ел қазынасын ажырата қараған жөн. Жігіттің Ж. қ.-сы жөніндегі деректің

ізін Ұлбике мен Құдері қожа айтысынан ұшыратамыз:

Жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы,
Көк мылтық, алмас кездік қысы-жазы,
Ау-жылым, қара қақпан құра білсе,
Жігіттің келіспей ме сонда сазы.

Әдетте, жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, көк мылтық, алмас кездік, ау-жылым, қара қақпаны бар аң-құс аулауға епті жігіт өз басын ғана емес, бір үйлі жанды ішер ас, киер киімнен кенде қылмайды. Қала берді ауыл аймағына пайдасын тигізеді. Мұндағы тұрмыстық жеті зат «өндіргіш құрал» есепті болғандықтан, қадір тұтып, қастерлеп, қазына санатына қосқан. Сонымен ер қазынасына жүйрік ат, қаққыш тазы, алғыр қыран, тұзу мылтық, қанды ауыз қақпан, алмас кездік, қыл тұзак (жылым, ау) жатса, ал ел қазынасына диірмен, ұста дүкені, тірі қазына (төрт түлік) жатады, яғни бұлар игілігін жаппай ел-жүрт көретін «өндіргіш» заттар. [84, 263].

Жеті ата – дәстүрлі қазақы ортада ежелден орнықкан тек пен ұрпақ таратудың шежірелік жөн-жосық бойынша әкелік тараптан ғана қалыптасатын жеті ұрпақтық желіске кіретін және оны құрайтын өзара туыс адамдардың қауымы. Оның құрамындағы ересек ер адамдар мен олардың ұл-қыздары біраратадан тараған қандас туыстар болып есептелінеді. Сонымен бірге, көшпелі ортада қатаң ұстанған жетіатага дейін өз ішінде қыз алысып, қыз беріспейтін, яғни жетіаталық мөлшерлі экзогамиялық принципке (нормаға) сәйкес басқа рулардан келін болып түскен әйелдер де осы туыстық-рулық жүйенің құрамына кірді.

Жеті ата – қазақ халқының ұлттанытушылық белгісі. Басқа ұлтта жеті ата ұғымы жоқ. Тілімізде жеті атаны жеті түп деп те атайды. Мысалы *жеті тұптен бері қарай* (үрім-бұтақ, жұрағатынан бері қарай) деген тұрақты тіркес бүгінгі күнге дейін белсенді қолданылады. *Жеті атасынан жау* (ежелден дүшпан), *жеті атасына бітпеген* (үрім-бұтағында болмаған), *жеті атасынан түк көрмеген* (ата тегінен бері қарай өмірі аузы жарымаған) деген тұрақты тіркестер қазақта жеті атаның атына кір келтіруге қатысты туындаған сөз орамдары болса керек. *Жеті атасын білмеген жетеміз* деп тәрбиелеп жатамыз. Бұның астарында жеті атаны білу жігіттік парыз екенін мойындату, жеті атага құрмет, жеті атаның татулығы, бірлігін сақтау сияқты ұлттұстасырушылық мән жатыр.

Жеті ғашық – бір-бірімен қосыла алмай арманда кеткен немесе аса қындықпен, асқан төзімділікпен мұратына жеткен ғашықтардың байырғы халық санасындағы топтама бейнесі. Ғашықтық оқиғалары, бір-бірімен қосылуға қындықпен жеткен хикаялары, шығыс халқының лирикалық жыр-дастандар

желісіне айналған. Қазақ ғашықтықтың құдайдың ісі деген. Халық аузында оның өлең-жырлары мен ертегі эпостарында ежелден айтылып келе жатқан жеті ғашық жөніндегі түсініктің түп-төркіні шығыс елдеріне аныз, дастан болып көп тараған ғашықтық хикаяларымен сабактас.

Қазақтың жыршылары мен ақындарының шығармаларында кездесетін жеті ғашыққа мыналар жатады: Ләйлі-Мәжнұн, Жүсіп-Зылиқа, Фархад-Шырын, Бәһрам-Күләнда, Сейпіл-Мәлік, Бәдігүл-Жамал, Бозжігіт-Ануаз кей нұсқаларда Қарашаш, Зияда-Хорлы (Зияда-Хорлы, Ғайын). Қазақ жыршылары кейде Қозы Көрпеш–Баян сұлуды да жеті ғашықтың бірі деп есептейді:

Ақ сарайда жазған хатты көрді,
Қозыке мен Баянның атын көрді.
Жаратқан жеті ғашықтың бірі еken деп.
Құдайдан тілейік деп кеңес қылды [102, 15].

Жеті қараңғы түн / жеті түн – көз байланғаннан таң атқанға дейінгі мезгіл, түн баласы. Халықтың тұрмыс тіршілігімен байланысты түннің мезгіл-мезеттерін алдымен кеш қараңғысы (апақ-сапақ кез), түн қараңғысы, таң қараңғысы деп үшке бөледі. Әр мезгіл «ет пісірлімдей» уақыт (екі, екі жарым сағат) шамалас деуге болады. Кеш қараңғысы – апақ-сапақ шақ, бұл кезде шаруа адамы өрістен қайтқан малды қоралап, жайғастырады; қой-ешкі, сиыр, сауылады, қозы-лақ енелерімен жамырасады. Бұдан бұлайғы шақ түн қараңғысы деп аталып: ел орынға отырған шақ, ел жатқан шақ, түн ортасына жеткен шақ (ауыл, үйдің қалың үйқыға кірген шағы), түн ортасынан ауған шақ (бір үйқытап оянатын, шаруа адамы үшін мал-жайға шығатын шақ) деп аталады. Келесі мезгіл – таң қараңғысы. Оның өзі таңға үш үйқы қалған шақ, таңғы екі үйқы қалған шақ, таңға бір үйқы қалған шақ дейді. Бұл мезетте алыс жолдан келген мініс атын таң асырады, ер-тұрман алып, отқа жібереді. Әдетте түннің мезгіл-мезеттерін шаруа адамы Жетіқарақшы жүлдізының Темірқазықты айналып отыратын қозғалысына қарап айқынтайтын. Күтпеген жерден апақ-сапақта, екі кештің арасында, жеті қараңғы түнде, таң атпай келген адамды үй иесі мезгілсіз жүріске балап, әдетте, «неге бұлай жүр еken, бірдеме болып қалды ма еken?» деген іштей күдік алған оймен қарсы алады.

Сонымен бір тәулік ішіндегі түн мезгіліне байланысты түсініктер мен үғымдарды білдірудің тілдік амал-тәсілдері әр алуан. [80, 263].

Жеті жұт – жалпақ жүртқа қыншылық, қасірет әкелетін көлденен қеселдің жеті санымен топтастырылуы. «Жұт жеті ағайынды, соғырмен сезіз, салақпен тоғыз, олақпен он» деп мақалдай отырып, қария кіслер ағайынды жетіге мыналарды: қаһарлы қыс, сел, қуаңшылық, өрт, індег, зілзала, соғыс сияқты жүртшылыққа қасірет әкелетін көлденен қеселді жатқызады. Елдің құтын қашыратын көлденен қеселдің жетімен топтастырылуы Ұлбике мен Күдері қожа айтысында кездеседі:

Қысыр сөз үлгі бермес Құран тұрып,
Біреуі жеті жүрттың қуаңшылық,
Екінші қаһарлы қыс мал қыратын,
Ушінші жүқпалы ауру ашаршылық,

Төрт пен бес өрт пенен су – тілсіз жауың,
Алты, жеті соғыс пен жер апаты,
Шошытар басқа түссе, адам қауымын.

Сөз себепсіз айтылмайды. Халықтың байырғы кездे бұларды ағайынды жеті деп атауы тегін болмаса керек. Каһарлы қыстағы ақ қар, көк мұз жұтының аяғы, қайталаманың ақ бораны да қауіпті, өйткені тасқын болып, сел жүреді. «Елге ел қосылса – құт, селге жел қосылса – жұт» дейді мақалда. Ақ қар, көк мұздың жұты (ақ жұт) тәрізді тігерге тұяқ қалдырмай, ел ішін күйзелтіп, шығындарып кететін табиғи апаттың арты індекте де айналуы ықтимал.

Жеті тозақ / жеті тамұқ – діни, күнелі адамдардың о дүниедегі азап көретін орны.

- 1) Ажua – ораза-намазсыздың орны;
- 2) Шақыт – ұрымен зинақордың орны;
- 3) Нақбыр – әке-шешесін ренжіткеннің орны;
- 4) Расыт – ғайбатшылық айтқанның орны;
- 5) Лазит – бақсы мен күшнаштардың орны;
- 6) Катим – еріншек бейнамаздың орны;
- 7) Жаһаннам – санасыздардың, кәпірлердің орны. [104].

ЖЕТИ – киелі өлшем. Тұрмыстық-әлеуметтік санамен байланысты «жетілер тобында» мифтік түсінік жоқ. Халық ауыз әдебиетінде, шешендер сөзінде жетімен өлшенетін ұғымдар көп. Мысалы, жеті жетім, жеті жоқ тәрізді сөз орамдарын жатқызуға болады.

Жеті жетім: тыңдалмаган сөз жетім, басшысыз қалған ел жетім, акқу-қазсыз көл жетім, бетегесіз бел жетім, елінен кеткен ер жетім, замандасынан айырылса, бәрінен де сол жетім.

Жеті жоқ: жерде өлшеуіш жоқ, аспанда тіреуіш жоқ, таста томар жоқ, жылқыда өт жоқ, құста сүт жоқ, таста тамыр жоқ, Аллада бауыр жоқ т.б.

Жеті жарғы, жеті мүше де киелі өлшем қатарына енеді. Халық санасында жетінің киелі өлшем ретінде стереотипті қабылдануы тұрақты тіркестерден байқалады. Мысалы, *алып алты, жеп жеті болмайсың* (жұрттан алып-жеп жетіспейді деген мағынада). Тұрақты тіркестің мынасына жетінің еш қатысы жоқ. Дегенмен, халық санасында жеті аз да емес, тым асып-төккен көп те емес, қанағатшылық өлшемі секілді қабылданады. Сол сияқты *жерден жеті қоян тапқандай* фразеологизміндегі жеті тұрақты тіркестің негізгі мағынасына байланысы жоқ. Дегенмен, жеті қоянды олжа еткен қасқыр не түлкінің кейпін ойша суреттеу арқылы эмоциялық әсерді бейнелі суреттеу мақсаты көзделген.


Тілімізде жеті санын өлшем ретінде қолданатын *жазғайлар да кездеседі*. Мысалы, *жеті дария жер* (*алыс, қыыр шет*), *жеті дуан ел* (байтақ ел, дүйім жүрт), *жеті жұртқа әйгілі* (бүкіл ел-жұртқа танымал).

Жеті рет өлшеп бір-ақ кес деген мақалдағы жеті өлшемінің алыну себебіне оның киелі, қастерлі екені дәйек болған. Тілімізде *жыланды жеті кессенде, кесірткелік қауқары бар* деген түсінік бар. Қазақтардың байырғы мифтік нағым-сенімінде жылан ордалы болады. Өлтірген күнде жетіге бөліп, жеті жерге көмседе, жер астынан бір-біріне қосылып алады. Жыландардың «алтын басым аман

болса, алты күнде тірілемін, жеті жаным аман болса, жеті күнде тірілемін, құйрығым аман болса, қырық күнде тірілемін», – дейтін серті болатыны айтылған. Аталмыш мақал осы дерекке орай туындағанын байқаймыз.

Қорыта келгенде жеті концептісінің құрылымында сандық мағынаға емес, мифтік, діни, тотемдік сипатта дәл өлшемдік, кең өлшемдік, жеткілікті шек өлшемдік, қанағатшылық өлшемдігі, ұрпақ жалғастығы өлшемдігі, аталастар шегінің өлшемдігі, ғашықтар эталонының өлшемі, қазына мен жұттың өлшемі, төрткіл дүние шегінің өлшемі, қазақтың өмірлік заңдарының өлшемі (жеті жарғы), рухани жеңеушілердің өлшемі (жеті әулие), қазақ даласындағы астрономиялық өзгерістердің өлшемі (жеті амал), т.б. ретінде терең сақталған.

Жеті концептісінің құрылымы қазақ танымындағы лингвистикалық ілім (тұрақты сөз тіркестері), психологиялық ілім (тіл-көзден сақтаушы жеті түрлі заттардың киелі тұтынуы, жаман энергетикадан сақтаушы атрибуттардың жеті түрлі болуы), мәдениеттанымдық ілім (жеті ата, жеті жұрт, жеті амал, жеті ғашық, жеті қат көк, жеті қабат жер, т.б., жеті шелпек, жеті қазына) базасында анықталды. Жеті – қазақ үшін құндылық, киелі ұғым ретінде қабылданып, солай бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқанын дәйектейтін деректердің мазмұны төмендегі суретте ашылды.



Сурет 4 Жеті санының концепті өрісі

2.8 Сегіз санының лексика-семантикалық өрісі

Сегіз саны көне мифологиялық таным бойынша адамға сенімділік беретін символдық сан ретінде қабылданады. Сондай-ақ сегіз мәңгілік қозғалысты символдайды. Себебі сегіз қырлы атрибуттар әлемнің төрт бұрышының екі еселенуі, қос шаршы (квадрат): $2+2+2+2 = 8$ – өсу, жетілу, даму символы. Яғни екеуден екеу шығады, төртеуден екеу шығады, одан екеу шығады деген гүлдену, өркендеу, өрбу ассоциациясы негізінде қалыптасқан.

Сандар мифологиясына сенетін Қытай елі Бейжің Олимпиадасын 2008 жылы 8-ші айдың 8-ші күні, сағат 8-ден 8 минут 8 секунд өткен уақытта бастады. Қазақ мәдениетінде сегіз санын осылайша наным-сеніммен қабылдаған жағдайын көре алмадық. Себебі тіліміздегі сегіз сөзі кездесетін тұрақты бейнелі қолданыстарды зерттей келгенде есептік реттік мағынасына ауытқып, басқа мағынаны білдіретін атау ретінде қолданғанын аса байқамадық. Тек біріккен сөздерде сегізаяқ, сегізкөз атауларының тұтас мағынасы су жәндігі және дene мүшесін білдіргенмен, жасалу уәжі сегіз аяғының және сегіз сүйектің болуына негізделеді.

Сегіз санына қатысты тіл бірліктерін жинақтай келгенде, оларды мағынасына қарай былайша топтастырыдық.

1 «**Сегіз – қалыңмал**» – Сегіз қара – келін түсіру алдында төлеген қалыңмалының атауы. Көшпелі ортада ежелден орын қаққан қағидалар бойынша екі рудың отбасылары құдаласады. Сегіз қара атануының уәжі де құдалыққа салатын сегіз сый-сияпattyң санына сәйкес қойылып тұр. Сегіз қара, яғни сегіз жылқы болса керек. Егер кедей күйеу жігіттің отбасы сегіз қараға шамасы келмей жатса, ағайын-туыс болып толтыратын болған.

2 «**Сегіз – әлем**» – Сегіз қыыр шартарап -өр (құншығыс, құннің өрлеп шығатын тұсы), төмен (құнбатыс, құннің еністеп барып батытын тұсы), түстік (оңтүстік, бет, тұс), терістік (солтүстік арқа тұс) дегенмен байланысты. Ал сегіз қыыр шартарап түстік пен батыстың, түстік пен шығыстың; терістік және терістік пен батыстың, терістік пен шығыстың іргелес аралықтары деген ұғымды қамтиды. Сегіз қыыр шартарап тұрақты сөз құрамындағы шар - төрт тарап деген ұғымды білдіреді. Бұл жайында Бұқар жырау былай жырлайды:

Сегіз қыыр шартарап
Төрт құбыланды түгел қып
Төрінде жатып салмақтан, - десе.
Қабан жырау былай деп жырлайды:
сый қылмасаң халқыңа,
Келе алмасаң қалпыңа
Түсе алмасаң салтыңа
Жүре берсең салпылдан
Төрт құбыласы тең екен дегенді саған кім айтар?

Жыраулардың осы өлең жолдарындағы сегіз қыыр шартарап, төрт құбыла адамның қарым-қатынасының бірі. Ал қоғам мүшесі өзі қоршаған орта мен алыс-жақынмен айналасымен жақсы қарым-қатынаста болса, ондай адамды төрт құбыласы түгел адам деп атайды.

3 «**Сегіз - ұлттық бұйымдар**» – Абайдың сегіз қайысы, Сегіз қырлы қайың шоқпар. Сегіз тұтам сары садақ. Сегіз өрім қамши. Сегіzmүйіз. Сегіzkөз. Сегіз көштік бетпақ дала. Сегіз сай (баскиім). Сегіз қырлы найза (ұшы сегіз қырлы, сабы ұзын түйреуге арналған батырдың бес қаруының бірі).

4 «**Сегіз - ұлттық мінез**» – Сегіз қырлы, бір сырлы (көпбейімді, жан- жақты, өнерпаз, шебер, бесасспап,). Көңілі сегіз саққа жүгірді. Серпіні сегіз болу. Ақыл

- сегіз, Егізді сегіз ету. Сегіз қырлы өткір сөз. Сегіз кесседе серкедей қан шықпайды (безеріп алған, жібіп-иілмейтін қатыгез кісі туралы).

5 «Сегіз - ұлт». Сегіз арыс (сегіз атадан тараған ел). Сегіз оғыз. Сегіз сері (кіші жүз руы).

6 «Сегіз - дін». Сегіз жұмақ, Сегіз пейіш. Сегіз жаннат (діни аңыз бойынша осы дүниедегі сынақтан өткен Алланың құлдарына Алладан нәсіп етілген сауапты істеріне, имандылық деңгейіне қарай бөлінетін мәңгілік рақат өмір сүретін о дүниедегі жаннаттың түрлері).

7 «Сегіз - салмақ»: сегіз батпан. Сегіз бұт, сексен қадақ.

Қазақ тілінде «Жұт жеті ағайынды, жиенім сегіз» деген мақал бар. Қария кіслер ағайынды жетіге мыналарды: қаһарлы қыс, сел, қуаңшылық, өрт, індег, зілзала, соғыс сияқты жұртшылыққа қасірет әкелетін көлденең кеселді жатқызады. Елдің құтын қашыратын көлденең кеселдің жетімен топ-тастырылуы Ұлбике мен Күдері қожа айтысында кездеседі:

Қысыр сөз ұлгі бермес Құран тұрып,
Біреуі жеті жұрттың қуаңшылық,
Екінші қаһарлы қыс мал қыратын,
Үшінші жұқпалы ауру ашаршылық,
Төрт пен бес өрт пенен су – тілсіз жауың,
Алты, жеті соғыс пен жер апаты,
Шошытар басқа түссе, адам қауымын.

Сөз себепсіз айтылмайды. Халықтың байырғы кезде бұларды ағайынды жеті деп атауды тегін болмаса керек. Қаһарлы қыстағы ақ қар, көк мұз жұтының аяғы, қайталаманың ақ бораны да қауіпті, өйткені тасқын болып, сел жүреді. «Елге ел қосылса – құт, селге жел қосылса – жұт» дейді мақалда ел ішін күйзелтіп, шығындағы кететін табиғи апattyң арты індеге де айналуы ықтимал.

Демек, қазақ танымындағы табиғи апattyң саны мен мәні қазактың мақалында тұспалдал жеткізілген еken. Байқағанымыздай, аталмыш мақалдың тәрбиелік насиҳаты жоқ, тек халық танымындағы ақпаратты келешек ұрпаққа тұспалдал жеткізу мақсаты көзделгенге ұқсайды.

Қорыта келгенде, сегіз санының сандық мағынасынан басқа сапалық мәні де бар. Ол сан құлы, сан алуан, жан-жақты, әрқылы мағынаны да түрлендіріп тұратын символдық мағынаға ие. Мәселен гаунар тастың сегіз қырлы болып, мың құбылып тұратын қасиеті, басқа ұғымдарды білдіруде де қолданылады. Мысалы сегіз қырлы бір сырлы.

2.9 Тоғыз санынның концептілік өрісі

Тіл – ұлттық сананың айнасы. Себебі тіл арқылы ұлттың ақиқат дүниені тану ерекшелігін аңғарамыз. Жалпыадамзаттық метафизикалық ұғымдардың өзі әрбір халықтың түсінігінде әртүрлі сипатталады. Жалпыадамзатқа ортақ сан атауларының әмбебаптық ұғымынан тыс, әрбір ұлттың дүниетанымына сәйкес кодталған мәдени фондық мағыналары болады. Мысалы, «бір» саны жалпыадамзаттық түсінікте біріншіден, әлсіз ұғымын білдіреді. Білекті бірді

жығар, білімді мыңды жығар. Один в поле не воин. Екіншіден, жалғыздықты символдайды. Бір Аллаға сыйынып..., Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан. The One Lord and One King. Қазақ тілінде «бір» саны мөлшерлік ұғымды да білдіреді. *Бір шөкім, бір ұрттам, бір асым, бір көш, бір киер, бір жасырақ, бір аттам, бір уыс, бір айдам*, т.б. Осылайша, сан категориясын терең зерттеу арқылы жалпыхалықтық және жеке ұлтқа тән концептуалдық мағыналарды айқындауға болады. Бір ұғымы мифологияда тұтастықты білдіреді. Сол сияқты қазақ танымында да бұған «бір болайық», «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару» тіркестері дәлел бола алады.

Ұғымның бойындағы концептуалдық мәнді толық айқындау үшін лингвокогнитивтік талдау қажет етіледі. В.А.Маслованың пайымдауынша, когнитивті ғылым адамның білімі мен санада жинақтаған ақпараттарын белгілі бір ұғымға түсінік беруде жұмысайтын когнициялық әрекеттердің үдерісін қарастырады. Эрбір ұғымның аясында жинақталатын ақпараттар ассоциациялық, стереотиптік, эталондық, бейнелік, т.б сипатта жинақтала келіп, сол ұғымның концептілік жүйесін құрайды.

Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған сан ұғымы – әрбір ұлттың тірек концептісі болып табылады. Себебі әрбір халықтың санға қатысты дүниетанымы, көзқарасы, наным-сенімі, сол туралы аңыздары әртүрлі болып келеді. Демек, сан атауларын зерттеу арқылы ұлттың танымы мен когнициялық қабылдау ерекшеліктерін айқындауға болады. Сан - европалықтар үшін дүниенің тілдік бейнесін танытатын маңызды компонент. Мәселен, «5» саны біреулер үшін «өте жақсы» деген баға, біреулер үшін адамның бес саусағы, европалық түсінікті, гүлдің (герань немесе лютик) жапырақтары деген түсінік тудырады. Бұл – 5-тің нумерациялық қызметінен тыс, визуалды салыстырмалы ассоциациясы.

Қазақы дәстүрде «бес биенің сабасындей» – ірілікті, толықтықты сипаттауда қолданылатын тұрақты тіркесте бес ұғымы сандық сипатта болғанымен, адамның көз алдына бес биенің сүті құйылатын кең ыдыс елестейді. Ал «бес саусағындей білу» (жетік білу), «бес аспап» (қолынан өнер тамған шебер) қолданыстары бес саусақтың қасиеттерінен туындаған коннотаттық мағыналар.

Демек, сандардың да ұғым ретінде ұлттың рухани әлемін таныта алатын әлеуеті бар екенін аңғардық. Қазақтың дәстүрлі танымында тоғыз саны этнографиялық категория ретінде қызмет етеді. Яғни тоғыз ұғымы ақиқат дүниенің бейнесін жасаушы лингвомәдени концепт ретінде айқын көрініс таба алады.

Казіргі таңда «қоржынға тоғыз салыпты», «тоғыз беру» сияқты қолданыстар құдаласу салтында немесе той-томалақта кәделі сыйлық ретінде ассоциацияланады. Расында да үйлену тойында, қыз ұзату дәстүрінде құдалардың өзара тоғыз беру салты бар. Демек, «тоғыз» концептісінің қарапайым бейнесі - кәделі сый ретінде қабылданады.

Дегенмен, көне тәнірлік, шамандық таным-түсініктің сарқыншағы ретінде санамызда үш, жеті, тоғыз сандары киелі сан деп танылады. Мәселен, құмалақ ашқанда үш-үштен тоғыз түсінің жақсылыққа жорылуы, қызға жасау бергенде

тоғыз-тоғыздан етіп жасалуы, жырға баскиіміне тоғыз моншақ тағу (көз тимесін деп), үй жасауларына (кілем не текемет) жеті немесе тоғыз түрлі бояу қатыстыру, ертегілерде тоғыз ұлы болыпты деп баяндалуы, т.б тоғызға қатысты наным-сенімдер мен ырым-тыйымдардың өзі тоғыздың киелі сан екенін мойындатады. Осы киелі түсініктен кейін сый-сияпatty да, айып жазаны да тоғыз санымен бағалау стереотипті өлшем ретінде қалыптасқаны байқалады. Ал қазіргі түсінігіміздегі «тоғыз беру» ұғымы ертеректегі айыппұл ретінде төлеуге бұйырылатын жаза түрінен туындағанын нақтырақ концептуалды талдаумен дәлелдейік.

ТОҒЫЗ БЕРУ- айыппұл төлеу. Қазақтың байырғы тұрмыс-салтында кездесетін дау-жанжал кезінде би шешімі бойынша кінәлі деп танылған жақтың айып-анжы төлеуі. Бұл концептілік құрылымның тілдегі көріністері мынадай:

Ши тоғыз - ірі ұрлық жасаған адамның зардап шеккен тарапқа төлеген айыбы. Ши тоғыздың құрамына бас тоғыз, орта тоғыз, аяқ тоғыз кіреді.

Бас тоғыз - түйе бастаған тоғыз боталы түйеден, тайлақтан, құлынды бие мен тайдан, бұзаулы сиыр мен тайыншадан тұрады. Бас тоғызды кейде қасқа тоғыз деп те атайды.

Орта тоғыз - ат бастаған тоғыз. Оның құрамына құлынды бие, тай, бұзаулы сиыр мен тайынша, қозылы саулық, тоқты енеді. Дәстүрлі қазақы есеп бойынша құлынды бие екі бас жылқыға, бұзаулы сиыр екі бас ірі қара малға тең болған. Орта жақсыға малмен қатар әртүрлі бұйымдар да енген.

Аяқ тоғыз - өгіз бастаған тоғыз бұзаулы сиыр немесе тайынша, алты бас қой. Оның құрамына кейде бір өгіз бен сегіз бас әртүрлі жастағы қой енген.

Тоқал тоғыз - үш тоғыздың құрамына кірмейді. Тоғыздың маңдай малсыз түрі. Беретін малы болмаған жағдайда «жетім» немесе «жесірді» күн, құл ретінде атайды.

Ат бастатқан тоғыз – байырғы әдет-ғұрып заңындағы қылмыс үшін төленетін айыптың (тоғыздың), және ас-жыындарда үлестіретін сый, тарту, бәйгенің мөлшері мен мазмұнын бейнелейтін ұғым. Ат бастатқан тоғыз орта тоғыз түріне жатады. Оның көлемі шамамен үш ат, үш сиыр немесе үш тай, үш қой мөлшерінде болады. Ат бастатқан тоғыз мөлшері бас тоғыз бен аяқ тоғызға да байланысты белгіленді.

Ат ойнатқанға бір тоғыз айып. Ат ойнату – дәстүрлі ортада ауылға, біреудің иелігіне атпен шауып келіп, айғай-шу, дау-жанжал шығарып, сес көрсетуді білдіреді. Ат ойнату әдettік құқық бойынша ауыр қылмыс болып есептелген. Өйткені, мұндай қылыштың көшпелі ортада атпен жүрудің қалыптасқан этикалық нормалары мен қағидаларын өрескел бұзу болып табылады. Яғни ауылға төтенше атпен шауып кіру, жөнсіз атойлау ауылдың тыныштығын бұзу ретінде бағаланды. Бұндайда айыппкер ат-шапан немесе бір тоғыз деп аталатын айыпқа кесілген.

Аяқтоғыз – әдettік құқықтағы айып төлемінің атауы. Сондай-ақ, ас-жыындарда тартылатын «тоғыздардың» соңғы тоғызының атауы да. Әдет-ғұрып құқығында ақсақалдар мен билер соты жеңіл деп таныған қылмыс үшін аяқтоғыз айыпқа кескен. Оның мөлшері шамамен 7-8 қойға тең болды.

Сонымен, айып ретінде тоғыз беру реті арнайы заңмен бекітілетін болған. Жеті жарғы да кейбір қылмыстарды тоғыз беру арқылы жазалаған. Мысалы, 1885 жылғы Қарамола ережесіне сәйкес егер молданы немесе басқа да құрметті кісілерді ренжітсе ат-шапан айып немесе тіпті атан бастатқан тоғызға дейін айып төледі. Сондай-ақ, біреуді қол жұмсағаны үшін айыпкерге бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып салынған. Ұрыс, төбелес шығарғандар билердің үкімімен ат-шапаннан бастап, үш тоғызға дейін сұраушының пайдасына айып төлейді. Айбана өтеу үшін адамдар осы тоғыз айыбын еселеп төлеген. Айбана – ұрлық істеген айыпкерге салынатын ең ауыр жаза.

ТОҒЫЗ-1 - тоғыз түрлі заттан тұратын сыйлық. Ат-жарыста, палуан құресте, өнер жарысында озып шыққандарға алдын ала белгіленген арнайы жүлделі сыйлық.

Басжақсы – бәйгеге тігілетін немесе айыпқа байланысты берілетін «тоғыздың» ішіндегі ең көрнектісі, әрі қымбаты. Сондай-ақ қалыңмал құрамындағы ең кәделі сыйдың атауы. Қазақтың танымында басжақсы «ең құнды, ең жақсы» деген мағынаны білдіреді. Басжақсыға әдетте түйе бастаған тоғыз, жамбы бастаған тоғыз, бие бастаған тоғыз кіреді.

Жанды тоғыз - малдан құралған сый. Бес жақсыға жанды тоғыздан қара нар, емшегі тұтам бие (не қазанат),

Жансыз тоғыз - дүние-мұлік, бағалы заттардан құралған сый. Жансыз тоғызда қалы кілем, алмас қылыш (не тұзу мылтық), тәуір киім (қымбат ішік, жібек шапан т.б.) болады.

Аяқжақсы – тоғыз түрінде берілген сыйдың құрамындағы мәртебесі мен құндылығы түрғысынан «тоғызынышы» кәделі заттың атауы. Қазақта айыпқа, сыйға, қалыңмалға, бәйгеге, балуан құреске және т.б. берілген сыйдың жанды тоғыз, жансыз тоғыз, түйе бастаған тоғыз, жамбы, бие бастаған тоғыз тәрізді тоғыздың басжақсысына сәйкес аяқжақсысы әрқалай болып келеді. Мысалы, тоғыздың басжақсысы құң болса, аяқжақсысы құлынды бие, ал басжақсысы түйе болса, аяқжақсысы қымбат шапан болады. Қазақтың неке салтында күйеу жігіт қалыңдықтың ауылына алғашқы рет келгенде аяқжақсы алып келген.

ТОҒЫЗ-2 - құда болу салтында, қыз ұзату, құда тұсу рәсімдерінде берілетін кәделі сый. Тоғыздың құрамында тоғыз түрлі зат болуы тиіс.

Тоғыз қатын жортакай – дәстүрлі неке салтында күйеу жолдас тарапынан берілетін кәде түрінің атауы. Қыз жеңгелерінің күйеу жігіттің қасына еріп келген күйеужолдастан «жортакайын», яғни кәдесін талап етеді. Күйеу жолдас жортакайын бермесе, тоғыз қатын жабылып тартып алуға тырысады. Сондықтан тиісті кәдесін беріп құтылады.

Тоғыз торқа жабу - сыйлық. Бесікке салу тойында жасалатын рәсім. Бала бесікке бөлеген соң «өскенде бай болсын, жоқтық көрмесін» деген ниетпен, бесікке тоғыз торқа жабады. Ол *көрпе*, *қамишы*, *жүген*, *шапан*, *тон*, *кебенек*, *шекпен* сияқты жеті түрлі қадірлі таза заттан тұрады және оның символикалық мәні де бар. Жүген мен қамышы ат үстінен түспейтін ер болуын, тон мен шапан бала халықшыл, елшіл, көпшіл болуын мегзесе, кебенек жабу ер мінезді өжет болсын, сәбидің ұйқысы қалың болсын, өскенде дәүлетті азамат болсын деген

ниеттен туындаған. Осы «жабуларды» әжелердің бірі келген абысын-ажындарына «сатып» үлестіріп береді. «Сатып алушылар» ырымын жасайды. Тұбектің ойынынан үш рет дәм өткізіп, жиналғандарға шашу ретінде үлестіреді.

Қалыңмалға берілетін тоғыз жасау. Жақсылы қырық жетіге берілетін жасауда бір үйге қажетті бұйымдар мен жиһаздар, қалыңдықтың киімі, мінер аты түгелге жуық ескеріледі, кейбір заттар тоғыз-тоғыздан беріледі.

1. Отау үй
2. Киім – кешек : көйлек, желең, сәукеле, етік, шапан, тон, ішік, белбеу, мәсі
3. Төсек – орын : жастық (тоғыз), көрпе (тоғыз), шымылдық, тұскиіз, кілем, алаша, сырмак, текемет (төсеніш бұйымдар тоғыз), жайнамаз;
4. Жиһаз: төсекағаш, сандық, жағылан, кебеже (тағам салынатын бұйым), абдыра (киім-кешек салынатын бұйым);
5. Қазан – ошақ : қазан қақпағымен, ошақ, мосы, құман, шымшуыр, шоқаяқ, шелек;
6. Ійдис – аяқ : саба піспегімен, торсық, астау, табак, аяқ, зерен аяқ, саптаяқ, шөміш, кепсер, қасық (тоғыздан), кесе (тоғыздан), тостаған (тоғыздан), дастарқан, аяққап, сыпыра, тұзбаспақ, келі-келсап, сұлгі (тоғыздан);
7. Ер – тұрман : ер, тоқым, үзенгі, өмілдірік, құйысқан, жұген, ноқта, атжабу, қамшы, бұйда, атдорба;
8. Жақсы ат : ұзатылған қыздың күйеу жүртynna mіnіp баратын аты.
9. Түйе : ұзатылған қыздың жасауы-жүргі артылған көшке тіркелетін 4 түйе.

Құдаласу салтында, той-томалақта жүретін тоғыздың басы мен құрамы. Бірінші тоғыздың басы – сырт шапан; екінші тоғыздың басы – барқыт, шайы, батсайы кездеме; үшінші тоғыздың басы – көйлектік кездеме; төртінші тоғыздың басы – жаулық кездеме; бесінші тоғыздың басы – шаршылық кездеме; алтыншы тоғыздың басы – шылалық кездеме; жетінші тоғыздың басы – сұлгі орамал; сегізінші тоғыздың басы – беторамал; тоғызыншы тоғыздың басы – құміс жүзік

ТОҒЫЗ-3 - тіл көзден сақтаушы киесі бар сан. Қазақы дәстүрде қыздың басқиімін, бешпентін әшекейлекендеге моншақ тастарын тоғыз-тоғыздан салып отырған.

Тоғыз моншақ. Нәрестені тіл-көзден сақтау үшін оның бесігіне, киіміне тұмар ретінде тоғыз моншақ, құміс тындарды іліп қояды. Жырға керегесіндегі көздердің жоғарғы және төменгі жағынан (тоғыз жерден) тесік тесіліп, астарлық мата осы тесіктерден өткізілген жіппен тігілген. Астарды жырганың төбесіне екі жерден тігіп бекіткен. Төбесінде 9 қырлы жұлдызша және оны айналдыра орналастырылған 9 жасыл түсті перуза тастары салынған. Қазақта тоғыз моншақ деп аталатын моншақ түрі болған.

Бірден сіз тоғыз қылып бәйгі алсаңыз,
Берейін тоғыз моншақ жіпкө тізіп...

Тоғыз көзді кіреуке. Эпостық жырларда кездесетін батырлар киімінің бір түрі.

Тоғыз құйрықты байрақ. Елден ерекшелену үшін тоғыз түсті матадан жасалған байрақ ұстай тарихта болған. Жазба деректерде Шынғыс ханның тоғыз құйрықты байрағы айтылады. Айыру белгісі болғандықтан байрақта шашақ пен

мата баудың түсі де маңызды болды, көзге бірден көріну үшін әдетте байрақта шаңқай қызыл, ақ, қара жасыл, көк, сары түстен пайдаланылған.

ТОҒЫЗ -4 - киесі бар мифтік таным. Қазақтың наным-сеніміне тоғыз ұғымының киелілігін садақа беруде жоралғыларында байқауға болады.

Төгөз қап тары тарату. Аққұла ретінде үлестірілетін дән толған қапшықтың тоғыз не жеті болуы да қазақ танымындағы киелі сан ретінде қалыптасуын дәлелдей түседі.

Үйірімен үш тоғыз. Аңшылардың олжа көбейсін деген мағынада айтатын ырымы. Аң терісін аңшы сойып болған соң кәделі адамға байлайды. Теріні қолға алып «үйірімен үш тоғыз» деп жерге үш дүркін ұрып, содан соң оң қанжығасына байлайды. Сыйды алған адам рақметін білдіріп, «қанжығаңыз майлана берсін» деп тілек айтады. Абай өлеңінен аңғаруға болады:

Кұсы да, иесі де қоразданар,
Алпыс екі айлалы тұлкі алғанда.
«Үйірімен үш тоғыз» деп жымындал,
Жасы ұлкендер жанына байланғанда.

Сүр ас - марқұм бақылық болған мерзімнен кейін тоғыз жылдан кейін берілетін ас атауы. Сүр асты бүкіл ауылға кең көлемде жасайды.

ТОҒЫЗ -5 - молшылық. Көшпендер тоғыз санын болмыстың шыңы деп санаған. Тоғыз санының негізгі мағынасы -«ұзақ өмір». Нумерология бойынша 9 саны қашанда көмекке ұмтылып тұратын, жарты жолда тастамайтын, жақсы жолдас бола алатындарға тән сан.

Тоғыз саны қазақта молшылықты, сан алуан әртүрлілікті, көптік мағынаны тоғызбен жеткізген. Неге 10 санымен емес? Себебі қазақ танымында он тұтастықты білдіреді. Бір үйір, бір отар - құрамы он малдан құратын жиынтық атаулары. Стереотиптік түсінік бойынша он - тұтас жинақылық, ал тоғыз - мол, көп, шашыраған бейне тудырады. Екіншіден, қазақ халқының болашаққа сеніммен қарайтын нанымы бойынша, тоғыздан кейін, оныншы пайда болса, молшылық жалғасты болсын деген ниетпен тоғызды таңдауы да мүмкін. Мысалы:

Тойған үйге тоғыз кел.

Төгөз жолдың торабы. Сан жолдың түйіскен, көп жолдың ұласып, тоғысқан жері.

Агасы аға болғанның қолы тоғыз болар

Төгөз қатынның толғағы қатар келді. Қат-қабат шаруаға килікті, жұмысбасты болды деген мағынада.

Төгөз жыл тоқ болсан да, тобық етін тастама. Қазақ танымында тобықтың етін тастауға болмайды. Осыған байланысты тоғыз жыл тоқ болсан да, тобық етін тастама деген нақыл сөз қалыптасты.

Төгөз қырлы тоқсан сырлы. Өте тапқыр, өнері мол, икем-орамы ерекше ақылды кісі туралы

Төгөз тұрып, тоқсан толғанды. Көп ойланды, жан-жақты қарастырды.

Халық аузында «бүркіт салушының тоғыз ұлы, тоқсан аты болуы керек» сол кезде бүркіт анға шыққанда олжасы мол болады. Ал «қаршығамен жалғыз адам,

мандайын басқан жалғыз аты болса да аң алып олжалы бола алады екен» деген тәмсіл сөз сақталған.

Сондай-ақ қазақ ертегілерінде ««... тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келіншек іздел жүрген адаммын, тоғыз ұлымның бір әке-шешеден туғаны сияқты тоғыз келінімнің де бір әке-шешеден туған болуын іздел жүрген адаммын» деп беріледі. Ер төстік ертегісіндегі қазақтың бұл қиялы мен наным-сенімінің этнографиялық мәні күшті.

ТОҒЫЗ - 6 - адам ұғымырының пайда болып, жарық дүниеге келетінге дейінгі уақыт өлшемі.

Тоғыз ай, тоғыз күн - ай-күні жету – екіқабат әйелдің босанатын мезгілі таянғанын, жеткендігін білдіретін атау. Әдетте, жүкті әйел баласын тоғыз ай, тоғыз күн көтереді, осы аталған «тоғыздарға» жақындағанда ай-күні жетті, ай-күні толды дейді.

ТОҒЫЗ-7. Үш тоғыз жақсылық нышаны.

Үш бөрі түсу. Құмалақ ашу рәсімінде құмалақтың оң қанатынан үш-үштен тоғыз құмалақтың түсі «үш бөрі» деп аталады. Ол аруақты, арқалы жандарға түсетін бал. Ондайда «ақ дегенің алғыс, қара дегенің қарғыс», сапар шексең де жолың болады деп жориды Бұл тоғыз санының қазақ ұғымындағы киелі екендігімен астас деуге болады.

Құмалақ қабағының үш ұяшығына тас үш-үштен 9 түссе, жақсы ырымға жорылады. Аса сирек түсетін мұнданың жайтты құмалақшылар ашпас әліп немесе қарт құмалақ деп атап, аяғына дейін ашпайды. Тоғыз боп түскен құмалақты «есіктен төрге дейін сүйінші», «жақсылықтың есігі ашылады» деп болжайды. Жалпы құмалақ ашу рәсімінде тоғыз саны - болып-толып, үйіліп көбеюдің нышанына баланады екен.

Қорыта келгенде, «тоғыз» концептісі халық танымында өмірдің бастамасы, молшылық, көбею мәнін білдіріп, сый-құрмет, әділ жаза, құдаласу рәсімдерінің символына айналған.

Екінші бөлім бойынша қорытынды

Екінші тарауда бір санынан бастап, тоғыз саны аралығында әрбір санның концептілік және мәдени-семантикалық құрылымы талданды. Қазақ мәдениетінде *bіr* мен *мың* сандары екі кіші және ең үлкен сандар шегі болғаны айғақталды. Осы дәстүрдің әлі күнге дейін жалғасып келе жатқаны байқалды. Оның басты себебі тілге сіңген мәдени мазмұнның өзгермеуі, стереотиптің бұзылмауы деп қабылдау қажет. Расымен мың адамның ісін бір адам бітірді деп салыстырмалы түрде айтатынымыз өтірік емес. Мұндағы көп адам орнына миллион емес, мыңның таңдалуы қазақ мәдениетіндегі ең жоғарғы сандық көрсеткіштің идеалы - мың саны екенін байқатады. Жұмысымызда *bіr* санының бірнеше мәдени ұғымдарды білдіретін семантикалық құрылымы анықталды, *екінің* қос, жұп, жақ, тарап, қарама-қайшылық ұғымдарынан тарайтын мәдени атауларды танытатыны, *үш* санының діни-философиялық құндылығымен ұлт мәдениетінде сақталуы, *төрттіктиң* әлемдік символикаға негізделетіні, бестіктің материалды және рухани мәдениет атауларында кеңінен қолданыс

тапқаны, эстетикалық танымы (ою-өрнек құрастыру идеялары) табиғат құбылыстарының әсемдігін тану психологиясымен сабактасып жатқанын айқындалды. *Алты* саны өлшем, мөлшер, санақ, реттілік мәнінен тарайтындығы, жеті санының киеллілігі, құдіреттілігі наным-сенімнен туындайтындаған яғни жетілікке табынушылықтың бар екені көрсетілді. *Сегіз* саны әлемдік көне мифологияға негізделеді де, *төгіз* саны ұлттың рухани мәдениетін танытуши басты ұғым екені дәлелденді. Ондық қазақ мәдениетінде жиынтық тұтастықты, қазақ қауымын танытуда қолданылатыны, қырық саны туылу мен өлу арасындағы діни ұғымдарды сипаттауда, *алпыс екі* - әйел физиологиясындағы жаратылыс пен мінезіндегі құлық, тапқырлықтың тең болуы, әйелдің бойындағы тән мен жан ерекшелігінің үйлесімін білдіруде қолданылатыны дәйектелді.

3. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОНДЫҚ, ЖҰЗДІК, МЫНДЫҚ САН АТАУЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-СЕМАНТИКАЛЫҚ КОДЫ

3.1 Ондықтардың символикалық мағынасы

Көне мифологияда ондық барлық бірліктерді бойына жинай отырып, өзі ондықтың бірлігіне айналуына орай оны қайта оралу символы деп атаған. Циклдің аяқталуын білдіретін символдық таңба деп танылған. Көне мифологияда ондықтың толық бір циклді символдайтынын тарихтағы оқиғалармен түсіндіреді. Мәселен, Троя өз империясын тоғыз жыл қол астында ұстады. Оныны жылы құлдырады. Сол сияқты Одиссей де тоғыз жыл бойы жаугершілік соғыста жүрді, тек оныны жылы ғана туған еліне оралады. Ежелгі дәуірде христиандықтар шіркеуге кірісінің он пайызын беруге міндettі болды. Осылайша ондық жаңа циклдің бастамасы, бірліктердің жиынтығы ретінде бір тұтастықты білдіретін декада атауына айналды.

Пифагор символдық жүйесінде ондықтың, он бірліктің аяқталғанын білдіретінін қолымыздағы он саусақты мысалға келтіре отырып түсіндіреді.

Қытай мәдениетінде он саны тепе-тендіктің, гармонияның эмблемасы деп танылған. Кейін әйел мен еркектің үйлесімін білдіретін сандық символ болып белгіленеді. Бүгінгі күні он саны неке эмблемасы ретінде танылады.

Қазақ мәдениетінде бірліктердің символдық, эталондық қызметі жоғары болғанымен ондық, жұздік, мындықтардың атауы бірліктерге қарағанда сирек кездеседі. Оның ең басты себебі қазақ мәдениетінде зат атауларының көптігі санмен саналмаған. Керісінше оннан асқан дүниені санмен емес, топтап, жуықтап атайдын сөздермен танытып отырған. Мысалы, *үйір жылқы* (бір айғырдың қарамағындағы құлын-тайы аралас 10 шақты билер тобы), *бір отар қой*, *бір қора қой* (15-20 шақты), *бір табын сиыр* (10 шақты сиыр), *бір ошар жан* (бір қауым ел) деп атайдын болған. Қазақ мәдениетінде бір мен он аралығындағы сандарды таныту механизмі халық ауыз әдебиетінде де, жыраулар толғауында да кең қолданысқа ие. Оннан кейінгі сандардың қолданысы шектеулі болатынын мына олеңнен де байқауға болады:

Жетім – желке емес пе,
Сегізім – серке емес пе
Төгөзім – торқа емес пе
Он дегенім – оймақ қой
Он бір қара жұмбақ қой.

Демек, қазақ дүниетанымында он бірді бүрмалап, бүркемелеп, жасырын айтатын этнографиялық атауы – қара жұмбақ – он бір санының халықтық атауы болып саналады.

Қазақ мәдениетінде ондықтардың ішінде санмен санамалап көрсететін ұғымдар – *он екі мүше*, *он екі жілік*, *он екі ай*, *он екі жыл*, тіпті он екі алуан ән салайын дегендегі *он екі алуан*. Аталмыш он екі санының санада терең сақталуы рухани материалды мәдениетте айқын көрініс тауып отырады. Тіпті «он екі құрсақты бол!» деген бата тілекте, «он екі орамды мүйіз» деп әсірелеп бейнелеуде, «он екі басты құрт» деп сипаттауда нақты санның 12 болуы маңызды

емес болса, да халықтың жуық шамамен өлшеу, әсірелеу механизмдерінің деталіне айналғанын байқаймыз.

Құрт шаққанда қолданатын арбау үлгісінде (академик Ә.Марғұлан жинаған нұсқа):

*Ала құрт, бала құрт,
Он екі басты қара құрт!
Тоғыз жолдың тоғауына кез келіп,
Келер болсаң, кел, құрт!
Кетер болсаң, кет, құрт! - деп сипаттайды.*

Ал бата сөздерінде «он екі құрсақ көтер» деген тілек жиі айтылады. Ұлыстың ұлы күні Наурызда ақсақалдар қол жайып былай деп бата берген:

*Қыдыр ата дарысын!
Бәйбішесі бұл үйдің,
Он екі құрсақ көтеріп,
Ұлға көзі жарысын!
Қыдыр қияласын, барша шаңыраққа,
Бақ құсы ұяласын! Аумин.*

Қазақ мәдениетінде он екі санының символдық көрінісі он екі жылдан кейін мүшел жастың еленеуі. Он үшінші жылды мүшел деп атап, сол жылдан сәтті өтуге тырысқан. Мүшел жас – жыл қайыру есебі бойынша адамның әрбір он екі жыл аралығындағы жас мөлшері. Адамның жас шамасына қарай айтқанда мүшел жасының мөлшеріне байланысты атайды. Мысалы, жас шамасы бес мүшелден асқан, төрт мүшелдің ішінде т.б. дейді. Жас шамасын салыстырганда қария адамдар «бір мүшел үлкен», «екі мүшел кіші» деп отырады. Мүшел – жыл санауы он екі хайуанның атына сәйкес аталатын он екі жыл мүшел атауының түп төркіні туралы әртүрлі болжам бар. Алайда, біздің пайымдауымызша, әуелде бұл атау *мүшелі* жыл түрінде айтылған. Сөз дыбыстық жақтан ықшамдалып, *мүшел жыл*, *мүшел жас* болып қалыптасқан (ұнді [л] дыбысымен қатар келген жіңішке [i] дауыстысы айтылмай түсіп қалуға бейім тұрады). Сөз қолданыста ретіне қарай *мүшелі* деп те айтылады. Мысалы, балам *екі мүшелінде үйленді*; немесе *атамыз сегіз мүшелінде қайтыс болған еді* дегендегі мүшелді грамматика бойынша *мүшес-лі-н-де* деп морфемдерге талдауға болады. Олай болса, мүшел сөзі әуелдегі түбірі мүше екені даусыз. Ал мүше сөзі «адамның, жан-жануарлардың ағзалары» деген ұғымды білдіреді.

Он екі мүше – дene мүшелерін топтап айтуға қолданылатын ұғым. Дәстүрлі ортада қандай да болмасын бір заттарды жалпылап, топтау, жіктеуде қолданылатын қасиетті, қадірлі сандар (ұш, жеті, қырық және т.б.) болған. Осындаид сандардың бірі *он екі* саны болып табылады (жыл он екі айға бөлінеді, он екі жыл бір мүшелді құрайды және *он екі жілік*, «*он екіде бір гүлі ашилмаган*», «*он екіде бір нұсқасы жоқ*» деген ұғымдар бар). Адамның дene мүшелерін және малдың дene бөліктегін жіктең айту мақсатында он екі мүше ұғымы қолданылады және оның ел арасындағы кездесетін нұсқалары бар. Он екі мүше ұғымы адамға қаратса айтылғанда негізінен көзге көрінетін сыртқы

мүшелерді топтастырады. Яғни, адамның жұмыс істеуінде аса маңызды, сырт бейнесінде кемістігін білдірмейтін мүшелерін айтады. Мұнда он екі мүше деп негізінен *бас*, екі *көз*, екі *құлақ*, *ауыз*, *мұрын*, *дене*, екі *қол*, екі *аяқты* айтады. Яғни, дәстүрлі ортада осындай он екі мүше аман-сau адам кез-келген жұмысқа, әрекеттерге жарамды деп танылады. «Денсаулық зор байлық» деп он екі мүше сau адамды нағаз бай адам деп санаған. Осыған орай «Он екі мүшесін сау болса, сәулет емей немене, он саусағың сау болса дәулет емей немене» деген нақыл сөз де бар. Ондай денсаулығы мықты адамдарға «аяқ қолы балғадай», «тепсе темір үзетін» деген сияқты теңеулер қолданады. Ал қандай да бір мүшесінің кемістігіне орай арнайы атаулар қалыптасқан. Ондай он екі мүшесінің кемдігі бар адамға қатысты – *мүгедек*, *загип*, *кәріп*, *кембагал*, *кемтар*, *мұқіс*, *мұскін* деген ұғымдар қалыптасқан. Сонымен қатар он екі мүше әрқайсысының кемшіндігіне немесе оның қызметінің бұзылуына байланысты да бірнеше ұғымдар бар. Мәселен:

- *бас* кемістігіне орай – *ауыс*, *делқұлы*, *бәңгі*, *есалаң*, *кеміс*, *таз*;
- *көздің* кемістігіне орай – *соқыр*, *ақиқөз*, *ақшам соқыр*, *әз*, *басыр*, *көр*, *қитар*, *қыли*, *сүқараңғы*, *шапыраш*;
- *құлақтың* орай – *керен*, *саңырау*, *шұнақ*;
- *дene* кемістігіне орай – *бүкір*, *бүкіш*, *құныс*;
- *аяқ* кемістігіне орай – *ақсақ*, *маймақ*, *мұқыл аяқ*, *сылтық аяқ*, *шойнақ*, *шот аяқ*;
- *қол* кемістігіне орай – *қалтақ*, *қалтырауық*;
- *ауыз* кемістігіне орай – *мылқау*, *мақау*; *қасқыртаңдаі*, *қоянжырық*
- *мұрынды* кемістігіне орай – *пұшық*;

Қазақ адамның *төрт мүшесі түгел*, он екі мүшесі сау болуын тілеген. Мұндағы төрт мүшесі – *бас*, *қоя*, *дене*, *аяқ*. Қазақ мәдениетінде «Он екі мүшесін аман ба? Төрт мүшесін түгел оралдың ба?» деп амандастып жатады. Сондай-ақ қазақ халқында «Дүниеде бір агаши бар түбі жуан, он екі ұл, алпыс екі қызы бір күн түганды», - дейді. Мұндағы он екі ұл – он екі мүше, алпыс екі қызы алпыс екі тамыр, ал ағаш – адам.

Он екі мүше ұғымы ел арасында малға, яғни, оның сойғаннан кейінгі дене бөліктеріне қатысты қатысты да қолданылады. Сондай мәліметтердің бірінде он екі мүше былай тарқатылады: *бас*, *омыртқа*, екі *жамбас*, екі *ортан жілік*, екі *асықты жілік*, екі *тоқпақ жілік*, екі *қары жілік*. Дегенмен, екі мүшениң басқаша талдайтындар да кездеседі. Көбінесе мал етін он екі жілік деп бөліп, *табақ тартуда* олардың әрқайсысының өзіндік орыны болған. Он екі жілікке – *жамбас*, *ортан жілік*, *асықты жілік*, *жасауырын*, *тоқпан жілік* (*тоқбас жілік*, *домалас жілік*, *куң жілік*), *кәрі жілік* (*қары жілік*) жатады. Әрқайсысы екіден бұл жіліктердің қосқанда он екі жілік шығады.

Жыл он екі ай тұрақты тіркесі жыл бойы деген мағынаны білдіреді. Бір жылда он екі айдың болатыны туралы баршамызға таныс ертегі де бар. Ертегінің өзге мәдениетте де нұсқалары бар. Қазақ мәдениетінде он екі ай он екі хайуанмен таныстырылады. Бұл ұқсастық қазақтың халық жұмбағына да негіз болғанын байқаймыз. Жұмбақ жасыруышы былай дейді:

*Бір кезде он екі хайуан басын құрап,
Барлығы бір орнынан тапты тұрақ.
Адалы арамымен кезектескен,
Өзінен әркімдер жүр жасын сұрап.*

Белгілі этнолингвист ғалым Е.Жанпейісов аталмыш жұмбактың шешуінің сүйене келіп: «*Келтірілген халық даналығына қараганда: түйе жылдан құр қалмаған, қайта оны жоғарыда аталаған он екі түрлі жан иесінің жиынтық нұсқасы, яғни мүшел он екі жылдың символдық – синтезі десе де болғандай. Ботасын бойында он екі ай көтеретіні де мүмкін осы санмен орайлас заңдылық болар*», деп пікір түйеді.

Қазақ мәдениетінде *ескі айдың он екінші жаңасы, ескі айдың он төртінші жаңасы* деп қолдану үрдісі де болған. Бұл - ай толғаннан бастап қайта туғанға дейінгі кезең.

Он екі өрім – он екі *таспадан* немесе жіптен өрілетін жалпақ өрім түрі. Бұл өрімді өру үшін алдымен қайыстан он екі *таспа* тілініп алынады. Одан кейін таспаны алты-алтыдан екі қолға бөліп алып оң жақтағы шеткі таспаны бес таспаның бірінің үстінен, бірінің астынан өткізіп келіп екінші қолдағы алты таспа қатарына қосылып тартылады. Ал бұдан кейін сол қолдағы ұсталған алты таспаның шеткісі де қалған алты таспаның (бір таспа оң қолдағы таспадан қосылған) бірінің үстінен бірінің астынан өтіп келіп оң қолдағы таспаға қосылып тартылады. Осылайша кезекпен-кезек өрім жалғаса береді. Сонымен бірге, он екі өрімді жіппен өргенде де дәл осы тәсіл қайталаныптырады. Бұндай өрім түрі жалпақ болып түсетіндіктен мал әбзелдерін жасағанда оның қимауына, батпауына жақсы.

Он жеті – қалыңмалдың ең аз мөлшердегі түрі. Қалыңмалдың бұл түрі әл-ауқаты төмен, кедей адамдардың арасында болды. Он жетінің құрамында буаз малдың алдағы уақытта төлдейтін есептеліп екі қараға жатқызылады. Бұны *бүкпел* деп атады. Ал құлынды бие болса, екі қараның бес қой бір қараның орнына жүрді. Бұны *балама* дейді. Алайда баламаға, бүкпеге жатқызылмайтын тәуір қара малдың саны жетіден кем болмайды. Қалыңмалы он жеті болған келіншекке қүйеу бір түйе, бір атпен, киім-кешегімен келеді. Әл-ауқаты төмен кедей адамдар ұлын үйлендіру үшін *алтысында жисаң асады, жетісінде жисаң жетеді* деп ерте бастан қам жасайды.

Он сан оймауыт – ортағасырлық монгол тайпаларының бірі. Қазақ ауыз әдебиетінде «оймауыт» этнонимі көбіне он сан оймауыт нұсқасында айтылады. Мысалы, «*Ер Тарғын*» жырында «он сан оймауыт», «*тоғыз сан торғауыт*» Қырым жүртүнің жауы ретінде аталаған: «*Ол уақытта Қырым жүртүнің арғы жағында он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт деген бір жауы бар еді: Олалай, Бұлалай деген екі ханның елі еді*».

*Өлгенім жақсы жұда деп,
Тогыз санды торғауыт,
Он сандайын оймауыт,
Барабан соғып, шың қағып,
Алдынан әскер жүргізіп,*

*Бұйым болды бұз да деп,
Аллалап батыр шабады ... (Ер Тарғын)*

Он сан байтақ - бірнеше ру мен халықтан құралған хандық. Р.Сыздық зерттеуінде Он сан байтақ тіркесі көп рудан, көп жүрттан құралған ел (хандық мемлекет) деген мағынаны білдіретін метафоралық тіркес. Тұс қыла ғөр Құдайым, Біздей тақ мейманасы тасқынға, Біздің ер Исадай өлген күн. Он сан байтақ бұлғен күн (Махамбет шығармалары)

Он сан ногай - ел басына күн туып, ел іші ыдыраған күн, жүрт үшін аласапыран заман орнаған кез. Орманбет би қлғен күн Он сан ногай бұлғен күн. Жez қарғылы құба арлан Жетіп тұлкі ала алмай, Қорашибол төбет болған күн (Шалқиіз Тіленшіұлы //Алдаспан). Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) «Үш қиян» атты өлеңінде оны былайша жырлайды:

*Өлеңтінің аяғы,
Шідертінің қоспасы,
Аңқатының басы – Тасоба
Он сегіз жыл атысып
Орманбет бидің өлген жер,
Он сан ногай бұлғен жсур.
Орта бойы сырланған,
Оқ жаңбырдай жауған жер.
Мұсылманның басынан
Дәреже қайтып ауган жер!
Қырық таңбалы Қырымның
Он таңбалы Ұрымның,
Он екі баулы өзбектің,
Бұрынғы он сан ногайдың
Кетейін десе жөн таппай
Адыра қалғыр, Үш қиян,
Қол ұстасып жүрген жер!*

Кезінде бір мемлекеттің құрамында болған қыпшақ тілді туыстас тайпалар кейін бөлініп, кейбірі ногай болып Ноғай Ордасында қалды, кейбірі қазақ болып Қазақ хандығын құрды. Ағайынды екі халықтың, қазақ пен ногай елінің айырылысусы сол кезде «қазақ-ноғай айырылған» деп жырланатын күйлер мен жырларды тудырады.

Он екі баулы өзбек - көшпелі өзбек тайпасын білдіретін бейнелі тіркес. «Қамбар батыр» жырында кезінде қазактар бөлініп шыққан он екі баулы (кейде тоқсан екі баулы деп те аталады) көшпелі өзбек тайпалары ноғайлымен туыстас, қатар көшіп жүрген ел ретінде аталады.

*Теңіздің бойы ногайлы,
Ел екен өскен жағалы.
Он екі баулы өзбекте
Әзімбай еді қара көк –
Арғы атасы асыл тек...
Ат шаптырды Әзімбай*

*Он екі баулы өзбекке.
Ат кекілін өрмекке,
Шақырганның мәнісі -
Назым деген сұлууды
Сүйгеніне бермекке,
Ногайлы салған шабарды. (Қамбар батыр).*

Он бір перне. Домбыраны танытатын бейнелі сөз қолданыс. Сиқыры қыруар ырғақтар байлап көзінді, Алдына келіп дөңгеленеді Жер деген. Көк терге түсіп айта да алмайтын сөзінді Айтады ол он бір пернемен (Т.Айбергенов). Қазақ мәдениетінде домбыраны екі ішек, он бір перне, бір тиек деп те атаған.

Он екі тұтам жебе. Бұл жерде ертедегі магиялық түсініктеге байланысты оқтың басының атауы – «жебе» сөзі кейде эвфемистік жанама атау ретінде оқтың өз атауының орнына да қолданылатынын айта кету керек. Бұл қолданыста жебенің ұзындығына қатысты он екі тұтам айқындауышы қолданылған.

Он оқ аймағы. Ертеде атақты жауынгерлер өз оқтарын алтын, күміспен, өз таңбаларымен де белгілеген. Қазақ ауыз әдебиетінде хандардың, атақты батырлардың осындай алтын, күміс оқтары жиі айтылады. Яғни, оқтың сабындағы тұсті белгілер оқтың иесінің әлеуметтік статусын көрсететін белгі де болды. Түркі қағанатында елді он аймаққа бөліп, қаған аймақ билеушілеріне алтын оқ беріліп, соған сәйкес ел «он оқ аймагы», халық «он оқ бұдын» аталды. Қытай жылнамаларында түргеш қағандарын да «он оқ қағандары» деп атаған.

Он бір ырым. Ел айырылысада киім-кешек, мал мүлкін айырбастап алмастыратын ырым.

Он екі баспа қобыздай - даусы зор, даусы жер жарады деген мағынаны білдіретін бейнелі сөз қолданыс.

Он екі ғұлінің бірі бұзылмаған. Қазақ тілінде он екі ғұлінің бірі бұзылмаған тіркесі мен он екіде бір ғұлі ашылмаған тіркесі қыз балаға жап-жас, уыздай үлбіреген кезінде айтылады. Екі тіркестің де берер мағынасы бір, бірақ он екі санының мағынасы екі тіркесте екі ұғымды білдіріп тұр. Он екі ғұлінің бірі дегені он екі мүшесі ашылмаған, тәні тұртілмеген, беті ашылмаған мағынасында қолданылса, он екіде бір ғұлі ашылмаған дегені он екі жасында, яғни бой жетіп, әр нәрсеге елеңдеп, алаңдап тұрған шағындағы жас ерекшелігін білдіреді деп ойлаймыз.

Он екіде бір нұсқа жоқ тұрақты тіркесі әлі басы да құралмаған, ізі салынбаған, ешбір белгісі жоқ деген мағынаны білдіреді. Осы мағыналас он екіде бір құрауы жоқ тіркесінің де қолданысы көркем шығармаларда жиі кездеседі. Жаңа мектептің шым кесектен салынған жапырайған шағын үйінен басқа он екі де бір құрауы жоқ болса да, Ыбырай жасымады (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақстаным).

Ораздының баласы он үшінде бас болар тұрақты тіркесі болар бала боғынан, ынтымақ берекесі бар, бақытты адамның ұрпағы кез өседі мағынасын білдіреді.

Бір сөзін он қылды тіркесі сөзді көбейтті, қайталап айта берді мағынасында қолданылады. Кемелбайдың қатыны Раушанның бір сөзін он сөз қылып әкелуге беті шылп етпейді (Б.Майлин, Шығармалары).

Он саусағынан өнері тамған тұрақты тіркесі асқан шеберлікті білдіріп, ісмер адамға айтылатын фразеологизм.

Онға қатысты тұрақты тіркестердің мағынасында он саны көп рет деген мәнде жүмсалады. Мысалы, *он ойланып мың толғады* (әбден ойланды, ойланып-толғанды), *он салса бір баспайды* (жүріс-тұрысқа іске бейімі жоқ, жатып ішер жалқау), *он саусағы майысқан* (шебер, қолынан іс келетін әйел), *он саусағы сары алтын* (саусақтарына алтын жүзік тағынған, әшекейі көп сұлу қыз туралы).

Қорыта келгенде, ондық сан атауларының мағынасы он шақты мөлшердегі ұғымды білдіретін этномәдени сөздердің астарында танылады. Тілдік жүйеде көрінген он атауы *он саусақ* (дene мүшесі), *он үш* (жас), *он екі ай* (12 ай), *он екі мүше*, *он екі қанат* (үй) саналатын он - он үш дүниеден құралған заттың мағынасында және он рет қайталанатын әрекеттің мағынасын білдіруде қолданыс жиілігі жоғары екенін байқаймыз.

Ондықтар атауының тілімізде көп әрі жиі қолданылуы заттық мәдени бұйымдарды танытуда белсенді қолданылатынын аңғаруға болады. *Домбыра* (он бір перне), *жебе* (он екі тұтам жебе), *куіз үй* (он екі қанат), *арқан, қамиши* (он екі өрім). Сондай-ақ рухани мәдениетті және этнонимдерді танытуда символдық мәнге ие болғанын аңғарамыз. Мысалы, *он жеті* (қалың мал), *он сан байтақ* (қазақ), *он оқ аймақ* (қазақ), *ногай* (он сан ногай), *өзбек* (он екі баулы).

Ондықтардың бірі - қырық саны.

3.2 Қырық атауының құндылық ретінде сипатталуы

Киелі сан ұғымдарын лингвоаксиологиялық тұрғыдан зерттегендеге дүниенің тілдік бейнесінен тыс қарауға болмайды. Себебі олар бір-бірімен тығыз байланысты. Ұғымның мәні мен мазмұнына қатысты аксиологиялық ақпараттар дүниенің тілдік бейнесі арқылы танылады. Мәселен, белгілі бір ұғымның мәдени құндылықтары оның тілдегі қолданысының мазмұнынан айқын көрініс табады.

Жалпыадамзаттың мәдени танымында құндылықтың рөлі ереше. Ұлттың мәдени-танымдық әлемінен құндылықтар екшеленіп, өмір тәжірибесінде айрықша қызметке ие бола бастайды. Демек, мәдениеттанымдық білім аксиологиялық қажеттіліктер ретінде санаға сіңеді. Мәселен, салт-дәстүрлер, жосын-жоралғылар, әдет-ғұрыптар, ырым-тыйымдар, кәде, құрмет, тағы басқалар ұлттық құндылықтар қатарынан орын ала бастайды.

Н.Ф. Алефиренконың зерттеуі бойынша, сан атаулары мәдени бейне ретінде тілден көрініс таба алады. Себебі бейне талай жылғы тарихи дәүірде мойындалған халықтың пайымдаулардың маркерленіп, ұғымның таңбаға айналу үдерісінен өтіп, лингвомәдени прецедентке айналуы нәтижесінде тұрақтылыққа ие болады. Бұл бейнелер аксиологиялық жүйеде лингвомәдениеттанымдық доминант- бірлік ретінде танылады [105,99 б.]. Аталмыш теориялық тұжырымға сүйене отырып, сан атауларын мәдени кодталған таңба ретінде немесе

аксиологиялық мәні бар лингвомәдени бірлік ретінде қарастыруға болады. Себебі бұл тұжырым ұлттың мәдени құндылықтарын маркерлейтін бейнелерді мәдени концепт шенберінде, яғни когнитивтік кеңістік аясында талдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда тіл білімінде адам санасындағы түсініктер құндылықты ажыратуға бейімделетіні ойлау жүйесінің жетілгенін білдіреді. Сондықтан, құндылықтар бейнесі ұлттанытушылық мәртебеге ие болды. Ақиқат дүниені бағалау танымдық әрекеттің имманентті көрінісі, ал соның негізінде қалыптасатын құндылықтар жүйесі - мәдениеттің мәні, маңызы болып саналады. Құндылық - адамзатқа тән болмыс, яғни адамның танымдық ой-түйіні мен бағасының нәтижесі. Мәселен, *баланы қырқынан шығару* – адамның өмірге бейімделуінің алғашқы көрінісі. Қырық құннен кейін нәрестенің денесі сәл болса да қатайып, «қолға ұстауға келетіндей» өсіп, жан-жағына қарап, дүниені тану үдерісінің қарапайым әрекеттері қалыптаса бастайды. Осы ерекшелікті дәл уақытымен (қырық құн) өлшеп, арнайы атап өтуі қазақтар танымында құндылықпен тең. Себебі, қырқынан шығарудың үлкен рәсімдері бар. Қырқынан шығаратын кісінің өзі отбасының арнайы қалауымен таңдалады. Оған ризашылығы үшін сый-сияпат, кәде, жосын-жоралғылары жасалады. Иткейлек шешу рәсімінің өзінде халықтың құндылық танымы жатыр. Сол сияқты қырық қасық су құйып, нәрестеге, оның ата-анаына тілек айтту ғұрпы да бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан рухани құндылық деп танылады. Қырық қасық су құятын кісі келеді. Қырық қасық сумен айтылған тілекке баланы шомылдыруының мәні де, «осы тілектері орындалып, болашағы жарқын болсын» деген наным-сенімнің өзі құндылықтың мәнін терең түсінгенімен дәлелденеді. *«Қырқынан шығару»* салты тілімізде лингвоаксиологиялық бірлік ретінде танылуын нақты дәйектеу үшін осы дәстүрге қатысты ақпаратты толық жеткізгеніміз орынды. *«Қырқынан шығару – баланың дүниеге келгеніне қырық құн толғанда атқарылатын наным-сенімге негізделген ғұрып.*

Сәбидің ана құрсағында жатқан уақытынан бұғанасы қатып, есейіп ер-азамат болған шағы, кәрілікке жетіп, о дүниелік болған кезіне қатысты қалыптасқан діни ұғымдар мен тұрмыстық түсініктер бар. Сондай діни, мифтік түсініктердің бірінде ана құрсағына біткеннен бастап сәби жеті жұлдыздың (планетаның) әрқайсында қырық құннен қарамағында болады, ал әр жұлдызда 70 періште бар екен дейді. Сөйтіп, ана құрсағында сәби 280 күн ($7 \times 40 = 280$) яғни тоғыз ай, тоғыз күн жеті жұлдыздың бақылауында, 70 періштенің қамқорлығында болады. Ал ана құрсағынан жарық дүниеге келген сәбиді *Қырық Шілтен* күн сайын біреуден келіп, қырық құн құзетеді екен деседі. Қырық құн өткенде шілде күзет аяқталды деп, шілдекүзет немесе шілдехана тойын өткізеді [1, 228 б].

Қырқынан шығарғанда баланың «қарын шашы», «сұт тырнағы» алынады. Қарын шашты тастамай шуберекке немесе өзінің киіміне түйіп қояды. Оны кейде тіл көзден сақтайды деп бесігінің басына, жейдесіне тұмар ретінде іліп, шошынғанда сонымен қағып аластан емдейтін болған. Кейбір дерек берушілердің мәліметінше баланың сәби шағының ескерткіші ретінде де

сақтайтын болған. Негізінен «қарын шашы алынбаған баланың назасы қатты болады» деген сенімге орай қарын шашты түгел алатын болған. Қалыңмалы көп болсын деген ырыммен, қызды қырық құннен асырып, қалың малын аз төлейтін жерден қыз алайық, ер жігіт тез ер жетсін деп, ер баланы 37 – 39 күнде қырқынан шығаратын болған. Бұдан тыс қыз баланың ұлға қарағанда ширак болатын ерекшелігін ескерген халықтық тәжірибелі де көрінісі бар деп санауға болады. Баланың шашын, тырнағын алу мен шомылдыруға өнерлі, өжет, ісмер және пысық әйелдер тандалады. Бұл осы игі қасиеттер балаға да жұғысты болсын, сол адамға тартсын деген ырым. Қырқынан шығарарада арнайы алынған жаңа тостағанға жиналған үлкен әжелер мен қыз-келіншектер қырық қасық (кей өнірлерде қырық бір қасық) су құйып, әр қасық су құйған сайын жақсы тілектерін білдіріп отырады. Бала шомылдыратын үлкен ыдысқа осы қырық қасық сумен бірге еселеп тағы су құйылады. Бала малды болсын деген ырымға сәйкес осы суға қырық құмалақ (кей өнірде 41 құмалақты) салып, шомылдыру барысында әр құмалақты бір-бірлеп баланың басына қасық сумен бірге құяды. Бұл рәсім атқарылып біткеннен кейін осы қасық пен тостағанды шомылдырған адамдарға береді, сонымен қоса, жөн жосығына қарай әшекейлерден кәде береді. Ол үшін алдын-ала суға құмалақпен бірге құміс теңгелер, әшекей бұйымдар, асықтар салынады. Салынған нәрселерді, әшекейлерді баланы шомылдырған кіслер бөліп алады. Қырқынан шығарылған суды аяқ баспайтын жерге немесе қой қораның ішіне төгеді. Ал, кейбір аймақта алғашқы шомылдырған сүйн шілде сүй деп атап, одан ыдысқа құйып алып қалады. Кейін баланың денесінде қызарған жер, бөрткен пайда болса осы судан жақса шипа болады деп есептеген. Баланың кіндік шешесі киігізген, қырық құн киген «итжайдесіне» әртүрлі тәттілер салынып, ит мойнына байланады. Итті қуалай ұстап алған балалар оның мойнына оралған тәттіні бөлісіп жейді.

Халықтық наным-сенім бойынша өмірге келген адам қырық құнге дейін екі дүниенің ортасында тұрады. Яғни, қырық құннің ішінде бала әлі де табиғаттан адамдар әлеміне, өмірге өтпейді, өтпелі кезеңде болады деп есептеген. Сол себепті қырқынан шыққанша жаңа босанған әйел мен сәби үйден сыртқа шығып, елдің көзіне түспей ерекше бағым-күтімде болады. Қырқынан шыққанға дейін «адамның қарынан шыққан» деп баланы иіскеп, сүюге тыйым салынады. Қырық құннен кейін сәби мен анасы ширап, адам қатарына қосылады. Қырқынан шыққан ана мен бала «қырық қадам аттап» қырық үйді аралап қонаққа барған. Барған үйлері «қуыс үйден құр шықпасын» деп әртүрлі сый тартқан. Дәстүрлі ортада баланың қырқынан шығар тойына әнші, ақындар шақырылып, ақсақалдан балаға азан шақыртып ат қойып бата беруді өтінетін. Баланың атын қырқынан шыққан соң қою өмірге енді келгенін әйгілейтін наным-сенімге негізделген көне жосын болып саналады. Жиналғандар тойбастар айтып, арты кішігірім тойға ұласады» [102, 20 б.].

Сонымен «қырық қасық су», «қырық құмалақ салу», «қырық қадам аттап қыдыру» сияқты дәстүр атрибуттары «қырқынан шығару» лингвоаксиологиялық ұғымын толықтыратын түсінікттер. Демек, «қырқынан шығару» ұғымындағы қырық саны адамның дүниеге келгеннен кейінгі, дүниеден

өткеннен кейінгі жанының сақталу/сақталмау сынағынан өтетін уақыттың мөлшері іспеттес. Сондықтан қырық – қазақ танымында аксиологиялық ұфым.

Лингвоаксиология тіл арқылы халықтың аса жоғары бағалайтын әлемін тануға, шынайы адал өмір сүру үшін өзекті әрі болуға тиісті деп танылатын әрекеттердің тандалуын зерттеуге негізделеді [106]. Қазіргі дәуірде ғылыми кеңістіктің коммуникативтік белсенділігі, гуманitarлық ғылымдардың когнитивтік үдерісіндегі қарқынды динамика «Тіл» таңбасы арқылы даму үстінде. Бұндай жағдайда лингвистиканың аса өзекті мәселелер «алаңы» кенейеді, соған сәйкес лингвистикалық ілімді қажетсіну мұқтаждығы да өздігінен туындағы бастайды. Тілдегі ілім мен білімді түсінуге ұмтылыс көбейеді, тілді философиялық түрғыдан түсіне отырып, қажетті білім алуы дағыланады.

Тілдің энергиялық табигаты жан-жақты пәнаралық зерттеуді талап етеді. Себебі қазіргі гуманitarлық зерттеулерде философияны түсіну үшін тілдің бойындағы кодталған сөздерді тану керек, тілді тану үшін когнитивтік аялық білім басым болуы керек [107, 13 б.]

Аксиология сөзі этимологиялық түрғыдан тіл ғылымына негізделген ежелгі тілдік дәстүрден пайда болған. Көне гректің ἀξιόλογος — құнды, маңызды, өзекті деген сөзі мен λόγος — сөз, ұфым, термин, ілім сөздерінің бірігуінен жасалған. [108, 4-5 б.] Аксиология атауын философияда ғылыми термин ретінде алғаш рет П.Лапи қолданған болатын. Ол 1902 жылы аксиология ұфымын «құндылықтар туралы философиялық ілім» деп танытты. [109, 3 б], Аксиология ұфымы кейіннен «мәдениет пен рух туралы ілім» деп жалпы ілімдер жүйесінде көріне бастады. Ал құндылықтың өзі – рухани әлемнің маңызды категорияларының бірі. Сондықтан аксиология адам үшін рухани құндылыққа басымдық беретін, мәдениет әлемін қалыптастыратын, адамзатты тұлға ретінде тәрбиелейтін қажеттілік болып саналады. Бастапқыда аксиологиялық ілім статикалық тәсілде танылды, яғни әлемдік құндылықтар табигатын жинақтай келе, олардың жүйелілігін, әртүрлілігін айқындағы, нәтижесінде «мәңгілік» құндылықтар мен абсолют құндылықтардың ара жігін ашып берді. [110].

Ал қазіргі аксиология синергетикалық дүниетанымға сәйкес және әлемдік өзгерістің түрақты екенін сезінгеннен кейін, «өзгермелі құндылық өзгермелі әлемде танылады» деген көзқараста сипатталады. Демек, аксиология әлеуметтік-мәдени ортадағы өмір болмысындағы құндылықтың қалыптасуы, түрақталуы, жойылуы, жоғалуы ықтимал болады деген түсінікпен ұғынылады. Сондай-ақ құндылық жалпылықтан жекелікке бет бүрді. Көне дәуірде ұлт, тайпа, халық үшін құндылық ортақ болса, қазіргі өркендеу дәуірінде жеке тұлға көзқарасында танылатын құндылықтар бар.

Қазіргі танда аксиология – пәнаралық ғылым. Аксиология мен лингвистиканың сабактастаса зерттелуінен құндылықтардың параметрлері мен маңызы айқындалу үстінде. Себебі құндылық деп танылатын ұфымдар тіл арқылы танылатыны белгілі. Тіл мен құндылықтар ілімінің тоғысуынан лингвоаксиология ғылымы қалыптасты [111]. Расында да құндылық мәніндегі сөздердің ұғынылуы, санада сақталуы, ұрпаққа жалғасуы тіл арқылы жүзеге

асырылады. Тіл арқылы адамның әлемге деген құндылық қатынастары қалыптасады.

Бүгінгі күні тіл өзін-өзі басқаратын, коммуникативті жүйе, тілдің дамуы тірі организмнің дамуымен параллель, «тіл ұлттың санасындағы дүниенің мәдени бейнесін зерделейді, вербалдайды және оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Рухани құндылықтардың түп тамыры мәдениеттен бастау алады, сондай-ақ тілде сақталатын мүмкіндікке ие болады. Рухани құндылықтар жалпыадамзаттық, ұлттық, топтық, отбасылық, дара-тұлғалық болып жіктеледі. «Духовные ценности глубоко укоренены в культуре и имеют свойство» [105, 9 б.]».

Аксиология дегеніміз құндылықтың адамнан адамға, этносқа тарайтын ұзілмес, бірізді жүйе. Демек, мәдениеттің өркендеу, даму қарқыннанда құндылықтарды тек мәдениеттанымдық көзқараста ғана емес, сондай-ақ лингвоаксиологиялық тұрғыдан да зерттеу маңызды. Себебі тіл мәдениет дамуымен қатар өрбитін жүйе.

Сонымен, лингвоаксиология аясында, лингвомәдениеттану негізінде әлемдік құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың тілдік көрінісін зерттеудің тәсілдері қалыптасты. Құндылықтарды тілдік жүйеде зерттеу арқылы тіл мен мәдениеттің сабактастырын, ұлттың мәдениетін, этносқа тән құндылықтар жүйесін тануға мүмкіндік туды.

Қазақ танымында «қырық күнде жан біту», «қырық күнде жан кету» ұғымдары бар. Қайтыс болған кісінің қырқын беру ұмытылмас құндылықтардың бірі. Өлікті жөнелтудің бір жылдың рәсіміне енетін дәстүрдің қатарына жатады.

Қырқын беру – адам дүниеден өткеніне қырық күн толғанда атқарылатын ғұрып. Қырқына дейін марқұмның басына ескерткіш тасын немесе қоршау орнатады. Бұл, сірә, қырық күнге дейін өлген адамның жаны өз үйіне «келіп» жүреді, тек қырық күн өткен соң ғана түпкілікті тастап шығады деген көне нағымға байланысты болса керек. Қырқына дейін үйде шырақ немесе шамды сөндірмеуге тырысады. Ол үшін оң жақ босағада әр күн сайын қырық шырақ жағылады. Бұл марқұмның артында қалған «тұтінін тұтетер, жарығын сөндірмес» ұрпағы бар дегенді білдіреді. Сонымен қатар, егер қараңғыда қалдырса аруаққа зиянкес күштер қастандық жасауы мүмкін деген көне түсініктен туған жосын. Қордегі мәйіттің денесі 40 күнге дейін толық сақталып, 41-ші күннен бастап бұзылады деп есептеген. Қырық күннен бастап бұзыла бастаған мәйіт әбден ағып біткен кезде, өлген адамның о дүниедегі «шын өмірі басталады» деп санаған. Рух адамның тәнін өлерден қырық күн бұрын тастайды. Сөйтіп, құсқа (қөгершінге) айналып, ұшып барып бәйтеректің жапырағында өз адамының есімі жазылған бұтаға қонады. Бұнда адамның аты жазылған қисапсыз жапырақтар көктеп-солып, алма-кезек ауысып тұрады. Жан адам өлгенде шыбын бейнесінде денеден шығып (шыбын жаны шырқырау), үй ішінде ұшып жүреді. Тек қырық күннен кейін барып, үйді біржолата тастайды. Бәйтеректің діңгегі арқылы әлгі жан жерге түсіп, не жерге шығып жүреді де, мезгілі болғанда әйелдің құрсағына қонады, сөйтіп, жаңа өмір пайда болады [энц]. Қазактың қырқын беруге ерекше мән беретіні, оны рухани құндылық ретінде бағалауы, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу салты ретінде құрметтеуінің түпкі мәні халық

санасында өлік жөнелту рәсіміне қатысты аталмыш дүние бейнесінің мызғымай терең сақталуына байланысты.

Қырық – халықтың мифтік санасында киелі, қасиетті саналатын сандар тобының бірі. Қырық сөзі сандық мағынаны білдірумен қатар тұрақты сөз орамдарының жасалуына ұйтқы болып, адам өмірінің әралуан саласына қатысты ұғымда жұмсалған.

Тілімізде қырық санына қатысты паремиологиялық қолданыстар көп. Халықтың айтпақ ойы мен сезімін жеткізуде аксиологиялық еркіндікке ие болатын бейнелі қолданыстардың бірі – фразеологизмдер. Себебі, фразеологизмдер халықтың ғибратын, дүниенің құндылық бейнесін танытатын тілдік қолданыс. Тіліміздегі паремиологиялық қор халықтың мәдени танымын интерпретациялаушы құрал ретінде қызмет атқарады. Себебі олар – ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткен халықтың философиясы, яғни тіл тұтынушысының құнды өсietтері. Мысалы, «қызға қырық үйден тыйым» фразеологиялық қолданысы бар. Бұл қолданыс әрі мәтел ретінде де жұмсалады. Себебі тәрбиелік құндылығы жоғары паремия.

Қазақ халқы қыздың тәрбиесіне ерекше мән берген. Қыздың инабатты, сыпайы, көркем мінезді болып өсүін қадағалайтын болған. Қырық үйден тыйым дегені қырық рулы ел, яғни бүкіл ауыл қыздың жүріс-тұрысына, іс-әрекетіне, сөйлеген сөзіне сынмен қарап, кемшілігі болғанда түзетіп отырған.

Қыз, рулық-фратриялық қоғамда қалыптасқан этикалық қатынас бойынша бір ғана үйдің емес, күллі ауылдың, рудың қызы болып есептеледі, сондықтан қызға қырық үйден тыю деп, қыз тәрбиесіне ауыл-әulet болып көніл бөледі. Ауыл-әulet болып әлпештеп өсірген қыз сол елдің мақтанышы,abyroйы болып, қыз өссе елдің көркі саналады. Өсіресе алыс-жақын жеңгелерімен араласа, әзілдесе жүріп, оларға өзімсініп, өктемдеу сөйлейді. Қыз қой сауу, арқан есе білу, кілем тоқып, кесте тігу, қонаққа шай құю т.б. үй шаруасына үйренуі тиіс болған . «Қызға қырық үйден тыю» деп қыз баланы үй іші жұмыстарын игерумен қатар инабаттылыққа тәрбileйді. Анасының тәрбиесін көріп өскен қыз бала тұрмысқа шығып, жеке отбасын құрғанда анасынан алған тәлім-тәрбиесінің арқасында күйеуіне адаптация болып, өмірге ұрпақ әкеліп, тәрбиелейді. Демек, қыз тәрбиесі үшін айтылатын «қырық үйден тыйым» мәтеліндегі қырық үй - бүкіл ауыл дегенді білдіреді. Қырық кісінің ақылын тындалмай өскен қыз ауылға масқара болатын жағдайлары да кездескен. Мысалы, «Егер қыз күйеуінің алдында пәк болса, қыз жеңгелері сүйінші сұрасып, өзара шүйіркелесіп, қуанып қалады. Ал керісінше болса арты даудамайға ұласады. Мұның соңы күйеу жігіттің қалыңдықтан бас тартып, әкелген қалың малын қайтарып алуына әкелген. Дегенмен «қызға қырық үйден тыю, қала берді есік алдындағы қара күннен тыю» деген қағиданы берік ұстанған халық арасында мұндай масқаралыққа жол берілмеген» [102, 39 б.].

Қырық жасас - қамал бұзар жас деп түсінген қазақ халқы қырық жасқа ерекше мән берген. Адам жасына қатысты қырық жас – қазақ түсінігінде ақыл тоқтайтын, даналық қонатын, дene күші толысатын кемел жас. Әйгілі Жетес шешеннің: Қырық жас та – бір дәүір, Ақ алмастай жарқылдадым, Сөз кезегі

келгенде маған адам жетпеді, – дейтін шешендік толғауы бар. Сондай-ақ, қазақ халқының паремиологиялық қорындағы «қымыздан артық ас жоқ, қырықтан артық жас жоқ», «жасақсы қырқында толады, жаман қырқында солады», «отызда орда бұзбаган, қырқында қамал алмайды» деген мақалдарда қырық жасты күш-қуаттың эталоны іспетті таниды.

«Әйелдің қырық жаны бар, әйел - қырық шырақты» деген фразеологиялық қолданыстардағы қырық саны да бекер емес. Басқа халықтармен салыстырганда, қазақ тұрмысында әйелдің атқарар қызметі өте көп. Үй тіршілігімен қоса, сыртқы мал шаруашылығындағы тірлігі, бала тәрбиесі, қонақ жайын күтуі, таңнан кешке дейінгі күйбен өміріне басқа халықтың әйелі төтеп бере алмас еді. Осы қыындыққа төзген, сол тіршілікке «қайнап піскен» қазақ әйелінің төзімділігін «қырық жаны» бар деп бейнелегенін байқаймыз. Демек, «әйелдің қырық жаны бар» деген тұрақты тіркестің мәнінде әйелге тән төзімділікті құрметтеу құндылығы жатыр. Қазақ халқы қызды қырық үйден тыйып өсірсе де, ретімен еркелетіп, келін болған соң, күйбен тіршілікке көшеді деп төрге отырғызып, өз үйінде мәртебесін жоғары қойған. Қыз келін болғаннан кейін балалы болып, өзі келін алғанша, тіпті кәрілік келгенше босағада отырады. Бір үйдің тұтінін тұтетіп, бүкіл жастық, кемелдік жасын отбасының ұйытқысына арнайды. Қыз кезінде еркелеп, еркімен өскен жаның әйелдік өміріндегі тұрмысы еркімен демалуға, еркімен сауықтап сайрандауға мейлінше мүмкіндік бере бермейді. Әйелдік өмірге бейімделудің, құнделікті бітпейтін отбасылық тірлікті ретімен орындауға дағдыланудың қыындығын түсінген қазақ халқы әйелдің мәртебесін «қырық жанды» деп бағалаған. Әйелдік өмірге бейімделудің өзін құнды қасиет деген таныған.

«Әйел қырық шырақты» фразеологизмінің астарында отбасының тұтінін тұтетуші тұлға бейнесін сипаттау мәні жатыр. Қазақта қырық шырақ жағу – исламға дейінгі нағым-сенім бойынша қайтыс болған адамның аруағына арнап қырық құнғе дейін, яғни қырқы өткенше шырақ тұтатып артын күту. Шырақ жағу жоралғысы әйелдің міндеті болып саналады. Отбасында отағасы немесе баласы, т.б қайтыс болғанда әйелі, анасы шырақ жағуды ұмытпаған. Әйел қырық шырақты деген түсінік осыдан қалған. Марқұмның жаны қырық құн өткенше үйіне келіп, «шырақ жағарым бар ма екен» деп, үйдегілердің жай күйін - біліп жүреді деген түсініктен туған.

Өлік шығарған үйдің әйелі кеш қараңғысы түсे, есікті айқара ашып, оң жақ босағаға ақ киіз төсеп, аруақ дәметеді деп тостағанға қымыз құйып, шырақтың қасына қояды. Қайтыс болған адамды еске алғанда ұстағаның шырақ, мінгенің шырақ болсын дейді.

Қыз қырық шырақты, бірінен болмаса, бірінен бағы ашылады деген қазақ мақалы аруақтардың бірі болмаса, бірі орайы келіп, сәті түспей, жолы ашылмай жүрген қызды қолдап, желеп-жебейді деген түсінікті анғартады.

Адам бар жерде құндылық та қатар жүреді. Ол адамға ғана емес, оны қоршаған ортаға да тікелей байланысты. Құндылық – әлдебір дүниенің маңыздылығын анғартатын сипаты іспетті. Ол әр затқа табиғатынан тиесілі емес. Әр адамның таным-түсінігіне, көзқарасына байланысты әртүрлі сипатта

болмақ. Ұлттың, елдің дамуында ұлттық құндылықтардың алар орны ерекше. Оларсыз маңдайы жарқыраған, төрт аяғын тен басқан өркениетті ел болу да қиын. Қай ғасырда болмасын рухани мұра, рухани құндылық – ұлтты ұлт ретінде қалыптастырып, ұлт ретінде өмір сүруінің кепіліне айналған тарихи дүние. Демек, қазақ танымында құндылық жақсы өмірдің негізі ретінде, тәрбиенің тірегі ретінде қызмет етеді.

Содықтан адам құндылықтарын айқындайтын құралдарды игеру аялық білімнің менталды құрылымы мен оның тілдегі кодталу әрекетімен тығыз байланысты. Аксиологиялық бірліктер әдетте, метафоралы қолданыстарда немесе концептуалды метафора құрамында жиі кездеседі.

Мәселен, қырық жеті – айттырылған қыздың әкесіне жігіт әкесінің беретін қалыңмалы. Қырық жеті сый-сияпattan тұратын дүниені толық беру қалыңмалын өтеумен тең болған. Қазақта қыз дүниеге келсе, «қырық жеті туылды, қырық жеті келді» деп сүйінші сұрайды. Демек, қалыңмалы берілетін қыз дүниеге келді деген ақпаратты тұспалдал жеткізудің астарында «көз тимесін» деген ниет те бар. Кейде қырық жеті қалыңмалдың құрамында болатын қырық жылқыны негізге алып, қызды «қырық жылқылы» деп сипаттаған. Тілімізде «*ам қосылы болдың ба, қырық жылқылы болдың ба?*» деген көнеден келе жатқан тұрақты тіркес бар. Оның мәнісі «*ұлды болдың ба, қызды болдың ба*» деген сұрақпен пара-пар. Сондай-ақ «*обалы қырық жылқыға*» фразеологизмі де тілімізде терең сақталған. Аталмыш тұрақты тіркес ұзатылған, қалың малы берілген қыздың жолы болмағанда аянышты өкінішті айтылатын қолданыс деп танылады.

Қазақтың дүниетанымында қырық ұғымы жай ғана сан емес, құндылық ретінде бағаланатынын салт-дәстүрлер мен жосын-жоралғылар, наным-сенім, қәде-қаумет дәлелдей түседі.

Мәселен, күллі пайғамбарлардың тәжі атанған Мұхаммед (с.ғ.с.) расулға Аллаһтан алғашқы уахи қырық жасында түскен. Ел ішінде мұсылмандықтың қырық парызын біліп, иманға ұйыған тақуа жандар аз болмаған.

Қырық ұғымымен байланысты ел арасында жасалатын ырымдар да кездеседі. Жазатайым қол-аяғы, сүйегі сынған адамға қырық қазанның қылауы деп, қырық үйден мертікас әкеліп беретін болған. Халық тілінде молшылық, көптік ұғымға қатысты айтылатын қырық рулы ел, қырық пышақ болу, қырық қадам *аттай*, қырық саққа жүгірту, қырық құбылу, т.б. біралуан тұрақты тіркестер бар. Байырғы наным сыйынным бойынша қысылып-қиналған, басына тауқымет түскен жан Ғайып ерен, қырық шілтенде шақырып, медет тілеген.

Батырлар жырында:

Қыдыр ата жар болып,

Қырық шілтен қолдай гөр,

Жолымды Құдай ондай гөр, – деп жалбарынады. «Бақ – ауыс, ырыс жұғыс» деп ұқсан қыр адамы құдайы қонағын қырықтың *бірі* – қыдыр деп, қуана қарсы алған. Мұндағы *Ғайып ерен*, қырық шілтен дегеніміз мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін, көзге көрінбейтін киелі бейнелер. Әуелде Қырық шілтен көзден ғайып (көзге көрінбейтін) кілең ержүрек қырық ер деген ұғымда жұмсалып,

батырлардың сиынатын пірі болған. Кейіннен әулиелер санатына қосылып «қос функциялы қызмет» атқарған екен.

Халық ауыз әдебиетінде «Қырық өтірік» ертегісі, «Қырымның қырық батыры» тәрізді эпостық жыры, «Қорқыт ата» жырындағы қырық қызы, т.б. қасиетті қырық санымен аталған. Қазақ фразеологиясы ғылымының негізін салушы академик И.К.Кеңесбаев қырық санымен келетін фразеологизмдерді арнайы талдай келіп, «Қазақ ертегілерінде ұшырысатын бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам, Тазшаның қырық өтірігі сықылдылар халықтың санасында ертеден орын тепкен [104, 33 б.].

Мақал-мәтел, нақыл сөздер және басқа да сөз орамдары да қырық санының «жай» сан емес, бір кезде киелі мөлшері екендігін көрсетеді. Мәселен, «қара қылды қырыққа бөлген» фразеологизмі әділдікті тұра айтқан, тең таразыға бөлген, әділ шешім қабылдаған деген мағынаны білдіреді. Аталмыш тұрақты тіркес қазіргі күні «қара қылды қақ жарған» нұсқасымен кең танылуда. Сондай-ақ «қырық аяқ су» бейнелі қолданысы нөсерлі жауынды әсірелеп айтудан қалған. «Қырық жамау», «қырық тесік», «қырық құрақ» тіркестері тозығы жеткен ескі киім, бұйым туралы бағалауыш мәнде бейнелі айтылған ұғым. «Қырық кемпірдің қылауынан жиылған» деген бейнелі қолданыс әртүрлі, әралуан, бір-біріне ұқсамау, үйлеспеу мәнінде жүмсалады. Осындағы қырық сөзі бекер алынбаған. Бұлар - халық түсінігінде көптік мәнді бір сөзben жеткізуде қырық санын жиі қолданғанын байқататын тілдік деректер. Қазақ фразеологизмдерінде мінездікүлікты, адам мінезінің аумал-төкпелі қалпын сипаттауда да қырық сөзін белсенді қолданған. Мысалы, қырық қабаттанып отыр (ренжіп, кейіп, қырыстанып-құрыстанып отыр мағынасында), қырық құбылды (сөзінде тұрмай бәтуасызданды, сан алуан күйге түсті мағынасында), қырық қазанның құлағын тістеді (қыдырымпаз кісі туралы айтылады), қырық пышақ болды (таластып-тартысты, араздасып, ала ауыз болды мағынасында), қырық саққа жүргіртті (сан түрлі құбылтты мағынасында).

Тілімізде «қырық бір шөптің басы болсаң, ақ басты қара қойдың құмалагы болсаң ақ сойле!» деген тілек сөз бар. Бұл - құмалақ ашу рәсімінде айтылатын қолданыс. Мұндағы қырық бір шөп қырық бір құмалақты мензейді. Яғни жолаушының сапарын, аман-есендігін, немесе бір оқиға барысын не болмаса жоғалған мал-мұлікті болжау үшін құмалақшылар құмалақ салады. Бұл фраза сондайда құмалаққа сыйыну ретінде айтылады.

Қырық санын сан алуан, бірнеше реттік қуғын-сүргін мағынасында қолдану қазақ тілінде жиі кездеседі. Оның мәнісі де «қырық жаны бар» деген түсініктен, яғни жанның «қырқына шыдап, қырық біріне шыдамай» сияқты халықтың ой түйінінен туындаған ұғымдарымен тікелей байланысты деп ойлаймыз. Мысалы, «қырық жыл қырғын болса да ажсалы келмей өлмейді», «қырық күн қырғын, мың күн сүргін болса да», «қырық жілік болғыр!», «қысқа кунде қырық жерге қойма қойды», «қысқа кунде қырық өлді» (қайта-қайта қорлық көре беру, ұятқа қала беру мағынасында), «қысқа таңда қырық тұрды» (ұзақты тұнге тыным болмады мағынасында) фразеологизмдері қырықтың негативті мәндегі қолданыстары деп қабылдаймыз. Қазақ қаншама қындықты

басынан кешірді, қаншама ауыртпалыққа төзімділік танытты. Осы ауыр халді танытуда «*қаншама, біршама, көптеген*» сияқты ұғымдарды қырық атауымен жеткізуінің өзі ұлттық таным-түсініктің айқын ерекшелігі деп білеміз.

Қазақ тіліндегі «*қырықтың қылауынан*» қолданысы өзгеше жаратылған, көп асылдың сынығы деген мағынаны білдіреді. Ал «*қырық темірдің қылауынан*» деген бейнелі тұрақты тіркес әйелдің жеңіл мінезді екенін сипаттау үшін қолданылған. Сондай-ақ поэтикалық тілде «*қырық сідік*» қолданысы да жиі кездесіп жатады. Бұл – ойнастан туған бала мағынасын білдіреді.

Қырықтың көптік мағынасындағы позитивті қолданысы «*отыз күн ойын, қырық күн тойын*» өткізу жайтынан байқалады. Мысалы, «Енді айтальық төтесін, Отыз күн ұдай ойын қып, Қырық күн ұдай тойын қып, Құралайды Зарлыққа Молдалар қиды некесін», – [112] өлең шумағынан көреміз. Қазіргі таңда қыз ұзатудан бастап, үйлену тойы аралығындағы құда күту, сырға салу, бұрынғыда ұрын бару, т.б салт-дәстүрлерін қосқанда ұлды ұяға, қызды қияға қондыру рәсімі отыз, қырық күндік той-думанмен өтетінін растайтын сөзқолданыс екеніне көзіміз жетіп отыр.

Сонымен, қырық санының халық түсінігіндегі сакральдік мәнін былайша бағамдауға болады:

- қырық – екі әлем (сәбидің ана құрсағындағы кезі мен жарық дүние келу уақыты);
- қырық – екі дүниенің, фәни мен бақидың шегі (қырқын беру);
- қырық – қасиетті мөлшер (қырық жеті);
- қырық – молшылықтың символы (отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізу);
- қырық – қасиетті жас (жігіттің жетілу, кемелдену кезеңі).

Сонымен, ел аузындағы қырыққа қатысты сөз орамдары халықтың мифологиялық санаасында киелі қасиетке ие ерекше сан түрінде қалыптасқандығын байқатады.

3.3. Жұздіктердің лингвомәдениеттанымдық сипаты

Қазақ мәдениетінде «Жұз жаса!», «Жұзге кел!» деген тілектер адам жасының өмір сүру шегінің ең жоғарғы көрсеткішін білдіреді. Ұзақ жаса, ғұмырың ұзақ болсын деген ниетті білдіретін бата ретінде қабылданады. Орыс мәдениетінде «живи сто лет!» деген қолданыс жоқ, оның орнына «век живи» тілегі қолданылады. Орыс мәдениетінде жұз саны өмір өлшемі емес ретінде емес, дос саны (не имей сто рублей, а имей сто друзей), ақыл қосар адамның саны (сто голов – сто умов), т.б. ретінде белсенді қолданыста жұмсалады. Түркі халықтарында жұз саны бір санымен салыстырыла айттылады да, «көп пен аз» теңсіздігін жеткізуге бағытталады. Мысалы, өзбек халқында «Батыр бір шешім айтады, қорқақ жұз шешім айтады» деген мақалдың мәні батырлық пен қорқақтың шынайы ақиқат бейнесін «бір шешім – жұз шешім» теңсіздігімен дәйектелген. Сол сияқты түрік халқында «Оқталмаған мылтықтан жұзі қорқады, оқталған мылтықтан бірі қорқады» деген мақал бар. Түркімен халқындағы «Жұз қойың болса сенікі әрқашан дұрыс» деген мақалы «байдың айтқаны зан» стереотипін танытады. Әлеуметтік теңсіздік заманында қалыптасқан мақалдың

мәні қолында байлық болса, әділдікті де сатып алуға болады деген мазмұнға мензейді.

Азия елдерінің мәдени болмысында да «жұз – бір» теңсіздігін қолданып, ой жеткізу тетігін кеңінен қолданылады. Жапон мәдениетінде «жұз кәсіпті білген адам, оның бірін де сапалы істей алмайды», «жұз жыл тауда, жұз жыл теңізде» (көпті көрген адам туралы) сияқты мақалдары бар. Бірінші мақалы жұз түрлі дүниені бір адамның меңгеруі сапалы болмайтынын білдірсе, екінші мақалда бір адамның жұз түрлі қыындықтан, сынақтан өткені туралы айтылады.

Демек, «жұз – бір» теңсіздігі арқылы жақсылық пен жамандық, батырлық пен қорқақтық, көшілік пен жалғыздық, көп пен аз, т.б. ұғымдарын бейнелі жеткізуде белсенді қолданылатын ойбейне тетігінің тиімді тәсілі екенін аңғардық және бұл тәсіл жалпыадамзаттық түсініктен туындағанын да байқады.

Ал енді қазақ мәдениетіндегі жұз санының қолданысына тоқталатын болсақ, жұздің ең жиі кездесетіні – кісі есімдері. Қазактың «Жұз жаса» стереотиптінен өрбитін Жұзбай, Жұзжасар, т.б. кісі есімдері әсіреле бала тоқтамағанда ырымдал қойылады екен. Ертеде егер алдыңғы балалары шетінеп кеткен жағдайлар болса, нәрестеге Тұрсын, Құдайберген, Төлепберген, Тұрсынбай, Майлықет, Тезек, Бокбас, Боктыбай, Көтібар, Италмас деген сияқты эвфемистік аттар қояды [113]. Соның арасында Жұзжасар, Жұзбай аттары да кездеседі.

Қазақ мәдениетінде жұз саны кәсіпкерлікте кеңінен қолданылады, 100 өрім, 100 терім сияқты кәсіби істің атауына айналғанын этномәдени атаулардан байқауға болады. Мәселен, Ақ басқұр – тоқылу барысында түк салынып тоқылған бау түрі, киіз үй жабдығы. Ақ басқұр жасалу технологиясы жағынан жұз тери, тегеріш деп аталатын екі түрлі тери тәсілімен тоқылады. **Жұз тери** деудің мәнісі, жұз жілтен түр шығарып тоқылады; ал тегеріш териуде де өткізбе мен қалы түрлері салынады.

Аққұйрық – патшалық Ресей ақшасының жұз сомдық номиналының ертеректегі халықтық атауы. Қазақы ортада Ресеймен тауарлы-ақша айналысының қүшеюіне байланысты қолданысқа енген екен. Қазіргі таңда аққұйрық жұз санын зерттеу арқасында лингвомәдениеттаннымдық зерттеудің негізінде қазақ әдеби тілінің сөздік қорына енеді деп ойлаймыз.

Бүркітшілер әрбір құстың жаратылыс ерекшелігіне қарай отырып, «мынау он бес тұлқілік, мынау отыз тұлқі алғаннан кейін алымы түгейді, мынау елуден жұз тұлқілік болар, мынау өмірінің ақырына дейін алымы қайтпас алғыр қыран екен, мынау төртінші жастан өткенде ұшымы таусылып, ұша алмайтын домалатпақ шобыр болар» деп болжам жасайтын болған.

Қазақ мәдениетінде жұз символикалық сан ретінде бата, тілектерде жиі айтылған. Жұздің өзі баянды өмір тілеу үшін қолданылса, бес жұз – малдың байлығын берсін деген мағынада қолданылған. Мысалы:

Жасың жетсін жұзге,
Желің кетсін құла түзге...
Құдайдың өзі сүйтіп ондасын,
Бес жұз саулық қоздасын.

Сексен інген боталап,
Сегіз келін қомдасын.
Айдал келген жылқыңан,
Алпыс айғыр азынасын,
Жиып келген түйеңнен,
Жетпіс інген боздасын
Өзіннен байлық озбасын.

Сол сияқты жұз сияқты символикалық сандар әсірелеуді қүшейтіп тұрады. Халықтың адамгершілік, ізгілік, ар-ұждан туралы ғасырлар бойы жинақталған өситеті дәріптеліп, тәлім-тәрбие беріледі. Мысалы:

Жұзге жетсін түйеңіз,
Үш жұз болсын биеніз.
Әлдеріңнен келгенше
Жығылғанды көтеріп,
Сүрінгенді сүйеңіз...
Ақ бөкендей қойлы бол,
Ор қояндай көзді бол,
Адам таппас сөзді бол,
Патшадай ұлды бол!

Дегенмен, расымен де жүздеген төрт түліктің саны аламан бәйгелерде берілетін сый-сияпат кезінде шындыққа айналатын. Мысалы, Ақан серінің: «Жұз қой мен он төрт құр ат, төрт тайтуяқ, Бір жолда әперін ең ердің құнын» деген өлең жолдары бәйгенің қаншалықты мөлшерде болғандығынан дерек береді. Атақты Бөрібай ақынның өлең шумақтарында «Ошақты Құлназарға құн бермексің, Алты жақсы, жұз жылқы пұл бермексің... – деген жолдар кездеседі.

Қазақ мәдениетінде жұз саны жұмбақтап айтылған өлеңдерде, жұмбақтың өзінде жиі қолданылады. Бесқонақ жүйесі турасында жұмбақ та кездеседі:

Атасы мен анасы,
Үш жұз алпыс бес баласы,
Он екі ауыл шамасы,
Отыз ор дуадақ,
Бес балақ сан,
Елу екі патшасың.

Шешуі: Атасы мен Анасы – Ай мен Күн, 365 бала – бір жылдағы 365 күн, 12 ауыл – 12 ай, 30 ор дуадақ – бір ай ішіндегі 30 күн, 52 патша – 1 жылдағы 52 жұма, 5 балақ сан – бесқонақ.

Қазақ мәдениетінде жүзден екі жұзге дейін түтінді қамтитын саяси-әкімшілік бірлік ауыл деп аталды. Ал он-жиырма ауыл бір болысты құрады. Ал бес-жиырма болыс округті құрады. Қазақ руды, тайпаны, жұзді ел деп атай берген. Осы тұрғыда, үрпақтың өсіп-өніп көбеюінің негізінде бірнеше жаңа буынның қалыптасатындығын билдіретін «елу жылда ел жаңа, жұз жылда қазан», – деген мақал бар. Ол 4-5 буыннан соң өз алдында шаруашылық көтерген, дербес өріс-қонысы бар елге айнала бастайтынын мензесе керек.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген сөз орамының түйінін ел ішіндегі қария адамдар былай деп таратады: «елу жыл өткен соң туған еліне барған адам өзгерген өмірді, жаңа буын жас үрпақты байқар еді. Қатар-құрбысы сиреп, баласы, тіпті баласының баласымен жасты жастарды көреді. Елу жылда ел жаңа деген осы. Ал жүз жылда қазан дейтіні – ескі көзден кім қалды дейсің. Ескі орнын тауып, жаңа үрпақ салтанат құрады екен».

Қазақ жүз жаса деп бата бергенімен, адам жасының бейнелі атауларын білдіретін фольклорлық деректерде жүз жасқа сипаттама бермейді екен. Тек Әбдулмәжит қажы «жүз - жұмыртқа» деп теңеу берген екен.

Он – теке

Жиырма – қошқар

Отыз – бұқа

Қырық – айғыр

Елу – бура

Алпыс – ақта

Жетпіс – ноқта

Сексен – серке

Тоқсан – торғай

Жүз – жұмыртқа, – яғни, он жасында – текедей ойнақтап тұрады; жиырмада қошқардай қуаттанады, отызында бұқадай мөнірейді; қырқында айғырдай азынайды; елуде бурадай аузынан көбік бүркірап жүреді, күші қайтпайды; алпысында көп тірліктен тыс қалады; жетпісінде ноқта киіліп жетекке жүре береді; сексенде мүйізі қарағайдай болған серке сияқты қой бастап ішінде жүреді; тоқсанында адам торғайдай болатын көрінеді; жүзінде кез-келген уақытта жұмыртқадай жарылып қалады екен.

Жүз саны қазақ ритуалындағы маңызды салттың атауында кездеседі.

Жүзін беру – қазақтың дәстүрлі тіршілік циклына байланысты атқарылатын ұлы салттың бірі. Өліктің артын қутуге қатысты ғұрыптың бірі. Мәйітті жерлеген соң тоқсан тоғыз күн өткеннен кейін атқарылады. Ел арасында 100-ші күн марқұм рухының (аруағының) «шаңырағына соңғы рет айналып согатын уақыты» деп есептеледі. Бұған қарағанда «жұзін өткеру» марқұмның рухын біржола шығарып салудың жосын-жоралғысы болса керек. Жүзін беруде ерек қой және жылқы соятын болған. Әдетте, жылқы етінің басым бөлігі жарлы-жақыбайларға таратылады. Ол «шеттік», «шеттік тарату» деп аталады. Демек оның мәні марқұмның рухын, аруағын бұз дүниенің шетіне, шекарасына шығарып салуды мензеген болып шығады.

Жүз саны жауынгерлік жасақты да танытады. Жұзбасы, жұздік жүз жауынгерден тұратын әскер екені тарихи деректерден белгілі.

Қорыта келгенде, қазақ мәдениетінде жүз саны «жүз-бір» қағидаты бойынша мақал-мәтелдерде көп пен азды, білімді мен білектіні, батырлық пен қорқақтықты, т.б сипаттауда негізгі ой тетігі болғанын аңғартады. Жүз саны «Жүз жаса» стимулына сүйену арқасында баланың шетінемей тірі өмір сүруін ырымдал қоятын кісі есімдерінен байқалады. Қазақ мәдениетінде жүз саны жүз түтіннің біргіп бір ауыл құрауынан байқалады. Жүз саны қазактың

ритуалындағы өлікті жөнелткеннен кейін жүз күнін күту, жүзін беру салтынан көрініс табады. Демек, халық танымындағы бұл ұғымдар жүз санының да лингвомәдениеттанымдық ақпарат беретін, мәдени құндылықтарды таныта алатын лингвомәдени бірлік бола алатынын дәйектейді.

3.4 Мыңдықтардың мәдени-семантикалық моделі

Қазақ дүниетанымында мың санының есептік сан атауынан бөлек, қыруар көп, өте көп, асып-тасқан молшылықты білдіретін мағыналары бар. Мәселен, С.Мәуленовтің «Астасқан алғы ұміті, мұңы елімен, Айқасқан қайран батыр мың өліммен. Құлапты Қарқаралы құшагына, Қан саулап оққа ұшқан жүргегінен» деген өлеңіндегі мың өлім - мың адам деген ұғымда сандық мағынада, яғни лексика-семантикалық мәнінде жұмсалып тұр.

Мың санының өте көп мағынасында қолданылуынан туындаған тұрақты тіркестер де, бейнелі тіркестер де өте көп. Мәселен, *сан мың сынақ, мың сан ойлар, мыңдаған шаруа, мың құбылу, аллаға мың да бір шукір, бірдің кесірі мыңға, білекті бірді жыгар, білімді мыңды жыгар*. Аталған тілдік қолданыстарда мың нақты есептелген сандық көрсеткіші айқын мың ретінде емес, «көп» мағынасында қолданылады. Мың атауының лексика-семантикалық мәні - есептік, реттік санауда мағынасындағы мыңдық бірлік. Мысалы: мың жыл, мың рет, мың мәрте, он мың, жүз мың, мың қой, мың жылқы, т.б. Ал мың өліп мың тірілу, мың құбылу сияқты метонимиялық, метафоралық мәнге ие болған мағыналардың астарындағы мәдени-семантикалық мазмұны халықтық дүниетанымынан хабар беретін мәдени ақпарат болуы мүмкін. Сондықтан мың атауына полисемиялық талдау және мәдени-семантикалық талдау жасау арқылы мың санына қатысты халықтың дүниетанымын айқындауға болады. Тілімізде «Сазанның мың басын мұжісің, пейішке барасың» деген мифологиялық түсінік бар. Қазақ халқы балыққа аса әуес болмаса да тілімізде бұндай қолданыстың пайда болуы неден? Балықшылардың өзі шақырылған қонаққа балық аспайды. Ал балық жеп отырғанда келген құдайы қонақтың алдына қойғанымен «балық же» деп айтпайды. Өйткені балықтың қылқанына қақалса, обалына қалады деп ырымдайды. Балықшылардың пайымдауынша сазан пейіш көрген балық, сондықтан сазан балықтың мың басын мұжісің, пейішке барасың деген түсінік қалыптасқан. Мұндағы мың саны қазақ дүниетанымындағы көптіктің жоғарғы шегі мыңмен белгіленетінін аңғартады.

«Мың - жыл» моделі

Жалпыадамзаттық түсінікте жыл ұзақтығын мыңмен теңеу өте сирек кездеседі. Тек тарихи оқиғаларды баяндау кезінде мыңжылдық сөзімен келетін қолданыстар жиі кездеседі. Адам жасының ұзақтығы әдетте жүз жылмен сипатталады. Жүзге кел! Жүзге толсын! Жүз жасасын! деген тілек сөздер адамның өмір сүруіне қатысты жиі айттылады. Мыңға келсін деп айттылмайтыны айқын. Бірақ «Мың жаса» тұрақты тіркесі ирреалды түсініктен, барынша көп жаса мағынасындағы көп жыл өмір сүр ұғымын беруде тілімізде белсенді қолданыска ие болған. Әдетте бұл тұрақты тіркес туған күніне айттылатын «Жүз жаса» тілегінен семантикалық айырмашылыы бар. «Мың жаса» тіркесінің

функционалды-прагматикалық қолданысы рақмет орнына қызмет етеді. Яғни көмектесуден кейін, біреуді риза етіп қуантқаннан кейін айтылатын ризашылықтың тілдік көрінісі ретінде мың жаса тіркесі жиі қолданылатыны халықтың кең пейілінен, ақ дарқан көңілінен туындаса керек. Орыс мәдениетінде «Живи тысяча лет» деп айтпайды. «Век живи» дейді. Бұл – қазақтың «Жұз жаса» тілегінің мағыналас баламасы.

«Мың - сансыз көп» моделі.

Алла Тағаланың сан мың сынағы адам өмірінде бірінен-кейін бірі болатын қыыншылықтарға қатысты айтылады. Бірақ расымен де мың қыыншылық емес. Қайғының бірінен-кейін бірі үсті-үстіне болса, адамға өте үлкен ауыртпалық. Сондай кезде адам Алланың сан мың сынағы деп өзіне өзі басу айтып, төзуге, шыдауға тырысады. Сол сияқты мың сан ойлар тіркесі де расымен мың түрлі ой емес, бірнеше ойлардың, уайымның қабаттасуынан туындаған бейнелі тіркес. Қазақ дүниетанымында «өте көп» ұғымын санмен білдіруде санның ең биік шыңы - мың екені аңғарылады. Мәселен, Аллаға мың да бір шүкір! Бұдан әрі он мың шүкір немесе миллион шүкір деп немесе одан кем жұз шүкір деп айтылмайды. Мыңнан жоғарысы – Аллаға сансыз шүкір! Демек, қазақ дүниетанымында көп ұғымын санмен білдірудің жоғарғы шегі – мың.

Жалғыз басы мың болсын! Көп жасасын, өсіп-өнсін, үрім-бұтағы көбейсін деген алғыс сөздің мәнін білдіретін бұл қолданыстағы мың саны - көп, молшылық ұғымының лексика-семантикалық көрінісі.

Мың болғыр! Риза болғанда айтылатын алғыс сөздің мәні де тұқымы көбейгір, қасына адам үйір болғыр, көпшіл болғыр сияқты жақсы ниеттегі ризашылықты білдіретін тілдік қолданыс. Аталмыш қолданыста да мың сансыз көп мағынасын білдіруге бағытталған.

Бірін білдірсе де мыңын бүкті тұрақты тіркесі – көп жайды жасырды, түгел ақтарып көрсетпеді, сырын түгел айтпады деген мағынаны білдіреді. Бір саны - бір ұғымының тұра мағынасында берілгенімен, мың саны - көп мағынасының орнына жұмсалғанын байқаймыз. Бірін білдірсе де көбін бүкті деп қолдануға да болар еді. Бірақ бейнелі сез оралымдарын жасауда санада терең сақталуы үшін контраст бейнелер қолданылады. Сондықтан қазақ дүниетанымында бір санына контраст ұғым - мың саны аталмыш тұрақты тіркесті қалыптастыруда сәтті қолданылған.

Бірдікі - мыңға. Бір адамның кесірі көпке тиеді деген мағына қолданылатын тұрақты тіркестегі бір - бір адам, ал мың - мың адам ұғымының бейнелі түрленісі. Метонимиялық қолданыстағы тұрақты тіркестің эквиваленті өзге тілдерде де бар. Мысалы, орыс тілінде *один может принести вред тысяче, тысяча - десяти тысячам* қолданысы. Демек, бір атауы – жалғыз семасын, ал мың атауы – көп семасын білдіретін ұғымдар жалпыадамзаттық түсініктен тарайды.

Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар мақалында да сан атаулары бір мен көп ұғымдарын білдіреді. Демек, қазақтың тілдік жүйесінде «бір – мың» контраст қолданыстары әрі қарама-қарсылықты білдірсе (аз-көп), әрі олардың

шеткі көрсеткіштерін білдіреді. Себебі қазақ дүниетанымында аздың ең тәменгі көрсеткіші бір болса, көптің жоғары көрсеткіші – мың болып тұр.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар. Елден ерекше, айрықша мағынасын білдіретін тұрақты тіркесте қолданылған сан атаулары да қазақ дүниетанымындағы көп ұғымының ең жоғарғы шегі білдіреді. Мыңның арасынан біреу миллионның, миллиардтың немесе он мыңның деп өзгерген емес. Мың ұғымының ішіне санамыздағы сол миллион да, миллиард та кіреді.

Мың асқанға бір тосқан. Менменсіген, көкірек керген кісі де тобасына бір келеді деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркес - «мың – бір» моделі арқылы сандық ұғымда түсіндірудің тағы бір ұлгісі. Бұнда да қазақ дүниетанымындағы ең көп мөлшердің мыңмен өлшенетіні айғақталады. - Базым, не керек! Ер кеудеде «кеқ» деген өлексе боп шіріп кетсе, сол қорлық та! Тұяқ серпер күнім болса, сол осы-ақ! мың асқанға бір тосқанның шағы кеп тұрган сәтім осы-ақ! - деп тоқтады Жиренше (М.Әуезов).

Шөлмек мың күн сынбас, бір күн сынар. Аяғынды абалап бас, онды өмір сүр, ақты-қараның бір сәтте-ақ үзілер шегі бар деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркес. Қазақ мәдениетінде «мың-бір» моделімен жасалған «көп күн – бір күн» семасын танытуға бағытталған бейнелі сөз орамын халықтың танымдық дәстүрімен алғынып отыр. Халықтың танымында «мың – көп, бір –аз» ұғымы бар. Бұндағы мың – ең жоғары көрсеткіш, ал бір - ең аз көрсеткіш. Халықтың аялық білімдегі сандардың мәні эталонға айналуы өсіреле тұрақты фразеологиялық тіркестерде айқын байқалады екен. *Арамдық білінбей тұрмайды. Жамандар қыла алмай жур адап еңбек, Ұрлық, құлық қылдым деп қазар көлбек. Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек* (Абай Шығармалары).

Мың жерден. Қанша жерден мағынасын білдіретін тұрақты тіркес. Мың жерден данышпан болсаң да халқынан биік емессің. (Қазақ мақалы). Аталмыш тіркестің «жуз жерден» сияқты жарыспалы баламасы бар. «Мың жерден» тіркесінің қарама-қарсы мәнді білдіретін прагматикалық әлеуеті бар. Себебі, мың жерден тіркесінің мағынасында қанша ұмтылсаң да, қанша тырыссаң да, қанша күрессен де, қанша тығылсаң да, қанша оқысаң да, т.б. әрекеттің бірнеше рет талпынысының нәтижесі қарама-қарсы болатын семантикалық ойды қажет етеді. Жалпыадамзаттық түсініктегі қанша жерден (сколько раз) тіркесі қазақ тілінде «мың жерден» деген өзіндік танымдық реңкімен беріліп отыр.

Мың жара болу. Қайғы-қасіретке ұшырау. Адам басына үстін-үсті ауыртпалық туындағанда айтылатын бейнелі тіркес. Қобыздың сарнағаны зарлағандай, Қан шашып әлдекімді қарғағандай. Жүрегі мың жара бол паршаланып, Күйініп көзінен жас парлағандай (М.Жұмабаев. Шығармалары.)

Мың жара болу тіркесінің өзге тілде эквиваленті жоқ. Байқағанымыздай мың сан атауы қазақ тілінде сан түрлі семантикалық реңкте көрініс тапқанынан, мың санының көптік мағынасында жиі қолданысқа ие болғанынан мың атауының полисемиялық өрісі қалыптасқанын байқаймыз.

Мың алғыс. Мың – қазақ мәдениетінде жақсылыққа ризашылығын аянбай білдіруде, ақ дарқан көңілін шынайы көрсетуде жиі қолданылады екен. Мысалы,

«мың алғыс» тіркесімен айтылатын ризашылық орыс тілінде *большое спасибо* (көп рақмет), ал ағылшын тілінде *very much* (орасан зор рақмет) клишелерімен шектеледі. Демек, «мың алғыс» деп айту өзге мәдениетте жоқ деген сөз. Ризашылықты білдіруде барынша шынайы ниетті білдіруде бейнелі жеткізе алатын қазақ тілінің құдіретінен халқының құрметтеу мәдениетін жоғары деңгейде сипаттай білуін аңғарамыз.

Мың сәлем. Мың мәртебе. Бар көңілден шексіз ықыласпен амандық тілеушілік. «Мың сәлем» – қазақтың ақкөнілділігін, ашық мінезді, қонақжайлышының айқындайтын концептуалдық өрістің қатарындағы танымдық модель.

«Мың - молшылық» моделі. Төрт түлік малдың молшылығы мыңдаған қой, мыңдаған жылқы, мың-мыңдағап қалың малға апару сияқты түсініктерде мың саны жиі қолданылады. Себебі қазақ үшін мың ең жоғарғы сан көрсеткіші болғандықтан бата беруде, тілек тілеуде қойларың мыңдағап төлдесін деп ниет ету қазақтың танымына сіңісті ұғымдар болып саналады. Мысалы,

*Жолыңды наурыз оңдасын,
Оңдағанның белгісі -
Қойларың мыңдағап қоздасын.
Сексен інген боталап,
Сегіз келін қомдасын!*

Арнау өлеңдерінде де тілеу сұрағандардың арманы мың жылқымен шектеледі екен. Мысалы, *Мыңды айтатып, жұзді байлату қолданысы*.

*Шәдияр болсын достасың,
Мұхаммед болсын қостасың,
Қыдыр болсын жолдасың,
Пұқпан болсын құрдасың
Жылқышы ата Қамбар,
Мінгенің жириен шабдар.
Мыңды айдатып, жұзді байлатсаң,
Сенен басқа нем бар?*

Бір дәнің мың болсын! Қазақ мәдениетінде егіншілік басталған науқанда егін егіп жатқан кісінің жаңынан өтіп бара жатқанда *Бір дәнің мың болсын* деп жақсы ниет-тілектерін білдіретін болған. Санада қалыптасқан матрицалық символика бойынша қазақы танымда «бір – мың» моделінен туындағын аталмыш тілек, яғни бір дәннің мың болып көбейетіні, өсіп-өркендейтіні туралы бейнелі сурет тілде көрініс тапқан. Немесе көп жағдайда *бірің мың болсын* дейді.

«Мың - сан түрлі» моделі.

Жұз түрленіп, мың құбылды тұрақты тіркесіндегі алуан түрге өзгеру мағынасы мың санымен сипатталған. *Бұл күнде жуз түрленіп, мың құбылды*, *Көзіңді қызықтырадар тым жылпылдан* (Ш. Құдайбердиев. Шығармалары). Бұл жерде де көптік мағынаның бейнелі тілдік көрінісі ретінде коннотаттық мағынаға ие болған мың атауының лексика-семантикалық мәні ғана ашылып тұр. Мінезі жел қайықтай тұр бұлтылдан.

Мың бұралу. Мың бұралып билеу - қазақ дүниетанымында эстетикалық әсемдікті білдіруде айтылатын бейнелі қолданыс. Әсіресе қыздардың әдемі биін сипаттауда жиі қолданылады. Мұндағы мың атавы сан алуан, түрлі-түрлі ұғымын танытуда қолданылады. М. Мақатаевтың «Баяғыдай тұнық па бұлақ әні? Торғын шәлі жамылған қарағайлар, Мың бұралып, қырындап тұра ма әлі» өлең қолданысында мың бұралу тек қыздарды ғана емес, ағаштарды суреттеуде мазмұнды қолданысқа ие бола алатынын көреміз.

Мың бұралу – ирелендең сан бұрылыш жасау. Ат шаптырса жетпейтін орамды алып жатқан Кегеннің кең жазығы мың бұралып, жыланша ирелендең ағып жатқан өзен (С.Шаймерденов Мінез). Мың бұралу жыланның қимыл қозғалысына ұқсату ассоциациясынан туындауы да мүмкін. Жазушының тілінде өзеннің мың бұралуы визуалды ассоциация танымынан туындағаны байқалады.

Мың бұралу – қүйқылжып, толқып, шарықтау. Аспанда қараторғайлар самғап шырылдайды. Қош жолынан қашып ұшқан болуы керек, мың бұралып қаулап кетті (М.Әуезов. Таңдамалы шығармалар). Мұндағы мың бұралу әрекеті алдыңғы ирелендеуге қарағанда баяу емес, жылдам. Себебі ыргалу темпі бірдей емес, сан жаққа сан түрлі ыргалу динамикасы сипатталады. Дегенмен, мың атавының сан жаққа, сан түрлі семасы сақталып тұр.

Мың сайтан, жұз пәлекет қамады. Сан түрлі бәлекет, ауыртпалыққа тап болды деген мағынаны білдіретін тұрақты сөз тіркесі. Бұл тіркестің құрамындағы мың саны - сан алуан мағынасында қолданылып тұрған бейнелі қолданыс. *Сөйлем қал, қызыл тілім, жақ барында, Қеудеде - ақыл, маңдайда - бақ барында. Мың сайтан, жұз пәлекет қамаса да, Бір тәңірі қазып шығар сақтарында* (Шал ақын. Өлендері).

Мың бір пәлеңнен алас. Сан түрлі пәлекеттерден аулақ мағынасындағы қолданылатын аластау рәсімінде айтылатын өлең шумағы.

Алас-алас, мың бір пәлеңнен қалас,

Тілдінің тілінен, көре алмаганның көзінен сақта!

Мың саққа жүгіртті. Неше құбылтты деген мағынада қолданылатын тұрақты тіркес. Әдетте бұл тіркестің «сан саққа жүгіртті» деген жарыспалы қолданысы бар. Дегенмен мың сан түрлі мағынасының бейнелі семасы ретінде жиі қолданысқа ие болғандықтан тілдік жүйеде тұрақталғанын байқатады. *Көп жылдан бері көрмеген ел Құрымбайдың ісін мың саққа жүргіртті* (Б.Майлин. Шығармалары).

«Мың - халық» моделі.

Қазақ дүниетанымында мың саны халық ұғымын білдіруде белсенді қолданылатынын мынадай тілдік деректерден көруге болады.

Алаш мыңы тұрақты тіркесі XV-XVI ғасырлардағы қазақ халқының атавы, этноним ретінде қолданылған. Р.Сыздық зерттеуінде: «Мұндағы тарихшының (Қадыргали би) алаш мыңы деп отырғаны ішінде қаңлы, жалайыр, қатаған сияқты ірі-ірі рулары бар тайпалар одағы». Негізінде алаш мыңы деп отырғаны осы тайпалар енген әскер одағы. Жаугершілік заманында мыңдық – әскери одақ, мыңбасы - әскер басшысы атауларының алаш мыңы атануына негіз болғанын байқаймыз. Алаш – қазақ ұғымының бастамасы деп түсінетін болсақ,

бастапқыда әскери одақ болып құрылған халықтың ұлтқа айналуының нақты дерегі бола алады. Демек алаш мыңы – алаш одағының құрылуының уәжін білдіретін тілдік дерек болып саналады.

«Мың - мәңгілік» моделі.

Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген өлеңі – қазақтың ежелден келе жатқан халық екенін, мәңгілік ел болатын әлеуеті бар екенін мойындайтын стереотипті түсінік. Ж.Молдағалиевтің ХХ ғасыр ортасында айтқан бұл фразасындағы мың ұғымы «бірнеше рет, көп рет» мағынасын білдірсе де, қазақты мәңгілік өмір сүретін халық деп тануға бағыттайтын стереотиптік күші басымырақ болды. Сондықтан бұл өлеңдегі мың атауы - мәңгілік ұғымы ретінде стереотиптеле бастады.

«*Куда мың жылдық*» қолданысында да қазақ дүниетанымындағы көшпелі этномәдени ортадағы кісілік пен кісілік, туыстық байланыстардың ерекше мәнге ие болғанын бақытты өмір сүрудің шегі мың жылмен сипатталғанынан байқаймыз. Аталмыш этикалық норма қыз беріп, келін алған екі құданың арақатынасын жақыннатуға, туыс етуге бағытталған. Шынайы өмірде мың жыл өмір сүру адамға тән емес екенін ұғына тұрса да, халықтың дарқан пейілінен – құдалық қарым-қатынастың ұзақ бола беруін тілеуінен байқалады және оны бейнелі сипаттауынан көрінеді. Құдалықта айтылатын батада мың жылдық құда болу тілегі айтылады:

... *Дастарқаның кең болсын,*
Құда-құдағилар тең болсын.
қарым-қатынас арада
Аққан дария сел болсын.
Мыңжылдық құда деген сөз,
Жалғаны жоқ шын болсын.

«Мың - мәңгілік» моделі.

Қарағай, шырша мыңжылдық ағаш деген түсінік бар. Түркі дүниесінде балқарағайдың қысы, жазы жасыл болуына қатысты мифологиялық аңыздарда мың жылдық ұғымы бар. Көне мифтік әңгімелерде былайша баяндалады: «Ескендір патша тірі суды іздейді. Оған перілер көмектесіп, аңсаған арманын орындаиды. Патша өмір сүруін ішкен соң мың жасайды екенмін, болашақта мені не күтіп тұрганы да бұлдыр, одан да құдайдың өзі берген өлшеулі уақытымен өмір сүрейін» деп, тірі суды ішпей қояды. Тірі су құйылған торсықты балқарағайдың бұтағына іледі. Торсықты қарға шұқып жібереді де киелі су балқарағайға құйылады. Ағаш жап-жасыл болып, мәнгі жасайтын болады. Суға тұмсығы тиген қарға да, судың қалдығын жалаған тұлқі де ұзақ жасайтын болады». Демек, қазақ санасында мың жыл өмір сүретін ағаш – балқарағай.

«Мың – әскер» моделі

Түркі дүниесінде мыңдық әскери құрама атауы болған. мыңдық он жүздіктен, жүздік он мыңдықтан, әр ондық он жауынгерден құралған. Әр мыңдықтың өзінің әскери белгісі – туы болған. Мыңдықтың әскери басшысы - мыңбасы аталған. Түркі халықтарында мыңбегі атауы кең таралған. Мыңдық әскерінің ауызбірлігі мен үйымшылдығы мықты болғаны соншалық ол тек

әскери үйім ғана емес, кейін қоғамдық үйім ретінде де танылған. Мындақтың рулық-территориялық меншігі болған. Демек, белгілі бір елдімекенді құрайтын халықпен тең болғанын байқаймыз. Халықты басқарушылар сол кезеңде бек деп аталағынын ескеретін болсақ, демек, мыңбегі сөзінің өзі халықтың басшысы ұғымын айқындай түседі.

«Мың - ауыртпалық» моделі.

Мың батпан – өте ауыр, салмақты деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркес. Тілімізде сирек қолданылса да бейнелі мағынасын жоймаған фразеологиялық бірлік ретінде бірнеше күрделі сөздерді жасауда қолданылады. Мысалы, *мың батпан сөз*, *мың батпан ой*, *мың батпан мұң*, *мың батпан жүк*, *мың батпан дерт*. Мың ұғымы ауырлықтың ең салмақты шегін көрсету мақсатында таңдалып алынған. Себебі қазақ дүниетанымында ең жоғарғы сандық көрсеткіш мың екендігі осы тұрақты тіркестен де байқалады. Қын-ау, адам шыдайды, ә! Қайтесін, қалқам, мұңайма. Ағаңа қара бұл жатқан, Көтеріп дерпті мың батпан (З.Шүкіров, Арап дәптері).

Ұзын құнді мың бейнетпен откізу. Әбден қиналу, бейнет шегу мағынасын білдіретін тұрақты тіркес. Бұнда да мың ұғымы шарықтау шегін білдіретін «ең ауыр, ең қын» мағынасын бейнелейтін атау ретінде қызмет етіп тұр. Ә дегенде *ашу қысып жсанып ем*, *Ауыр ойлар басып, назаланып ем*. Мың бейнетпен ұзын құнді откізіп, *Күнде ертең деп күте-куте талып ем* (М.Жұмабаев, Шығармалары).

Қырық құн қырғын, мың құн сұргін. Қысылтаяң, қын-қыстау жағдай, тар кез. Мұндағы мың құн де сан құндік ұғымды сипаттау үшін қолданылғаны байқалады.

Ант ішкен - мың өледі, у ішкен -бір өледі тұрақты тіркесінде де «мың-бір» танымдық моделі сансыз көп рет және бір рет ұғымдарының қарама-қарсы қою арқылы анттасу мәнін түсіндіруге бағытталған ойдың логикалық құрылымы. *Ант ішкен адам мың өледі* деген ұғымның астарында антқа берік болмаса, серттен тайса, оның соған берілер жазасы да мың өлүмен тең сияқты ұлттық таным жатыр. Қазақ дүниетанымында антқа берік болу, антты орындау өліммен тең болған. Қазақ танымында ант ұрган деген атаққа қалу – абыройдан айыратын ең ауыр жаза, кешірілмес құнә. Антына берік болмаған адам қарғысқа қалады, адамның назы өтеді, өмірде жолы болмай мың сан қатерге ұшырайды. Осындағы таным-түсініктің негізінде туындаған фразеологизм қазақ халқын антқа адал, сертке берік болуға тәрбиелеген. Антын орындаап, сертінде тұра білген халықтың бірлігі мықты, сенімі жоғары болады. Осылайша рухани құндылықтарды реттеп отыратын дәстүрлі ғұрыптар қазақ халқының ұлттық тұастығын берік сақтағанын байқатады.

Мыңтөкім. Қақ-соғы жоқ, біртоға, бірқалыпты кісі мінезі. *Талабы алда дос адамсың*. *Таңдауың көп жалынсың*, *Әрдайым дос, адалсың*, *Бір мыңтөкім момынсың* (Ж.Өмірбеков. Кешкі ән). Әдетте, сабырлы, құбылмалы емес, бірқалыпты адамға мінез беруде бір сан атауы жиі қолданылатыны белгілі: бірсарынды, бірқалыпты, біртоға, бірсыдырғы. Ал мыңтөкім сындық ұғымдағы атаудың осы аталған мінездермен мағыналас болуы «бір – мың» матрицасына

қарама-қарсы келейін деп тұр. Демек, мың қырлы қасиеті бар, мың болғыр адам ұғымына, яғни мың сөзінің жақсы қасиеттердің жиынтығы ретіндегі семасына сәйкес қолданылғаны байқалады.

Мың жыл жасаған зая патша. Мың – сапасыз санның көрсеткіші ғана емес, мәнді, мағыналы, пайдасы мол сапа көрсеткіші болуы керек деген философиялық ойтүйін мифтік аңызда осы бейне арқылы сипатталады. Мың жыл жасаған зая патша - мифтік танымда ең ұзақ жасаған билеуші. Діни аңызда айтылғандай, қаншалықты бай, қаншалықты билік иесі болғанмен, мал дүниесінен жан дүниесін артық санаған ешбір адам өлімнен құтылмайды. Осы тұжырым тілдік жүйеде Майлышожаның жырында былайша көрініс тапқан:

Ақыры көрмегендей қылады өлім,
Мейілің, Зая патшадай мың жыл жаса.

Дүниеде ешбір адам қалынбайды,

Жанын жарлы - бай қылар, малын қайғы. Майлышожа айтқандай, жан дүниесі бай адам, бұл дүниеде аз ғұмыр кешсе де «мың жыл жасаған» бай патшадан әлдеқайда артық.

Он сегіз мың ғалам.

Қазақ түсінікте бүкіл әлем, дүниежүзі – он сегіз мың ғалам ұғымымен танылады. Бұгінгі күні қолданыс жиілігінде аз болғанымен, көне ескіліктерде, мифтік аңыздарда, жыраулар тілінде жиі қолданылғаны қазақ тілінің сөздік қорында болғанын растайды. Бұл тұрақты фразаның тілдік жүйеде қатталғаны қазақ мәдениетінде де кеңінен орын алғанын байқатады. Мәселен, Қашаған ақынның өлеңінде:

*Дүниенің басы әуелде меруерт тас саналған,
Аспан, жер содан жарапған.*

*Адам, лаухы, ғалам абзal болып таралған
Он сегіз мың бұл ғалам, - деп өрбітіледі.*

«Он сегіз мың ғалам» тіркесі бұгінгі күні бірнеше мағыналық реңкке ие болды, себебі аталмыш тұрақты тіркестің pragmatikalық қолданысы үш түрлі семалық өрісін ашуға негіз болды:

Он сегіз мың ғалам – дүниежүзі.

Діни ұғым бойынша түсінілетін бұл тұрақты тіркестің мәні бүкіл әлемдегі жанды-жансыз бар дүниенің жиынтығын білдіреді. Қазақ әдеби тілінде кеңінен таралғанын ақын-жазушылардың тілінде жиі қолданылуынан байқаймыз. *Он сегіз мың бұл ғаламның Бар тынысы күнде тұр. Мен сықылды сорлы адамның Ікшіяры сенде тұр* (Абай, Шығармалары). *Ғаламды он сегіз мың жаратқан хақ, Көп беріп біреуге мал, біреуге бақ. Біреуді ғалым, біреуді залым еткен, біреуде мұңлы жараттың, біреуді шат* (М.Дулатов, Шығармалары).

Он сегіз мың ғалам – Жер бетіндегі алғаш жаратылған тіршілік атауы. Қазақ мәдениетінде он сегіз мың ғалам үш дүниенің жиынтығын білдіреді: алты мыңы – нәбәтат; алты мыңы – мақұлықат; алты мыңы жамиғат. Мұндағы нәбәтат – өсімдіктер әлемі, мақұлықат – жануарлар әлемі, жамиғат – адам әлемі.

Қашаған ақынның жырларында он сегіз мың ғалам былайша түсіндіріледі:

*Он сегіз мың ғалам болғанда
Үш бөлім болып тараган
Алтауы болар жамадат
Алтауы болар нәбәтат
Алтауы болар айуанат*

Алла жаратқан тірі жандардың жалпы атауы ретінде он сегіз мың ғалам тіркесі Базар жыраудың жырында былайша сипатталады: *Атамыз адам пайғамбар, Он сегіз мың әлемнің Абзалы бол жаралған* (Базар жырау, Бес ғасыр жырлайды).

«Он сегіз мың ғаламды жаратқан ием жар болсын» деп сыйыну сөздері әлі күнге дейін ауызекі тілде қолданылатыны белгілі. Осы сөз Қыз Жібек жырында былайша көрініс табады:

*Патшасысың Құдая,
Он сегіз мың ғаламның,
Жаратқан ием жар болып,
Бақытын ашқын баламның....*

Корыта келгенде, қазақ дүниетанымындағы мыңдық моделінің мәдени-семантикалық кодын былайша ашуға болады:

- 1 Қазақ дүниетанымында мың ұғымы көп, ұзақ ұғымдарының жоғарғы шыңына қолданылатын атау. Мың айтса да түсінбейсің. Реалды семасында мың рет айтылмайды. Бірақ көп рет қанша рет бірнеше рет қайталағанның ең жоғарғы көрсеткішін білдіру үшін мың саны таңдалған.
- 2 Мың – бір сандары бір-бірімен контраст ұғымдар. Мың – көп, бір – аз мәнінде жұмсалатын тұрақты тіркестер жиі кездеседі.
- 3 Мың – молшылық ұғымын білдіретін мәдени-семантикалық атау. Мыңды айтап, жүзді байлап; Мыңдаған жылқы, қойың мыңдар қоздасын; Бір дәнің мың болсын сияқты мәдени түсінік қазақ халқына ғана тән.
- 4 Мың – сан түрлі құбылу. Ойдың сан түрлі өзгеруі, қимылдың сан алуан қозғалысы, мінездің бірнеше рет құбылуы мың бұралу, мың құбылу тіркестерінің бойында өзгеріс динамикасының алуан түрлілігін таныту таңдалған бірлік ретінде ұғынылады.
- 5 Мың – әскер. Түркі дүниесінде әскер – мың жауынгерден құралған. Соның негізінде қолына мың жинады, мыңдықты басқару; мыңбасы, мыңбегі сөздері әскер ұғымының мәдени-семантикалық мәні ретінде танылып келеді.
- 6 Мың – ауыртпалық. Мың батпан, мың күн сүргін, мың бейнет тіркестерінің екінші сыңары да ауыртпалықты таныта алатын тіл бірліктері, ендеше мың сөзінің қызметі ауырлықтың ең қынын таныту үшін стильдік мақсатта жұмсалады. Мәдени атау ретінде таңдалып алынуының себебі, өз тілдерде аталмыш тіркестердің дәл баламасы жоқ. Себебі өзге тілдерде мың саны ауыртпалықты сипаттауда қолданыла бермейді.

3.5 Паремиологиялық қорда тасаланған сан атауларының мәдени кодын ашу

Қазіргі таңда тілді антропоцентрлік, яғни, «тілдегі адам факторы» негізінде зерделеу тіл білімі саласына әлі қарастырыла, зерттеле қоймаған маңызды мәселелерді айқындауға жол ашары сөзсіз. Тілдегі адам факторын тануда оның халықтық танымның тереңінен бастау алып, қоршаған ортадағы құбылыстарға баға беруі, пайымдауы негізінде қалыптасқан объективті шындықты бейнелейтін ұлттық сана мен таным – ұлттың өзіне ғана тән жеке дара қасиеттерін, мұрат тұтқан адами қасиеттерін, құндылықтарын, ұстанымдарын танытуда баға жетпес асыл қазына. Бұл тұрғыдан алғанда тұрақты тіркестер құрамындағы сан есімдердің қолданысынан үрпақтан үрпаққа беріліп, сақталған ұлттық таным ақпаратының санада қалыптасқан мәнмазмұнын, қызметін саралауға болады.

Лингвомәдени бірлктердің лексика-семантикалық мағынасы 15 томдық қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде жақсы ашылған. Осы тұрғыдан белгілі лексикограф ғалым М.Малбақовтың пікірі бойынша: «15 томдық сөздіктің басқалардан ерекшелігі – мұнда ата дәстүрімізге, әдеп-ғұрпымызға қатысты көптеген сөздер қамтылып, олардың символдық мағыналары терең ашылған». [114, 5-6 б.]

Көркем сөз өнерінің тілдік және әдеби бұлақтары санатына жататын мақал – мәтелдер мән – мазмұнының тереңдігімен, өткірлігімен, өміршендігімен ерекшеленеді. Бейнелі тілдік бірліктер нақты да күрделі ойдың себеп – салдарын, халықтың өмір тәжірибесінің қорытындысы мен дәлелін қатар білдіреді. Онда халықтың тарихы, саяси өмірі, тұрмыс – тіршілігі, дүниетанымы, рухани және материалдық мәдениеті жан – жақты қөрініс тапқан. Терең ойды аядай қалыпқа сыйғызған халық даналығын, шешендігі мен асқан шеберлігін танытатын да осы ұлттық сипатқа ие тұрақты орамдар. Ол халықтың өзінше шағын ауызша энциклопедиясы ғана емес, ұстаздық, тәлімгерлік рөл де атқарады, адам бойындағы барлық жақсылықты асқақтатып, жамандықты жерлеп, бала тәрбиесінде ерекше орын алатын халық даналығы.

Мәдени кодты айқындастын тілдік бейненің негізгісі – паремиологиялық қор. Паремиологиялық қордың құрамына мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, жұмбақтар мен тұрақты сөз тіркестері, бейнелі перифразалар жатады. Мәселен:

«Жеті атасын білмеген ұл жетесіз», « Жеті атасын білген ұл жеті жүргіттың қамын жер. Өзін ғана білген ұл құлагы мен жағын жер». *«Қарғыс жеті атага жетеді».* Бұл қазақтың төл мәдениетіне тән ұлттық паремиялық бірлік. Себебі өзге мәдениетте «жеті ата» ұғымы жоқ. Жеті ата – дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан тек пен үрпақ таратудың шежірелік жөн-жосық бойынша әкелік тараптан ғана қалыптасатын жеті үрпақтық желіске кіретін және оны құрайтын өзара туыс адамдардың қауымы. Оның құрамындағы ересек ер адамдар мен олардың ұлдары біратадан тараған қандас туыстар болып есептелінеді. Сонымен бірге, көшпелі ортада қатаң ұстанған жеті атага дейін өз ішінде қыз алысып, қыз беріспейтін, яғни жеті аталақ мөлшерлі принципке (нормаға) сәйкес басқа рулардан келін болып түскен әйелдер де осы туыстық-рулық жүйенің құрамына кірді. Жеті ата дәстүрін сақтау - қазак ұлтын сақтау

деген сөз. Жеті аталақ рудың принциптері болашақ ұрпақтың табиғи жаратылысы дұрыс болуын да негізге алады. Яғни туыстық қан араласу жайттарын болдырмау қағидасын қатаң ұстанады.

Он үште – отау иесі. Мұсылмандық түсінік бойынша қыз бала тоғыз жаста, ұл бала он үш жаста балиғатқа толады. Осыған орай қазақта «он үште отау иесі» деген мақал да айтылады. Дегенмен, мұнымен қатар қазақы дәстүр бойынша бұл сәл өзгешелеу де айтылады. Қебінесе қазақта қыз бала он үш жаста, ұл бала он төрт-он бес жаста балиғатқа толады деп есептелген. Балиғатқа толғаннан кейін адам балалықтан кетіп, өзіне-өзі жауап берे алатын, ақыл-есі өз ықтиярындағы ересек ретінде саналған. Балиғатқа толғаннан кейін үйленіп, өз отбасын құруына құқылы болған. Жасынан отбасы тәрбиесін бойына сініріп өскен ұл да, қыз да ертерек отбасын құрып, ұрпақ тәрбиелеуге талпынады. Қазақта «Он үште отау иесі» дегеннің болуы соны көрсетсе керек.

Он үш жас қазақтың генетикалық жаратылысына сәйкес толысып, жігіттік кезеңі қалыптасатын уақыт. Батыс мәдениетімен салыстырғанда Шығыс мәдениетіндегі ұлттар ерте жетіледі. Бұл олардың – генетикалық жаратылысы деп танылады. Сондықтан он үш саны қазақ танымында әлемдік мәдениеттегі сәтсіздік мағынасында емес, өмірдің бір белесі мәнінде танылған.

Отқа келген әйелдің отыз ауыз сөзі бар. *Отыз тістен шыққан сөз отыз рұлы елге тараиды.* Аталмыш мақалдар қазақ мәдениетіне ғана тән сөзқолданыс. Өзге мәдениетте *от алу, отыз рұлы ел ұғымдары* жоқ. Отқа келген әйелдің отыз ауыз сөзі бар деген мақалдың мәнісі неде? Қазақта оттың киесі бар деп ерекше табынған. «От-Ана» тенеуінің тұрақты сақталуы да бекер емес. От желеп-жебеуші құдіретті күш саналған. Жын-шайтаннан, тылсым күштен тазарту үшін отпен аластайды. Сондықтан бір үйден екінші үйге от сұрау, от апару әрекеті жақсы ырым деп саналмаған. Себебі тұтанып тұрган отын беру, ырысын берумен тең болған. Қазақ салты бойынша от алуға келген кісі от алғалы келгенін айтпайды. Отты алады да, үнсіз шығып кетеді. Тек от алып жатып: «От ана, сақтай гөр!» деген тілек айтады. Жанып тұрган от емес, шоқ алады, жалпы от алу, от беру жақсы әдетке саналмайды. Ырым бойынша от алушы басқалармен сөйлеспейді. Әсіресе, отқа келген әйелдің отыз ауыз сөзі бар деген бойынша өсекті лаулатып айтуға тыйым салады. Сондықтан, үйге кірген адам асығыс болып, отырмай кетуге ынғайлана бастаса, тізе бүк, дәм ауыз тиіп кет дегенді мензейтін – от ала келіп пе едің, от алуға келгендей – деп сынау қалыптасты. Ал мұндағы отыз саны отыз әйелді, отыз руды мензеп тұр.

Елу жылда ел жаңа, жұз жылда қазан. Ұрпақтың өсіп-өніп көбеюінің негізінде бірнеше жаңа буынның қалыптасатындығын білдіретін «елу жылда ел жаңа, жұз жылда қазан», – деген мақал бар. Ол 4-5 буыннан соң өз алдында шаруашылық көтерген, дербес өріс-қонысы бар елге айнала бастайтынын мензесе керек. Елу жылда ел жаңа – өмірге жаңа буын жас ұрпақтың келуін, ұрпақ жаңаруын білдіретін халықтық ұғым. Елу жылда ел жаңа, жұз жылда қазан деген сөз орамының түйінін ел ішіндегі қария адамдар былай деп таратады: «елу жыл өткен соң туған еліне барған адам өзгерген өмірді, жаңа буын жас ұрпақты байқар еді. Катар-құрбысы сиреп, баласы, тіпті баласының баласымен жасты

жастарды көреді. Елу жылда ел жаңа деген осы. Ал жүз жылда қазан дейтіні – ескі көзден кім қалды дейсің. Ескі орнын тауып, жаңа ұрпақ салтанат құрады екен.

Ер кезегі үшке дейін – сайысып күш сынасқанда, жекпе-жекке шыққанда жеңіліп қалған балуан, батырларға қапы кетпес үшін үш мәртеге дейін мұрсат беретін дәстүрлі ұстанымның метафоралық атауы. Байырғы ортада қалыптасқан тәртіп бойынша бірінші кезекте-ақ жеңілген ер азаматты бірден сайыстан шығарып тастамай, оған күш-қуат жинап сайысқа түсуге үш рет мүмкіндік береді. Женіліске ұшыраған ер азаматтың меселін қайтармай, «*Ер кезегі үшке дейін деген*» деп, намысын жебеп қуаттандыратын болған. Бұл ұстаным үш санының халық дүниетанымында киелілігіне байланысты қалыптасқан болуы керек.

Ұлды көрсем жеті қырдан асамын, қызды көрсем қызыл өңешіме басамын. Бұл – қасқырдың серті. Қырда жалғыз үй отырған кезде ерек кіндіктіден қасқыр тайсалады деп, еркегі жоқ үй, яғни әйел адам жеке қалғанда ер баланы ес қып отырған. Қазақ фольклорындағы ұлды көрсем жеті қырдан асамын, қызды көрсем қызыл өңешіме басамын деген «қасқырдың серті» ерек кіндіктінің ерекше қасиетке ие екендігіне қатысты айтылған. Жеті қырдан асамын деуі аулақ жүремін дегені. Ал жеті саны қазақ танымындағы жетіліктің киелілігінен туындалп тұр.

Жеті қараңғы тұн / жеті тұн – көз байланғаннан таң атқанға дейінгі мезгіл, тұн баласы. Халықтың тұрмыс тіршілігімен байланысты тұннің мезгіл-мезеттерін алдымен кеш қараңғысы (апақ-сапақ кез), тұн қараңғысы, таң, таң қараңғысы деп бөледі. Әдетте тұннің мезгіл-мезеттері Жетіқарақшы жұлдызының Темірқазықты айналып отыратын қозғалысына қарап айқындалады. Жеті қараңғы тұн деп аталуы, тұннің 7-ге бөлінуіне қатысты айтылуы мүмкін: апақ-сапақ шақ, тұн ортасына жеткен шақ, тұн ортасынан ауған шақ, таң қараңғысы, таңға үш үйқы қалған шақ, таңғы екі үйқы қалған шақ, таңға бір үйқы қалған шақ. Бұдан басқа мынадай болжам бар: Жетіқарақшының тұндегі 7 өзгерісіне сәйкес жеті тұн деп қойылуы да мүмкін.

Жел тұбіне жеті құрт, жетеуі де бүтін құрт, пәлекетінді ала кет магиялық сарыны жеті құртты лақтыру ырымында айтылады. **Жеті құрт лақтыру** – дауылды тоқтатуға байланысты жасалатын ғұрыптық үрдіс. Қатты желді тоқтату үшін

Жел тұбіне жеті құрт,
Жетеуі де бүтін құрт.

Пәлекетінді ала кет,

Бір жеті құдайы... – деп, жеті құртты ағаштың тұбіне лақтырады. Бұндағы жеті құрттың санамаланып алынуы жетіліктің киелілігіне табыну болып саналады.

Батыр болдың – бұлдық жоқ, үш атадан кейін құлдық жоқ. Қазақ қоғамында жеке басының еркі жоқ, куәлікке жүре алмайтын, өлсө құны дауланбайтын топқа құлдар мен күндер жатқызылған. Олардың өз қожасының үстінен шағым айтуга құқығы болмаған. Құлдар мен күндер жаугершілік

жорықта қолға түскендер немесе сатып алу сияқты сауда жолымен келгендер. Аса ірі байлар күн, құл ұстаған және оларды қыз жасауына қоса беретін болған. Қазақ қоғамындағы ескілікті әңгімелерге қарағанда, үш атадан кейін сіңірген еңбегі мен көрсеткен қызметіне орай құл, күндерге бас бостандық беріп, оларды үйлендіріп, өз ауылына қонсы-қолаң етіп қондырған. «*Батыр болдың – бұлдық жоқ, үш атадан кейін құлдық жоқ*» деген қазақ мақалы осы жайтты растай түседі.

Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық. Қазақ түрмисында бір рет жүні қырқылып, қайта өскен ересек қозы терілері пайдаланылған. Ондай тері түрі тоқтышақ терісі деп аталған. Тоқтышақ терісі – жүні қырқылғаннан кейін біркелкі майда жүн өскен, 4-5 айдан асқан қозы терісі. Тоқтышақ деп аталуының себебі, бұл әлі тоқты емес (қозы 6 айдан асқан соң 1 жасқа дейін тоқты аталады), бірақ тоқты болуға жақындалап қалған қозы. Қазақ мақалмәтелдерінде кездесетін «*Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық*» дегендігі тоқтышақ осындай қозымен, оның терісімен байланысты айтылған. Бұндағы тоғыз саны қазақтың әсірелеп айту әдетінен туындаған деп ойлаймыз.

Ал жалпыадамзатқа тән когнитивтік санада қалыптасқан мақалмәтелдердің мазмұны өзге тілдермен мағыналас болуы әбден мүмкін. Олардың мәдени коды әлемдік мәдениетпен өлшенеді. Мысалы, сан атауларына қатысты мына паремиялық бірліктерді алайық.

Бес саусағындағы білу / Знать, как свои пять пальцев / Know as one knows his ten fingers.

Сыйласу екі кісіге бірдей / Дружба крепка взаимностью / Friendship is strong by mutuality.

Егіз қозыдай / Как две капли воды/ As like as two peas.

Төрткіл дүниеге тарау / На все четыре стороны./ Walk / Ride / Drive off into sunset.

Айдағаны бес ешкі ысқырығы жер жарады / У семи нянек дитя без глазу. / Too many cooks spoil the broth.

Жемі рет өлишен, бір рет кес /Семь раз примерь, один отрежь./ As well be hanged for a sheep as for a lamb.

Тәбесі көкке жету / Быть на седьмом небе / Be on cloud nine.

Мың рет естігение, бір көрген артық / Лучше один раз увидеть, чем сто раз услышать. / A picture is worth a thousand words.

Елін сатып асаган, екі күн-ақ жасасаған / Кто брюхо набил, предав свой народ, тот двух дней не проживет / The road meets with the road, the people meet with the people.

Ағайын – алтай, ана – біреу / Родни много, а мать – одна / Relatives many, mother one.

Жетей біреуді күтпес болар / Семеро одного не ждут / For one that is missing there's no spoiling a wedding.

Сөзінің тұрагы жоқ / семь пятниц на неделе / He keeps changing his mind.

Жан тері шыққанша / Работать до седьмого пота / Give smb a wet shirt.

Тілеушиңің бір беті қара, Бермеушиңің екі беті қара. / У просителя одна щека горит, у отказывающего обе щеки горят.

Екі тышқан бір байдың жүртүна таласыпты. / Две мыши из-за байского мусора подрались.

Мәдени код когнитивті санадағы стереотиптер жиынтығынан құралған бейнелер жүйесінің таңдалу себептерін айқындайды. Бұл мәдени бейсана құбылысы паремияның мағыналарын ашумен емес, сол мағыналардың тасасында жасырынған мәдени ақпаратты ашуға бағытталады.

Үшінші бөлім бойынша қорытынды

Үшінші тарауда ондық, жүздік, мындық сан атауларының лингвомәдени негізі зерттелді. Жұмыста бұрын-соңды жарияланбаған тың деректер берілді. Сан атауларының мәдени кодын ашу жолдары ұсынылды. Мәдени код – белгілі бір ұлттың мәдениетіндегі халықтың дүниетанымымен жеткен бірегей, ерекше құндылығын тануға негіз болатын мазмұнды ақпарат. Мысалы, қырық ұғымының мәдени коды мынадай: қырық – *екі әлем* (сәбидің ана құрсағындағы кезі мен жарық дүние келу уақыты); қырық – *екі дүниенің, фәни мен бақидың шегі*, *жаның тәннен толыққанды ажырауы* (қырқын беру); қырық - *өмірге бейімделу, қырқын сақтау* (нәрестені қырқынан шығару), қырық *жеті* - *дүниеге қызы келді* (эвфемизм); қырық – *молшылықтың символы* (отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізу); қырық – *қасиетті жас* (кемелдену кезеңі, қазақ танымында бойынша рухани толысу, парасаттану кезеңі).

Ондықтар атауының тілімізде көп әрі жиі қолданылуы заттық мәдени бұйымдарды танытуда белсенді қолданылатынын аңғаруға болады. *Домбыра* (он бір перне), *жебе* (он екі тұтам жебе), *куіз үй* (он екі қанат), *арқан, қамишы* (он екі өрім). Соңдай-ақ рухани мәдениетті және этнонимдерді танытуда символдық мәнге ие болғанын аңғарамыз. Мысалы, *он жеті* (қалың мал), *он сан байтақ* (қазақ), *он оқ аймақ* (қазақ), *ногай* (он сан ногай), *өзбек* (он екі баулы).

Ал қырық санының халық түсінігіндегі сакральдік мәнін былайша бағамдауға болады:

- қырық – екі әлем (сәбидің ана құрсағындағы кезі мен жарық дүние келу уақыты);
- қырық – екі дүниенің, фәни мен бақидың шегі (қырқын беру);
- қырық – қасиетті мөлшер (қырық жеті);
- қырық – молшылықтың символы (отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізу);
- қырық – қасиетті жас (жігіттің жетілу, кемелдену кезеңі).

Сонымен, ел аузындағы қырыққа қатысты сөз орамдары халықтың мифологиялық санасында киелі қасиетке ие ерекше сан түрінде қалыптасқандығын байқатады.

Қазақ мәдениетінде жүз символикалық сан ретінде бата, тілектерде жиі айтылған. Жүздің өзі баянды өмір тілеу үшін қолданылса, бес жүз – малдың байлығын берсін деген мағынада қолданылған.

Қазақ дүниетанымындағы мындық моделінің мәдени-семантикалық кодын былайша ашуға болады: мың ұғымы көп, ұзак ұғымдарының жоғарғы шыңына қолданылатын атау. Мың айтса да түсінбейсін. Реалды семасында мың рет айтылмайды. Бірақ көп рет, қанша рет, бірнеше рет қайталағанның ең жоғарғы көрсеткішін білдіру үшін мың саны таңдалған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жұмыста зерттеудің мақсатына сәйкес сан атаулары лексикалық бірлік ретінде емес, лингвомәдени бірлік ретінде зерттелді. Құрылымдық лингвистикадан ажырап, арнайы тіл саласы мәртебесіне жеткенде лингвомәдениеттану ғылыминың зерттеу нысаны, ұғымдары, метатілі қалыптасып, жеке пән ретінде ерекшеленді. Құрылымдық лингвистикада ауыспалы мағына, көпмағынаның бірі, бейнелі сөздердің бірі деп талдайтын болсақ, лингвомәдениеттануда лингвокультуре мағына, мәдени мағына, мәдени таңба деп ажырататын болдық. Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны – лингвомәдени бірлік (лингвокультуре). Лингвомәдени бірлік – мәдени-семантикалық өрісті сипаттайтын, тілдік жүйедегі емес, тілден тыс мәдени мазмұнын білдіретін ұғым. Тілдік жүйеде сөз мағыналары тілмен шектелсе, мәдени мағыналар лингвомәдени бірліктермен шектеледі. Дегенмен, лингвомәдени бірліктер мәдени-ұғымдық өрісті кеңейтсе, тілдік бірліктер – мағыналық топтардың аясын кеңейтеді. Мәселен, Түйенің етін жегенсің бе? деп айы-күні асса да босанбай жүрген, тіпті *он екі айга дейін толғағы келмей* жүрген келіншектерге айтылады. Аталмыш тұрақты тіркестің тілдік мағынасы – аяғы ауыр әйелдің кешігіп босануы. Бұл тіркестің лингвомәдени бірлік ретінде танылуы былайша беріледі: «Түйе етін жесе *он екі ай құрсақ көтереді* деген түсінік бар. Егерде *тогыз айдан* асып кетіп жатса, түйенің астынан өткізіп, жосынын жасайтын болған». Бұл дерек – лингвомәдени бірлік ретінде танылған таныстырылатын мағына.

Сандардың ғаламдық бейнесі анықталды. Ғаламдық бейне құрай алатын әлеуеті бар сандардың концептілік өріс құрайтын негізі бар екенін талданды.

Сандар мифологемалық бірлік ретінде зерттелді. Қазақ мәдениетінде сандардың киесі бар екені, яғни магиялық күші бар екені сонау көне заманнан келе жатқан наным-сенім рәсімдерінен айқын байқалады. Жеті шелпек тарату, үш рет ұшықтау, бақсылардың жеті рет сипап, жеті рет айналдырып емдеуі, т.б. Мифологемдік бірлік ретінде мифтік кейіпкерлердің образын сомдауда сандардың маңыздылығы анықталды: бір көзді дәу, екі басты самұрық, жеті басты жалмауыз, т.б. Сондай-ақ әлемдік мифтік танымға қазақ мәдениеті бағына бермейтіні айқындалды. Мысалы, он үш саны көне мифологиядағы 12-ден кейінгі хаос ұғымынан кейін 13-тің пайда болуы теріс, кері әсері бар сан ретінде жадыда стеретиптегі қазақ мәдениетінде қабылданбаған. Олай қабылданбауына басты себебі – қазақтағы «он үште отау иесі» паремиясы. Қазақ мәдениетіндегі таным-түсінік ақиқатқа жақын келеді. Расымен ер бала он үш жаста генетикалық есіп жетіледі (мұрт шығады, еркектік міnez, жауапкершілік қалыптасады).

Жұмыста сандар реалий ретінде қарастырылды. Реалийлердің пайда болуына екі тілдегі заттық мәдениет атауларын салғастыра зерттеу себеп болды. Мәдениеттегі ұқастық болғанымен тілде тепе-тендіктің сәйкес келмеуі лингвомәдениеттану саласында жаңа ұғымның қалыптасуына негіз болды. Мәселен, ішекті аспаптар орыс мәдениетінже де қазақ мәдениетінде де бар. Сыртқы құрылышы ұқсас *балалайка мен домбыра* екі мәдениет атаулары. Бірақ

олар мәдениетте ұқсас болғанымен бір деп атауға болмайды. Яғни балалайканы домбыра деп аударуға немесе домбыраны балалайка деп аударуға мүлде болмайды. Себебі олар екі мәдениетті танытушы басты детальдар. Ал әрбір мәдениетте коннотаттық мағынада сипатталған фразеологиялық тіркестері сөзбе сөз аударыла береді. Мәселен, *екі ішекті домбыра* – двухструнная домбра, *жеті ішекті балалайка* – семиструнная балалайка.

Жұмысымызда сандар ұғымы мәдени-семантикалық өріске талданып зерттелді. Мәдени-семантикалық өріс – ақиқат дүниенің (ұғымның) мәдени мағыналарының жынтығы. Белгілі бір ұғымды мәдени-семантикалық өрісі ұғым атауының лексикалық мәнімен мазмұндас болуы мүмкін немесе оның бейнелі мағынасына сәйкес болады. Мәселен, *бес биенің сабасында*, аяқ-қолы балғадай, бүйірі дөңгеленген, етек-жеңі кең, т.б. тұрақты тіркестер жинақтала келіп, толық, семіз ұғымының мәдени-семантикалық өрісін құрайды. Мәдени өрісі деп аталуының себебі – өзге мәдениетте эквиваленті жоқ. Мәселен, бес биенің сабасындағы фразеологизмі қазақтың тұрмыстық мәдениетінің элементтеріне ұқсату, теңеу арқылы жасалған бейнелі образдан туындаған. Бұл тұрақты тіркестің семантикалық мазмұнын ашатын мәдени код біздің зерттеу нысанымыздағы бес саны емес, саба сөзінің мәнінде жатыр. Қазақ мәдениетінде сабадай сөзі ірілікті, жуандықты, үлкендікті білдіреді. Сабасына түсті деп ашууланып барып басылған адамды айтады. Бұның барлығы қымыз ашытуға немесе пісуге арналған теріден жасалған көлемді ыдыстың атауы - сабаның қасиетіне қарай аталған. Сабаның бірде ісініп, бірде басылатын сөттері мен торсиып тыңқылып тұратын бейнесіне қарай ұқсатудан туындаған фразеологизмдер. Ал бес саны үлкендікті одан әрі әсірелеп көрсету үшін әрі дыбыстық үндестік аллитерация болу шін арнайы тандалып алынған.

Жұмысымызда бірлік сандар: *бір, екі, уш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз* сандары және ондықтар: *он, қырық, алпыс екі* сандары; мындықтар: *мың, он сегіз мың* сандарының лингвомәдени бірлік болу қасиеті, материалдық және рухани мәдениет атауы бола алу әлеуеті, сандардың мәдени-семантикалық және концептілік құрылымы айқындалып, мәдени мағыналары жан-жақты талданды. Қазақ мәдениетінде *бір* мен *мың* сандары екі кіші және ең үлкен сандар шегі болғаны айғақталды. Осы дәстүрі әлі күнге дейін жалғасып келе жатқаны байқалды. Оның басты себебі тілге сіңген мәдени мазмұнның өзгермеуі, стереотиптің бұзылмауы деп қабылдау қажет. Расымен мың адамның ісін бір адам бітірді деп салыстырмалы турде айтатынымыз өтірік емес. Мұндағы көп адам орнына милион емес, мыңның тандалуы қазақ мәдениетіндегі ең жоғарғы сандық көрсеткіштің идеалы - мың саны екенін байқатады. Жұмысымызда *бір* санының бірнеше мәдени ұғымдарды білдіретін семантикалық құрылымы анықталды, *екінің* қос, жұп, жақ, тарап, қарама-қайшылық ұғымдарынан тарайтын мәдени атауларды танытатыны, *уш* санының діни-философиялық құндылығымен ұлт мәдениетінде сақталуы, *төрттіктің* әлемдік символикаға негізделетіні, бестіктің материалды және рухани мәдениет атауларында кеңінен қолданыс тапқаны, эстетикалық танымы (ою-өрнек құрастыру идеялары) табиғат құбылыстарының әсемдігін тану психологиясымен сабактасып жатқанын

айқындаиды. Алты саны өлшем, мөлшер, санақ, реттілік мәнінен туындаитыны, жеті санының киеллігі құдіреттілігі наным-сенімнен туындағанын соншалық жетілікке табынушылықтың бар екені аңғарылды. Сегіз саны әлемдік көне мифологияға негізделеді де, тоғыз саны ұлттың рухани мәдениетін танытуши басты ұғым екені дәлелденді. Ондық қазақ мәдениетінде жиынтық тұтастықты, қазақ қауымын танытуда қолданылатыны, қырық саны туылу мен өлу арасындағы діни ұғымдарды сипаттауда, алпыс екі – әйел физиологиясындағы жаратылыс пен мінезіндегі құлық, тапқырлықтың тең болуы, әйелдің бойындағы тән мен жан ерекшелігінің үйлесімін білдіруге қолданылатыны дәйектелді.

Жұмыста бұрын-соңды жарияланбаған тың деректер берілді. Жұмыстың нәтижелерін, материалдарын лингвомәдениеттану пәнінен дәріс беруде қолдануға болады.

Сандардың материалдық және рухани мәдениеттің қасиетін білдіруде, адамның мінез-құлқын танытуда, аң-құстарға сипаттама беруде, әлемдік жаратылыстың ерекшелігін танытуда, табиғат құбылыстарын сипаттауда, астрономиялық құбылыстардың мал және егін шаруашылығына ұтымды қолдану дәстүрін айқындауда, аспан денелеріне табыну тотемінен қалған наным-сенім ұғымдарының мәдени уәжін анықтауда белсенді қолданылатыны дәлелденді.

Қазақ мәдениетінде сан атаулары мәдени ақпарат беруші, культтік мағыналарды астарлаушы, концептілік және мәдени-семантикалық құрылым қалыптастыруышы жүйе ретінде қарастырылды.

Қазақ мәдениетіндегі сан атауларының эквиваленті жоқ лексика құрай алатын әлеуеті анықталды және ондағы сан ұғымы тұтас фразеологиялық құрылым ретінде өзге тілге аударымайтындықтан реалий болып анықталды.

Тіл – ұлттың мәдени құндылығының айқын көрінісі, ал ұлттың мәдениетін – оның жүріс-тұрыс, киім киісінен ғана емес, ең бірінші сөйлеген сөзінен байқау тиімдірек. Себебі, киімді біреу кигізе салуы мүмкін. Жүріс-тұрысты, әдептілік құлықтарын тез арада үйреніп алуы мүмкін. Ал тіл – ол адамның тұа бітті қалыптасадын құндылығы болғандықтан, тіл – адам мәдениетінің маңызды көрсеткіші бола алады.

Лингвомәдени бірліктер тәнірлік табыну күльтіне негізделеді. Мәселен, қазақ мәдениетінде «жер ұшық жасау» ырымы бар. Шошынған немесе мертіккен адамды жерге *үш рет айналдырып* жер ұшық жасаймыз. Бұл ырым әлі күнге дейін орындалады. Соңдағы жерге ұшық жасаудың Жерді қадір тұту стереотипі етene сіңгенін ырымды жасау барысында еске алмаймыз. Осылай жасалса, тез сауығып кетемін, шошынған жағдайда тіл-көзден, бәле-жаладан аман боламыз деген ішкі түйсіктегі ауыр ойдан арыламыз. Ал оның арғы уәжі Жердің киеллігіне табыну екенін, «Жаратқан әлем үш бөліктен тұрады: аспан, жер, жер асты. Соның бірі – Жер – Жаратушының бірі» деген түсінікке табыну екенін лексикалық бірлік ретінде талдағанда айтыла бермейді, лингвомәдени бірлік ретінде қарастырылғанда айқындалады. *Үш рет ұшықтаудың* мәні де Жаратылыстың үш бөлікке бөлінуімен байланысты.

Сонымен сан атауы үлкен әлеуетке ие және мифологема, реалий, мәдени-семантикалық бірлік ретінде қызмет ете алады

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гумбольдт В.Ф. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985.-450 с.
- 2 Телия В. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. - М.: Языки русской культуры, 1996. - 288с.
- 3 Воробьев В.В Лингвокультурология. Теория и методы. - М.: 1997. -331с.
- 4 Потебня А.А Мысль и язык // Потебня А.А Слово и миф. -М.: Правда, 1989. - 17-200с.
- 5 Петрова В.В. Новое в зарубежной лингвистике. -М.: Издательство иностранной литературы, 1986. 356с.
- 6 Логический анализ языка. Образ человека в культуре и языке / под.ред. Н.Д.Арутюновой. -Москва.: ИТДГК, 1999. -424с.
- 7 Красных В.В. Этнопсихология и лингвокультурология: курс лекции. - Москва.: ИТДГК «Гнозис», 2002. - 284с.
- 8 Васильева В.В. Традиционная паремия в рекламном слогане: тенденции и отношения // Kritik and phrase. Wien, 2007. - 819с.
- 9 Степанов Ю. Константы русской культуры. - Москва, 2004. - 992с.
10. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. - Москва.: Академия, 2016. - 269с.
- 11 Маслова В.А. Лингвокультурология: Учеб. пособие. - Москва.: Академия, 2001. - 208с.
- 12 Қайдар Ә. Қазақтан ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. - Алматы.: Дайк-Пресс, 2009. Т.1. Адам. - 780б.
- 13 Жанпейісов Е. Қазақ ескіліктері. - Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. - 352б.
- 14 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. - Алматы, «Жібек жолы» баспасы, 2008. - 356б.
- 15 Степанов Ю. Семиотика. - Москва.: Ленанд УРСС, 2014. - 168с.
- 16 Флоренский П.А. Мысль и язык. - Москва.: Директ-Медиа, 2009. - 427с.
- 17 Витгенштейн Л. Культура и ценности. О достоверности. - Москва.: Астрель, 2010. - 315с.
- 18 Вайсгербер Й.Л. Родной язык и формирование духа. - Москва.: УРСС Эдиториал, 2004. -232с.
- 19 Постовалова Н. Наука о языке в свете идеала цельного знания: В поисках интегральных парадигм. - Москва.: ЛЕНАНД, 2016. - 272с.
- 20 Колшанский Г. Объективная картина мира в познании и языке. - Москва.: УРСС Лингвистические наследие XX века, 2013. - 120с.
- 21 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан). Толықтырылған З-басылымы. – Алматы: Арыс, 2004. – 232 б.
- 22 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. - Москва.: Индрик, 2005. - 1040с.
- 23 Уәли Н. Сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған авторефераты. - Алматы, 2007. -45б.

- 24 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. - Алматы, 1998. -1966.
- 25 Тымболова А., Мурзина А., Әлметова Ә. Әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық-мәдени архетиптер мен стереотиптер. // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2017. №2
- 26 Құлсариева А. Лингвомәдениеттану және аударма мәселесі: Тіл.Мәтін. Дискурс // Аударма және өркениет.Монография. - Шымкент.: Нұрлы бейне, 2006. -50-766.
- 27 Ахметжанова З.К. Очерки по национальной концептологии. Алматы: Елтаным, 2012.-227 с.
- 28 Әлметова Ә.С. Лингвомәдениеттану негіздері: оқу құралы. - Алматы, 2016. - 3166.
- 29 Тымболова А., Ибраимова Л. Лингвомәдениеттану негіздері: оқу құралы. - Алматы, 2017. - 316.
- 30 Сейілхан А. Лингвомәдениеттану ұғымдары жайлы // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. -2008. -№1. -40-426.
- 31 Потанин Г.Н. Несколько вопросов по изучению поверий, сказаний, суеверных обычаев и обрядов у киргизов // Потанин Г.Н. Этнография және фольклорға арналған еңбектер. - Астана.: Алтын кітап, 2007. - Т.6. - 5126.
- 32 Дүсіпбаева Қ. С. Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері: Филология ғылымдарының канд. диссертациясы. - Алматы, 2001. -1366.
- 33 Джельдыбаева Р.Б. Мөлшерлік ұғымды білдіретін сөздердің қазақ және қытай тілдеріндегі валенттік-дистрибутивтік зандалықтары: Филология ғылымдарының канд. диссертациясы. - Алматы, 2010. -1406.
- 34 Асқар Л. Қазақ тіліндегі тәулік кезеңдері атаулары. Филология ғылымдарының канд. диссертациясы. - Алматы, 2005. -1026.
- 35 Жанатаев Қ. Ә. Адамның жас ерекшелігіне, жынысына қатысты атаулар (лексика-семантикалық және этнолингвистикалық зерттеу). Филология ғылымдарының канд. диссертациясы. - Алматы, 1998. -1206.
- 36 Құркебаев К. Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Филология ғылымдарының канд. диссертациясы. - Алматы, 2003. -1236.
- 37 Қабылдина Л. Мөлшер, өлшем мағыналарының функционалды-семантикалық өрісі. Филология ғылымдарының канд. диссертациясы. - Астана, 2007. -1176.
- 38 Қараджа Октай. Түркі тілдеріндегі нумеративті сөз тіркестері. Филология ғылымдарының канд. диссертациясы. - Алматы, 2005. -1306.
- 39 Кенесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер, А., 1977.-352 б.
- 40 Хасенов А. Имена числительные в современном казахском языке, АКД., А., 1954.
- 41 Жиренов С. Этнокультурный характер фразеологизмов, образованных от наименований чисел в казахском и кыргызском языках (в отношении количественных единиц) // Вестник КРСУ. 2012. Том 12. № 5.-С.126-130.
- 42 Қасымова С. Сан компонентті мақал-мәтелдердің мағыналық сипаты // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №4-5(128-129). 2010

- 43 Топоров В. Н. О числовых моделях в архаичных текстах // Структура текста / Академия наук СССР; Институт славяноведения и балканистики; отв. ред. Т. В. Цивьян. М.: Наука, 1980. С. 3-32.
- 44 Скоробутов Д. И. Сопоставительный анализ квантивативных фразеологических единиц в современных западнороманских языках: французском, итальянском, испанском и португальском: дисс. ... к. филол. н. М., 2004. 233 с.
- 45 Кириллин М. В. Символика чисел в древнерусских сказаниях XVI в. // Естественнонаучные представления Древней Руси: счисление лет. Символика чисел. «Отреченные» книги. Астрология. Минералогия: сборник статей / Академия наук СССР; Науч. совет по истории мировой культуры; отв. ред. Р. А. Симонов. М., 1988. С. 76-111.
- 46 Муратова Р.Т. Символика чисел в башкирском языке : диссертация ... кандидата филологических наук - Москва, 2009, -197с.
- 47 Шакиров А.С. Семантико-типологический анализ нумеративных фразеологических единиц в разносистемных языках: дис. ... канд. филол. наук / Самаркандинский гос. ун-т им. А. Навои ; науч. рук. Авалиани Ю.Ю..- Самаркандин, 1985.- 247 с
- 48 Досымбекова О.Р. Национальные особенности нумерологической культуры в казахском и китайском языках:диссертации на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности «6D020900–Востоковедение», 158 б.
- 49 Суприн А.Е. Славянские числительные (Становление числительных как особой части речи) / Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. Ленинград: Ленинградский государственный, университет, 1965. 31 с.
- 50 Ботина Л.Г. Из наблюдений над семантикой нумеративных ФЕ в русских говорах// Вопросы семантики ФЕ. –Самаркандин, 2-е изд. -М. :Русский язык, 1983.- 115-143 с.
- 51 Куделин И.Н. Имя числительное как часть речи в немецком языке: Автореф. дис. . канд. филол. наук. Ульяновск, 1966.- 20 с.
- 52 Соколов С. А. Функционально-семантический анализ слова бир и его производных в турецком языке / С. А. Соколов // Тюркская лексикология и лексикография. - М.: Наука, 1971.- 74-81 с.
- 53 Абрахманова М.А. Устойчивые словосочетания с числительными в туркменском языке. - Ашхабад. 1972. -19с.
- 54 Пелипенко Л.М. Когнитивно-семантические, лингвокультурологические особенности нумеративных фразеологических единиц (на материале английского и русского языков): диссертация ... кандидата Филологических наук. Адыгейский государственный университет], 2016.- 208 с.
- 55 Хежева М.Р. Образ человека в нумеративных фразеологизмах кабардино-черкесского языка // Филологические науки. Вопросы теории и практики (входит в перечень ВАК). Тамбов: Грамота, 2017. С. 186-188.

- 56 Цуй Хун Ень Семантика наименований чисел в русском и китайском языках :Лингвокультурологический аспект // диссертация и автореферат кандидат филологических наук. Краснодар. 2003. 161с.
- 57 Девицкая Е.Д. Сакральность числа три в кубанском свадебном обряде // Филологические науки. Вопросы теории и практики Тамбов: Грамота, 2016. № 2(56): в 2-х ч. Ч. 1. С. 92-93
- 58 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): ф.ғ.д. диссерт. /Абылай хан атын. Қаз. халықар. қатынастар және әлем тілдері үн-ті. – Алматы, 2004. – 7-13 б.
- 59 Павиленис Р.И. Проблема смысла. Логико-функциональный анализ языка. - Москва, 1983. - 403б.
- 60 Барт Р.Мифология. - Москва, 2014.
- 61 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: DPS, 2011.-832 б.
- 62 Қондыбай С.Арғықазақ мифологиясы. - Алматы, 2006.-504 б.
- 63 Бабалар сөзі. Жұз томдық. - Астана.: Фолиант, 2012. Т.29. -448б.
- 64 Тұрсынов Е. Древнетюркский фольклор: истоки и становление», 2001. - 451б.
- 65 Мифы народов мира. Гл.ред. С.А.Токарев. -Москва.: Советская энциклопедия, 1991. -Т.1. - 671с.
- 66 Байгунисова Г.И. Когнитивные основы употребления чисел в английском, казахском и русском языках // Вестник Карагандинского государственного университета. Серия Филология 2010 №02 (58).-С.117-128б.
- 67 Қасқабасов С. Қазақ мифі және әлемдік мифология // Жұлдыз.- 1998. - N 11.- 163-176 б
- 68 Верещагин Е., Костомаров В. Лингвострановедческая теория слова. - Москва.: Русский язык, 1980. -320с.
- 69 Федоров А.И. Основы теории перевода. - Москва, 2002. - 348б.
70. Виноградов В. В. История русских лингвистических учений. 2-е изд., испр. и доп. М.: Высшая школа, 2005.-367 с.
- 71 Крылов С.А. Некоторые особенности лингвистической концепции В.Г.Гака. - Москва.: ЛЕНАНД, 2007. - 658б.
- 72 Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986. – 143 с.
- 73 Сүлейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алматы: Мектеп, 1989. – 152 с.
- 74 Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. —Москва, 1997; переизд. — Смысл; Лань, 2003.- 389 б.
- 75 Томахин Г.Д. Реалий - американцы. - Москва.: Высшая школа, 1988. - 240 с.
- 76 Алефиренко Н. Ф. Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка: учебное пособие. М.: Флинта, 2010. - 288 с.
- 77 Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. – 800б

- 78 Махаев М.Р. Семантика метафорических высказываний: к парадигмам метафоры в современной аналитической философии//Вестник Томского государственного университета. Философия. Социология. Политология. 2016 №2 43-50 стр.
- 79 Диаболо. <http://ru.wikipedia.org>.
- 80 Васильев Л.М. Системный семантический словарь русского языка. Уфа: Гилем, 2005
- 81 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 2-том. Алматы, «Сардар» баспа үйі, 2013ж. – 728 б.
- 82 Әбдіғаппарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. - Алматы, 1999
- 83 Х.Арғынбаев Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк, Алматы, 1956ж.-160 б.
- 84 Х.Әбішев. Аспан сыры. -Алматы: Жазушы,2009.-263 б.
- 85 Әлімгерей Ж. Ала жіпті аттамау// Ана тілі газеті .2010 24 маусым
- 86 Балабеков О. Қазақтың сандар философиясы // Қазығұрт журналы, 2013. - № 4
- 87 Қондыбай С. Үш қиян: үш жүзге дейінгі "үш жүз" ұғымы туралы // Үш қиян.- 2003. - 11 желтоқсан (№ 50).- 5-6 б.
- 88 Қанарбаева Б. Наным-сенім тәлім: [Қазақ халқының наным-сенімдері жайлы] // Қазақ әдебиеті.- 1997.- 15 сәуір(Н15). - 12-13 б.
- 89 Қасымова С. Сан компонентті мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени негізі. Канд.дисс.авторефераты. –Астана, 2010. – 23 б
- 90 Әлімбай Н. Қазақтың өлікті жөнелтүге байланысты жосын-жоралғылардың этномәдени проекциясы// ҚР ҰҒА-ның хабаршысы. 1994, №4. 36-48 б.
- 91 Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы, 1991.- 832 б
- 92 Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: Фил. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2012. – 313 б.
- 93 Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ә.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 б.
- 94 Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика. Курс лекций по английской филологии. Тамбов, 2000.- 163 с.
- 95 Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика - М.: АСТ, Восток-Запад, 2007. -315 с.
- 96 Курмамбаева Ж.Б. Жеті концептісінің құрылымдық жүйесі // Қазақстанның ғылыми мен өмірі - Наука и Жизнь Казахстана. № 4 (61) 2018 Халықаралық ғылыми көпшілік журнал- ISSN 2073-333X. Серия филологическая. – Астана 2018: С-163-169.
- 97 Степанов Ю. С. Константы: Словарь русской культуры: 3-е изд. - М.: Академический проект, 2004, с. 42-67.
- 98 Иванова С. В., Артемова О. Е. Сценарный фрейм как когнитивная основа текстов прецедентного жанра «Лимерик»//Вопросы когнитивной лингвистики. № 3 (006) 2005 г

- 99 Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – Москва: Языки русской культуры, 1999. – 896 с.-46-52 стр.
- 100 Уәлиев Н. Жұмбақ сандар // Жалын. 1988. №4.-108-112 б.
- 101 Тұрсынов Е. Типологияның комплексі жүйесі туралы // Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы: Ғылым, 1981.-174-219 б.
- 102 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. – Алматы: DPS, 2011.-848 б.
- 103 Уәлиев Н. Жұмбақ жетілер // Жалын. 1988. №3.-105-110 б.
- 104 Кенесбаев И. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.-712 б.
- 105 Алефиренко Н. Ф. Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка: учебное пособие. М.: Флинта, 2010. 288 с
- 106 Лингвистика и аксиология: этносемиометрия ценностных смыслов: коллективная монография. – М.: ТЕЗАУРУС, 2011. – 352 с
- 107 Басаранович Е. Аксиология и лингвоаксиология в современном гуманитарном научном дискурсе (на примере исследования концепта «человек» в русской и китайской культурах) // Евразийский союз ученых. 30.04.2015.-23-26 стр.
- 108 Словарь философских терминов / Науч. ред. В.Г. Кузнецов. – М.: ИНФА-М, 2007. с. 4-6.
- 109 Кирьякова, А. В. Теория ценностей — методологический базис аксиологии образования // Аксиология и инноватика образования. 2010. №1. С. 2-32.
- 110 Ивин, А.А. Аксиология. Научное издание. М.: Высшая школа, 2006. 390 с
- 111 Дронова, Л. П., Ермоленкина Л. И., Катунин Д. А. Картины русского мира: аксиология в языке и тексте: сб. монографий / под ред. З. И. Резановой. Томск: Издательство Томского университета, 2005. — 353 с
- 112 Мұңлық-Зарлық. Алматы, 1967.-120 б.
- 113 Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. Моног., А., 1995;-202 б.
- 114 Малбақов М. Тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетіне жете білейік/Алаш айнасы. 8.12.2016. 5-6 б.

ҚОСЫМША А

«Бекітемін»
«Өрлеу» «БАУО» АҚ филиалы
Алматы облысы бойынша
ПҚБАИ директоры
п.ғ.д., профессор
С.Кенесбаев
2019ж.

«Қазақ тіліндегі сан атауларының
лингвомәдениеттаннымдық негізі» тақырыбындағы зерттеу
жұмысының нәтижелерін оқу үрдісіне ендіру

АКТІСІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6D021300 – Лингвистика мамандығының (PhD) докторантты Құрмамбаева Жұлдызы Балтабековна тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізіп, төменде көрсетілген әдістемелік нұсқаулықтар материалдары қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған қыска мерзімді біліктілікті арттыру курстарының бағдарламаларына, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарына ендірілгенін растаймыз:

1. Сан атауларының лингвомәдени аспектіде зерттелуі. Әдістемелік нұсқаулық. - Алматы, 09.12.2019ж., 48б.;
2. Қазақ тіліндегі сан атауларының мәдени-семантикалық және концептлік өрісі. Әдістемелік нұсқаулық. - Алматы, 09.12.2019ж., 45б.

Сан атауларының бейнелі сөз орамдарымен әсерлі жеткізілуі қазақ тілінде басым екенін дәйектелді, сондай-ақ, сандардың материалдық және рухани мәдениеттің қасиетін білдіруде, адамның мінез-құлқын танытуда, аң-құстарға сипаттама беруде, әлемдік жаратылыстың ерекшелігін танытуда, табиғат құбылыстарын сипаттауда, астрономиялық құбылыстардың мал және егін шаруашылығына ұтымды қолдану дәстүрін айқындауда, аспан денелеріне табыну тотемінен қалған нағым-сенім ұғымдарының мәдени уәжін анықтауда белсенді пайдаланып, білім берудің жаңа жүйесінде өзектендіріп, қосалқы идея, қосымша материалдар біліктілікті арттыру курс бөлімдерінде ендірілді.

Бұл курс бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдары оқу процесіне ендіру болашақ мамандардың кәсіби білімдері мен іскерліктерін арттыруына ықпал жасайды және нәтижесі жоғары деп есептейміз.

«Өрлеу» «БАУО» АҚ филиалы Алматы
облысы бойынша ПҚБАИ «Білім беру
процесін психологиялық-педагогикалық
қолдау» кафедрасының менгерушісі

А. Ә. Ғұл А.Мухтаров